

«Alikhan Bokeikhan University» Ббм

ӘОЖ 338(574):37.061:372.893

Қолжазба құқығында

БАЙГАПАНОВА АЙГУЛЬ БОЛАТОВНА

**Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту
әдістемесі (1939-1997 жж)**

6D011400 – Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
тарих ғылымдарының докторы
Адильбаева А.С.

тарих ғылымдарының кандидаты
Болатова Қ.Б.

педагогика ғылымдарының докторы,
профессор
Мағауова А.К.

Шетелдік ғылыми кеңесші
тарих ғылымдарының докторы,
профессор
Лысенко Ю.А.
(Ресей федерациясы,
Алтай мемлекеттік университеті)

Қазақстан Республикасы
Семей, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	22
1.1 Семей облысында өнеркәсіп орындарының қалыптасуы мен дамуы....	22
1.2 Аймақтағы индустриялық өзгерістер кезеңіндегі өнеркәсіп орындары мен көлік қатынастарының қызметі.....	38
1.3 Семей облысында ауыл шаруашылығының даму тарихы.....	63
2 СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ	88
2.1 Семей облысы еңбекшілерінің әлеуметтік жағдайы.....	88
2.2 Ауыл шаруашылық еңбекшілерінің материалдық әл-ауқатының дамуы.....	96
2.3 Аймақтың әлеуметтік-тұрмыстық әл-ауқатын арттырудың негізгі бағыттары.....	106
3 СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ (1939-1997 ЖЖ.)	125
3.1 Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнінде оқытудың мазмұны.....	125
3.2 Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын өлке тарихы курсында оқыту әдістемесі.....	135
ҚОРЫТЫНДЫ	141
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	144
ҚОСЫМША А – Өлке тарихына байланысты студенттерге арналған сауалнама.....	156
ҚОСЫМША Ә – Студенттерге өлке тарихын меңгертіп оқытуда, оқытудың түрін анықтауға арналған сауалнама.....	157

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгіқалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстандағы тұрақтылық пен өркендеудің негізі» атты Жолдауы 2019 жылғы 2 қыркүйек.

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа Жолдауы 2021 жылғы 1 қыркүйек. «Егемен Қазақстан» 02.09.2021 ж., № 165

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділеттік Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2023 ж. 1 қыркүйек.

Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. 2017 ж. 1 қыркүйек.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Архив – ескірген документтерді, жазба ескерткіштерді сақтайтын мекеме.

Дерек – хабар – ошар. Ғылымдағы ізденіс нәтижесі, табылған мәлімет, оқиғалар дәйегі, ғылыми дәлел.

Диссертация – Ғылыми дәреже алу үшін көпшілік алдында қорғауға даярланған ғылыми еңбек.

Зауыт – өндіріс процестері механикаландырылған өнеркәсіп орны.

Колхоз – Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында пайда болған ұжымдық шаруашылық – өндіріс құрал – жабдықтарына қоғамдық, меншік және ұжымдық еңбек негізінде ірі социалистік ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін шаруалардың ерікті түрде бірігуі жолымен құрылған кооперативтік шаруашылық.

Кәсіби құзыреттілік – кәсіби қызметтің нәтижелілігін көрсететін білім мен іскерліктің, кәсіптік қасиеттердің жиынтығы және кәсіпке теориялық, практикалық дайындығының үйлесімділік көрінісі.

Құжат – материал негізінде дәлме-дәл жазып алынған, бір ізге түсіруге мүмкіндік беретін ақиқат.

Модернизациялау – жаңғырту.

Облыс – әкімшілік бірліктерінің атауы.

Реформа – өмір сүріп отырған әлеуметтік құрылымды сақтап, кейбір институттарды қайта құру, өзгерту.

Республика – мемлекеттік басқару формасының бір түрі.

Совхоз (советтік шаруашылық) – КСРО ауыл шаруашылығында жоғары сапада тауар өнімін өндіретін механикаландырылған социалистік мемлекеттік кәсіпорын.

Тарихты оқыту әдістемесі – тарихты оқу мен оқытудың міндеттері, мазмұны және әдіс-тәсілдеріне арналған педагогика ғылымының бір саласы.

Фабрика – машиналар жүйесін қолдануға негізделген өнеркәсіп орны. Фабрика негізінен жеңіл және тамақ өнеркәсібінің тауарларын дайындайтын кәсіпорын.

Эвакуация – латын тілінде адамдарды, мекемелерді, кәсіпорындарды ұйымдасқан түрде көшіру.

Экономика – материалдық игіліктерді өндіру, айырбастау, бөлу және тұтыну үрдісі кезінде адамдар арасында пайда болатын өндірістік қатынастар.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
КСРО	– Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
КП ОК	– Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті
Қазақ КСР	– Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚР ОМА	– Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ҚР ПА	– Қазақстан Республикасы Президентінің архиві
ШҚО ҚЗТҚО	– Шығыс Қазақстан облысы қазіргі заман тарихы құжаттандыру орталығы
ШҚО ЖТҚО	– Шығыс Қазақстан облысының жаңа тарих құжаттар орталығы
ЖОО	– Жоғары оқу орны
СӨЖ	– Студенттің өздік жұмысы
ҚМЖ	– Қысқа мерзімдік жоспар
МТС	– Машина трактор станциясы
ц.	– центнер
т.	– тонна
ғ.	– ғасыр
руб.	– рубль

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының сипаттамасы: Диссертациялық зерттеу жұмысы «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы және оқыту әдістемесі (1939-1997жж)» тақырыбына қатысты тарихи құжаттар негізінде ғылыми талдауға арналған. Сонымен бірге, зерттеу нәтижелерінің мазмұнын білім беруді модернизациялау мақсатында «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» курсы бағдарламасында оқытудың әдістемесін жетілдіруге бағытталады.

Зерттеудің өзектілігі: Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына ширек ғасырдан астам уақыт өтседе, қазақ халқы мен елінің қалыптасқан тарихы ғасырлар шежіресімен терең жалғасып жатқаны ақиқат.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін тарих беттерін қайта саралап зерттеу батыл қолға алынды. Мемлекет тарапынан «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, мұрағат қорларындағы белгісіз тарихи мұраларымызды зерделеудің тұтастай жүйесін құру жөнінде шаралар іске асырыла бастады. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылығымыздан айырылып қала жаздадық, Тәуелсіздік халқымыздың арқасында қайта оралды. Өткен тарихымызға қайта оралып, оның мәдени-рухани құндылықтарын ұлттық тұтастану факторы ретінде зерттеу қажеттілігін айқындап берді»[1].

Отан тарихы егеменді елдің талабына орай зерттеліп, бұрмаланып келген және ақиқаты ашылмаған мәселелер қайта қаралып, оған дерек көздерімен дәлелденген объективті бағасы беріле бастады.

Семей облысы халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, әсіресе соғыс жылдарындағы қиыншылықтары т.б. мәселелер бүгін күнге дейін шынайы зерттеліп, өз бағасын алмады десе де болады. Алайда кеңестік дәуірдегі зерттеулер негізінен үстем идеология тарапынан зерттеліп, соғыс кезіндегі халықтың шынайы өмірі толық баяндала алмаған деуге болады. Сондықтан өңірдің саяси, әлеуметтік-экономикалық салалар бойынша шешуін таппаған мәселелерді қайта зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екені тарихшыларға, ғылым саласына аян. Қатаң идеологиялық бақылау жағдайында зерттеушілер еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму тарихының көлеңке жақтарын, билік жүйесі тарапынан соғыс жағдайында және бейбіт өмірде жіберілген қателіктер толық ашып көрсетілмеді. Зайырлы, өркениетті даму үрдісіне бет бұрған қазақ қоғамының өткен тарихын саралау үрдісі әр қилы. Бүгінде тарих тағлымының аралас қабаттасқан беттерінің бірі - бұрынғы Одаққа қараған кезеңге қатысты аймақтар тарихын зерделеу және тың көзқараста оған баға берудің сұранысы ерекше.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін азат етілген қалаларды қалпына келтіруге үлес қосқан Семей облысының және елді мекендердің экономикасындағы көрсеткіш ақпараттары баяу дамығандығын байқауға болады. Экономикасында жеңіл өнеркәсіп жетекші орын алған Семей облысы одақтың жоспарлы көрсеткіштерінің деңгейі жағынан тоқырау жылдары

дағдарысқа ұшыраған аймақтың бірі болып табылады. Әкімшіл-әміршіл саясат жүйесі өзінің қоғамдық болмысындағы қай тұста болмасын әсіресе, аймақ өмірінде көрініс апқан дәрежесін тоқырау жылдарында айғақтай түсті. Өнеркәсіп саласындағы бірқатар тапшылығы, оның шығынының экологиялық апатқа айналуы, өндіріс қаупінің алдын алмауы, кәсіпорынның жаңаша талаптармен ұдайы жарықтанып отырмауы және көптеген келенсіздіктердің бүркемеленіп келуі қоғамдық дағдарыс жылдарында Семей облысының экономикасын тығырыққа тіреді. Бұның салдары тұрғындардың денсаулығын көп мөлшерде кемітіп, әртүрлі ауруларға ұрындырды. Бұған қосымша Семей ядролық полигонындағы жасырын болып отырған ұдайы жарылыстар зардабы да халық өміріне, денсаулығына, ал тарихына және табиғатқа жазылмас жара түсірді. Нәтижесінде аймақтағы халықтың тағдыры әлем жұртшылығын ойландыратын адамзат мәселесіне айналды.

Қазақ елі өзінің сан жылдар бойы аңсаған мемлекеттік егемендігіне жетіп, тәуелсіз ел ретінде қалыптаса бастаған шақта ең бастысы әлеуметтік-экономикалық дамудағы жіберілген кемшіліктерді қайтадан мән беру бүгінгі күнгі талаптардан да туындап отырған мәселе. Бұл бағыттың нақты көрінісі экономикалық - әлеуметтік хал-ахуалды түбегейлі жақсарту, өнімді еңбек, тұрғындарды жұмыспен қамту, көші-қонды реттеу туралы және басқа да заңдар мен заңнамалардың, бұл проблемалар төңірегінде тиісті үкімет қаулы-қарарларының қабылдануы, олардың өз дәрежесінде орындалуы, нәтижелі табыстарымыз. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіміз, отандық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігіне айрықша талаптар қоятын болады. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2023 жылдың 1-ші қыркүйегінде «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауында экономикалық саясаттың жаңа моделіне көшудің нақты және тиімді тетіктерін айқындап, халықтың әлеуметтік-тұрмыс сапасын жақсартуға басты назар аударды.[2] Сондықтан елімізде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық саясаттың барлық қырларын ой-сана елегінен жаңаша өткізіп, жаңаша қабылдауымыз қажет деп ойлаймыз.

Қазақстанның 1939-1997 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы түрлі өзгерістер кезеңін басынан кешірді. Бұның барлығы көптеген өзекті мәселелерді туындатуда. Олар болса өзіндік сыни көзқарастар мен зерттеуді талап етеді. Қазіргі кезеңде, Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан бері әлемдік экономикалық қауымдастыққа кіріп, дүниежүзілік тарихи дамумен байланысы оның өткен тарихын жан-жақты үйрену мен зерттеудің қажеттілігін көрсетіп отыр. Әлеуметтік-еңбек өрісіндегі қол жеткізілген жетістіктеріміздің түп тамыры-экономикада, оның тұрақты түрде, сатылап өрлеуінде. Еліміз үшін мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық саласын жетілдіру арқылы әрбір қазақстандықтың тұрмыстық жағдайын мейлінше жақсарту айрықша маңызды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі бүгінгі күнге дейін негізгі мәселелердің бірі болған, халықтың әлеуметтік тұрмыстық жағдайына қатысты әлеуметтік-экономикалық қайта құруларды жүргізу қажеттілігін жоққа шығара алмаймыз. Бүгінде экономикалық- әлеуметтік хал-ахуалды түбегейлі жақсарту үшін

өткенді саралау өзекті болып табылады. Сондықтан Семей облысының аталған тарихи кезеңге қатысты мәселелерінің негізгісі - оның қандай шаралар жағдайымен ұштастырылғандығын, экономикасы мен әлеуметтік ортасының қалыптасу деңгейлілігін, даму ерекшеліктеріндегі жетістіктер мен кереғарлықтардың болу сипаттылығын анықтаумен сабақтаспақ. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму жолына ғылыми талдау жүргізіп, оны тереңірек зерттеу бүгінгі күннің кезегін күтіп тұрған маңызы зор, өзекті мәселе болып табылады деп есептейміз.

Семей облысының қалыптасуымен даму тарихын зерделеу, сонымен қатар аталған мәселені «Қазақстанның қазіргі заман тарихында» және «Өлкетану» тарихы пәндерінде оқыту әдістемесі біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып табылады.

Зерттелу деңгейі: Республикадағы 1939-1997 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық мәселесін қарастырған көптеген зерттеу еңбектер жарық көрді. Осы уақытқа дейін Семей облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы жазылған еңбектерді қайта зерделеп, талдаудың қажеттілігі, елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты. Қазақстандықтардың екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы тылдағы еңбектері, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты зерделенді. Жалпы, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы осы күнге дейін Кеңестік идеология қысымында жазылған санаулы еңбектерде сыңаржақты зерттеліп келді. Бұл туралы академик М.Қ. Қозыбаев өзінің «Тарих зердесі» атты еңбегінде: «Кеңес тарихының ең сүбелі бөлігі Ұлы Отан соғысының тарихы болып зерттеліп келеді. Алайда, әлі де шешуін күтіп тұрған проблемалар баршылық», [3] -деген тұжырым, Ұлы Отан соғысы тақырыбына қатысты әлі де толық зерттелмей келе жатқан мәселелердің бар екенін білдіреді. Сондықтан да, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Семей өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын кешенді зерттеу қажеттігі туындап отыр.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму С.И.Абдулпатаев [4], К.Р.Рыспаев[5], К.Д.Дияровтың еңбектерінде қарастырылады. [6] С.И.Абдулпаттаевтың арнайы зерттеуі мен бірқатар мақалаларында мал шаруашылығының даму тарихы зерттеледі. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдардағы экономиканы бейбіт жағдайға бейімдеу кезеңінде экономиканың дамуында орын алған келеңсіз жағдайлар тасада қалдырылып, табыстары көбірек дәріптеледі.

Республикадағы экономиканы орнықтыру мен дамыту, ірілендіру мәселелері И.Ш.Шамшатовтың [7], Ә.Тұрсынбаевтың іргелі туындысында қарастырылады[8]. Авторлар зерттеулерінде кәсіпорындарды ірілендіру кезінде біріктірілген экономикалық мүмкіндіктері, сияқты факторларды ескерудің маңызы зор болғандығын атап көрсетеді. Х. Асылбеков, А.Б. Галиев [9], Ж.Б. Әбілғожин еңбектерінде Қазақстанның экономикасы мен әлеуметтік жағдайын дамыту мәселелері зерттелген. Ж.Б. Әбілғожиннің «Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық тарихының очерктері XX ғасыр» [10] атты монографиясында

алуан түрлі құжаттық материалдар ғылыми айналысқа түскен, әлеуметтік – экономикалық тарих бойынша нақты тұжырымдар жасалған, республиканың әлеуметтік – экономикалық және мәдени дамуында қоғамдық ұйымдардың атқаратын рөлі мен алатын орны айқындалған.

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылында Қазақстан тарих ғылымы мен тарихнамасының даму үрдісі белгілі қоғам қайраткері, тарихшы-ғалым, ұстаз және Қазақстан тарихшылары қауымдастығының құрметіне ие болған көшбасшысы академик М.Қ.Қозыбаевтың есімімен тығыз байланысты[11]. Қазақстанның тәуелсіздік алуы шығармашылық арсеналда ғалымның жаңа қырынан ашылуы үшін объективті түрде жағдай жасады, өйткені ең алдымен тарих тәуелсіздіктің басты тәлімгеріне айналды. Нақ осы тарихтың асуында тәуелсіздіктің болашағы, мемлекет аумағының тұтастығын қамтамасыз ету, халықтың бірлігі мен қоғамның тұрақтылығы, жалпы ұлттық қауіпсіздік ісіне өз үлесін қосу міндеті тұрды.

1990 жылдардан бастап республикада тың игерудің оңы мен солын айқындайтын зерттеулер жарық көре бастады. Осындай бағытта Т.Омарбековтың[12], Қ.С.Қаражановтың[13] ғылыми мақалалары жарық көрді. Т.Омарбеков «тың игеру тым шұғыл және өте асығыс, экстенсивті» сипатта жүргізілгенін ашып көрсетті. Тарихшы – ғалымдардың мақалалары тың және тыңайған жерлерді игеру тарихын жаңаша зерделеп, терең зерттеуде мұрындық болары сөзсіз.

Ауыл шаруашылық еңбеккерлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, өмір деңгейі, және мәдени-тұрмыстық мәселелері А.Аубакиров [14], С.Б.Баишев [15], М. Бесбаев [16], А.Н.Құдайбергенов [17], Н.Күзембаев[18], Х.М.Абжанов[19] және тағы басқа тарихшылар еңбектерінде қозғалған. Аталған авторлар зерттеулерінде халық тұрмысын талдау арқылы әлеуметтік өзгерістерді көрсете отырып, колхоз шаруалары мен совхоз қызметкерлерінің ерен еңбегі баяндалады.

Дегенмен, республика өңіріндегі аймақтардың табиғи, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктеріне байланысты экономикалық қатынастарды қалыптастыру мен дамыту, олардың тиімділік мәселелері әлі де толық зерттелмеген. Осы жылдары Қалалар тарихына байланысты С.Анисимов, Г.Бутлер [20], В.Я.Басин мен А.С.Елагиннің [21], В.Н. Рындина[22] В.П.Гноевых және Е.Л.Бакман [23], редакторлығымен «Семей», қаласының тарихына арналған тарихшылардың ғылыми жинақтары жарық көрді. Семей өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей қатысты шешімін таппаған мәселелердің барын жоққа шығара алмаймыз.

Тәуелсіз Республикамыздың тарихы туралы баяндайтын көптеген ғылыми еңбектер, оқу құралдары мен тың материалдар жарық көрді. Олардың ішінде біздің тақырыпқа қатысты ғалымдар еңбектері баршылық. Мәселен, Қ.С.Қаражанов [24] және О.Х.Мұхатовалардың [25] еңбегі мұрағат құжаттары, статистикалық деректердің молдығымен ерекшелінеді. Еңбекте кәсіпорындардың материалдық-техникалық жабдықталуы, соның нәтижесінде кәсіпорындар еңбеккерлерінің әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерді

көрсетеді. Осы тақырыптарға ғылыми түрде үлкен үлес қосып, мақалаларын жариялап жүрген тарихшы ғалымдар: Т. Медеуов [26], О. Мұқатова [27], Е.Т. Берлібаевтар [28]. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихына арналған көптеген еңбектерде Семейдің жекелеген мәселелеріне байланысты қарастырылған. Осы кезенді жаңаша сыни көзқараспен зерттеген зерттеуші тарих ғылымдарының докторы, Қ.Қ. Байсаринаның «Қазақстанда ауыл шаруашылығының дамуы; тарихы және сабақтары (1946-1965 ж.ж) деген тақырыпта жазылған докторлық зерттеу жұмысында соғыстан кейінгі жылдарда ауыл шаруашылық өндірісін дамытудың басты бағыттары, оның қайшылықты тағдыры, өмірге енгізілу әдісі, түрі мен тәжірбиелері сол секілді аграрлық саясаттың ащы сабақтары, қиыншылықтары мен зардаптары зерттелген [29]. Кеңес үкіметі тұсындағы ауыл шаруашылығында жүргізілген реформалар, өндірісті ұйымдастыру мен ұйымдық шаруашылық мәселелері, соның ішінде колхоз құрылысының тарихы жөніндегі мәселеге объективті баға берген зерттеулер назардан тыс қалған жоқ.

Семейдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қарастырып, тарихын зерттеуде бай материалдар жинақтап, көп еңбек сіңірген зерттеушілер М.Ғ.Ескендіров, А.С.Адилбаева еңбектерін ерекше атаймыз. М.Ғ.Ескендіровтің «Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы (XIX екінші жартысы-XXI ғ.басы)»[30], А.С. Адильбаеваның «XIX екінші жартысы-XXI ғ.басындағы Шығыс Қазақстан қалаларының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы»[31] тақырыбындағы диссертациялары, аталмыш кезеңдердегі Семейдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қарастырған кешенді зерттеу жұмысы болды. Бұл зерттеулердің тарихта алатын орны ерекше.

С.З.Баймағамбетовтың «Қазақстан Республикасының әлеуметтік – мәдени саясаты: әзірлеу, іске асыру, проблемалар (1980 – 2000 жылдар): тарихи талдау» атты монографиясында Қазақстанның әлеуметтік –мәдени дамуы тарихының мәселелеріне егжей –тегжейлі талдау жасалды. [32] Зерттеуде XX ғасырдың –жылдарынан бастап, Қазақстанның әлеуметтік –мәдени дамуындағы неғұрлым елеулі кезеңдерге талдау жасалып, олар 2000 жылға дейінгі тәуелсіз даму аясында қаралды. Зерттеліп отырған кезеңде 80 –жылдардағы социалистік экономиканың дағдарысы жоспарлы –бөлушілік әміршілдік жүйеден демократияның нышандары бар нарықтық экономикаға көшуімен тұспа –тұс келді. Автор бұл кезеңде елдің әлеуметтік –мәдени кешені аясында маңызды заңнамалық актілердің қабылдануына, егемен Қазақстанның жаңа мемлекеттік әлеуметтік –мәдени саясатының қалыптасуына ықпал еткен ірі қоғамдық –саяси іс шаралардың жүргізілгенін атап көрсетеді.

Қаралып отырған проблемаға орай А.Е. Есентүгеловтың "Қазақстанда экономиканың институттық-құрылымдық түрленуі"атты[33] еңбегі зор ықылас туғызады, мұнда автор экономиканы реформалау үрдісіндегі жекешелендірудің қажеттігіне және өзектілігіне талдау жасайды. Зерттеуші мемлекеттік меншікті жекешелендірудің, шетелдік инвестицияларды тартудың, өтпелі кезеңдегі баға саясатының күрделі мәселелеріне жауап қайтаруға тырысады.

Жекешелендірудің алғашқы кезінде экономиканы құрылымдық қайта жасақтау мәселесі, оны қаржыландыру көздері аса өзекті проблемалардың бірінен саналады. Шетелдік инвестицияларды тарту проблемасы, шетелдік капиталдың қайта құрудағы рөлі мен орны, оны тарту формалары, республиканың инвестицияға деген сұранысын қамтамсыз етудің тетігі мен шарттары маңыздылығы жағынан аса өзекті мәселе болып табылады. Қазақстанда нарықтық қайта құру 1992 жылы басталады. Бір жылдан кейін негізгі қолға алынған шаруа кәсіпорындарды акцияландыру болды. Бұл орайда автор 1992-1993 жылдардағы бұл үрдісті сондайлық шартты тірлік деп есептейді, өйткені меншіктің нақты ауысуы болған жоқ, акционерлік кәсіпорындар мемлекеттік меншікке қалды. Бұл кезеңде кәсіпорындар іс жүзінде мүлде арзанға сатылды, кәсіпорындардың сатылу бағасы 1992 жылы жалпы бағалау құнының тек 48,5%-ын ғана, ал 1993 жылы 72%-ын құрады. А.Е.Есентүгелов өнеркәсіпті жекешелендіру, өтпелі экономика, құрылымдық өзгерістер проблемаларын іргелі түрде зерделеді және автор бұл тақырыпқа бұдан кейінде қалам тартты.

«Нарықтық экономика - Қазақстанның таңдауы» атты басқа бір монографиясында А.Е. Есентүгелов [34] кеңестік кезеңде Қазақстан экономикасында болған дағдарысқа, оның қайта құру жылдарындағы өршу жағдайына, 1992 жылғы экономикалық реформаның мәніне назар аударады. Автор жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту мәселесіне өзінің көзқарасын білдіреді, дағдарыстан шығудың өзіндік тұжырымдамасын және қаржылық тұрақтылыққа, ақша-несие тепе-теңдігіне жетудің және республикада нарықтық экономиканы қалыптастырудың баламалы бағдарламасын ұсынады. Реформалардың бастапқы кезеңінде республикада жоспарлы экономиканы нарықтық экономикаға өзгертудің теориялық негіздері мен оны жүзеге асырудың практикасы болмады. Сонымен бірге нарыққа өту халық шаруашылығын тұрақтандыру үшін қажетті шартқа айналды. Автор экономикадағы дағдарыс проблемаларын, реформа бағытын, макроэкономикалық тұрақтандыру жолдарын, қаржыландыру, салық, өтпелі кезеңнің бюджет саясаты, ақша-несие жүйесі проблемаларын, баға белгілеуді реформалауды, мемлекеттік меншікті жекешелендірудің жолдары мен салдарларын талдады.

О.Сәбденнің "XXI ғасыр табалдырығындағы өтпелі кезеңнің экономикалық саясаты" атты [35] еңбегі мемлекеттің өтпелі кезең жағдайындағы экономикалық саясатының өзекті проблемаларына арналған. Онда жинақталып үлгерген тәжірибе қорытындыланады, елдегі қайта құру үрдісін дамытудағы оң және теріс бағыттарға талдау жасалады. Жаңа экономикалық саясаттың тұжырымдамасы, заңдар мен қамтамсыз етілуі, өңірлік экономика, шағын бизнеспен кәсіпкерлік ғылым, білім және басқа мәселелер қарастырылады.

Зерттеуші үкіметтің түбегейлі өзгерістерді бастағанда ғылыми негізделген стратегиясы және республикамыздың объективті жағдайына сай келетін экономиканы түбегейлі реформалау жөніндегі бағдарламасы болмады деп есептейді. Үкімет жергілікті жартыкеш шешімдер қабылдады, олар жағдайды жақсартпады, қабылданған шешімдерді іске асыруда батылдық көрсетпеді. Бұл

кезеңде "номенклатуралық" жекешелендіру дейтін дамыды, мұнда базарда жұмыс күшін (жалданбалы жұмыскерлерді) сатушылар көбейіп, оны сатып алушылар (өндіріс құрал-жабдығының қожайындары) тым азайды, - деген сияқты пікірлерін ортаға салады.

Семей облысының тарихын зерттеуде бірқатар ғалым - тарихшылар, қоғамтанушы зерттеушілер еңбегі жарыққа шығып, әртүрлі кезеңдегі ғылым деңгейінен өзінің қоғамдағы орнын алып жатты.

Жергілікті өлкетанушы В.Н.Кашляктің Семей қаласының тарихы туралы соңғы 20 жылда жинақталған мақалаларынан құралған монографиялық еңбегінің [36] және А.Аубакиров, Г.Қасымованың 2004 жылы жарық көрген «Торговые связи Семипалатенского Прииртышья» (XVIII-XX вв.) документтер жинағының қалалар тарихының тарихнамасына қосар үлесі зор [37]. В.Н.Кашляк пен Т.Түсімбаеваның «Семей көшелерінің жылнамасы» атты кітапшасында мұрағат деректері негізінде құнды материалдар жарық көрген [38]. Соғыс жылдарындағы Семей қаласының өмірі, көше тарихы айқындалады. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Семейдің тарихына арналған бірден-бір көлемді еңбек – семейлік тарихшы В.Н.Кашляқтың Семей өңірі тарихына арналған еңбегі болып табылады. Еңбекте соғыс қарсаңындағы және соғыстың алғашқы жылдарындағы Семей өңірінің тарихы, облыс көлемінде жасақталған 138-ші жеке атқыштар бригадасының майдан жолы, шығыс қазақстандықтардың майдан мен тылдағы ерен ерліктері, Семей өңірінің Сталинград майданының жақын тылы болғандығы мен шығыс қазақстандықтардың 1943-1945 жылдардағы майдан мен тылдағы қызметтері арнайы қарастырылып, көптеген құнды мәліметтер келтірілген. Дегенмен, аталған еңбекте шығыс қазақстандықтардың әлеуметтік тұрмысы қарастырылмайды.

Семей өңірінің тарихын ерте заманнан бүгінге дейін кешенді баяндайтын, еліміздің егемен тұсында жарық көрген бірден-бір еңбек - екі томдық «Шығыс Қазақстан тарихы» болды. [39] Аталған еңбектің екінші томында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Шығыс Қазақстан өңірінің жеңіске қосқан үлесі қысқаша түрде жазылған. Соғыс жылдарындағы өңір тарихы негізінен кеңестік дәуірде жарық көрген. Кеңестік кезеңдегі идеология бойынша тек жағымды жақтары баяндалып, халықтың әлеуметтік жағдайы мен ауыр тұрмысы туралы мүлдем айтылмайды. Және де Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Семей өңірінің жағдайын тұтастай толық баяндайтын тарихи еңбектердің жоқтың қасы екенін көруге болады.

Отандық тарих ғылымының өзекті мәселелерін зерттеген ғалым Ж.Қ.Қасымбаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қалалар тарихына қатысты бірнеше еңбек қалдырып, үлес қосты. Тарихшы Ж.Қ.Қасымбаевтың Семей қаласының тарихына қатысты зерттеулерінің көтерген мәселелері, ондағы жасалынған тұжырымдар, сондай - ақ олардағы деректік қисын ауқымды деуге болады [40]. Бұл зерттеулерде Семей қаласының қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі тарихы, Шығыс Қазақстанның қалаларының кезеңдегі әлеуметтік экономикалық аспектілері, Семей қаласы тарихының

анықтамалығы және Ақмола қаласының энциклопедиясына қосымша еңбектерде қалалардың шынайы даму болмысының құрылымы қарастырылған. Ж.Қ.Қасымбаевтың тақырыпқа қатысты еңбектері кейбір зерттеулер секілді көзқарастардағыдай бір жақты тұралап қалмай үнемі жаңарып, жаңа пікірлермен жарактанып ұдайы ғылым сұранысы өтеу деңгейіне түсіп көрген емес. Сондықтан да бұл еңбектердің қала тарихын зерттеудегі методологиялық, деректік құны ерекше деп айтып өту өте орынды.

Семей облысының тарихындағы оның экономикалық, әлеуметтік дәрежесін тұжырымды қарастыру үшін оның сандық, демографиялық көрсеткішін нақтылау қажет. Осы тұрғыда кеңестік кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік - демографиялық үрдістеріне арқау болған М.Х.Асылбеков пен А.Б.Ғалидың зерттеуі өте шынайы негізделеді [9,80]. Қазақстан қалалары тұрғындарының тұрмыс дәрежесі 1920-1990 жж. көрсеткішімен А.Н.Алексеевтің еңбегінде берілген [41]. Қазақстан экономикасы көрсеткішіне арналған Ғ.А.Әшімбаевтың зерттеу мәліметтерінен қарастырып отырған кезеңге қатысты құжаттық мәліметтер алуға болады [42].

Семей полигонының қасіреті, оның облыс экономикасы мен экологиясына және қала халқына әкелген зардаптарынан тұрғындар өмірінің тұқырап қалуына душар болуын Қ.Б.Бозтаевтың шолуы нақтылай түседі [43]. Т.Басеновтің [44], А.С.Елагиннің [45] жарияланым беттеріндегі мақалаларында кеңестік қала тарихының сол кезеңдегі мәселелері қамтылған.

З.К. Мукатаева [46] еңбегінде 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен 1940 жылдарға дейінгі кезеңдегі Қазақстанның ірі қалаларының бірінің Семей қаласының тарихы қарастырылған, тарих ғылымдарының кандидаты Э.О.Қырықбаеваның [46] еңбегінде қаланың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының аса маңызды аспектілері зерттелген. Семей тарихының негізгі оқиғалары бүкіл елдің жетістіктері мен проблемалары аясында көрсетілген. Кең аймақтың орталығы бола отырып, қала кеңестік шындықтың экономикалық, саяси және мәдени құбылыстарының көрінісіне айналды. Қаланың тарихи дамуының біркелкі еместігі көрсетілген.

Қазақстанның әлеуметтік- экономикалық даму тарихы Ресей және шет ел зерттеушілерінде де кеңінен қарастырылған. Әлеуметтік - еңбек қатынастарының нарықтық экономика жағдайындағы теориялық және қолданбалы мәнін жан –жақты зерттеуде Ресей ғалымдарының ішінен Н.И. Анисимовтың[47], И.М.Волковтың[48], А.М.Югайдың[49], В.С. Булановтың[50], Н.А. Волгиннің[51] т.б. атауға болады. Экономикалық әдебиетте еңбек нарығының мәселелері, оның қалыптасуымен дамуындағы ерекшеліктері қарастырылған. Еңбек нарығының теориялық - әдістемелік негіздерін әйгілі экономистер А.Смит, Дж. М. Кейнс, Д. Лекардо, К. Р. Макконнола, С.Л. Брю, П. Самуэльсон, А. Маршалл, Ж.Б.Сея, К.Маркс, М.Вебер т.б. жасап шығарды.

Біз зерттеуге талпыныс жасаған мәселе әлем тарихшыларының да назарын аудартты. Батыстың көптеген елдеріне осы уақытқа дейін Ұлы Отан соғысы жылдарында Н.С. Алимкуловтың[52] мақаласында Кеңес халқының

адам төзгісіз ауыр қиындықтарға қалай шыдағаны жұмбақ болып келеді. Ағылшын профессоры Дж. Барбер «XX ғасырдағы КСРО, Ресей» тақырыбындағы халықаралық ғылыми конференцияда 1990 ж. сәуір, Москва/ «... шетел зерттеушілері үшін «кеңес халқы өте ауыр материалдық-тұрмыстық жағдайда қалай өмір сүріп, қалай жеңіске жеткен..?»-деген қиын сұрақ туындайды. Бірақ, әзірге кеңес халқының және Қызыл Армияның ауыр тұрмыс жағдайы туралы жазылмады»-деген болатын.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму тарихына қатысты мәселе шетелдік тарихшылардың еңбектерінде де орын алды. Мәселен, француз тарихшысы Н.Верд [53] және итальяндық тарихшы Д.Боффа [54] еңбектерінде экономиканың дамуындағы дағдарыстық көріністердің белең алуын экономика мен саясатта орын алған үстіріт өзгерістер экономиканы тұйыққа тіреді және экономикалық дағдарыс жағдайына алып келді, - деп тұжырымдайды. Кеңес өкіметінің жүргізген экономикалық саясаты жөнінде қалам тартқан американдық экономист Г.Гроссман, О.Ланге алғаш рет әкімшіл-әміршілдік экономика терминін қолданған ғалымдардың бірі, кеңес өкіметінің жоспарлы экономикалық саясатын сынға алады [55]. Дегенмен шетел тарихшыларының қолында мұрағат деректерінің жоқтығын және жалпылама орыс тілді басылымдардағы құжаттарға сүйеніп жазылғанын ұмытпаған жөн.

Тақырыптың зерттелуі деңгейінде мәселенің екінші қыры ретінде Қазақстанда тарихи білім беру бағытында жүргізген әдістемелік, теориялық зерттеулер аз емес. Т.Тұрлығұловтың [56], Х.М. Тұрсұнның[57], Б.Әбдіғұлованың[58], Г.Б.Қозғамбаева[59], және т.б. әдістемелік еңбектерді атап айтуға болады. Бұл еңбектерді тарихты Қазақстан тарихын мектептерде оқытуға баса көңіл бөлінгенімен, ондағы әдістемелік тұжырымдар жоғары білім беру жүйесінде тарихшы мамандар дайындауға да қолдануға негіз болады. Ж.Б. Кундакбаева, К.Ш. Алимгазинов, А.М. Абдилдабекова, Э.Т. Телеуовалардың [60] зерттеуі тарихи білім берудің инновациялық технологиясын кеңнен тарқатады.

Аталған ғылыми –әдістемелік еңбектерде қарастырылған тарихты оқытудың теориясы мен әдістемесінің іргелі мәселелері диссертациялық зерттеу барысында қол жеткен нәтижелерді оқу үрдісіне енгізуге қатысты жұмыстар басшылыққа алынды.

Алайда әлеуметтік-экономикалық саясаттың ащы сабақтары, қиыншылықтары дәйіктілікпен кешенді зерттелмеген. Ал мұның бәрі осы тақырыпты бүгінгі күні отандық тарихта жаңаша зерделеу қажеттілігін дәлелдей түседі.

Жоғарыдағы қысқаша ғылыми тарихнамалық талдаудан соң мынандай қорытынды жасауға болады:

1 Жалпы алғанда, біздің зерттеуіміздің кезеңін қамтитын Қазақстанда осы тақырыпта өмірге келген ғылыми, әдеби шығармалар, творчестволық еңбектер аз емес және олардың Отан тарихының тарихнамасында алатын орнын атап өткен жөн.

2 Кезінде кеңестік дәуірде жарық көрген еңбектердің басым көпшілігі аграрлық саладағы жеткен жетістіктерді асыра бағалауға тырысса, соңғы кезде жазылған кейбір жекелеген зерттеулер тек келеңсіз жақтарын көрсетумен ғана шектелген.

3 Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдарда әлеуметтік-экономикалық дамудың басты бағыттары, оның қайшылықты тағдыры, өмірге енгізілу әдісі, түрі мен тәжірибелері, сол секілді әлеуметтік-экономикалық саясаттың ащы сабақтары, қиыншылықтары мен зардаптары дәйіктілікпен кешенді зерттелмеген. Ал мұның бәрі осы тақырыпты бүгінгі күні отандық тарихта жаңаша зерделеу қажеттілігін дәлелдей түседі.

Қазіргі отандық тарихшы ғалымдардың шынайы көзқарас, табиғи болмысқа сүйенген зерттеулеріндегі үлгі методологиясы басшылыққа алынды. Тарихи деректі сұрыптауға сүйенетін контент - анализ тәсілі мәселеге жүйелілік әкелері сөзсіз .

Зерттеудің ғылыми болжамы: Семей облысының 1939-1997 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық дамуын нақты деректер арқылы талдай отырып, ғылыми ой-тұжырымдар жасалынса, республика аймақтарының экономикалық дамуы мен әлеуметтік саясаттағы мәселелердегі күрделі шешуін қажет ететін нысандардың қызмет аясын кеңейтіп, олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік туар еді. Облыстағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерге кешенді, жан-жақты анықтама беру арқылы кейбір теориялық және методологиялық тұжырымдама жасау арқылы, шынайы тарихи баға беруге болады.

Семей облысының аталған кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық тарихын тарихи құжаттар негізде ғылыми қалпына келтіріп, оның педагогикалық әлеуметтік рухани жанғыру аясында жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруда қолдану үшін білім беру жүйесіне енгізудің теориялық, әдіснамалық және әдістемелік негіздері жасалынатын болар еді.

Зерттеудің нысаны – Семей облысының 1939-1997 жылдар аралығындағы экономикалық және әлеуметтік дамуы және оқыту әдістемесі болып табылады.

Зерттеу пәні: Семей облысының әлеуметтік- экономикалық тарихы.

Зерттеудің мақсаты: Зерттеу жұмысының мақсаты Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын соңғы уақыттарда қалыптасып келе жатқан жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдарды, жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан зерттеу және педагогикалық әлеуетін оқу-тәрбие үрдісіне енгізу. Аталған тақырыпқа қатысты жүйеленген мұрағат деректеріне сүйене отырып, Семей облысының әлеуметтік-экономикалық тарихында бұрын - соңды жарыққа шықпай қалтарыстағы қалып келген аспектілерін ғылыми айналымға енгізу. Атап айтқанда, облыс экономикасындағы маңызды фактор жеңіл өнеркәсіп саласының қызмет көрсету ауқымын, оның табысты да, тиімсіз болған тұстарын нақтылау. Семей ядролық полигонының адамзат зардабымен ұштасуы және оның қазіргі аймақ тұрғындарының өміріне тигізген экономикалық және әлеуметтік салдарларын саралау. Семей облысының

экономикалық жағдайы туралы бұрын айтылмай келген көлеңкелі тұстарын мұрағаттық дәйекті деректерге сүйеніп зерделеуге ұмтылды.

Зерттеудің міндеттері: Диссертацияда кеңестік кезеңде халықтың әлеуметтік жағдайы туралы қалыптасқан, бәрі де оңды шешілді деген біржақты көзқарастар сын көзбен қаралып, «ақтаңдақтары» мәселелерін зерттеуге назар аударылды.

Осыған байланысты зерттеу жұмысында бүгінгі күн талабына сай жаңа методологиялық тарихи көзқараспен талдау жасай отырып, мәселені жан-жақты зерделеп, оның зерттелу деңгейін анықтау. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында төмендегідей міндеттер алға қойылды:

- Семей облысының соғыс жылдарындағы экономикасы мен соғысқа бейімдеп қайта құру кезеңінде бұрын бейбіт өнім шығарып келген көптеген зауыттар мен фабрикалар қайтадан жабдықталып майданға қажетті өнім шығарудағы негізгі қызметтерін анықтап, Семей өңірінің эвакуация орталығы және майданның негізгі арсеналы болғандығын көрсету;

- Семей тұрғындарының еңбектің барлық салаларында көрсеткен ерен еңбектерін және бастан өткерген қиындықтарын айқындай отырып, оларды шешу жолдарындағы әрекеттерін, жеңіске қосқан өзіндік үлестерін қарастыру;

- 1939-1997 жылдардағы Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын саралау, халықтың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайын қарастыру, шынайы өмір болмысын айқындау;

- Семей облысының 1939-1997 жылдардағы өнеркәсіп орындарының дамуы мен экономикалық көрсеткіштерін, ауыл шаруашылығындағы өнімдердің өндірілуін және ондағы қол жеткізген жетістіктерімен жіберілген кемшіліктерін ашып көрсету;

- 1939-1997 жылдардағы экономикалық көрсеткіштері Семейдің өнеркәсіп объектілері және бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіру, экономиканың даму қорытындыларын талдау;

- Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық дамуындағы Семей өңірінің нарыққа көшу кезеңін, жекешелендіру үрдістерін қарастыру;

1. Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсына заманауи оқытудың әдіс-тәсілдерін көрсету;

2. Өлкетану курсына оқытудың әдіс-тәсілдерін негіздеу және оны тәжірибе жүзінде енгізу.

3. Тарихи нақты талдаулардың нәтижесінде белгілі болған деректерге сүйене отырып, қолданбалы қорытындылар мен ұсыныстар енгізу.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі ретінде:

Зерттеу методологиясы жүйелілік, объективтік, тарихи-салыстырмалық тәрізді ғылыми таным принциптеріне негізделген. Ресми деректер қатарындағы партиялық органдар құжаттары сын көзбен, тәуелсіз мемлекет мүддесі тұрғысынан сарапталып, тарихи салыстыру әдісі негізінде талданды.

Зерттеу жұмысының деректік негізі:

Зерттеудің деректік негізін бірқатар құжаттар материалдар жинағы, сондай - ақ мұрағат қорларындағы бұрын айналысқа енбеген мәселеге қатысты

деректер құрайды. Диссертацияның дерек көзі ретінде пайдаланған материалдарды бірнеше топтарға бөлуге болады.

- Олардың бірінші тобына түрлі мұрағат қорлары: Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты, Абай облысы, мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Қазіргі заман тарихын құжаттандыру, Шығыс Қазақстан облысының жаңа тарих құжаттар орталығы қорларының құжаттары негізге алынды. Диссертациялық зерттеуде қажетті деректер төмендегі мұрағат қорларынан алынды: Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты: 1481 қоры- бұл қорда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің, облыстық және аудандық кеңестің сессияларының ауыл шаруашылығына байланысты қабылданған қаулы-қарарлары жинақталған. Экономикаға байланысты № 1, 13, 16, 267, 383, 2021, 2022 және басқада іс-қағаздарынан соғыстан кейінгі кезеңдегі республика экономиканың даму мәселесі қарастырылса, № 29, 30, 38, 656, 676 іс-қағаздарынан ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық жабдықталуы және ауыл шаруашылық мамандарын даярлау ісінің сапалық деңгейі жөнінде мәліметтер алынды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен мына қорлардағы: 1137- қор «Қазақ КСР Министрлері Кеңесі», 1421- қоры «Қазақ КСР Совхоз Министрлігі», 1655- қоры «Қазақ КСР Кәсіподақ кеңесі», 1479-қоры «Қазақ КСР Министрлері Кеңесінің жанындағы мемлекеттік жоспарлау комиссиясы» т.б. қорлардың деректері ғылыми айналымға енгізілді.

Сонымен қатар диссертациялық зерттеудің қажетті деректері жергілікті аймақтардағы мұрағат қорларынан алынды: Ал, Абай облысы, мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының (ҚЗТҚО) 1399-қорында «Семейдің бастапқы жүн өңдеу фабрикасы», 591-қорында «М.И.Калинин атындағы Семейдің ет-консерві комбинаты», 1209-қор «Электротехникалық өнеркәсібі министрлігі «Казахкабель» кабель заводы», 1378-қорында «Большевичка» тігін фабрикасы, 7-қорында «Семей облыстық партия комитеті», 103-қорында «Семей өнеркәсіптері», 410 қор- «Семей облыстық ауыл шаруашылық басқармасы», 409 қор- «Облыстық еңбекшілер депутаттары кеңесі». 863 қор- «Жаңа Семей аудандық атқару комитеті», аталған мұрағат қорларынан алынған құжаттардан КОКП Орталық Комитеті мен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің съездері, конференциялары, мен пленумдарының қаулылары, олардың арасындағы қатынас қағаздар, Қазақстан КП Орталық Комитеті бюросы мен секретариатының хаттамалары, экономика мен әлеуметтік жағдайға байланысты түрлі анықтамалар, ақпараттар және арнаулы берілген бұйрықтар 1939-1997 жылдар аралығындағы экономика мен әлеуметтік дамуындағы табыстары мен тағылымдары жөнінде көптеген деректер береді.

Мұрағат құжаттары негізінде соғыстан кейінгі жылдардағы экономиканың барлық жетістіктері мен табыстары, жіберілген қателіктері мен асыра сілтеулері жөнінде мәліметтер береді. Қабылданған қаулы- қарарлар, шешімдер мен бұйрықтар ауыл шаруашылығының дамуындағы өзіндік

ерекшеліктерін көрсетеді. Берілген әрбір дәрежедегі есептер арқылы ауыл шаруашылығындағы орындалмаған жұмыстар, жіберілген қателіктер мен кемшіліктер, оның себептерін мұрағат қорларынан алынған деректер арқылы талдауға тырыстық.

- Деректердің екінші тобына Кеңес Одағы Коммунистік партиясының және Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің съездері, пленумдары, және конференцияларының шешімдері, қаулы-қарарлары, мемлекеттік атқару органдарының экономикаға қатысты құжаттарын алдық. Кезінде аталған деректердегі құжаттар негізінен біржақты бағаланып, сыни көзқараспен талданып, қорытынды жасалмаған еді.

- Деректердің үшінші тобына жарыққа шыққан статистикалық жинақтардың материалдарын жатқызуға болады. Осы қоғамдық дамудың заңдылығы мен құрылымын, тарихи процестерді талдау барысында мұрағат деректері мен статистикалық материалдарды салыстырмалы түрде пайдаланды. Сонымен қатар, жұмыста ҚР статистика жөніндегі Агенттігі мен Семей қаласының статистика басқармасының ресми деректері, осы өңірдің әкімшіліктерімен ауыл округтерінің, ауыл шаруашылығы құрылымдарының нақты мәліметтері пайдаланылды.

Деректердің төртінші тобына бүкілодақтық және республикалық мерзімді басылымдар: «Казахстанская правда», «Правда», «Социалистік Қазақстан», «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Айқын», «Большевик Қазақстана», «Отан тарихы», Семейде шыққан «Екпінді», «Прииртышская правда» басылымдары. Баспасөз беттерінде жарияланған материалдарда еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Қолданыс тапқан дерек көздерін мұқият талдауға, ғылыми құндылығын ашуға ерекше мән берілген.

Деректердің бесінші тобына партия және мемлекет қайраткерлерінің баяндамалары, экономиканың мамандарының естеліктері және мемуарлық еңбектерін жатқызамыз. Аталған деректер тобы 1939-1997 жылдар аралығындағы экономика мен әлеуметтік дамуындағы өзгерістер жан-жақты терең қарастыруға негіз болды.

Диссертацияның теориялық және әдістемелік негізін экономикалық ғылымның іргесін қалаушылар мен отандық аграрлық экономистердің әлеуметтік - еңбек қатынастары жөніндегі ғылыми туындылары, Қазақстан үкіметінің осы мәселелерге байланысты қаулы қарарлары мен нормативтік – құқықтық актілері құрайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы Семей облысының тәуелсіздік алғаннан кейінгі жаңаша ұлттық көзқараспен зерделенген әлеуметтік-экономикалық жағдайына арналған диссертациялық еңбек болып табылады. Аталған зерттеу жұмысы кеңес үкіметі кезінде деректік нысана болмаған біршама мұрағат материалдарының алғаш рет ғылыми айналымға енгізілгендігімен ерекшеленеді.

Осыған орай, зерттеу жұмысында төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

- Семей облысының құрылу тарихы мен екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі экономикалық жағдайына талдау жасалып, соғысқа бейімдеп қайта құрудағы мемлекет тарапынан жүргізген іс-шаралар анықталып, баға берілген.

- Семей облысының 1939-1997-ші жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы кеңестік саясаттың күрделі нысаналардан көрініс тапқан тұстарға арқау болған дерек көздері тұңғыш рет жаңарған көзқараста, мұрағаттық құжаттар негізінде жарыққа шығып ғылыми айналымға енгізілді.

- Семей облысының Одақтық бағыныштағы өнеркәсіп салаларының өндіріс көрсеткіштерін анықтауда, орталықтың әлеуметтік өмірдегі жалпы халыққа таңған ортақ мүдделі іске асырылуға тиісті бағдарының жүзеге асырылуы жан-жақты талданды.

- Семей облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын тоқырау жылдары мен сол тұстағы үстем болған «социализмнің тұрақтануы» көзқарасын жасаушылардың жалпылама пікірлері объективті түрде талданады.

- Проблеманы зерттеу барысында соңғы кезге дейін ғылыми айналымға еңбеген мұрағат қорларының деректері негізінде аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының мәні мен принциптері жан-жақты зерттелген;

- Семей сынақ алаңындағы жүргізілген сынақтардың халықтың денсаулығына орасан зор зиян тигізгені негізделді. Жергілікті халықтың қаншалықты зардап шеккені туралы статистикалық мәліметтер нақтыланып, осы уақытқа дейін оның зардабының ізі жойылмағандығы анықталды.

4. Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсына оқытуда білім беру, жан-жақты дамыту және тәрбиелеудің бір тұтастығын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік нұсқаулар берілді.

- Өлкетану тарихын оқытуда Семей облысының әлеуметтік –экономикалық дамуы мен қалыптасу ерекшеліктері, деңгейі мен құрамы айқындалып, тың мұрағат деректері арқылы талдауға мән берілген.

Зерттеу кезеңдері

Бірінші кезеңде (1939-1945 жж.) зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-тарихи әдебиеттерге тарихнамалық талдау жасалып, мұрағат материалдары жинақталып, талданды. Семей облысының құрылу тарихы, облыс еңбекшілерінің Ұлы Отан соғысы жалдарындағы ерен еңбектері, соғыстан кейінгі жылдардағы ауыр ахуал, бейбіт құрылысқа бейімделу ауыртпалықтары, халық шаруашылығындағы қиыншылықтар мен проблемалары жүйеленіп, зерттеу жұмысының ғылыми аппаратты жасалды.

Екінші кезеңде (1946-1997жж) Семей облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, даму барысы, нәтижелеріне байланысты дерек көздері бойынша материалдар жүйеленді. Экономикалық тоқырау мен қайта құру ахуалы, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жылдарындағы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы талданып, қорытындылар жасалынды. Сондай ақ, аймақтың әлеуметтік-экономикалық тарихын жоғары оқу орнының гуманитарлық білім беру бағдарламаларының бакалаврларына «Қазақстанның

казіргі заман тарихы» курсының шеңберінде оқытудың мазмұны мен әдіс-тәсілдері қарастырылды.

Үшінші кезеңде (1939-1997 жж) тақырыпқа қатысты зерттеу жұмыстары қорытындыланып, диссертация толығымен дайын болады. Зерттеу нәтижелері отандық және шетелдік басылымдарда жарияланып, ғылыми журналдарда сыннан өтті.

Жұмыс нәтижелері тарих білім беру бағдарламасының «Қазақстанның казіргі заман тарихы» пәнінің мазмұнда ішінара оқу үдерісіне енгізіліп, сонымен қатар Семей қаласындағы № 17 жалпы орта білім беретін мектептің өлкетану курсының мазмұнына енгізіліп, қысқа мерзімдік жоспар әзірленіп, педагогикалық эксперимент жүргізіліп, сыннан өтті. Бұл кезеңде диссертация толығымен рәсімделді.

Зерттеудің практикалық мәні:

Зерттеу жұмысының қорытындылары мен ұсыныстарын Семей облысының өндірісінде пайдалану экономикалық және әлеуметтік еңбек ресурстарын оңтайлы орналастыруға, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекелестік деңгейін арттыруға серпінді ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, жұмыстың қорытындылары еңбек өнімділігін арттыру, тауар өндірушілердің табыстарын молайту, қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы ара –қатынастарды жақсарту, жұмыссыз жастар мен әйелдердің кәсіби шеберліктерін жетілдіру жұмыстарында практикалық маңызы ерекше. Біз қарастырып отырған мәселе тарих ғылымында кеңес өкіметі тұсындағы 1939-1997 жылдардағы күрделі және қиын кезеңдегі Семей облысының әлеуметтік-экономикасын дамытуды тереңдете жан-жақты зерттей түсу қажеттігін дәлелдей түседі. Бүгінгі таңда Семейдің әлеуметтік-экономикасы саласында тың өзгерістер жасау үшін өткен тарихи кезеңнің келеңді, келеңсіз тәжірибелерін қолданысқа енгізуге болады.

Диссертацияның Семей облысының әлеуметтік-экономикасының аграрлық секторының мәселесіне қажетті құжаттарды даярлауда пайдалануы мүмкін. Бұл еңбектегі тұжырымдар жоғарғы оқу орындарында Қазақстан тарихы және Қазақстан экономикасының тарихы пәндерін оқытуда, әлеуметтік-экономикалық мәселелерге байланысты арнайы курстарды жүргізу барысында қажет деп санаймыз.

Зерттелу нәтижелерін халықты еңбекпен қамту және әлеуметтік қорғау мемлекеттік және мемлекеттік емес орталықтардың іс-қимылдарында, әлеуметтік - еңбек қатынастарын реттеуге арналған бағдарламалар мен болжамдарды жасап шығару жұмыстарында пайдалануға болады.

Зерттеу барысында алынған ғылыми - әдістемелік нәтижелерді тақырып мазмұнын толықтыру үшін жалпы білім беретін орта мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында оқу үрдісіне қолдануға болады. Ғылыми мақалалар жазуға пайдалануға болады.

Зерттеу тақырыбының хронологиясы: Семей облысының 1939 -1997 жылдар аралығындағы тарихы зерделенеді. Аталған кезең Семей облысының әлеуметтік –экономикалық дамуының түбірлі өзгерістерімен сипатталады.

Қорғауға келесідей қағидалар ұсынылады:

1 Семей облысының екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы және тоталитарлық жүйе жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық дамуының табыстарымен қатар келеңсіз сипатын тарихи шындық принциптеріне сүйене отырып, талдау жасалынды.

2 Республикада тоталитарлық билік жылдарында жүргізілген әлеуметтік-экономикалық саясатының бағыт-бағдарын, мәні мен сипатын және қайшылықтары мен зардаптарына баға берілді.

3 Кеңес үкіметінің әлеуметтік салада жүргізген саясатының мәнін ашып, тәжірибесін ой-елегінен өткізе отырып, облыс еңбекшілерінің әлеуметтік жағдайын сапалық жағынан жоғарғы деңгейге жеткізе алмауының себептерін көрсете отырып, оны шешудің жолдарын айқындалды.

4 1937-1997 жылдар аралығындағы Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму кезеңдері мен экономикалық саладағы дағдарыс себептерін қарастыра отырып, тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық саясатының мазмұны мен бағыттарына талдауға талпыныс жасалынды.

5 Қазақстанның қазіргі заман тарихы курсына заманауи оқытудың әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып, студенттердің білімін, дүние танымын кеңейтуге көмекші әдістемелік нұсқаулар берілді.

6 Өлке тарихына қатысты деректер мен тарихи құжаттарды және арнаулы зерттеулер қорытындысын тарих сабағында қолданудың жолдары берілді.

Зерттеудің дәлелдігі мен негізділігі: қолданылған әдіснамалық ұстанымдардың негізділігімен, қойылған міндеттерге сәйкес кешенді ғылыми зерттеу әдістерін пайдаланылды. Диссертациялық зерттеу тақырыбына қатысты мұрағат құжаттарына талдау жасап, ғылыми айналымға ұсынумен, іргелі теориялық-әдіснамалық принциптерге сүйене отырып, тарихи оқиғалар мен дәйектерге статистикалық талдаулар жасалды.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қорытындылары:

Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналдарда 1 мақала, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналда 4 мақала, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 3 мақала жарық көрді. Жалпы алғанда диссертацияның нәтижелері мен тұжырымдары бойынша 8 мақала жарық көрді.

Зерттеудің құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспе және үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.1 Семей облысында өнеркәсіп орындарының қалыптасуы мен дамуы

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары еліміздің әкімшілік-аймақтық картасында алынып тасталған, көрші аймақтарға қосылып кеткен ірі облыстардың бірі – Семей облысы. Семей облысы 1854 жылы құрылған. Кейін Семей губерниясына айналып, Омбы дала генерал-губерниясына бағынды. 1920 жылы облыс Семей губерниясы болып жаңадан құрылды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1939 жылғы 14 қазандағы Жарлығымен Семей облысы құрылды, орталығы Семей қаласында 3 аудан болды: Калинин, Ленин, Октябрь. Қазақстан Республикасы үкіметінің елді мекендерді ірілендіру саясатына байланысты 1997 жылы сәуірде Семей облысы орталығы Өскемен қаласы болып белгіленген Шығыс Қазақстан облысымен біріктірілді. 1939 жылы облыс құрылған кезде оның құрамына Семей қаласы мен Абыралы, Ақсуат, Аягөз, Белағаш, Жаңасемей, Жарма, Көкпекті, Мақаншы, Жаңа Шүлбі, Үржар, Шыңғыстау, Шұбартау аудандары кірді. 1939 жылдан Семей облысының орталығы болды. Соғысқа дейінгі жылдары қалада ірі өндіріс орындары салынды. Семей тек Шығыс Қазақстан облысының емес, республикадағы мәдени, тарихи орталық болып саналады. Соғыстың басталуына байланысты ел экономикасын соғыс жағдайына бейімдеу басталды. Соғыстың алғашқы айларында Кеңестер мемлекеті соғысқа дейінгі жылдары салынған өндіріс қуатының көп бөлігінен айырылды. Бұл жағдаймен бір мезгілде мемлекет экономикасын әскери өмірге бейімдеу іс-шаралары жүзеге асырылды. Қысқа мерзім ішінде республика халық шаруашылығын соғысқа бейімдеп қайта құру қиын болды. Бірінші кезекте елдің қорғаныс мұқтажына жұмыс істейтін халық шаруашылығы материалдық және адам ресурстарымен қамтамасыз етілді. Халық шаруашылығы салаларында негізінен әйелдер, қариялар, жасөспірім балалар еңбектенді. Соғыс уақытының талабына сай жұмыс күні ұзартылды және еңбек демалыстары жойылды. Барлық азық-түлік пен шикізат қорлары майданға жіберілгендіктен халық азық-түлік және өнеркәсіп өнімдерімен белгіленген мөлшерде ғана қамтамасыз етілді. Соғыс жылдары қорғаныс өнеркәсібі үшін жұмысшылар күні-түні еңбек етті. 1943-1945 жылдар аралығында республиканың 4 облысы мен 145 ауданына 507 мың қарашайлықтар, балкарлар, шешендер, ингуштар, қалмақтар, 110 мың месхеттік түріктер мен күрдтер, 180 мың Қырым татарлары жер аударылады[61]. Әкімшіл-әміршіл жүйе бұл халықтарды азаматтық құқықтарынан айырып, жойып жібере жаздады. Бұл фактілер Кеңестер мемлекетінде сөз жүзінде халықтар достығы, теңдігі туралы көп айтылғанымен, іс жүзінде ұлттық саясаттың бұрмалағандығын көрсетеді. Осындай халықтың жанқиярлық ерлігінің нәтижесінде кеңестік экономиканың өсу қарқыны соғыс алдындағы бес жылдықтар көрсеткіштерінен жоғары болды. Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ, қала өнеркәсібі жұмысы ерекше әскери үйлесіммен жолға

қойылды. Қалада кеме жөндеу зауыты, былғары өндіріс комбинаты, «Крупская» атындағы артель, «Пимокат», «Красный кожевник» сияқты өндіріс орындары майданға қажетті өнімдерді дайындады.

1941 жылдың күзінде қалаға басқа жақтан эвакуацияланған өнеркәсіп орындары көшіріле бастады. Былғары мен текстиль өнеркәсіптері дамыған Семей қаласына Калинин облысынан Осташковский атындағы былғары зауыты, төрт шұға фабрикасы, үш аяқ киім фабрикасы, бір тігін фабрикасы көшірілді. Қаладан майданға тұлып, тері күртешелер, қолғап т.б. жылы киім-кешек жіберілді. Соғысқа кеткен ер-азаматтардың орнын әйелдер, жасөспірімдер, қариялар басып, олар токарь, слесарь, механик жұмыстарын атқарып, меңгерді. Республика экономикасы әскери бағытқа көшірілді (милитарландырылды). Семей қаласының партия комитеті, бастауыш партия ұйымы әскери жауапкершіліктің болуын, жетілдірілген тәртіптің одан әрі нығайуын әрбір коммунистке жүктелген партия міндеттемелерін дұрыс әрі толық орындалуын, сонымен қатар ұжымдық топтар: цехтардың, жұмыс бригадаларының жұмыстарының жандануын, қарқынды іске асыуын қадағалады. Қысқа мерзім ішінде қалалық транспорттардың барлығы майдан үшін жұмылдырылды. Ет консервілеу комбинаты, кеме жөндеу зауыты, нан комбинаты, Крупский атындағы артель, «Пимокат», «Красный кожевник» және басқаларыда тікелей тапсырылған тапсырмалармен жұмыс атқарды. 1941 жылдың тамыз айында саны 60-тан астам өнім шығарушы зауыттар, фабрикалар, комбинаттар майдан үшін іске қосылып тұрды.

Соғыс жылдары басқа жақтан көшірілген өндіріс орындарынан басқа жаңа кәсіпорындар салынып, бұрынғы өндіріс орындары кеңейтілді. 1942 жылы құрама-жем зауыты, өндіріс комбинаттары және басқа объектілер салынып, іске қосылды. Отты жылдарда Семей қаласында барлығы 9 фабрика мен зауыт салынып, пайдалануға берілді.

Бастамалар мен табандылықтың әсерінен жұмысшылар күші артты, инженер-техник мамандар, сонымен қатар ет консервілеу саласында да жұмысшылар көбейді және майдан даласы үшін жаңа өнім түрлері: медициналық препараттар, консервілер, концентраттар шығарыла бастады. Семейде Қызыл армия үшін бірнеше өнімдер шығарылды. Мәселен, тері тон шығарушы комбинаты арнайы тұлыптар, жүнді жилеттер, жылы қолғаптар, мақтадан тоқылған шалбарлар, шинелдер, шарфтер, жұмсақ жылы куртқалар және арнайы қорғаныш маскалық костюмдерін даярлады. Майдандағылардың жазған хатында: «Құрметті жерлестер! Бүгін біз сіздер қолдарыңыздан жасалған заттарды қолданудамыз! Таңғаларлық үзілістер! Семейде мұндай өнімдер бұрын соңды шықпағанын білеміз! Сіздерді еңбектегі жеңістеріңізбен құттықтаймыз! Әскерилерді жылдам қамтамасыз ете білдіңіздер! Өнімдеріңіз өте сапалы! Үлкен рахмет сіздерге, Жерлестер!», -деп жазылған[62].

Бейбіт мақсаттарға жұмсалатын қаржы мейлінше қысқартылды. Барлық кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығара бастады. Ет комбинатында оқ-дәрі

шығарылды. Судоремонт зауыты арнайы берілген тапсырмалар бойынша жұмыс атқарып, табысты нәтижесін көрсетті.

Қазақ КСР Жоғарғы Президиумы жоспардағы тапсырмаларды табысты әрі жоғары деңгейде орындаған жұмысшы бригадалары мен зауыт жұмысшыларына арнайы құрмет грамотасымен және бағалы сыйлықтармен марапаттап отырды. Семейліктер үлкен жұмыстарды мойындарына алды. Барлық жерлерде Сібір, Орал таулары, Қазақстан, Орталық Азия республикаларында күн түн демей адамдар ұйқы көрместен жұмыс атқарды.

Ерлердің тағы бір мамандығын, әйел теміржолшылар басты. Партия ұйымдарының жетекшілігімен эвакуацияланған өндіріс өнеркәсіпке кадрлар даярлау жүзеге асты. 1942 жылдың басында аяқ киім фабрикаларында 850 жұмысшының жұмыс істегені, олардың 750-і өндіріске алғаш жұмыс істеушілер болған, бірақ олар көп ұзамай маманданған жұмысшыларға айналды. Олардың үлес салмағы соғыстың 3 жылының өзінде ғана қалады. 17527 маманданған жұмысшылар болып, соның 13356-сы әйелдер еді[63].

Өзіндік атқарған зор еңбектері үшін көптеген әйелдер ордендермен және медальдармен марапатталды. Мамандар тапшы болса да өндірісті жандандыру қажеттігі туды. Осы мәселені шешу үшін қалалық партиялық ұйым барлық жолдарды қолданды. Басты жұмысты партиялық және кәсіподақ ұйымдары өздеріне ала отырып, үй шаруасындағы әйел адамдарды осы жұмысқа тартты. Оларға курстар мен үйірмелер ашылды, жекелеп оқыту да жүзеге асырылды. 1941 жылы ет консервілеу комбинатына әйел және жастарды есептегенде 2772 адам қабылданды[64].

Мамандарды даярлауда Р.Дюсембаев, В.В.Яковлев, А.О.Рахимбаев және т.б. өндірістегі алдыңғы қатарлы мамандар жұмылдырылды. Негізгі өндірістегі қазақ әйелдерінің саны ай сайын артып отырды. 1941 жылдың қаңтар айында ет цехында жұмыскерледі 43,7% құраса, шілде айында 708, және де 75,3% құрады. 1941 жылдың екінші жартыжылдығында кеме жөндеу зауытында шамамен 100 әйел адам оқытудан өтті. Олардың көбі кочегар, қалыпшы және моторшы біліктілігін игерді. Күйеуінің орынын әйелі, бауырының орынын бауырласы алмастырады деген ұран болды. «Азамат» параходын әйел моторшылар құрастырды. Өзен портында Ветрова бастаған жүк тиеушілер қажырлы еңбек атқарды. Ер адамның игерген біліктілігін теміржолшы әйел азаматтарда меңгерді.

1941 жылдың бірінші жартыжылдығына қарағанда екінші жартыжылдықта 7,7 есе ет, 2,2 есе шұжық, 4,6 есе консерві артық даярланған. 1941 жылы «Красный кожевник» және ұн тарту, нан комбинаттарының ұжымы 1941 жылдың екінші жарты жылдығының жоспарын артығымен орындады. Су және теміржол көлігі жұмыскерлерінің жұмысы мақтауға лайық. Семей өңірі тыл еңбеккерлерінің соғыс жылдарындағы еңбегі орасан зор, себебі майдандағы солдаттар жылы киіммен қамтамасыз етілді. Кеңес солдаттарына Семей тері комбинаты және артелдерінен шыққан өнімдері таратылып, қамтамасыз етуге қауқары жетті.

Семей ет консервілеу зауытының ұжымы жарыс өткізуге ұсыныс жасады. Өз үндеулерінде «Отанын үшін еңбек етіп жүрген әр азамат соғыс шебіне көмек көрсетіп жатқанын түсінуі керек. Біз әскер үшін әлі көбірек еңбек атқарып, соғыс шебіндегі қорғаушыларымызды жылы киіммен және азық-түлікпен қамтамасыз етеміз». Газеттерде Семей ет консервілеу комбинаты Кеңес Одағындағы жарыста барлық міндеттерін орындап келеді деп жазды. Әр тоқсан сайын 1400000 банка консерві, 310 т шұжық, 67 тонна концентрат шығарды. Өндіріс күнен күнге дамып, еңбектері қауырт жүруде деп мадақталды[65].

Мемлекеттік қорғаныс комитетінің көшпелі белгісі 24 маусымда Семей ет комбинатына жарыс жеңіпазы ретінде берілді. Бұдан кейінде бірнеше мәрте жеңімпаз атанды. Қорытындасында МҚК белгісін сақтаушы деп танылды.

Кеме жөндеу зауыты жеңісті жақындатуға орасан зор үлес қосты. 1942 жылдың қазанында бұл зауыт Кеңес одағының жеңімпазы атанды. Волгоград тігін фабрикасы да жеңімпаз атанды. ВЦСПС және Нарком шешімімен екінші Социалистік жарыс жеңіпазы сыйлығын комбикормком зауытына берілді.

Куйбышев қаласының жоспардан тыс өнімдерден Қызыл армия бас қолбасшылығының қорын құру туралы бастамасына семейліктерде өз үлесін қосатындығын жариялады. Қызыл армияны жарақтандыруға 1943 жылы ондаған эшелонмен жоспардан тыс өнімдер жіберілді.

Тері комбинатының инженер жұмысшылары да жоспардан тыс еңбек атқарды. Еңбектерінің жемісі үш дивизияны киіндіруге жұмсалды. Былғары комбинаттың жастары республиканың жарысына ұсыныс тастады. 11 млн рубль көлеміндегі өнімге тері, тамақ және киім-кешек өнімдері жоспардан тыс атқарылды. Пима-киіз бен протез зауыты да қатарға қосылды.

Соғыс жылдарындағы қиындыққа қарамастан қала экономикасы қарқынды дамыды. 1940 жыл мен 1943 жылды салыстырғанда жеңіл өнеркәсібі 4 есе, өндіріс 2,5 есе артқан. Қала өндірісі жаңа өнімдер шығара бастады. 1941 жылы 85, 1942 жылы 125, ал 1943 жылы 153 түрлі тауар шығарды. 1943 жылы 23 түрлі әскери өнім шығарылды. Ерекше ет комбинаты көзге түсті. 1944 жылы Жоғарғы кеңес президиумының жарғысына сай ет комбинаты орденімен марапатталды[66].

Соғыстың алғашқы үш жылында Семей өнеркәсіп орындары майданға 100 миллион сомның қару-жарағын, 49,6 мың тонна жарма, 32,2 мың центнер май, 115,6 мың центнер ет, миллион дециметр хром былғары дайындап жөнелтті [67]. Соғыс жылдарында Семей аймағы ауыр өнеркәсіп саласы ғана емес, тамақ және жеңіл өнеркәсібінің жетекші шебінде болды. Майданға киім – кешек пен азық-түлік беретін республиканың жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өндірістік-техникалық базасы жедел қарқынмен дамыды. Кеңес армиясының, сондай-ақ, бейбіт халықтың сұранысын өтеу үшін қажетті былғары, аяқ-киім, ер-тұрман, тон тігу, галантерея және тамақ өнеркәсібі біркелкі дамыды. Семей өңіріндегі тамақ өнеркәсібі мекемелері майдан сұранысы аясындағы өнімді уақытымен шығарып, қабылданған жоспарды асыра орындап, халық қажеттіліктерін өтеп келгендігін, академик М.К. Қозыбаев «Қазақстан – арсенал фронты» атты еңбегінде атап көрсетеді.

«Семей тамақ комбинаты 1942 жылы өндірістік жоспарды 100,7 пайызға орындап, 1946 мың сомның өнімін шығарса, жылдық жоспарды 115,3 пайызға орындап, 176 мың сомның орнына 203 мың сомның өнімін берді»[68]. Алға қойылған міндет жаңа өндіріс орындарын игеру мен істен шыққан бөлшектерді қалпына келтіріп сала кәсіпорындарын машина, станокпен жабдықтау, жұмысшыларды жаңа мамандыққа оқыту, құрал-саймандарын жаңарту, технологиялық процестерді озық техника мен еңбек әдістерімен қаруландырып жақсарту және қайта құру, жаңа өнімдер шығарудың технологиясын игеру жұмыстарын кең көлемде жүргізу болып табылды.

Семейдегі етконсерві комбинатының соғыс жылдарында маңызды роль атқарғандығына архив құжаттары да дәлелдей түседі. «В 1941 года на Семипалатинском мясоконсервном комбинате введен в эксплуатацию цех по производству концентрата «суп-пюре» и налажен выпуск сухого гуляша-продуктов, вошедших в набор «сухпаёк» для фронтовиков. А вскоре здесь освоили выпуск лекарственных препаратов и производство сухого кетчупа. Спустя немного времени – 2 января 1944 года – Указом Президиума Верховного Совета СССР мясокомбината за успешное снабжения фронта мясопродуктами был награжден орденом Трудового Красного Знамени. Орденами и медалями тогда же были награждены 20 специалистов этого предприятия»[69].

Жалпы соғыс жылдарында Қазақстанға 220-дан астам көшіріліп әкелінген зауыттар орналастырылып, жұмыс істеді. Тасып әкелінген кәсіпорындардың кейбіреулерінің құрал-жабдықтары салынып жатқан нысандарды аяқтау үшін пайдаланылды.

Жалпы, соғыс жылдары саланың қай-қайсысында болсын жасөспірімдер мен әйелдердің жұмыс қолы пайдаланылды. Бір басымдық берер тұсы: халық ашқұрсақ жүріп те майданға қызмет етті. Азық-түліктің қаттығынан халықты нан және басқа аса маңызды азық-түлікпен жабдықтауға карточка жүйесі енгізілді. Қазақстан сол бір қиын-қыстау жылдары өзіндік өнеркәсіптік базасы қалыптасқан тегеурінді елдердің сапынан табыла білді. Соғыс жылдарында қазақтың өнеркәсібі майдан даласына өз қажетінше көмек қолын соза алды.

Соғыстың кезіндегі көптеген өнеркәсіп салаларының дамуын аңғардық. Соғысқа арналған көптеген өнімдердің үлес салмағы ұлғайды, соғыстың жеңіспен аяқталуына барынша тырысып баққан қарапайым халықтың еңбегі зор. Соғысқа тез бейімделген өнеркәсіптер енді майдан үшін барынша өнім шығаруға тырысып бақты. Соның нәтижесінде, қаланың экономикасының бір жағымды жағына ұласты. Ендігі кезекте соғыс үшін өнімдерді ұлғайту көзделді.

Соғыстың бастапқы кезеңінде Семей қаласына Кеңес Одағындағы жау қолында қалған батыс аймақтардағы кәсіпорындарды көшіріп әкеле бастады. Осы жылдары семейліктердің алдына айрықша қиын, кезек күттірмейтін және бір-бірімен байланысты міндеттер қойылды. Бұл КСРО-ның батыс аудандарынан көшірілген өнеркәсіп орындарын қабылдау, оларды тиісті жерлерге тездетіп орналастыру, өнім өндіруді кідіріссіз жолға қою болатын. Экономиканы түгелдей соғыс жағдайына бейімдеу, өндіріс қуаттарын үнемі

арттыру, майданды барлық керекті заттармен қамтамасыз ету қажет болды. Семейліктер бұл мәселелерді ойдағыдай шешті. 1941 жылдың 4-тоқсанында және 1942 жылдың басында Орта Азия мен Қазақстанға көшірілген 250 кәсіпорынның 9-ы Семейге орналастырылды[70]. Көшірілген және жаңадан салынған зауыттар мен фабрикаларды іске қосу нәтижесінде жұмыс істеп тұрған негізгі қорлардың өндірістік қуаты біршама артты.

Мұрағаттық деректерге қарасақ, 1941 жылдың тамызында Семейге Киевтің аяқ киім фабрикасы өз қызметкерлері және 86 жұмысшысымен әкелінді. Қалаға 1941 жылдың қаңтарында Азов аяқ киім фабрикасы 4 вагон құрал жабдығымен келіп, толық құрастырылып, қалпына келген Киевтің аяқ киім фабрикасына берілді. Фабрика өнімін шығару кезектегі цехты жөндеп құрастырғаннан-ақ басталды [71].

Қараша айында Донбастан Володарский атындағы тігін фабрикасы көшіріліп әкелінді. Семейліктердің қажырлы еңбектерінің арқасында он екі күннің ішінде өз өнімдерін майданға жіберіп, 1942 жылдың қаңтарында толықтай іске қосылды. Фабрика ұжымы бірінші кварталында 20 наурызда мемлекеттік жоспарды 104, 5 % пайызға орындады. Харьковтан әкелінген «Большевичка Украины» тігін фабрикасы да қысқа мерзімде іске қосылды. Фабрика жұмысшылары армиядағы әскерге форма тігуге кірісті.

Майданға жақын аймақтардан, яғни жау қолында қалуы мүмкін деген жерлерден 220 кәсіпорындарды Қазақстанға көшіру жүргізілді. Өнеркәсіптерді Қазақстанға көшіру екі рет жүргізілді: бастапқысы 1941 жылдың аяғы мен 1942 жылдың басында Украина, Белорусь жерлерінен болса, екіншісі, 1942 жылдың күзінде өнеркәсіп орындары негізінен Москва, Ленинград облыстарынан әкелінді.

Көшірілген 54 завод пен фабрика тамақ өнеркәсібі халық комиссариатының қарамағында болса, жеңіл және тоқыма өнеркәсібінің 53 кәсіпорны келді.

Елімізде аяқ киім саласының қуаты 12 есе, былғары саласының қуаты 10 есе өсті. Соғыс қарсаңында Шығыс Қазақстан өңірінде 150 - дей кәсіпорындар болған. Оның ішінде ірі объектілер металл шығару Лениногорский, Сокольный, Зыряновский, Белоусовские руднигі сияқты өндірістері болды. Өскеменге Симферопольский моторжөндеу заводы мен Орджоникидзе қаласындағы «Электроцинк» заводтары көшірілді. Лениногорске Люберецкий электротехникалық заводы, Москва энергетикалық институт, артиллерия мектебі орналасты. Қазақстанға Батыс аудандардан көшірілген кәсіпорындарды орналастыруда жер жағдайы мен ол жердегі қалалардың экономикалық даму жағдайы зерттеліп ескерілді. Урюпа ет консерві заводы, Москва авиация жасау заводы, Дзержинский атындағы электротехника заводы, Москва рентген заводы, № 3 Александр радио заводы, С. Орджоникидзе атындағы механика заводы т. б. Жалпы Қазақстанда Москва қаласы мен облысынан көшірілген 40 завод орналастырылды. Қазақстанға көшірілген кәсіпорындар өте қиын жағдайда жұмыс істеді. Өнеркәсіп орындарымен бірге Қазақстанға майдан өңірінен көптеген мамандар да әкелінді. Мысалы, тек қана Домбасстан 3200–ге

жуық шахтер, 2000– дай құрылысшы келді. Майдан өңірлерінен келген инженер– техниктер саны 700 – дай болды[72].

3 қазанда 1941 жылы Семейге Украина КСР-ң Полтава қаласындағы мақта –мата фабрикасы көшіп келді. Семей қаласы революцияға дейін сауда-саттық орталығы болғандықтан, бұрыннан қалған көпестердің дүкендері мен қоймаларын пайдаға асырып, кәсіпорындардың құрал-жабдықтарын орналастырып, барлық күштерін салып жөндеуге тырысты.

Семей қаласының кәсіпорындары соғыс жылдарында майданға азық-түлік, киім-кешек, аяқ киім және басқада әскери маңызы бар заттарды шығарып жіберіп отырды. Кооперация өнімдері мен артелдердің саны екі есе өсті. Жеңіл өнеркәсіп орындарының өнімдері 1940 жылмен салыстырғанда 1943 жылдары 4 есе, жергілікті кәсіпорындар өнімі-2,5 есе өсті. Семейдің теміржол станциясының вагондар депосы дамылсыз жұмыс істеді [73].

1941 жылдың қарашасында ірі былғары комбинатының құрылысы басталды. Оған құрал-жабдықтар Серпуховскийдағы «Пролетарий» былғары комбинатынан алынды. Семей қаласында Ұлы Отан соғысы жылдары қалпына келтірілген және жаңадан салынған 9 фабрика мен завод іске қосылды.

Бірақ келген кәсіпорындарды орналастырудан басқада, семейліктерде әлі де қиыншылықтар көп еді. Қиын жағдайлардың бірі көшіріліп келгеннен кейін жаңа кадр мамандарын даярлау болды, яғни білікті мамандарды қажет етті: тігін машинасының механигі, киім пішуші, бақылаушы және тағыда басқалар. Ұлы Отан соғысы қарсаңында фабрика ауыр жағдайды бастан кешті. Тігін фабрикасының кадр жұмысшылары үлкен қайсарлық, сабырлық көрсетіп, бірайлық жұмысты ақылға симайтындай 3 күнде бітірді. Осы уақыт ішінде ондағы өндірілген жабдықтармен басқа да қазына-мүлік материалдары толық Семей қаласына толық жеткізілді [74].

Ұлы Отан соғысы жылдары майданда семейліктер жауынгерлік ерлікпен ғана емес, Жеңіс күнін жақындатуда тылдағылар да жан аямай еңбек етті. Тылдағылар өз шаруашылығын төтенше жағдайға лайықтап дереу қайта құруға кірісіп, белсенді еңбектерімен майдан қажетіне сүбелі үлес қосып, фашизмнің дүлей күшін жеңіп шығуға жаппай ат салысты. Семей өңірінің барша халқымен еңбек ұжымдары «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңісүшін» – деген ұранмен өмір сүріп, еңбек етті. Сол өмір тынысы еңбектеген жастан, еңкейген кәріге ортақ болды. Армияға маман жұмысшылардың кеткеніне қарамастан өнім өндіру толастамай, әрбір ай сайын артып отырды. 1941 жылдың тамыз айында Семей қаласының өнеркәсіп орындары өнім шығарудың алпыстан астам түрін игерді[75].

Тек 1942 жылдың қазан айында ғана қала халқы 2368 шолақ тон, 2537 пар пима, 8 мың әр түрлі нәрселерден тоқылған қолғап шұлық жинады. Соғыс кезіндегі ерен еңбегі үшін Семейдің ет-консервілі комбинаты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Семей облысы соғыстың тек алғашқы жылдары ғана майданға 71 вагон сыйлықтар, азық-түліктер және 11 мың жеке адамдардың посылкаларын жіберді. 1941 жылы тамыздың 10 – на дейін қорғаныс қорына облыс

еңбекшілері 160 миллион сом қосты. Аякөз ауданы еңбекшілері 1200 пұт астық, 1080 пұт ет, 154380 сомның облигациясын қосты. Соғыстың алғашқы екі жылында ғана облыс еңбекшілері танк колонналарын құру, самолеттер жасау үшін 32 миллион сом қаражат жиналды.

Батыс аудандардан көшірілген үш фабрика (Киев, Азов және Артем) негізінде қысқа мерзім ішінде Семей аяқ киім фабрикасы құрылды. Кеме жасау заводы, ет-консерві заводы, Н. Крупская атындағы «Красный кожевник», «Пимокат» артельдері, басқа да кәсіпорындар арнайы тапсырмаларды орындауға кірісті. Қараша айында Донбастан көшірілген Володарский атындағы тігін фабрикасы 12 күн өткеннен кейін майдан үшін өнім бере бастады. Фабрика коллективі тоқсандық жоспарды 104 пайыз орындады.

1941 жылдың күзінде қала кәсіпорындары майданға 62 өнім түрлерін жөнелтті. Семей аяқ киім фабрикасында 1942 жылы 435 мың 400 пар аяқ киім шығарылды. Соғыс жағдайында қалада 9 фабрика мен завод салынып пайдалануға берілді. 1942 жылдың қараша айында «Большевичка Украины» тігін фабрикасының ұжымына бірінші орын беріліп, жылжымалы Қызыл Ту табыс етілді. Қала кәсіпорындары жұмысшылары мен қызметшілері қолхозшы шаруалардан көмектерін аяған жоқ. Соғыстың алғашқы үш жылында 20 мың семейлік облыс колхоздарына барып еңбек етті. Көшіп келген фабрика жұмысшыларын ең алдымен орналастыру қажет еді [76]. Сондықтан оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету ойластырылды. Семей облыстық атқару комитетінің Кеңес және еңбек бюросының «Эвакуацияланған фабрикаларды орналастыру» қаулысы бойынша, 2 күн ішінде орналастыру ұйғарылды [77].

1941-1945 жж. көшірілген және арнайы қоныс аударушылардың Семей бөлімі шаруашылық құрылғысы 41 сақталу бірлігін құрайтын мына құжаттардан жинақталған: басып алған Украина (Полтава, Харьков, Киев, Осташково, Белгород) аумағынан көшірілген еврейлердің (20 мыңнан астам) тізімдері; Семей облысы аудандары аумағында және Семей қаласында орналасулары, шаруашылық құрылғылары туралы Семей облыстық атқару комитеті мен обкомитетінің шешімдері мен өкімдері; 1941-1945 жж. көшірілген және арнайы қоныс аударушылардың Семейге өңіріне көшірілген кәсіпорындардың орналасуы бойынша жұмыс жағдайлары туралы бөлім бастығы Борисовтың қолы қойылған баяндамалары, хабарламалары және мәліметтеріне назар аударуға болады [78]. Архив құжаттарға назар салайық: «1941-1944 жж. көшірілген тұрғындардың шаруашылық құрылғысы бойынша Семей еңбекші депутаттары облыстық кеңесі атқарушы комитеті көшіру бөлімінің жұмысы туралы анықтамада»-төмендегідей мәліметтер берілген:

«Эвакуацияланған кәсіпорындардың ішінде, Семейде орналасқан жеңіл өнеркәсібі жақсы дамыды, соғыстың соңғы жылдарына таман біздің қаламыз жеңіл өнеркәсіптің ірі орталықтарының біріне айналды. Соғысқа дейін қалада не бәрі 2 ірі өнеркәсібі ғана болды, яғни былғары комбинаты мен алғашқы жүн өңдеу фабрикасы (ПОШ). Ұлы Отан соғысы жылдарында эвакуациялық құрылғылардың негізінде 7 жаңа кәсіпорын құрылды» [79].

Семей кәсіпорындарының Ұлы Отан соғысы кездеріндегі шығарған өнімдерінің жалпы сипаттамасынан және көрсеткен мәліметтердің барлығынан Ұлы Отан соғыс кезіндегі тылдағы еңбекке семейліктердің айтарлықтай үлесі болғандығын байқаймыз.

Соғыс жылдарында Семей аймағы тамақ және жеңіл өнеркәсібінің жетекші шебінде болды. Майданға киім кешек пен азық-түлік беретін республиканың жеңіл және тамақ өнеркәсібінің өндірістік-техникалық базасы жедел қарқынмен дамыды. Кеңес армиясының, сондай-ақ, бейбіт халықтың сұранысын өтеу үшін қажетті былғары, аяқ-киім, ер-тұрман, тон тігу, галантерея және тамақ өнеркәсібі біркелкі дамыды[80].

Семей өңіріндегі тамақ өнеркәсібі мекемелері майдан сұранысы аясындағы өнімді уақытымен шығарып, қабылданған жоспарды асыра орындап, халық қажеттіліктерін өтеп келген. Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ, қала өнеркәсібі жұмысы ерекше әскери үйлесіммен жолға қойылды. Қалада кеме жөндеу зауыты, былғары өндіріс комбинаты, «Крупская» атындағы артель, «Пимокат», «Красный кожевник» сияқты өндіріс орындары майданға қажетті өнімдерді дайындады. 1941 жылдың күзінде қалаға басқа жақтан эвакуацияланған өнеркәсіп орындары көшіріле бастады. Былғары мен текстиль өнеркәсіптері дамыған Семей қаласына Калинин облысынан Осташковский атындағы былғары зауыты, төрт шұға фабрикасы, үш аяқ киім фабрикасы, бір тігін фабрикасы көшірілді. Қаладан майданға тұлып, тері күртешелер, қолғап т.б. жылы киім-кешек жіберілді[81]. Соғысқа кеткен ер-азаматтардың орнын әйелдер, жасөспірімдер, қариялар басып, олар токарь, слесарь, механик жұмыстарын атқарып, меңгерді. Семей қаласының партия комитеті әскери жауапкершіліктің болуын, жетілдірілген тәртіптің одан әрі нығайуын әрбір жұмысшыға жүктелген партия міндеттемелерін дұрыс әрі толық орындалуын, сонымен қатар ұжымдық топтар: цехтардың, жұмыс бригадаларының жұмыстарының жандануын, қарқынды іске асыуын қадағалады. Қысқа мерзім ішінде қалалық транспорттардың барлығы майдан үшін жұмылдырылды. 1941 жылдың тамыз айында саны 60-тан астам өнім шығарушы зауыттар, фабрикалар, комбинаттар майдан үшін іске қосылып тұрды[82].

Семейліктер үлкен жұмыстарды мойындарына алды. Соғыс жылдарында ер азаматтардың майданға жіберілуіне байланысты темір жол мекемелеріне машинист және оның көмекшісі, кондуктор, станция кезекшісі т.б. мамандарға тапшылық пайда болды[83]. Бұл жағдайда билік тарапынан тез арада ескеріліп маман даярлау ісін шұғыл қолға алғаннан кейін ғана мәселе өз ретімен шешілді. Семей өңірі тыл еңбеккерлерінің соғыс жылдарындағы еңбегі орасан зор, себебі соғыстағы солдаттар жылы киіммен қамтамаыз етілді[84]. Кеңес солдаттарына Семей тері комбинатының және артелдерінің шыққан өнімдері таратылып, қамтамасыз етуге қауқары жетті. Семей ет консервілеу зауытының ұжымы жарыс өткізуге ұсыныс жасады[85]. Өз үндеулерінде «Отанын үшін еңбек етіп жүрген әр азамат соғыс шебіне көмек көрсетіп жатқанын түсінуі керек. Біз әскер үшін әлі көбірек еңбек атқарып, соғыс шебіндегі қорғаушыларымызды жылы киіммен және азық-түлікпен қамтамасыз етеміз», - деді [86]. Газеттерде

Семей ет консервілеу комбинаты Кеңес Одағындағы жарыста барлық міндеттерін орындап келеді деп жазды. Әр тоқсан сайын 1400000 банка консерві, 310 т шұжық, 67 тонна концентрат шығарды. Өндіріс күнен күнге дамып, еңбектері қауырт жүруде деп мадақталды. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің көшпелі белгісі 24 маусымда Семей ет комбинатына жарыс жеңіпаз ретінде берілді. Бұдан кейінде бірнеше мәрте жеңімпаз атанды[87].

1942 жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындаған өңір өнеркәсіп қызметкерлері КСРО марапатына ие болған. Олардың ішінде 1943 жылы 4 қаңтарда Семей ет комбинатының май цехының бастығы Сараева Анна Ивановна- «КСРО Наркоммясомолпромның социалистік жарысының үздігі» төсбелгісімен, Семей ет комбинатының жұмысшылары Шамсутдин Хасанов, Анастасия Амуленко және Адай Оспановтар «Мақтау грамотамен» марапатталды[88]. Ұлы Отан соғысы жылдарында бұл саладағы басты кемшілік жұмысшылар күші жетіспеді, әсіресе жоғары мамандаған жұмысшылар тапшы болды. Сонымен қатар жұмысшылар арасында өнімге мол қол салу оқиғалары тіркеліп, ондай әрекетпен айналысқан адамдар қылмыстық жауапкершілікке тартылған[89]. Соғыс кезінде барлық аймақтарда шағын артельдер пайда болып, жауынгерлерге қажетті киім-кешектерді тіге бастады, олар айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. Семейдегі Крупский атындағы артель, «Пимокат» артелі 1942 жылдың 1 қаңтарына дейін 102 жұп пима жасап, 250 кешенді сырмалы шалбар, 500 әртүрлі іш киім, 213 тері кеудеше, 225 шолақ тон тікті [90]. Семей облысында 1942 жылы осындай ұжымдар саны артып, берілген жылдық жоспарды асыра орындады. Ленин ауданындағы «Ударник» артелі (төрағасы Г.Рубинштейн) жоспарды 208,7 пайызға, «Утилькомбинат» артелі (төрағасы В.Кузменко) 202,5 пайызға орындады [91].

Соғыс жылдарында Шығыс Қазақстан өңіріндегі жетекші орында болған өнеркәсіптердің бірі – жеңіл өнеркәсіп болды. Баршаға мәлім, мұнай сұрапыл соғыс кезінде стратегиялық қорғанысқа қажетті маңызы зор шикізаттың жетекші түрі болды. Ұлы Отан соғысының алғашқы айларында-ақ азық-түлікпен шикізатқа сұраныс артты. Семейдің еңбек ұжымдары сол сұранысты басшылыққа ала отырып, жеңіл өнеркәсібі кәсіпорындарында социалистік жарысты және стахановшылар қозғалысын өрістетуге бағытталған бірқатар шараларды іске асырған. Семей облыстық партия комитетінің бюросы социалистік жарысты өрістетуге айрықша маңыз беріп, 1942 жылдың 10 айы ішінде социалистік жарыс жағдайын 12 рет қарады[92]. Осының нәтижесінде зор табыстарға жетіп, 1942 жылы қарашада Семей ет комбинаты Бүкілодақтық жарыстың жеңімпазы атанды. Олар Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің Қызыл Туын сегіз ай бойы берік ұстады [93].

1941 жылдың тамыз айында Семей қаласының өнеркәсіп орындары өнім шығарудың алпыстан астам түрін игерді. Семейліктер майданға өте зор көмек көрсете отырып, қорғаныс қорын жасауға ат салысты. Тек 1942 жылдың қазан айында ғана қала халқы тон, пима, әр түрлі нәрселерден тоқылған қолғап шұлық жинап жіберіп отырды. 1941 жылдың күзінде қала кәсіпорындары майданға 62 өнім түрлерін жөнелтті. Семей аяқ киім фабрикасында 1942 жылы

435 мың 400 пар аяқ киім шығарылды. Соғыс жағдайында қалада 9 фабрика мен завод салынып пайдалануға берілді. Семей облысы соғыстың тек алғашқы жылдары ғана майданға 71 вагон сыйлықтар, азық-түліктер және 11 мың жеке адамдардың посылкаларын жіберді. Отқа оранған батыс аудандардан көшірілген үш фабрика (Киев, Азов және Артем) негізінде қысқа мерзім ішінде Семей аяқ киім фабрикасы құрылды. Қараша айында Донбастан көшірілген Володарский атындағы тігін фабрикасы 12 күн өткеннен кейін майдан үшін өнім бере бастады. Фабрика коллективі тоқсандық жоспарды 104 пайыз орындады[94].

Осы қиыншылық уақытта сырттан көшірліп келген кәсіпорындардан басқа қаламыздағы жеңіл және тамақ өнеркәсіптері де майданға өз өнімдерін түр-түрімен шығаруды қолға алды.

1944 жылы шығып отырған «Екпінді» газетінде соғыс кезіндегі тыл адамдарының қажырлы еңбектері туралы мақалалар жарияланып тұрды. Отан соғысы күндерінде ет-консерві комбинаты коллективінің жауапты және ардақты міндеті Армияны тамақ өнімдерімен керегінше қамтамасыз ету міндеті тұрды[95]. 1943 жылдары комбинат еңбек ерлерінің табыстары комбинат көлемінде және әрбір цехтарда жылдық өндірістік жоспардың артығы мен орындалуына мүмкіндік берді. Мысалы, құнарлы тамақ шығару жоспары 114,8, консерв шығару 100,3, колбаса шығару 101,4, медициналық препараттар жасау 120,8 т.б. артығымен орындалды[96].

Мәселен, жоғарыда аталып өткен академик М.К. Қозыбаев еңбегінде «Семей тамақ комбинаты 1942 жылы өндірістік жоспарды 100,7 пайызға орындап, 1946 мың сомның өнімін шығарса, жылдық жоспарды 115,3 пайызға орындап, 176 мың сомның орнына 203 мың сомның өнімін берді» -деп атап көрсетеді [68, с. 115]. Алға қойылған міндет жаңа өндіріс орындарын игеру мен істен шыққан бөлшектерді қалпына келтіріп сала кәсіпорындарын машина, станокпен жабдықтау, жұмысшыларды жаға мамандыққа оқыту, құрал-саймандарын жаңарту, технологиялық процестерді озық техника мен еңбек әдістерімен қаруландырып жақсарту және қайта құру, жаңа өнімдер шығарудың технологиясын игеру жұмыстарын кең көлемде жүргізу болып табылды.

Соғыс жылдары басқа жақтан көшірілген өндіріс орындарынан басқа жаңа кәсіпорындар салынып, бұрынғы өндіріс орындары кеңейтілді. 1942 жылы құрама-жем зауыты, өндіріс комбинаттары және басқа объектілер салынып, іске қосылды. Осы жылдарда Семей қаласында барлығы 9 фабрика мен зауыт салынып, пайдалануға берілді[97].

1940 жылдармен салыстырғанда соғыс жылдары Семейдің жеңіл өнеркәсіп өнімдерін шығару төрт есеге өсті. Соғыс жылдарында қалада тоғыз зауыт, фабрикалар салынып, пайдалануға берілді. Семейліктер соғыс жағдайындағы материалдық қиыншылыққа қарамастан қолдарындағы азын аулақ дүниелерін аямастан соғыстағы майдангерлерге көмек көрсетіп тұрды. 1942 жылдың 19 ақпанында семейліктер майданға 25000 жылы киім жіберді. Жеке тұрғындар да соғыстан ештеңелерін аямай көмек көрсетіп тұрды. Соның бірі, Жаңа Семей ауданының «Қоғам Бірлік» колхозының есепшісі Қабиза

Абдыганпарова 145 жылы 8 мамырда еліміздің Жеңіс қорына 5000 сом қосты [98]. 1943 жылдың наурызында Семейдің облыстық қамсыздандыру кассасына күйеуі соғыста қайтыс болған майдангердің жесірі ретінде Қабыш Шаманова келіп: «Менің 225 сом зейнетақымды КСРО – ның қорғаныс қорына соғыс аяқталғанға дейін ай сайын аударып тұруыңызды сұраймын. Бұл менің Отан алдындағы борышым деп білемін...» - деп өзінің арнайы зейнетақысын аударды. Еліміздің барлық жерлерінде ұрандаған «Өзің үшін ғана емес, майданға кеткен жолдасың үшін де еңбек ет» ұранын қолдады. Бұл «екі жүздік» қозғалысына бастама болды. Бұларды халық тыл майдангерлері деп атады. Мысалға, кеме жөндеу зауытының 205 жұмысшысының 193-і өзінің орындау мөлшерін 100 – 150 пайызға, 42 – сі 151 – 200 пайыз, 31 – і 201 – 250 пайыз, 16 – сы 250 – 300 пайыз орындаған. Ең жоғарғы көрсеткішке К. Шаяхметов пен Б.Даурембаев, А. Евдокимовтар жеткен[20, с.131].

Семей өңірінің табиғат ресурстарын елдің қорғаныс мұқтажына жұмылдыруда геологиялық басқарма сан алуан бағытты жұмыстар жүргізді.

«Алтайзолото» кен орнының соғыс жылдарында қандай қарқынмен жұмыс атқарғандығын мына мәліметтен білуге болады. Ержүрек Қызыл Армияның 26 жылдық мерекесін елеулі табыстармен қарсы алу жөнінде «Алтай золото» тресі рудниктерінің жұмысшылары, инженер – техник қызметшілері және қызметкерлері социалистік жарысты мейлінше кең өрістетті. Рудник басқармаларының басшылары екі айлық өндірістік программаны мерзімінен бұрын 23 ақпанда орындап шығу үшін, әрбір рудниктерде техникалық ұйымдастыру шараларын алдын – ала талқылап, барлық мүмкіншіліктерді ойдағыдай пайдалана алды[99].

Әсіресе трестің қамтуындағы Балажал кен басқармасының кеншілері (директоры Шаталов, бас инженері Яковлев жолдастар) еңбек өнімділігін арттырудың ең қолайлы әдістерін кең түрде қолдану арқылы, рудник ішіндегі барлық ресурстарды дұрыс пайдалануы арқылы, еңбек ұйымдастыру ісін тиісті дәрежеде жақсарту арқылы Қызыл Армияның мерекесі атындағы социалистік жарыста озып шығуға қол жекізді.

Кен басқармасының көлемінде екі айлық алтын өндіру планы 1944 жылдың 22 ақпанында 101,2%, ал негізінде ақпан айының планы 123% орындады.

Балажал кен басқармасының ішінде Ларионов жолдас начальник болып істейтін №3 учаскенің «Горняк» старательдер артелі Қызыл Армияның 26 жылдық мерекесі күніне екі айлық өндірістік планын 115% орындап озық шықты[100].

Рудниктің өзара жеке жарылысқа түсіп жұмысты шын мәнісінде майдандағыдай атқарған стахановшы кеншілері Сакенов пен Сатамбеков нормаларын 200% орындайды. Сынтас руднигінің завойщицасы Нұғыманова Қызыл Армияның мерекелі күніне өзіне берілген екі айлық тапсырманы 213% орындап, совет патриотизмінің тамаша үлгісін көрсетті.

Сонымен қатар Семей өңірінде орналасқан кен орындарының бірі Мыржық марганец кен орны – Шығыс Қазақстан облысы Семей қалалық

әкімдігі аумағы мен Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының солтүстік-шығысында орналасқан. Іздеу-барлау жұмыстары 1943-1946 жылдары жүргізілген. Ұсақ масштабты аймақтық геологиялық түсіру жұмыстары кезінде ашылған.

Кен орнының солтүстік-батыс бөлігіндегі ұзындығы 30 км болатын жоғары девон мен төменгі карбон жыныстарында орналасқан. Кен денелері фаменнің төменгі бөлігіндегі қалыңдығы 50 м құмтастар, сазды-эксазды жыныстар мен әктастар будаларында шоғырланған. Кен орнының аумағы 16×18,5 км. Ол Мыржық мұльдасының солтүстік-батыс қанатында орналасқан. Тау жыныстары кабаттарының созылымы меридиандық. Оңтүстігінде құлау бұрышы 85 – 87° шығыс бағытта. Солтүстік-шығыстағы құлау бұрышы 60 – 68° солтүстік-батыс бағытта.

Соғыстың сұрапыл жылдарында өңірде ашылған ірі кен орындарының бірі Сырлыаяқ қалайы-вольфрам кен орны – Шығыс Қазақстан облысында орналасқан. Кен орны 1934 жылы ашылып, барлау жұмыстары 1934-1958 жылдары аралығында жүргізілген. Өндірістік маңызы зор штокверктердің ұзындығы 55-100 м, қалыңдығы 17,5 м-дей. Кен минералдары – касситерит, станнин, шеелит.

Жоғарыда аталып өткен Семей қаласындағы өнеркәсіптер жұмыстарында кейбір қиыншылықтар мен кемшіліктердің орын алуына қарамастан, олардың жалпы өнім өндіру мөлшерінің бірнеше пайызға артқандығын төмендегі мәліметтерден байқауымызға болады. Мәселен, 1941 жылғы Семей облысындағы барлық өнеркәсіптердің өнімі 97,2 пайызға орындалды, ал өндірістік халық комиссариаты өнеркәсіптері 98 пайызға, өндірістік емес халық комиссариатының өнеркәсіптері бойынша 96,3 пайызға орындалды. Еңбек өнімділігі үш жыл ішінде 55,1 пайызға өсті [101]. Жеңісті жақындату жолында кеңес халқымен бірге семейліктер де ерең еңбек етті. Ең бастысы тылдағы көптеген адамдардың жұмыс істеуінің арқасында майданның аса қуатты арсеналы жасалып, семейліктер де олардың құрамдас бөлігіне айналды. Семейліктер жеңіс жолында жан аямай еңбек етті, сөйтіп қалыпты соғыс экономикасын жасауға өз үлестерін қосты.

Соғыс жылдарында көптеген өнеркәсіптер аймаққа көшірілген еді. Соғыстың жеңіспен аяқталуына барша халық, әйел мен бала, қариялар да жан салмай еңбектенді. Еңбеккерлердің үлесі өте зор болды. Күн-түн демей барынша жұмыс жасап, уақытынан және де көп мөлшерде өнімдер шығарды. Бұл соғысқа өз үлестерін қосқан еңбеккерлер де назардан тыс қалмай өз кезектерінде табыстары үшін марапатталды.

Кеңестік дәуірдегі тоталитарлық социализмнің салтанат құруы тұсында да КСРО –ның империалистік соғыстарға қатысуы, одан кейінгі кезеңдерде де – Семей облысының одақтық әлеуметтік-экономикалық базаға айналуы да социалистік отарлауы саясатының патшалық кезеңнен бергі заңды саяси жалғасы болатын.

Ірі державалардың мүддесінің қақтығысы екінші дүниежүзілік соғысты кеңес халықтарының патриотизмі және орасан зор ерлік - жауынгерлігі арқасында

оның жеңісін КСРО –ға табыс етті. Сталиндік қатаң мемлекет ішілік идеология халықты соғыстағы ерлік істермен қатар тылдағы еңбекте де, еңбек армиялары қатарындағы саяси жазаланғандар еңбегінің жанқиярлығында да табысты көрсеткіштерге жектізді. Ұлы Отан соғысынан кейінгі КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1946 жылғы наурыздағы алғашқы сессиясы елдің ендігі дамуы бағдарламасын бекіткен еді [46, б.13-14]. Қабылданған жарлық «КСРО халық шаруашылығын қалпына келтіру мен дамытуды» 1946-1950 жылдарға арналған бесжылдық жоспар туралы» заңға негізделеді. Бұл жоспар халық халық алдындағы жаңа міндеттер бағытын қояды. Мұнда елдің зардап шеккен, соғыс ауқымында болған аудандарын қалпына келтіру, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығының соғысқа дейінгі дәрежесін қалпына келтіріп, содан кейін осы көрсеткіштен асыра түсіру бағаланады [102].

Осындай одақтық бағдарламаға сәйкес әрбір республикаларда оны орындау бағыттарына қарай директивалық жоспарлар қабылданатыны осы кезеңдер тәртібінде болатын. 1946 жылы Семей облысының тұрғындары да мұндай одақ тапсырмасына үндеу қосып, партия жетекшілерінің ұйымдастырған отрядтарымен жұмыстарға аттанады. Олар немістерден азат етілген аймақтардағы су және материалды ресурстарды қалпына келтіру жұмыстарына да ат салысады [46, б.14].

Жаңа егіс жұмыстары басталған уақытта астықты себу, өсіру, жинау жұмыстары үшін өз техникаларымен жабдықталған қала еңбекшілері және өндіріс орының жұмысшылары Ставрополь, Краснодар өлкелерінде науқанды шаралар атқарған еді [103].

1939 жылы 14 қазанда орталығы Семей қаласы болып, Семей облысы жабдықталады. Оның территориясының көлемі 179,6 мың кв.м. немесе республиканың 6,6 % территориялық бөлігін алып жатты. Облыстық әкімшілігі басқаруына 3 қалалық және 15 селолық аудан қарайды. Облыс тұрғындарын 90 ұлт өкілдерінен тұратын 843 мың адам құрайды, ал оның ішіндегі 342,5 мыңы Семей қаласының тұрғыны болды. Соғыстан кейінгі көрсеткіш бойынша 1948 жылдары қаланың тұрғындары саны 104 872-ге жетеді [104, п.32].

Семей облысының жер өңдеу аймағына жатқызуымен байланысты негізгі қаланған қала өндірісінде де осы кезеңде жаңа табыс көздерінің үлесі молайды. Жергілікті шикізат базасында қалада жеңіл және тамақ өнеркәсібі дамиды.

Осыған қосымша соғыс жылдары Семей қаласына эвакуацияланып келген одақтың орталық аудандарынан көршірілген бірқатар жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары соғыстан кейін бейбіт өнім өндіруге ауысады.

1943 жылдың 28-ші тамызында БКП (б) ОК мен КСРО Халық Комиссарлар кеңесінің «неміс басқыншыларынан азат етілген аудандарға шаруашылықты шұғыл қалпына келтіру және оларға экономикалық көмек беру туралы» қаулы қабылданғаннан бастап оған үн қосу науқаны барынша кең өріс алады [46, б.15]. Көптеген ұжымдар соғыстан кейінгі жылдарда да бүлінген қалалар мен аудандарды қалпына келтіру үшін қаржы жинап тапсырып, өз көмектерін көрсетіп жатты. Қазақстанның басқа қалалары, өлкелері сияқты, Семей өңірінің

аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттері азат етілген аудандарды қалпына келтіру үшін көмек көрсету және қамқорлыққа алу туралы қаулы қабылдайды[105].

Осыған орай осыдан кейінгі жылдарда да жұмыс істеуге жұмылдырылған Орлов облысының азат етілген қалалары мен аудандарына қандай көмек бере алатындарын жүйелеу үшін құрамында жеті адам тағайындалған облыстық комиссия құрылды. Бұл комиссияның төрағасы болып В.Д. Нечаев тағайындалды. Комиссия мүшелерінің негізгі жұмысы совхоздар мен колхоздардан, МТС-н өндіріс орындарынан және тағы басқа шаруашылықтардан түсіп жатқан ақша, киім-кешек, техника, құрал-саймандарды және тағы басқаларды обкомға хабарлап отыру және оларды өзінің қамқорлығында болған облыстар мен аудандарға жеткізілуін қамтамасыз ету еді. Сондай-ақ бұл мәселені талқылауға азат етілген аудандардың делегациялары да қатысып отырды [46, б.15-16].

Семейліктер соғыстан зардап шеккен аудандарға өз көмегін көрсетуді маңызды борыш деп санады. Жұмысшылар өз мекемелерінде үнем жасап, ішкі жаңа мүмкіндіктерді тауып, жаудан азат етілген аудандарға құрылыс материалдарын, өндіріс жабдықтарын тағы басқаларын жөнелтіп отырды. [46,б.16]. Семей қаласындағы Володарский атындағы тігін фабрикасы азат етілген аймақтарға 5 мың көйлек-көншек, 250 балалар киімін жіберген. Облыс халқы Сталинград, Донбасс, Брянск қалаларын қалпына келтіруге қаражат жинап, әрбір өнеркәсіп орындары, әрбір жанұя қол ұштарын беріп жатты. Семей қалалық өнеркәсіп комбинатының ұжымы жұмыстан тыс уақытты тиімді пайдаланып, Харьков қаласының тұрғындары үшін аз мерзім ішінде екі мыңнан астам үй шаруашылығына қажетті заттарды жасап жіберді [46, б.16].

1947 жылы Семей облысының халық шаруашылық жоспарын орындаудағы есебінде, одаққа бағынышты өндіріс орындарының жоспары бойынша айналған өнімнің шығарылуы 96,7 пайызды құрайды. Одаққа бағынышты екі кәсіпорын өндіріс бағдарламасын орындай алмады. Э.О. Қырықбаеваның зерттеу жұмысында былай деп көрсетілген: «Олар: 1.Диірмен комбинаты 81,2 %, 2.Жүнді бастапқы өңдеу фабрикасы - 91,2 %. Республикаға бағынышты өнеркәсіп кәсіпорындарының өндіру бағдарламасына сәйкес 1947 жылы жоспар 95,7 % орындалады. Олардың 200 кәсіпорнының ішінде бағдарламаны табысты орындағандары 13, жалпы көрсеткіштің 65,0 % құрады.» [46,б.38]. Келесі жылы оңды табыстарға жеткізген Семей аяқ киім фабрикасының өнім түрі көбейді. 1941 жылы қазан айында эвакуацияланып келген 8 - ші Киев аяқ киім фабрикасы негізінде құрылған бұл фабрика Семей тері комбинатынан жабдық алады. Бұл комбинат фабрикадан 10 км алшақ жерде орналасады. Тауар фабрикасының өз күші мен мүмкіндіктеріне қарай тасымалданған[106]. Жұмсақ тері тауарларымен, шевро, хром, шеврет және терілер астарларымен Жамбыл, Петропавл және Павлодар хром зауыттары қамтамасыз етті. Олар аяқ киім фабрикасынан 300 ден 2000 км алшақ екендігі белгілі.

1948 жылдың 1 - жартысында фабрика өз электр энергиясын өндірді, ал II - ші жарты жылдықта Д-6 жағармайдың істен шығуымен, фабрика электр

энергиясын қала электр желісінен ала бастады. 1948 жылы жеке өндірген өз электр энергиясы - 5800 квт, ал қала электр желісінен алғаны 244000 квт болды. Дайындалған фабрика өнімі өз тауар - зауыт қоймасы болмағандықтан көрші жеңіл өнім басқармалары қоймаларына фабрика күшімен жеткізеді. Қалалық кеңес депутаттарының сессиясының 1949 жылғы материалдары бойынша қала өнеркәсібінің дамуы мен өмір сүріп отырған кәсіпорындар есебінен базистік кезеңде 56 пайызға өседі [46,б.38]. 1940 жылы 32 кәсіпорын болса енді оның саны 50 - ге жетеді [107]. Кәсіпорындар санының өсуімен ондағы жұмысшы санының өсуіне де жағдай туды. 1940 жылы 8 мың адам жұмысшы болса, 1948 жылы ол 10 мың адамға, яғни 24,5 пайызға өсті. 1948 жылы өндірілген өнім, көлемі соғысқа дейінгі дәрежеге жетті.

Кейбір кәсіпорындардың жүйелі түрде артта қалушылыққа жол беруі қалалық кеңес атқару комитеттерінің олармен толық жұмыс жасамауынан еді. Жергілікті өнеркәсіптердің өнім көлемі 1949 жылы 111 пайызға жетеді.

Ал кооперативтік өнеркәсіптерде 47 пайызға жетеді. Бұл жағымды жергілікті және кооперативті өнеркәсіп табыстарымен қатар, оның жағымсыз жағын да айта кеткен жөн. Ол берілген әртүрлі өнім шығару тапсырмасының орындалмауы еді[46, б.39].

Қала шаруашылығы әр салалы, ол жыл сайын өсіп, кеңейеді, бір жағынан ол өсім қала тұрғындарының санының өсуімен, екінші жағынан, адамдардың мәдени сұранысының өсуі арқасында еді. Семей қаласындағы бұрыннан жасап тұрған өндіріс орындарымен бірге жаңадан ашылған кәсіпорындардың іске қосылуы қала тұрғындары санының өсуіне әкелді. Мәселен, Қазан төңкерісі қарсаңында қалада 43 мың адам тұрса, 20-30 жылдардағы индустрияландыру процесі нәтижесінде, қаланың өндірістік даму сипаты айқындалып, 1940 жылы мұндағы тұрғандар қатары 106 мың адамға жетті. Ал, соғыс жылдарындағы қалаға, әсіресе жеңіл өнеркәсіп орындарының көптеп көшіріліп әкелінуі барысында көптеген мамандар да келе бастаған еді[46, б.40]. Міне, осы жағдай және қарастырылып отырған кездегі жалпы қала экономикасының экстенсивті даму сипаты, яғни жаңадан ашылып жатқан өндіріс орындарына жұмысшылардың көптеп тартылуы қала халқының санын 1949 жылы 120 мың тұрғынға жеткізді[108]. Бұлардың барлығы Кеңес дәуіріндегі қала халқы санының негізінен табиғи дәрежеде ұйымдастырылуы, оған жаңа еңбек қолдарын тарту есебінен болғандығын байқатады.

1950 жылы ХҮІІІ қалалық партия конференциясында баяндама жасаған қалалық партия комитетінің хатшысы Асановтың баяндамасында, соғыстан кейінгі бесжылдық жоспардың барлық өнеркәсіп, шаруашылық салалары бойынша қала көрсеткіштерінде асыра орындалғаны айтылады. Экономиканың дамуы жоспардан жоғарғы 78,713 мың сомның жұмсалыуымен өнімнің өту қарқынының үдей түсу қалыптасқанымен сипатталады [109].

Жоғарғы Ертіс кеме басқармасының жоспарды бесжылдықта 87,2 пайызға орындауы, тауар айналымы 93,9 пайызға, қоғамдық тамақтану 86,0 пайызға қамту қызметіне қанағаттанғысыз бағаның берілуі де бесжылдықтағы белеңсіз көріністердің болуын сипаттады. Жергілікті қала бюджеті 1949 ж. бекітілген

кіріс мөлшері бойынша 42 млн сом және шығыны бойынша 41700 мың сом болды.

Міне, осындай өзгермелі көрсеткіштік экономикалық бағыттың дамуы, жоспарлы экономиканың етек алуына ыңғайлы болған еді. Қала экономикасындағы сандық көрсеткіштерге жету мақсатындағы өндірістің барлық саласын қамтыған социалистік жарыстар одан кейінгі кезеңдегі сапасыз өнімнің бой көтерілуіне жол ашты. Сөйтіп Семей қаласында да кеңестік социализм дақырттық жетістіктермен халыққа ақпар беретін экономика етек алды. Оның келеңсіз нәтижелері келесі бесжылдықтарда тауып экономиканың терең құлдырауына жол ашты [46, б.41].

Экономикалық және әлеуметтік хабарларды аса құпиялықта ұстау, «жабық қоғамға» тән сипат алу, басқа жүйелер, моделдер мен даму сапасымен есептесуге мүмкіндік бермеді. Шаруашылық жағдайды түсіну, сыни талдау үшін қажетті салыстырмалы талдау болмады. Осыдан кейін сол кездегі елдің дамуын бейнелейтін, тек қана жақсы көрсету үрдісі пайда болды. Міне, осы айтылған жайлардың барлығы Кеңес қойнауында өмір сүріп отырған Семей қаласының да, қарастырып отырған кезеңдегі экономикалық даму жағдайына толықтай тән жайлар болды. Шындығында, Семей қаласындағы өндіріс орындары қала тұрғындарын жұмыстен қамтамасыз етуде, сол арқылы олардың материалдық тұрмысын белгілі - бір дәрежеде көтеруде онды әсерін де тигізе алды. Сондықтан, осы кезден бастап - ақ Семей облысында жұмыс істеп тұрған өндіріс орындарының экономикалық өсуінде «дағдарыстық белгілердің» қордалана бастағандығын өнеркәсіпті дамытудың экстенсивтік методологиясының қалыптасуымен ғана түсіндіре аламыз.

1.2 Аймақтағы индустриялық өзгерістер кезеңіндегі өнеркәсіп орындары мен көлік қатынастарының қызметі

Семей облысының территориясы тоғыз жолдың торабында орналасқан аймақ болып табылады. Соғыс уақытында Семей арқылы өтіп жатқан Түркістан-Сібір теміржолы Қазақстан экономикасының көлік қатынасының қызметіне өте зор пайдасын тигізген еді. Көлік қатынасының арқасында майданға қажетті заттар жеткізіліп, соғыстың жеңіспен аяқталуына өз үлесін ерекше қосқан.

Соғыстың сұрапыл жылдарында өлкемізде көлік қатынастарының ішінде басым болып теміржол бағыты дамыған еді. Соғыстың нәтижелі аяқталуына сонау 1927 жылы өз құрылысын бастаған Түркістан-Сібір теміржолы айтарлықтай өз үлесін қосқан еді. Түркисибтің бір шеті Семейден басталды. Алғашқы қазық 1927 жылдың нарызында Семейден қағылды. Алғашқы рельс Семейден төселді. Бірінші бес жылдықтың еңбек қарқыны айрықша еді. Соның нәтижесінде Түркістан-Сібір темір жолының құрылысы белгілеген мерзімнен 17 ай бұрын пайдалануға берілді. Осы зор табысқа Семейліктердің қосқан үлесі ұшан - теңіз.

Ұлы Отан соғысы жылдарында еліміздің басқа магистральдары сияқты Түрксіб теміржолы да ерекше күрделі жағдайда жұмыс істеді. 1941 жылы жолдың пайдаланымдық ұзындығы 2088,4 шақырымды құрады. Жамбыл – Қаратау, Көксу – Текелі жаңа желілері салынды. Стансалық жолдардың толық ұзындығы 557 шақырымға тең болды[20, с.113]. Соғыс жылдарында Қазақстан майданның қуатты арсеналына айналды. Соғыс еліміздің бүкіл теміржолдарының, соның ішінде Түркістан – Сібір магистралінің алдына әскери жүктердің үздіксіз тасымалдарын, майданға әскери эшелондарды, әскери техниканы, ал қорғаныс өнеркәсібі үшін көмір, металл және басқа да маңызды жүктерді уақытында жеткізуді ұйымдастыру бойынша жауапты міндет қойды.

Қозғалысты ұйымдастыруда айтарлықтай құрылымдық өзгерістер болды, шикізат жүктерінің тасымалдары қысқартылды, жартылай фабрикаларды, дайын өнімдерді тасымалдау артты, қару-жарақтар, рудалық қоспалар, вольфрам, молибден, ауыл шаруашылық машиналарын, газогенераторларды және басқаларды тасымалдау ұлғайды. Соғыстың алғашқы жылдарында Түрксіб арқылы адамдар мен материалдық ресурстарды үсті-үстіне жөнелту, Қазақстанға сонымен қатар Семей өңірінде көшірілген кәсіпорындар мен адамдарды түсіру кезінде қиындықтар болды, тасымалдар мен вагондарға деген сұраныс нормадағыдан үш есе асып түсті. Көмір жөнелту екі есе, қара металдарды жөнелту екі еседен астам, мұнай өнімдері мен рудаларды жөнелту 4 еседен астам өсті. Жауға қарсы атылған он оқтың тоғызы қазақстандық қорғасыннан құйылып жасалған еді.

Осының бәрінде де Түрксіб пен оның адамдары жетекші рөл атқарды. Мәліметтер бойынша, Ұлы Отан соғысы кезінде 1300 жедел әскери эшелон, жалпы саны 70 мың вагонды қамтыған 1700-ден астам әскери-жабдықтаушы құрам жөнелтілді. Соғыстың басынан бастап, оның соңғы күндеріне дейін магистраль саны күрт қысқарып кеткен бос вагондарға, әсіресе, жабық вагондарға қатысты ерекше ауыр қиындықтарды бастан кешірді. Жабық вагондар жетіспеген кездерде қант платформаларымен, астық жартылай ашық вагондармен үсті брезентпен қымталып жабылып тасылды[110].

Түрксібтің паровоз деполарында майдан желілерінен келіп жеткен локомотивтерді қалпына келтіру үшін патриоттық қозғалыс өрістеді. Бұл депо ұжымынан үлкен күш жұмсауды қажет етті. Бомбылаудан кейін жартылай қирап қалған 58 паровоз қалпына келтірілді. Содан кейін депо ұжымы паровоз паркін жаппай ауыстыруға көшті. Олар майдан жолдарына өздерінің 314 ең жақсы паровозын жөнелтті, ал өздері батыс еуропалық типтегі трофейлік (соғыста жаудан түсірілген олжа) паровоздармен жұмыс істеді, оларға едәуір жөндеу жүргізу қажет болды. Осындай жолмен 460 паровоз қалпына келтіріліп, пайдалануға енгізілді.

Түркістан – Сібір магистралінде құрастырылған №34 паровоз колоннасы Алматыдан Берлинге дейін 13600 шақырым жол жүріп өтті. Монша – кір жуу пойызы мен бронепойыздар құрастырылып, олар майдан алаңдарында әрекет етті. Түрксібке майданнан оралған ЭУ-№69911 сериалы паровоз Алматы-1

депосында мәңгілік тұғырға қойылды, бұл паровоз Семей өңірін басып өту арқылы тізе бүккен Германияның астанасы Берлинге бірінші болып кірген болатын. И.В.Панфилов атындағы 28 гвардиялық атқыштар дивизиясы жауынгерлері 1941 жылдың 17 қарашасында майданға аттанған еді[111].

Ұлы Отан соғысының майданында Түркістан – Сібір магистралінің көптеген теміржолшылары Отан қорғауда көрсеткен ерліктері үшін марапатталды. Олардың арасында ұзақ жылдар еңбек етіп келе жатқан Семей өңірінің ардагерлері И.Б. Коробицин және К.Көкөзов, Ф.Г.Черкашин Кеңес Одағының батыры атағына ие болды.

Семей станциясының алдыңғы қатарлы стахановшылары теміржол жұмысшыларына өздерінің үлгілі істерін көрсете отырып, еңбек өнімділігін күн сайын арттырып отырды. Станцияның стахановшылары қазан алдындағы социалистік жарыста алған міндеттемелерін іс жүзінде асыра орындап отырды. Стахановшы Белин жолдас сталиндік вахтаға тұрып күндік міндеттемесін сменасында үнемі екі, екі жарым есе орындауда. Станцияның автоконтроль пункті жұмысын жақсы атқарап отырды. Мұнда күнделік нормаларын, алған міндеттемелерін артық орындап жүрген, басқаларға тіпті үлгі боларлық стахановшылар бірнешеу болды. Мысалға, стахановшы токарь Каледенок жолдас нормасын 200 пайыздан асыра орындап, оның үстіне үш жас жұмысшыны, өндірістік мамандыққа үйретіп шығарып отырған болатын. Комсомолец котельщик Пустовой жолдас күнделік міндеттемесін 380 пайыз, кей күндері 390 пайыз орындап отырды. Ал маляр Федокова жолдаста сменасына үш есе нормадан тыс жұмыс атқара отырып, теміржол саласында өз зор үлестерін қосып отырды[112].

Сөйтіп, соғыс жылдарында теміржолшылар өз қызметтерін артығымен орындай отырып, зор табыстарға жетіп отырды. Мысалы Н.Зорихиннің сол заманда берген мәліметінде: «Турксибтің паровоз қызметінің бірінші бөлімінің теміржолшылары 1942 жылдың маусым айында еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті. Бүкілсоюздық социалистік жарыста бұл бөлімнің паровозшылары күрделі табыстарға ие болды. Бөлім жоғарғы көрсеткіштері үшін Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын алуға кандидат болды.

Жоғары наград туралы қуанышты хабар бірнеше станцияларға, разъездерге, депо бөлімдеріне тез таралып, митингілер мен жиналыстар болды. Шар станциясының паровозшылар митингісіне теміржолшылардың барлығы қатынасты. Паровозшылар митингіде шілде айына жаңа міндеттемелер алып, Сталин жолдасқа хат жазды. Хатта жарысты мұнанда кең өрістетіп, шілде айында және басқа айларда жаңа табыстарға жетіп, Мемлекеттік Қорғау Комитетінің туын қолдан шығармайтындарын айта отырып, міндеттерін іске асырды. Соның нәтижесінде Шар станциясының бірінші бөлімі поездардың тәуліктік орта жүрісінің көрсеткіштері жөнінен және механикалық шапшаңдығы жөнінен жоспарын артық орындап шықты.

Бөлімнің таңдаулы машинистері, диспетчерлері, жұмысшылары жұмысты соғыстағыдай атқарды. Воробьев, Андрос, Болков, гонтар сияқты машинистердің бригадасы поездарды кривоносовша басқарды.

Бас машинист Воробьев жолдастың бригадасы шілде айында поездың механикалық шапшандығын 113,8 пайыз, поездардың тәуліктік орта жүрісін 105,4 пайыз артық орындап, 8500 кг отын үнемдеді. Шілденің екі он күндігінде бұл бригада бұрынғыданда жақсы көрсеткіштерге ие болды», - деп мәлімдеген болатын[113].

Ұлы Отан соғысы жылдарынды аймақ теміржолшыларыны алдына қойылған міндет көлемі жағынан да бұрынғыдан анағұрлым арта түсіп отырды. Демек, Қызыл Армияның жеңісі теміржолшылардың табандылықпен майданға қару-жарақты, азық-түлікті дер кезінде жеткізуді қамтамасыз етуге байланысты болып отырды. Осы міндетті орындауда Семей өңірінің теміржол станцияларын, деполарының коллективтері көрнекті жұмыстар атқарды. Теміржолшылар Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерінде Кривоносавшы, Луиншылардың әдістерін ойдағыдай қолданып, теміржол транспортының жұмысын соғыс күндерінің талабына сай жақсартуда жанқиярлық еңбек үлгілерін көрсетіп отырды.

Шар бөлімшесінің машинистері Түгелбаев, Зайцев, Задонский жолдастар 1943 жылдың бірінші жарты жылдығының өзінде жағар отынның 60 т үнемдеді. Аягөз теміржол депосының машинисті Кулешев жолдас нормасын үнемі асыра орындап, өзі меңгерген паровоздың тоқтаусыз жүруін қамтамасыз етті. Ол жалғыз өзі 14 т отын үнемдеді. Сол сияқты машинист Астанина жолдаста 300 кг жанармай үнемдеп, депоға көп пайда әкеп, өз үлестерін аянбай қосып отырды.

Аягөз станциясының екінші вагон учаскесінің мастері Мусабеков жолдас жұмысты шығынсыз атқарып, жанар жағар май жөнінен мемлекетке көп үнем келтіріп отырды. Осы деподағы паровоз бригадасы паровоздарды жуып, оны жұмысқа қосу жөнінде нәтижелі табыстарға жетті. Мемлекеттік қаржыны үнемдеуде көп пайда келтірді[114].

Отан соғысы кезінде әйелдерден теміржолшылар кадрын дайындауда едәуір жұмыстар атқарылды. Көптеген әйелдерден машинист, машинист көмекшісі, бас кондуктор, телеграфист, стрелочник кадрлады дайындап шығарып отырды.

Сонымен қатар осы соғыстың сұрапыл жылдарында теміржолшылар вагондарын күрделі жөндеуден өткізуде орасан зор қызмет атқарды. Аягөз бөлімінің теміржолшылары динамошылардың үндеуін асқан жігермен қарсы алып, қазан алдындағы социалистік жарысты өрістетуде зор күш жұмсап отырды. Теміржолшылар жылдық өндіріс жоспарын жол қызметінің барлық түрінен мерзімінен бір ай бұрын орындап шығуды міндетіне алған еді. Олар өз сөздерін стахановтық еңбекпен жүзеге асырып отырды. Теміржолшы Белов мастер болып істейтін орта ремонт цехы (вагон учаскесі) тамыздың алғашқы бес күндік жоспарын асыра орындады. Жоспардан тыс 2 вагон жөнделіп шығарылып, дер кезінде жөнелтіліп отырды. Слесарь Жақсыманов, Оспанов жолдастар вагон жөндеу жұмыстарында күніне үш нормадан орындап отырды. Ал ұсақ жөндеу жұмыстарында слесарь Бейсембаев және оның жәрдемшісі

Кохов жолдастар тарапынан күніне жоспардан тыс 2 вагон жөндеу жұмыстарынан өтті[115].

Аягөз депосының машинисті Анисимов, Паропов жолдастар поездар қозғалысын жылдамдатты. Сөйтіп, оларды графиктегіден 60-90 минут ерте жеткізетін болды. Бөлім диспетчерлері Стешин, Сакіжанов, Әмірханов жолдастар жүктердің мерзімінен бұрын жеткізілуін қамтамасыз етті. Семейдегі бірінші жол дистанциясының жұмысшы, қызметшілері социалистік жарыста алған міндеттерін іс жүзінде орындауда. Электромеханик Қасымжанов, Козлов, Юсупов жолдастар өндірісте еңбек өнімділігінің тамаша үлгілерін көрсетті. Бодо аппаратында істейтін Красильникова жолдас өндірістік жоспарын 205 пайыз орындады. Бас телеграфист Переверин нормасын 197 пайыз, телефонистка Рострова 145 пайыз етіп артығымен өз қызметтерін атқарып отырды. Бұл жолдастар осындай көрнекті істері үшін жыл сайын 2-3 рет сыйлық алып отырды[116].

Майдан мен халық шаруашылығы үшін тасымалды қамтамасыз етудегі ерекше еңбектері үшін және соғыс кезінің қиын жағдайларында теміржол шаруашылығын қалпына келтіруде көрнекті табыстарға жеткені үшін ССРС Жоғарғы Совет Президиумының 1943 жылғы 5 қараша Указы бойынша төмендегі жолдастарға Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені мен «Орақ және балға» алтын медалі қоса тапсырылды:

Қатынас жолдары Халық Комиссары Л.М.Кагановичке, Қатынас жолдары Халық Комиссарының орынбасары Б.М. Арутюновқа, Қатынас жолдары Халық Комиссарының орынбасары Г.В.Ковалевке т.б. жолдастарға, барлығы 127 адамға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

КК(б) Пның Семей облыстық комитетінің секретарі Гарагаш жолдас, Семей кәсіпорындарының теміржол транспортына көмек көрсете бастағанын бүкіл Қазақстанға хабарлады. Түрксібтің Аягөз бөлімшесінің паровоздарын Аягөз маңындағы колхоздар қамқорлығына алды.

Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста Екзеков жолдас, поездарды іріктеуші Чижембаев жолдаспен жарысқа түсіп, жұмыстың алдыңғы қатардағы әдісін көрсету, істелген жұмыстан олқылық шығармау, теміржолшы деген атақты жоғары ұстанып, атқаратын қызметтеріне адал болуға уәде берген болатын. Жарысқа түскен екі коммунист уәделерін орындап шықты. Социалистік жарыс шартында қазан айының тапсырмасын 120 пайыз етіп орындауғы міндеттеме алып, бұл тапсырамын Екзеков 147 пайыз, Чижембаев 122 пайыз етіп асыра орындап шығып, теміржол саласының одан әрі дамуына өз үлестерін аянбай қосты. Социалистік жарыс шартының ең басты пункті жұмысты шын пейілмен істеп алдыңғы қатардағы жұмыс әдісін ұдайы қолдану болып табылады. Бұл міндеттемені Екзеков пен Чижембаев жолдастар шын ынтасымен орындап, артығымен атқарды[117].

Жамалов, Жанпейісов, Алжыбаев сияқты кіші бағыт көрсетушілер қазан айының тапсырмаларын асыра орындап, бағыттың жақсы жұмыс істеуіне үнемі көңіл бөліп отырған. Осы сияқты алдыңғы қатардағы темір жолшылардың еңбек майданында асқан батырлық жұмыс істеуінің нәтижесінде Семей

теміржол станциясы Түрксиб бойынша бірінші орын алып отырды. Түрксиб теміржолшыларының қазақстандықтардың[118] соғысты жеңудегі ерлігі мен іс-қимылдары мұражайдағы 4 қабырға газетінде айқын көрсетілген, яғни түрксибшілердің жеңіске жетудегі нақтылы жанқияр ерлігі бүкіл Қазақстан тарихында мәңгі қалатыны сөзсіз.

1929 жылы 27 наурызда Ертіс үстіндегі теміржол көпірі пайдалануға берілді. 1931 жылы 27 сәуір айынан бастап Семейден жүк тиеген поездар жаңажолмен ерсілі – қарсылы ағыла бастады[119]. Бір кезде тұйық жол станциясы атанған қала станциясының ерекше сипатқа ие болды. Соғыстан кейінгі жылдарды жалпы Семей облысының темір жол, автомобиль және су көлігінен тұратын көлік жүйесі де біршама дамыды. 1959 жылы 10794 км темір жолдардың 1185км Семей облысына тиесілі болды[120].

Яғни, аймақтық көрсеткіштер, жалпы республика бойынша темір жолдармен қамтасыз етудің орташа есебінен асып түсті. Түрксибтің салынуы Шығыс Қазақстан үшін өте маңызды болды. Жеті жылдық жоспарда Қызыл-ту – Ертіс, Кокчетав– Володарское жолдарын салу көзделді. Шығыс Қазақстан облысы үшін темір жол қатынастарының облыс көлемінде ғана емес республика бойынша маңызды болды. Сонымен, егер 1950 жылы Шығыс Қазақстан облысы мен Семей облыстарында 2553 мың тонна жүк жөнелтілсе, 1955 жылы темір жол жүк тасымалының көлемі үш есеге көбейіп, 7610 мың тоннаға жетті[31,с.38]. Шығыс Қазақстан облысы үшін көлік және су қатынастары да өте маңызды рөл атқарды.

Алайда, Шығыс Қазақстан облысында көлік жолдарының өсу қарқыны 1950-1959 жылдар аралығында жоғары болмағандығын зерттеуші М.Ғ.Ескендіровтің жоғарыда аталып өткен еңбегінде «көлік жолдарының ұзындығы тіпті 0,1 мың км азайды, ал Семей облысында керісінше 1,3 мың км.шамалы ғана», -деп тұжырым жасайды[30,с. 25].

Су қатынастарындағы маңызды орында Қазақстанның шығыс өңіріне мыңдаған шақырымдар үшін жұмыс жасаған Жоғар-Ертіс пароходы болды.

Қазан төңкерісіне дейін Семейде автомобиль транспорты атымен болған жоқ болатын, қалаға жалпы тұңғыш автобус 1928 жылы бірақ келген болатын. Ол тек Семей Алматы аралығында жүріп тұрған. Екінші автобус 1936 жылы келіп, қала мен Бородулиха селосын жалғастырды. Содан кейін соғыс қарсаңына қарай 1940 жылы қала тұрғындарына қызмет көрсететін небәрі төрт – ақ автобус болған. Одан әрі соғыс жағдайына байланысты онға жуық автобустар беріліп, жолаушыларды тасымалдауда үлкен роль атқарды.

Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында және соғыстан кейінгі кезеңдерде екі қуатты электр станциясы жұмыс істеді, олар ет-консерві комбинатының қуаты 900 кв/сағ – жылу электр стансасы (ТЭЦ) және тері илеу комбинатындағы 400 кв/сағ қуаты бар электрстансалар өз жұмыстарын жүргізді [121].

Э.О. Қырықбаеваның зерттеу мәліметтеріне жүгінетін болсақ: «Семей қаласының партия белсенділерінің жиналысы хаттамаларында, бесжылдық тапсырмаларын орындауда жыл көлемінде ондаған миллион құты консерві

шығарған Семей ет-консерві комбинаты табыстары айтылады. Бес жылдық жоспардың негізгі көрсеткіштері бойынша облыста және қалада күрделі қаржы қоры 1946-1950 жылдары республикалық, жергілікті, кооперациялық өндірістер мен коммуналды шаруашылық, денсаулық сақтау және облыстағы шаруашылықтың одақтық өндірістен тыс көлемі 47, 897 мың сом қаржыны құрайды» -деп көрсеткен[46, б.30]. Оның бюджеттік күрделі қаржы қоры 40 460 сом және бюджеттен тыс күрделі қаржы қоры 7 437 мың сом болады . Бесжылдық жоспар бойынша күрделі қаржы қоры негізінен жергілікті өндіріс министрлігіне тиесілі еді. Онда құрылысқа және кәсіпорындарда қайталап жөндеуге қаржы бағытталады. Семей механикалық зауыты жалпы жөндеуден өтіп жергілікті кәсіпорындарға өнім шығара бастайды. Жаңа Семей жиһаз фабрикасы құрылысы басталып, оған 2 млн сом қаржы бөлінді»[122].

1947 жылы 16 желтоқсаннан бастап карточка жүйесі жойылып, тағамдық өнімдер мен өнеркәсіп тауарларын нормалап бөлудің орнына мемлекеттік және кооперативтік сауда енгізілді. «Семей қаласы тұрғындарының экономикалық жағдайын біршама сілкіндіріп тастады. 1946-1947 жылдардағы Семей өңірінің жалпы экономикалық хал - ахуалы жайлы баяндамалар анықтамаларда Семей қаласының өнеркәсібінің қарқынды дәрежесі, өзге де салалары айтылады»[46, б.30]. Семей қаласының одақтық тапсырмаларды өнеркәсіп саласында өндірістік жоспарын орындауы бірқатар талаптарға шақталады. Мұнда көрсетілген ассортимент бойынша шығарылған тауардың сапасын жоғарылату және өндірілген өнімнің өзіндік құнын бәсеңдету, шикізатты, материалды, энергияны, құрал жабдықты үнемдеу көзделген. Алайда өнеркәсіп тапсырмаларын мұндай талабы Семей қаласында кейбір жекелей кәсіпорындарда болмаса толығымен орындалмады. «Мысалы, 1945 жылдың өндіріс жоспары одақты өндіріс бойынша - 73,7 пайызға, ал өнеркәсіп кооперациясы бойынша 66,4 пайызына орындалады. Ұсақ өндіріс кәсіпорындары 1946 жылы да қанағаттанарлық жағдайда қала береді. Осы жылы одақтық өндіріс жоспары - 87,4 пайызға, республика бойынша 90,8 пайызға, жергілікті өндіріс -84,8 пайызға өндіріс кооперациясы бойынша - 93,8 пайызға және мүгедектер кооперациясы бойынша -74,9 пайызға 1 - ші кварталда орындалады[46, б.30-31]. Осы жылғы кәсіпорындар жұмысы есебін баяндаған Семей облыстық КП(б) К хатшысы А.Гарагаш өнім бөлінісінің мынадай көрсеткішін есептейді»[123]. Республика қол астына қараған жеңіл өнеркәсіп 1950 жылдары сапалы, мықты тері тауарларын 1500 тонна немесе 1940 жылмен салыстырғанда 4 есе көп шығаруға тиісті болды.

Ал иленген терінің қалыңдығы - 20 мл. дм, былғары аяқ киім 1 млн 200 мың пар немесе 1946 жылғыдан 3 есе көп шығарылуы жоспарланады. «Сауда қоғамдық тамақтандыруға байланысты тауар айналымы 5 жылға 5 пайызға және 1950 ж. 360 млн сомға жетуі міндеттелді. Қоғамдық тамақтану 7 пайызға өсуге және 75 млн сом қаржы бөлінді. 1946 жылдың 1 - ші жарты жылдығы бойынша тамақ өндірісі кәсіпорындарының облыс бойынша жұмыс қорытындылары есебінде бірқатар анықтамалар берілген»[124]. Осындай анықтамалардың бірінде Калинин атындағы Семей ет - консерві комбинаты

жайлы айтылады. Ол кезде Одақтық маңызы бар ет өнеркәсіптері қатарында болатын. Бұл үлкен ірі зауыттар мен цехтарды біріктірген ет гиганты жалпы технологиялық процестермен байланысты еді. Соғыстан кейін комбинат өзге де кәсіпорындар сияқты бейбіт еңбекке көшеді. Жылдам арада өндірілген өнім түрлері, яғни ассортименті кеңіді. Мысалы, консервішілер деликатесті консервілер шығарумен айналысады.

1946 жылы комбинатты К.И.Федоров басқарады. Осы жылдары жоспарланған 9650 тонна еттің 7646 тоннасы ғана өңделеді. Яғни жоспардың 79,4 пайызы орындалады. Ол шұжық өнімдерінің жоспардағы 1640 тоннасының 1284 тоннасы өндіріліп, жоспардың 78,3 пайызын құрайды. Консервілер 6400 туб., жоспарлағаннан 1575 туб немесе 24,6 пайызға орындалады. Өнімнің негізгі түрлерін өндірудің 9 айлық өндірістік бағдарламасының орындалмай қалуының негізгі себебі өзгермелі бағаның айналымына да байланысты, комбинатының жеті ай көлемінде мал басы шикізатымен толық қамтылмағандығынан еді[46,б.32]. Семей облыстық партия комитетіндегі кадрлармен жұмыс жөніндегі 1946 ж. 1 - жарты жылдық есепте бірқатар жайттар айтылады. 1946 жылғы жаңа кадрлармен сапалы құрам қатарының кеңеюі жүзеге асырылады [125]. Олардың қатары обком қызметкерлерімен 138 адамға, аудандық партия комитеттері қызметкерлері - 320 адам, барлығы 458 адамға жаңарды. Қызыл Армия қатарынан мобилизацияланған жауынгерлер қатарынан жаңарған мұндай кадрлар, соғыс ардагерлерін қосқанда 622 адам болды. Жоғарыдағы мәліметтерден Сондай күш - жігермен" Большевичка Украины" фабрикасының жұмысшы әйелдері күндік норманы 2-3 есе асыра орындап еңбек қарқынын еселейді. Норма орындамағандар мүлде болмайды. Өзара жарыстың фабрика ұсынымында кең етек алуы оның көрнекті табысқа жетуінің кепілі болды. 1947 жылы осының нәтижесінде олар жеңіл өнеркәсіптер арасындағы кәсіпорындар ішінен социалистік жарыстағы жеңімпаздығы үшін екінші Бүкілодақтық премияны жеңіп алады[46,б.33]. Ленинградтықтар бастамасын Семейдің өзге де кәсіпорындары қызу қолдайды. Ішкі кәсіпорындар арасында бригадалар, кезектегілер, цехтар, жеке жұмысшылардың өзара үздік шебер, технолог, тігінші және т.б. атақ алу үшін жарыс ұйымдастырылады[126]. Жалпы қала өндірісі бұрын марапатталған көрсеткіштерге сөз жүзінде көрсетілгендей жетіп жатқанымен, мұрағат құжаттары айқындағандай олар сырт көзге бүркеме ақпарат есебі болады. Олардың қатарында диірмен комбинаты, Кеме жөндеу зауыты, шұға зауыты ұжымдары болды.

1949 жылы қала өнеркәсіп өндірісі жұмысшылары ұжымдары елдегі айналыстағы қаржылардың айналымдылығын жылдамдату жөніндегі қозғалысқа қосылады Бұл бастаманы «Большевичка Украины», Володар атындағы, жүнді алғашқы өндеу фабрикалары қызу қолдайды. Қаланың әр өндіріс орнында мүмкіндіктеріне қарай материалды ресурстарды үнемдеу міндеттемелері қабылданады[46,б.33-34]. Бұл айналымнан халық шаруашылығының қажеттілігі үшін 6,2 млн. сомды үнемдеуге жағдай жасайды.

Партия ұйымдарында ұйымдық - техникалық шараларды ұйымдастыру жоспары жасалынады [127,3].

Қала еңбекшілері кеңесі депутаттарының ҮІІ сессиясы бекіткен наурыз айының басындағы өндіріс орындарының ұсынысымен жасалынған жалпықалалық міндеттемелер жүзеге асырылады[128,6]. Қала өндіріс орындарының ұжымдарының өзара социалистік міндеттемелерінің орындалғандығы жөнінде 1949 ж. Қазақстан Компартиясының шілде пленумында да айтылып, қаладағы айналыстағы қаржылардың айналым дылығын жылдамдату жөніндегі мәселелер де талқыланады[129,66]. Осыған орай өнеркәсіп өндірістеріндегі бастапқы партия ұйымдары айналыстағы қаржылардың айналымдылығын жылдамдату тәсілдерін өз жұмыстарына енгізуді талқылай бастаған еді. Осы жылдары «Большевичка Украины» фабрикасындағы Кувалдинаның стахановшылар мектебі құрметпен аталынып жүреді. Тігінші сабақтар жүргізуде әлемдегі белгілі озық тәсілдер мен техника жетістіктеріне сүйенеді. Оның шәкірттері өздерінің кезекті нормаларын асыра орындады, ал тігіншілер Мешкова, Рыжкова, Влодович Гладковалар тәжірибелерін елдерге тарата білді [46, б.34].

Соғыстан кейінгі жылдардағы бесжылдықта өндіріс орындарында, сондай - ақ өнім сапасын жоғарылатудың жаңа міндеттемелердің қабылдануы да көрнекті жолға қойылды. Семей кәсіпорындарында бригадалар арасында жоғарғы сапалы өнім шығару үшін өзара социалистік жарыс басталады. Жүн түту комбинаты шебері А.Чутких бастамасы осыған қолдау болды. Жоғарғы сапа атағы үшін жарысқа қаладағы 24 өндіріс артелі ұжымдары қатынасты [46, б. 34]. Бұл жоғарғы 1950 жылы тері - былғары комбинатының 23 бригадасы иеленеді. Еңбекті ұйымдастыру мен өндіру жоғарылап, өнім сапасы жақсарады. 1950 жылы қалада 343 үздік сапалы өнім шығаратын бригада жұмыс істеп, онда 4550 жұмысшы еңбектенген [130,9]. Семей тері - былғары комбинаты шикізатты үнемдеу, ысырап болар дүниелерді жаңа технологиямен іске жарату арқылы шығын нормаларын жою үшін лимит карточкалары дербес енгізеді. Нәтижесінде комбинат бесжылдықта 16 т. шикізат және 1 млн сомды үнемдейді [131,10]. Қала өнеркәсібі өндірістеріндегі қарқынды еңбек 1948-1949 жж. мемлекеттік жоспарды соғыстан кейінгі бесжылдықта 1,5 соғысқа дейінгімен салыстырғанда 30 пайызды артық орындайды [132,67].

Бесінші бесжылдық жоспарда Семей қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын үздіксіз өркендету көзделді. Осы жоспарды ойдағыдай жүзеге асыру үшін идеологиялық және ұйымдастырушылық жұмыстарын жоғары сатыға көтеру керек болды. Экономиканы көтерудің басты маңызы деп социалистік жарысты одан әрі өрістету күн тәртібіне қойылды. Социалистік жарыс-төртінші бесжылдық жоспарды жүзеге асыруға еңбекшілердің ең таяу уақыттың ішінде атқаруға тиісті игілікті жұмыстарының бағдарламасы болып табылады. Жеңіске жетудегі таңдаған даму моделінің дұрыстығын тілге тиек ете отырып, сталиндік партиялық насихат әміршіл-әкімшілік жүйенің мызғымастығын бұқара санасына үстемелей енгізе түсті. Еліміздің озат кәсіпорындары ұжымдарының бастамасы бойынша жаңа бес жылдық жоспарды орындау және

асыра орындау жолындағы Бүкіл одақтың социалистік жарыс басталды. Еңбек өнімділігін одан әрі арттыруда социалистік жарыстың маңызы ерекше болды. 1950 жылдардан бастап Семей қаласының жеңіл өнеркәсібінің дамуына аса мән берілді. Осы кезде «Большевички Украины» және Володарский атындағы тігін фабрикаларын кеңейту қарастырылды. Сондай-ақ жылына жарты миллион шұлық шығарылатын шұлық фабрикасы мен жылына 650 мың метр мата өндіретін шұға комбинатын кеңейту белгіленді. Семейдің Володарский атындағы тігін фабрикасы жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындауға шақырған Қарағандыдағы «Ленинуголь» тресі көміршілерінің үлгісі мен социалистік жарысты кең өрістетті. 1951жылдың 24 қазанның 11 айлық өндірістік жоспардан тыс тағы бір миллион сомның өнімін шығаруға жаңадан міндеттеме қабылдады. Семейдегі мақта иіру фабрикасының ұжымы жылдық жоспарды асыра орындаған стахановшылар Г.Попенко, В. Кузьмина, Е.Даниловалар нормаларын 115-130 пайызға артығымен қол жеткізген. М.И.Калинин атындағы ет-консерві комбинатындағы озат жұмысшы Мария Тимошина өндірістік тапсырманы үнемі асырып орындап, күн сайын 5 мың консерві сауытын жасайтын көрсеткішін 8-9 мыңнан кем орындамаған. Аяқ киім және киім тігетін комбинаттың жұмысшылары өзара социалистік жарысты кең өрістетіп, өндірістік өрлеу туғызады. Олар 20 күннің ішінде 997 сомның материалын үнемдеді. 1950 жылы былғары комбинатының 23 бригадасы үздік сапа атағын алды. Былғары комбинаты 1951 жылдың төрт айлық жоспары комбинаты 1951 жылдық төрт айлық жоспары комбинатты тұтас алғанда асыра орындап, жоспардан тыс 3 млн. 642 мың сомның өнімі шығарылды. Төрт айда жоспардан тыс 22 тонна қатты былғары, 24 мың қой терісі өңделді. 20 мыңнан астам тері бұйымдары жасалды. Дүйсекенов, Әлиақпаров, Жолдыбаевтар күн сайын екі нормадан асыра орындап, мемлекетке 87 мың сом пайда келтірді. Комбинаттың өнім сапасы бұрынғыға қарағанда жақсарып, жұмысты ұйымдастыру мен өнімді шығару біршама өсті. Нәтижесінде былғары комбинаты 16 тонна шикізат пен 1 миллион сом үнемдеді. 1950 жылдың қаңтарында қала бойынша үздік 343 бригада жұмыс істесе, 1954 жылы бригада да 4556 жұмысшы болды. Бесжылдық жоспарды уақытынан бұрын орындау үшін ұйымдастырылған социалистік жарысқа алғаш болып қолдау көрсеткендер Володарский атындағы фабрика, аяқ киім, мата игеру, шұлық, «Большевичка Украины» фабрикалары мен кеме жасау заводы, ұн комбинаттары еді. 1954-1955 жылдары бұл кәсіпорындардың ұжымдары бүкіл одақтық және облыстық социалистік жарыстарда бірнеше рет жеңімпаз атанып, қызыл туды жеңіп алып, сыйлықтармен марапаталады. Соғыстан кейінгі жылдардағы есептік көрсеткіштерде Семейдегі өнеркәсіптер жоспардың 91,9 % пайызын ғана орындаған.

1955 жылы қаладағы өнеркәсіптердің өндірістік жоспары 106,2% пайызға орындалып жағдайы өзгереді. 1954 жылға қарағанда өнім 219,5 млн. сом көбірек өндірілген. Аталмыш кезеңдерде кәсіпорындарда арнайы техникалық білімі бар мамандар жетіспеді, сондықтан жас мамандарды жоғары оқу орындарына және арнаулы білім алуға техникумдарға сырттай білім алуға

жіберіліп отырған. Осы кезеңдерде жұмысшылардың да білімін көтеруді арнайы жоспарға сай өткізіп отырған. Мысалы, алғашқы жүн өңдеу фабрикасы 1955 жылы жұмысшылардың біліктілігін көтеруден жұмысшылардың біліктілігін көтеруден 340 адам өткізсе, жеке дайындықтан 64 адам өткен. Барлық өнеркәсіп орындарында техникалық білім беру мен қоса жұмысшылардың саяси-идеялық білім деңгейін көтеретін дәрістер оқытылған. Жас мамандарды тұрақтандыру мақсатында пәтермен қамтамасыз еткен.

1959 жылы Семейдің өнеркәсіптерінің жоспары мезгілінен бұрын орындалып, жоспардан тыс шығарылған өнім 215 млн. сомды құрады]. Кәсіпорындардың арасынан Семейдегі осы кезеңдегі өнімді шығарды арттырған кәсіпорындар: ет консерві комбинаты, аяқ киім фабрикасы және олар осы аймақтағы ең ірілері еді. Зерттеліп отырған кезеңдегі Семейдің экономикалық дамуы өнеркәсіптің «Б» тобының даму есебінен яғни, тамақ және жеңіл өнеркәсібінен өсті. [133, 242]

1955 жылы жағдай біршама өзгерді және қалалық өнеркәсіп өндірістік жоспарды 106,2% -ға орындады. Бұл көрсеткішке Өскемен қаласымен өзара бәсекелестіктің нәтижесінде қол жеткізілді. 1955 жылы қалалық өндірістік кәсіпорындар 1954 жылға қарағанда 219,5 млн.руб. артық өнім өндірді[134,6]. Өндірістің өсуі жоспарлық көрсеткіштен 3,1%-ға асып түсіп, 15,1%-ды құрады. Одан арғы Семей қаласының өнеркәсіптік өндірісінің өсу қарқыны біраз төмендеді, дегенмен біршама тұрақталына бастады. 1959 жылы Семейдегі өнеркәсіптік жоспар мезгілінен бұрын орындалып, жоспардан тыс 215 млн.руб. өнім артығымен өндірілді, және оның басым көпшілгін кеңестік өнеркәсіптік кәсіпорындар өндірді[135,32].

Жеңіл өнеркәсіптің келесі бір саласы жүн өңдеу фабрикасы 1935 жылы іске қосылды. Қой мен ешкіден, түйеден, қырқылып алынған биязы, жартылай биязы, қылшықты, жартылай қылшықты жуылған жүн өңдейді. Фабрика көйлектік, костюмдік, пальто, көрпе, орамал, кілем т.б. әр түрлі материалдар, трикотаж тоқитын иірілген жіп, киізден түрлі бұйымдар жасап шығарады. Фабриканың негізі болған жүн жуу кәсіпорыны алғаш 1893 жылдан бастап іске қосылған екен. Ұлы Қазан төңкерісінен кейін кәсіпорын жергілікті жүн серіктестігінің құрамына енді. 1935 жылдан бастап жүн өңдеу фабрикасы деп аталады. Фабриканың 3 өндірістік корпусында 9 жуу-кептіру агрегаты бар. 1984 жылы кәсіпорын 23 мың тонна өнім берді. Кәсіпорын жылына 400 млн. сомның өнімін шығарды. Сол кездері өнімдері Балтық жағалауы, Украина, Беллоруссия республикаларының, РСФСР мен Қазақстанның 130- дан астам кәсіпорынына жөнелтті. Жүнді сорттау процесі конвейрлік әдіспен жүргізіледі. Жүнді алғашқы өңдеуден өткізу фабрикасы (ПОШ) кезінде күллі Одаққа белгілі болып, дүрілдеп тұрған еді. Қазір аталмыш фабрика ықшамдалып, «Сенім ЛТД» фирмасы жүннің шикізат ретінде сапасын реттеуді мақсат етіп отыр. «Сенім» ЛТД толық қарқында жұмыс істесе, шамамен жылына 60 мың тонна жүн өңдей алады. Қазір елімізде қой саны 10 миллионнан астам десек, жүн өңдейтін өте озық функциялық технологиямен жұмыс істейтін қондырғы орнатылған. Фирма еліміздегі тоқыма өндірісіне дайын шикізатты жеткізуге

қол жеткізді. 1958 жылы Семей облысында жылдық жоспар 102,2%-ға орындалып, жоспардан тыс 43,4 млн.руб артық өнім өндірді. Осылайша Семей облысының жалпы өнім көлемі 1957 жылға қарағанда 14,7%-ға өсті.

1960 жылдардың аяғына қарай, Семей облысы республикадағы жеңіл және азық-түлік өнеркәсібінің аймақтық ғана емес бүкіл республикалық маңызы бар орталықтарының біріне айналды. Атап өткендей, Семей облысы жеңіл және азық-түлік, энергетикалық, ағаш өңдеу, құрылыс материалдары өнеркәсібі мен түрлі-түсті металлургияның бірнеше салаларының даму қарқынымен ерекшеленді.

Шығарылатын өнім санының өсуіне септігін тигізген кәсіпорындардың ішінде, ең алдымен Семей қаласындағы басты кәсіпорын ет-консерві комбинатын атап өтуге болады, 1959 жылы республика бойынша барлығы екі жүзге жуық ет комбинаты жұмыс істеді. Солардың ішінде ең қуатысы Семей облысы болды. Комбинат бұрынғы КСРО-дағы ең ірі жаңа технологиялық жабдықтармен жарақталған ет комбинаттарының бірі болды. Комбинат 100-ден астам (тағамдық, мед., тех. өнімдер, сүйектен, мүйізден жасалынған бұйымдар) өнім түрлерін шығарды.

Көріп тұрғанымыздай, Семей облысында азық-түлік кәсіпорындары, қайта өңдеу өнеркәсіптері мен коммуналдық сфераны дамытуға біршама көңіл бөлінді. Соғыстан кейінгі Семейдің өндірістік даму көрсеткіші үкіметтің түсті металлургия аймағындағы негізгі даму көздері туралы жоспары бойынша анықталды. 1950-55 жылдарда Семейдегі жеңіл өнеркәсіпті дамытуға үлкен көлемде қаржы бөлу қарастырылды.

Семей облысының қайта өңдеу өндірісі өнеркәсіптерін дамытуға бағытталған аймақтары белгілі бір мөлшерде Семей облысы халқын жеңіл және азық-түлік өнеркәсіптерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Семейде ірі- ірі тері, трикотаж, тігін, тоқыма, аяқ-киім және ет комбинаты орналасты. Шығыс Қазақстан облысынан Семей кәсіпорындарына қой, жүн, былғары тері жеткізіліп тұрды. Бұл экономикалық байланыстар сонау соғыстан кейінгі бесжылдық жоспардан бері қарай жүзеге асырылып келді және көп жағдайда аймақтағы аталған салалардың одан арғы даму келешегін анықтады.

Әрбір өндірістік кәсіпорынның құрылып, қалыптасу кезеңі, өз тарихы болады. Бұл заводтың тарихы да 19 ғасырдың аяғына қарай, 1882 жылы П.Плещеев деген жергілікті көпестің ұйымдастырған арақ-шарап өндірісінен басталады. Ол сол кездегі бүкіл Шығыс өңірін, Орта Азия өлкесін ішімдіктің көп түрімен қамтамасыз етіп келген ірі кәсіпорын болған. «Ерофеевич», «Перцовка», «Зубровка», «Перцова», «Қызылгүл» тұнбалары шығарыла бастады. Жоғарыда аталған сапалы ішімдік түрлерінен өзге «Посольская», «Золотое кольцо», «Старорусская» арақ түрлерін «Қазақстандық» бальзамын, «Ертіс» тұнбасын шығарады [133,246]. 1951 жыл комбинат тарихында елеулі орын алады. Реформаның жарым-жартылай жай-күйі өндірістің еріктілігін кеңейте отырып, министрліктер ведомстволардың әкімшілік және экономикалық өкілеттілігін арттыра түседі.

Жоғарыдан жоспарлы түрде жобалау арқылы талап ету валдық көрсеткішке жету өзінің іске асырылу мүмкіндігінің жеткіліксіздігіне қарамастан сақталынып отырды. Социалистік жүйедегі экономикада жүргізіліп жатқан реформалы сәтсіздік саяси шара, дақпырттық ақпарат аясында бүркемеленіп жатты. "Кемелденген социализмге" аяқ басқан деп аталған қоғам талабына мұндай тоқырауды әшкерелеу сыйымсыз болып көрінеді[46,б.71]. Экономиканың белдеулі бөліктерін ғана қамтыған қоғамның саяси жағын қозғау шектеулі еді және нарықтық қатынасты кері қайтарған мемлекеттік меншік монополиясын сақтаған - бюрократияның жемісі болған қоғам осыған сай болатын.

70 - ші жылдары реформаның кейбір тетіктерін күрделендіріп қозғау салмақ болған қадам ешқандай нәтиже әпермейді. Экономикалық белсенділік әртүрлі дәрежеде сипат алды, жаңа өндіріс қарқынының игерілуі де бәсеңсиді. Базалық министрліктер мүддесін күйттей отырып орталық республика экономикасының даму бағдарын түсімді салаларға бұрады.

Семей облысының экономикалық, хал - ахуалы елдегі орныққан саяси жүйе аясында өз үрдісін жасап жатты. Ең, салалы шаруашылықтарға бағытталған өндіріс орындары шоғырланған қала болғандықтан Семейде де ведомстволар мен министрліктер шаралары әртүрлі деңгейде әрекет етумен болды. Соның нәтижесінде тоқырау жылдарының алғашқы сырын білдірген қала болып саналатын дәрежеге жеткен еді.

1970-1980 жылдары Семей республикалық, одақтық үндеулерге жауап ретінде бірқатар шараларға үн қосады[46, б. 72]. Қазақстанның КП ОК-де атап өтілгендей, Алматы және республикалық облыс орталықтарында осы жылдары құрыла бастаған еңбек орналастырудың арнаулы мекемелерінің жұмыс істеуі жұмыс күшінің қажеттілігі жөніндегі сұраныс ақпаратын жүйелі реттеуге, өндірістің мамандармен жабдықталуына және тұрғындардың жұмысқа түсуіне ыңғайлы жағдай тудырады [135,32].

1972 жылы Семей - Павлодар радио желісі бағыты құрылысының жүргізілуі шеттен шыға қанағаттанғысыз жүргізіліп жатыр делініп, республика басшылығының сынына ілігеді[136,144]. Бұл құрылыс республиканың Орталық және Солтүстік облыстарын республикалық бағдарлама хабарларын теледидар арқылы таратуды ұйымдастыру қажеттілігінен басталған еді.

Радио желісі магистралі жабдықтарының аса маңыздылығына қарамастан ҚазКСР-і ауыр индустрия кәсіпорындарының құрылыс министрлігі 1972 жылдың 10 айында кезекті жұмыстың жылдық жоспарын бар болғаны 70 пайызға орындап және күрделі қаржы қорының 1120 мың сом қаржысын шеше алмайды.

Қаз КСР - інің монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігі металл - құрастыру қондырғылары мен монтаж - мұнараларын күшейту нүктелері үшін керекті материалдарды дер кезінде жеткізіп бере алмады. Қажет болған 1160 тонна металл - қондырғыларының орнына бар болғаны 395 тонна немесе 34 пайыз алынады. Семей - Павлодар желісінің іске қосылуына үлкен мән бере отырып Қазақстан КП - нің бірінші хатшысы Д.А.Қонаев пен

Министрлер Кеңесінің төрағасы Б.Әшімов қол қойған мынадай қаулы қабылданады:

- Қаз КСР байланыс министрлігіне (Ж.Елібаева), Қаз КСР ауыл индустрия кәсіпорны құрылыс министрлігіне (Ж.Коркинға) мен Қаз КСР монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігіне (Ж.Ержановқа) барлық қажетті шараларды тез арада ұйымдастыру тапсырылсын[137,145].

1985 жылы "Большевичка" тігін фабрикасында 2225 адам жұмыс істеген. Фабрикада бірлестік шараларын кеңейту мен жақсарту мақсатында 73 жаңа үлгі, 25 балалар киімі үлгісі даярланады. 1984 жыл бойынша қала өнеркәсіп орындары халықтық тұтыну тауарлары жоспарын 101,4 пайызға орындайды. Бұл жоспардан тыс 7,6 млн сом тауары өндірілді деген сөз еді. Жалпы жоспар бойынша маңызды кемшіліктер де кездеседі. Өндірілген өнім сапасының жоғарғы категориясы 97,5 пайыз болды[138,18]. Қалалық атқару комитеті халық депутаттар кеңесі 1985 қала бюджетінің кірісі 52233,5 мың сом кіріспен аяқталады. Шығын 50293,2 теңеледі. Қаланың 7 өнеркәсіп саласы салықты болдырмау жоспарды асыра орындау арқылы ондағы түскен табыспен орнын жауып жұмыс істейді [139,59]. Семейдегі шұға бірлестігі Қазақстанның өзге кәсіпорындары ұжымдарындағыдай СОКП - ң 26 съезін және Қазақстанның 60 жылдығын табысты қарсы алудың жарысына түседі. 1980 жылдың 1 - ші жарты жылында ұжым біршама жетістіктерге жетті. Валдық өнім шығару жоспары 96,5 пайыз, ал жоспардан қосымша табыс 815 мың сомға, еңбек өнімділігі 106,4 пайызға орындалады.

165 өндіріс озаты Қазақстанның 60 жылдығы құрметіне 5 жылдық тапсырманы орындау міндеттемесі жоспарын қабылдайды. 4 жұмысшы - тоқымашылар: Лобарева В.П., Джайдарина М.Г., Балахина М.Н. және Стафеева Н.Н. сапалы өндіріс өндіру жоспарын орындап, тапсырмаларын табысты аяқтап алдыңғы орынды иеленеді[140,102].

Жоспардың орындалмай қалуы шикізаттың жетіспеуі есебінен қалыптасты. Жұмысшылар саны 4 пайызға кем болды. Сондай - ақ сапасыз шикізаттың болуына, жұмысшылардың маманданбауы да кері әсерін тигізді.

Газ тазалау жабдықтарын алмастыру цемент зауытындағы пайдаланудан шығып қалған мүліктерді жаңарту өте баяу жүрді. Қаладағы барлық кәсіпорындар жыл сайын ауаға орташа 150 мың тонна зиянды қалдық шығарады, оның 62 пайызы автокөлік үлесіне тиесілі [141,25].

КСРО Министрлер Кеңесі мен Қазақстан Үкіметі қабылдаған сапалық жағынан жаңа экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымдар құруды көздейтін шаралар белгіленген нәрсені облыс еңбеккерлерінің республиканың бірқатар министрліктері мен мекемелері үйлескен күш жігерімен қысқа мерзім ішінде орындауға көмектесетін болған.

1990 жылдың басында облыс өнеркәсібінде тұрақты экономикалық жағдайдың, өндіріс дамуының орташа темпі дәрежесінің 1986-1989 жж. 2,8 пайыз құрағандығын айта кеткен жөн. Өндіріс өнімін шығаруда да қалада шоғырланған жеңіл өнеркәсіп орындары табысты дәрежесімен басымдылық танытты. Осы жылдары жеңіл өнеркәсіп өндірісі аса ірі болды. Мысалы,

«Большевичка» акционерлік болып жабдықталған өнеркәсіп жылына 6000 жейде, ал «Сенім» АҚ - таза жіпті 20 мың тонна, шұға бірлестігі («Ақжол АҚ») - 5000 т. жүннен жіп иіріп, қысқы тоқыма киім фабрикасы «Тоқыма» АҚ- 6000 тоқыма бұйымдарын шығарды. Аяқ - киім фабрикасы «Софи» АҚ - 5000 пардан жоғары сапалы аяқ киім шығарады[46, б.108]. Бұл көрсеткіш әкімшіл - әміршіл жүйе жылдарымен салыстырғанда салмақты еді.

Облыста 90 ж. тамақ өнеркәсібі, әсіресе ет пен сүт жеткілікті мөлшерде болды. Әсіресе ет саласы одақтық, аймақтық еңбек бөлінісінде жылына 75,6 мың тонна ет, 11,5 мың тонна шұжық өнімі, 63,4 тонна тал ет консерві өнімін шығарған. Мұның ішінде ет өндірудің жылдық мөлшері 7,1 пайызға, шұжық өндіру 2,9 пайызға артты. Экономикалық қатынастарды либерализациялау тұсында нарықтық қатынастың жаңа заңдарының негізі қалану тұсында Семей қаласында банк жүйелері жаңа жұмыс ретін қабылдап, өнеркәсіптің барлық саласы өміршең өрекеттермен даму бағытын жасауға қадам басады [46,б.108]. Облыстық құрылыс партия комитетінде өнеркәсіп, кәсіпорындарының, облыстық ұйымдар мен мекемелердің кеңес қызметкерлерімен басшыларымен, партия және кеңес қызметкерлерімен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесу болып өтті.

Министрлер Кеңесі 1988 жылдың 4 - қазанында «Қазақ КСР - і Семей облысының экономикалық және әлеуметтік дамуын жеделдету жөніндегі шаралар туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда Семей облысы жеңіл және тамақ өнеркәсібі тауарларын, құрылыс материалдарын өндіру кең дамығандығы, пайдалы кен байлақтырының ірі - ірі көздері атап көрсетілді. Ал, Ертісте су электр жанұялары тізбегінің салынуы өнеркәсіптің прогрессивті салаларының орналастыру есебінен облыстың өндірістік потенциалын одан қаулыда атап көрсетілгендей кәсіпорындарын әрі ұлғайтуды қамтамасыз ету көзделді[142,4].

Сонымен қатар, қаулыда атап көрсетілгендей, Семей облысы өзінің экономикалық және әлеуметтік дамуы жағынан Қазақстанның бірқатар облыстарына қарағанда едәуір артта қалып келеді. Өнеркәсіп өндірісінің өсу қарқыны баяулай бастағаны байқалады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін, халық тұтынатын тауарлар өндірісін ұлғайту мен жұртшылыққа ақылы қызмет көрсету көлемін өсірудің қолда бар резервтері нашар пайдаланылады. Құрылыс ұйымдарының қуаттарын арттырудағы артта қалушылық өндіргіш күштерін дамуын тежеуде. Әлеуметтік мәдени саланың материалдық - техникалық базасын дамыту, әсіресе тұрғын үй құрылысы жұртшылық қажетінен артта қалып отыр. Бірқатар аудандарда және облыс орталығында экологиялық жағдай нашарлап барады. Осы аса маңызды құжат қабылдануы, - деді облыс басшысы К.Б. Бозтаев, республика басшылығының облыс экономикасын, мәдениетін, өндіргіш күштерін дамытуға деген қамқорлығының тағы бір айғағы[46, б.109] Бұл облыс еңбекшілерінің талап - тілектері мен мұқтаждарына құлақ асқандық.

Ол жиналғандарды осы жылдың тоғыз айының кезеңдегі қорытындыларымен таныстырып, экономикалық және әлеуметтік дамудың өсу қарқыны бұдан бұрынғы жылдармен салыстырғанда жаман болмағандығын осы атап көрсетті. Мәселен, өнеркәсіпте өнім өндіру көлемі - 103,7 еңбек

өнімділігін арттыру жоспары 104,4 пайыз, пайда алу жөніндегі жоспар 106,9 пайыз болды[46, б.109-110].

Ет өндіру 100,8 пайыз, 105 пайыз болып отыр. Қоғамдық өндірістің басқа 110 сүт салаларында да алға басқандық бар. Бірақ, проблемалар да әлі көп, оларды шешуге табандылықпен және жігерлікпен кірісу қажет екендігін айтады. 1990 ж. облыстық атқару комитеті хатшысы А.С.Еременко жасаған баяндамада да біраз жайлардың басы ашылды: «біздің экономикамыздың қазіргі жағдайының да күрделі екендігін мойындауға тиіспіз» - деді баяндамашы, тұтыну рыногы тұрғындар сұранысын қанағаттандыра алмай проблемалар өте баяу шешіліп отыр[46, б.110]. Жұмыс жақсы да, тиімдірек істелуде. Бірақ тұтыну рыногында тауар жетіспейді. Міне, мұның басты себебі, ең алдымен шаруашылықты жүргізудің ескі әдістері мен тәсілдері және интенсификацияны, ғылыми - техникалық прогресті қабылдамау экономиканың даму қарқынына тежеп, өндіргіш күштердің жалпы тоқыраушылығын туғызды. [46, б.110].

Өкінішке орай, одан кейінгі 1986-87 ж. еңбек ұжымына айтарлықтай қуаныш әкеле қоймады. Бұл кез бұрынғы терең тамырлы өзара экономикалық байланыстардың шайқалып тұрған жайсыз жылдары еді[143,125].

Соғыстан кейінгі жылдарда Семей облысындағы көптеген ірі өндірістік кәсіпорындар жұмыс істей бастады. Сол тұста, сырттан төніп тұрған қауіпті асыра бағалаған Сталин, басымдылық мақсатында қорғаныс кешендерін және ауыр индустрияны «А» тобы барынша дамытуды алға қойды. Соның ішінде Семей кабель зауытын іске қосу жұмыстары қолға алынды. Сондай-ақ азық-түлік өнімдерін өндеуге қажетті машиналар дайындап шығаратын зауыт салынды. 1951-1955 жылдар аралығындағы Семей облысындағы кәсіпорындардың негізгі тізіміне көз жүгіртсек, олар былғары тері комбинаты, нан заводы, силикат кірпіш заводы, су құбыры, Семей канализациясы, Ертіс өзенінен өтетін көпір, Семей- Бородулиха-Шемонаиха жол бағытынан тұрды. Семейдегі құрылыс материалдарын шығаратын «Силикат» зауыты 1958 жылы іске қосылды. Шығаратын өнімдері силикат кірпіш, қаптамалы түсті кірпіш, сәндік бетон плитка, құрылыстық әк, бөлшектеніп өлшенген әк, құрылыстық құм. 1959 жылы әк күйдіретін 4 уақытша пеш салынды. 1965 жылы тәулігіне қуаты 50 тоннадан әк өндіретін механикаландырылған 2 шахталық әк күйдіргіш пайдалануға берілді.

1970 жылғы жоспарлау бөлімінің бастығы Н.И.Шипунованың есебінде 9 айдың жоспарындағы 46 млн. 800 мың дана кірпіш, 29,500 тонна әк, 157 мың текше метр құм өндірілуі тиісті болса, 48 млн. 626 мың дана кірпіш, 32,430 тонна әк, 159,731 текше метр құм өндіріп, жоспарды анағұрлым асыра орындады[144,3]. 1972 жылы жүргізілген реконструкция нәтижесінде зауыттың жылдық қуаты 160 млн. дана кірпіш, әк өндіру 65 мың тоннаға жетті. 1993 жылы наурыз айынан «Силикат» АҚ акционерлік қоғамы өнімдерінің ең негізгі тұтынушысы Астана қаласы болып отыр. Өнеркәсіптік, азаматтық тұрғын үй-жайлар болмаса, әлеуметтік-мәдени объектілерді тұрғызу барысында «Силикат» заводының силикат кірпіштері, плиткалар және кәдімгі аппақ әктің

жұмсалмайтын жері жоқ шығар[145,76]. «Силикат» зауыты жылына 74 мың тонна әктас, силикат бетон тақтасын, едендік алты қырлы бетон тақтасын, құрғақ сылақ қоспасын шығарады. «Силикат» ААҚ-ы бұдан басқа да құрылысқа керекті құм түрлерін, ерітінді дайындайтын өнімдер, сондай-ақ халық тұтынатын шаруашылыққа қажетті қара түсті металл бұйымдарын және силикат бетоннан жасалған тротуар плиткаларын шығарады. Аталмыш өнімдерді Қазақстанның барлық облыстары мен Семей өңірімен шекаралас Ресей Федерациясының аудандары тұтынады, әрі жоғары сұранымға ие болып отыр. Мысалы, 2001 жылы тауар өндіруден 300 млн. теңгеден астам жылдық өнім көлемі шыққан. Ал, қызыл, ақ және түрлі формадағы силикат кірпіштер өндіруді 50 млн. данаға жеткізіп, жоғары жетістіктерге ие болған екен. Сондай-ақ барлығы 36 мың тонна әк шығарылған. Оның ішінде құрлысқа арналғаны 10 мың тонна[146,2]. «Силикат» ААҚ-ы құм өндіруде де отандық өндірістің алдында тұр. «Силикат» зауытының ең басты өнімі – кірпіш. Суықбұлақ жерінен әк тастары әкелініп, зауыттың жекеменшік механикаландырылған пештеріне өңделуден өтеді. Кеңестер Одағының шалғайынан көптеген тапсырыстар түсе бастады. Соңғы он жылдың әр жылында 100 млн. дана кірпіш шығарылып келеді. Зауытта 400 адам жұмыс істейді. Бүгінде ЖШС кәсіпорында 500-ден астам адам еңбек етеді[147,3]. Кәсіпорын республикалық және халықаралық көрмелерге тұрақты қатысып келеді. Бірнеше мәрте сапалы өнімі үшін халықаралық жүлдеге ие болды.

Семей Асбест-цемент бұйымдары заводы 1961 жылы іске қосылған. Жобалық қуаты 198 млн. шаршы тақта нақты өндірістік қуаты 225 млн. шаршы тақтаға жетеді. 1996 жылдың аяғында ЖШС. Шифер цехында 6 түрлі ирек және жазық шифер тақтасын шығаратын желі жұмыс істейді. «Семей цемент» құрылыс материалдары заводы 1958 жылы құрылған. 1964-66 жылдары Семейдің цемент-шифер комбинаты, 1967-71 жылдары Семейдің цемент заводы деп аталады[148,81].

Семей машина жасау заводы 1969 жылдан Ресейдегі Рубцовск машина жасау заводының дербес бөлімшесі ретінде жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның негізінде 1988 жылдың қаңтар айында құрылған. Семей машина жасау заводы қарлы, батпақты жерде жүретін көлік, шынжыр табанды тартқыш шығарады. Сондай-ақ, олардың қосалқы бөлшектерін дайындайды.

«Семей машина жасау заводы» ААҚ-ның өнімдерін негізінен өз республикамыз бен Ресей тұтынушылары пайдаланады. Мұнда Т- 250 тракторына, ауыл шаруышылығы техникасы мен «КамАЗ» машиналарына қажетті қосалқы бөлшектер де шығарылады. Кәсіпорын өз мүмкіндіктерін ескере келе әрі өндіріс көлемін ұлғайту мақсатымен теміржол вагондарын жөндеуге қосалқы бөлшектер, сондай-ақ халық тұтынатын товарлар, әсіресе шаруа қожалықтарына өте ыңғайлы астық, шөп оратын шағын механикалық құралдар шығара бастаған[149,7].

1993 жылдан АҚ 2003 жылдың наурыз айынан «Қазақстан инжинеринг» ҰАҚ-ның құрамында саналады.

Семей қаласының экономикасы ХХ ғасырдың 50-60 жылдары жоғары қарқынмен дами бастады. 1960 жылдары Ертіс өзенінің сол жағалауында ет комбинаты маңайында республикадағы жоғары сапалы құрылғылармен жабдықталған ең алғашқы кабель заводы құрылды. «Қазақ кабель» кабель заводы кабель бұйымдарын шығаруды 1969 жылмен салыстырғанда 1970 жылы 40 пайыз мөлшерінде арттырады. 1970 жылдан бастап, шикізат есебінде Ташкент қаласынан алынып келген алюмин сымның орыннына Иркутск қаласынан алатын сымға көшу «Қазақкабель» кабель заводы үшін пайдалы екендігі дәлелденді. Бағасы жағынан тиімді. Осы шараны жүзеге асырғаннан бастап, 230 мың сом таза пайда алынды. 1970 жылдары жылдық жоспар белгіленген кезден әлдеқайда бұрын орындалды. Тапқан пайдасының мөлшері бмың 600 сомға жетті[150,32].

1962 жылы 150 км. жоғары вольтты электр желісі жүргізіліп, қалаға Бұхтарма су электрстанциясынан арзан электр тоғы келіп жатты. Семей қаласы үшін бұл ерекше оқиға болды.

Екі жылдан соң, сүт комбинаты тұрғызылып, арматура зауытының құрылысы басталды. 1964 жылы семейліктер үшін Ертіс өзенінің үстіне салынған көпір қалалықтардың мақтанышына айналды[151,25]. Семейде ауыр өнеркәсіптен алтын өндірісі де дами бастады. Семейдің алтын өнеркәсібі үшін Семей қаласының және ірі елді мекендердің алтынды аудандарда орналасуының ерекшелігіне қарай алтынды аудандарды игеру мақсатында Семейдің халық шаруашылығы кеңесінің «Алтай золото» тресті құрылады. Бұған 1908 жылдан бергі белгілі ең ірі алтынды аудандар – Ақжал, Бөке, Алаайғыр руниктері кіреді. 1880 жылдары Шашыранқы алтын кені табылғандықтан, 1934 жылы Ақжал, 1949 жылы Бөке кентінің негізі қаланды. Кейінен Ақжалда 0,9 мың адам, Бөке тұрғындарының саны 2100 жетті. Алтын өнеркәсібін дамыту алтынды аудандардың инфро-коммуналдық сипатымен де тығыз байланысты болды[152,140]. Семейдің халық шаруашылығы кеңесінің «Алтай золото» тресті жұмысшы саны жағынан алтын өндіру саласы тау-кен өнеркәсібі арасында бірінші орынға ие болды. Соның ішінде, әр жылдарда Семей облысының алтын өнеркәсібінде жұмыс істеген жұмысшылар жалпы жұмысшылардың 50,3% - 87%-на дейін құраған[153,57].

Алтын өндірудің сипаты мен деңгейі алтынды жерлердің табиғи-географиялық, экономикалық жағдайларына тікелей тәуелді болды. Семейдің шашыранқы алтын кен орындарының және кеніштердің, алтын желілердің жер бетіне жақын орналасуы, өзен суларының жеткілікті болуы, орталықтармен алтынды аудандарды байланыстыратын жақсы қалыптасқан жол жүйелері, алтын сынамасының жоғары болуы, жергілікті капиталдың қалыптасуы, жұмыс күшінің жеткілікті болуы сияқты факторлар алтын өнеркәсібін дамытуға негіз берді. 1950-55 жылдары жоспар бойынша алтын өндіруді- 97%, 1960-65 жылдары жоспар бойынша алтын өндіруді- 101%, 1970-75 жылдары жоспар бойынша алтын өндіруді- 105%, 1980-85 жылдары жоспар бойынша алтын өндіруді- 107%, 1985-90 жылдары жоспар бойынша алтын өндіруді- 107% орындаған. Жоспарды артығымен орындағандықтан Семейдің халық

шарушылығы кеңесінің «Алтай золото» тресті жұмысшыларының айлық еңбек ақысы да жоғары болды. 1960-80 жылдардағы еңбек ақы орта есеппен «Боко» рудигінде –жоспар бойынша -1230 сом, негізінде алғаны-1152 сом, «Октябрьский» –жоспар бойынша -1300 сом, негізінде алғаны - 1138сом, «Архарлы» –жоспар бойынша -1247 сом, негізінде алғаны - 1307 сом болған. 1960 жылдары Семейдің «Алтай золото» тресті жұмысшыларына жұмысты жақсы орындағандықтан тоқсан сайын сыйақы беріліп отырған. Жұмыстың талаптары бұзылған кезде (қауіпсіздікті сақтамаған, химиялық лабораториялардың бақылаулар күшейтілмегендіктен) сыйақыны азайтып, немесе сыйақыдан алып тастап отырған[154,б.34]. Мысалы «Боко» рудигінде П.К. Бойконы химиялық лабораторияда бақылау дұрыс болмағандықтан 10%-ға, аға экономист Ф.Л.Панкратовқа өзінің жұмысына немқұрайлықпен қарағаны үшін 50% сыйақыны азайтуға бұйрық берілген. Семейдің халық шаруашылығы кеңесінің «Алтай золото» трестінің жағдайы үнемі назарда болған. Тіпті «Шмель» газетіне жіберілген азамат Беспалованың хатын қайта талдап, Ақжал аумағына қарасты жердің шөбінен экономист Н.А.Виноградов қызмет бабын асыра пайдаланып 3 шөмелеге ақша төлеп, 1 машина түсірсе, Бахтыбаев 6 шөмелеге ақша төлеп, 2 машина түсіріп, 1 машинаны 80 сомға сатып жіберген. Аталғандарға шөптің ақшасымен айыппұл төлетіп, Ақжал аймағының басшысы А.И.Соколовқа сөгіс берген[155,б.43]. Тресттің кәсіпорындарындағы қауіпсіздікті сақтамаған, химиялық лабораториялардың бақылаулар күшейтілмегендіктен, мемлекет мүлкіне немқұрайлылықпен қарау болғанын көреміз.

Өнеркәсіптің шикізатқа бағдарланған бір жақты құрылымы ХХ ғасырдың 60-70-жылдары орталық министрліктер мен мекемелердің өктемдігімен орнықты. Қазақстандағы кен қазу салаларының өнімі 80-жылдардың басында Одақтағы орташа деңгейден 1,7 есе артық болды. Республиканың экономикалық қуатының жартысынан көбі одақ министрліктерінің бақылауында еді. Республиканың шикізат қорларын сорудан қыруар кіріс тапқанымен одақтық мекемелер республика бюджетіне ешқандай қаражат түсірмеді.

1956 жылы Бұқтырма Су Электр Стансасы Бұқтырма өзенінің төменгі сағасына салына бастады. Алғашқы үш агрегаты 1960 жылы, келесі үшеуі 1961 жылы, қалғандары тиісінше 1963, 1964, 1965 жылдары пайдалануға беріліп, 1966 жылы жобалық қуатына (675 мың МВт) жетті[156,б.100]. Бұқтырма Су Электр Стансасы жылма-жылғы маусымдық ағысты реттеп отырды, мұның өзі Ертіс өзені бойындағы басқа СЭС-тердің (Өскемен және Шүлбі) жұмысын ыңғайлы ұйымдастыруға, қуат беру мүмкіндіктерін толық пайдалануға жағдай туғызып, су деңгейін көтеру арқылы Ертіс өзенінің саяз жерлерінен кемелердің өтуіне мүмкіндік жасады. Бұқтырма Су Электр Станциясының су шаруашылық үшін мәні зор болды. Стансаның жұмыс режимі Ертіс өзенінің су ресурстарын энергетика, су көлігі, ауыл шаруашылығын суландыру және елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету қажеттіліктеріне икемделіп жүргізілді.

Осылайша, 50-ші жылдардың соңына қарай Семей облысында көптеген ірі өндірістік кәсіпорындар бой көтерді. Тек республика ғана емес, бүкіл одақтық маңызы бар силикат және цемент мен азық-түлік өндірісінің орталығына айналды. Осы кезеңдерде аумақтық еңбек бөлінісі құрылып, Семей облысының мамандандырылған бағыт-бағдары анықталды. Дәл осы еңбек бөлінісі мен мамандандырылу процесі Семей облысының экономикалық маңыздылығын арттырды[133,б.246]. Мұның бәрі, әрине, ынталандыруды, әсіресе Семей облыс, тұрғындарының еңбек ырғағына қосымша серпін берген. Алайда ешбір жағдайда, егер шаралар қолданылатын болса, олардың орындалуы өзі-өзінен қамтамасыз етіледі деп үміттену дұрыс емес еді. Облыстық, соның ішінде қала еңбекшілері шын мәнінде жанқиярлықпен еңбек етуі, сондай-ақ қазір алға жылжуға кедергі болатын нәрсенің көбін бұзу керек болатын. Мысалы, ескірген жабдықтарды жаңалармен алмастырудың мүлдем жай қарқыны алға жылжудың ең басты кедіргілерінің бірі екендігі белгілі. Комбайн жөндеу зауытында және басқа да жергілікті өнеркәсіп орындарының бірқатарында оны пайдалану коэффициенті өте төмен болған.

Құрылыс комплексіне ерекше көңіл бөлінуі тиістігі қажет болды. Өйткені Шульба, ГЭС-інің төртінші агрегаты индустриальды совхозындағы шошқа өсіретін комплекс, Бақыршық кен-металлургия комбинаты қуаттарының бір бөлігі іске қосылмай калған. Жаңа құрылыс тресі «Монолитті» белсендірек іске қосу, жылжымалы-механикаландырылған колонналық қуаттарын арттыру, тиісінше көмектесу керек еді. Осы және басқа бірқатар мәселелерді шешу арқылы ғана Семей – ГЭС-1 мен ТЭЦ-3 іске қосылмақ, ТЭЦ-1 мен бірінші бу қазаны қайта құрылады деп үміттенуге болатын[46, б.104]. Бұл қаланы ластанудың көптеген ұсақ ошақтарынан арылтуға, ауаны сауықтандыруға мүмкіндік берген.

Өкінішке орай, одан кейінгі 1986-87 ж. еңбек ұжымына айтарлықтай қуаныш әкеле қоймады. Бұл кез бұрынғы терең тамырлы өзара экономикалық байланыстардың шайқалып тұрған жайсыз жылдары еді.

Одақ кезінде бүкіл халықшаруашылығы тек жоспарлы түрде ғана дамытылып келгені белгілі. Ал жаңағы Семейден шығарылатын газ қондырғыларына қажетті материалдарды Бакудегі зауыттардың бірінен алатын. Одақтың өз ішінен бүлініп, ыдырауы экономикалық байланыстардың әлсіреуіне әкеп соқты, яғни, қоғамда болып жатқан саяси оқиғалар тізбегі[46, б.110]. Семей газ аппаратурасы зауытының да өндірістік даму қарқынына әсер етпей қойған жоқ. Семей газ аппаратурасы зауыты облыстағы іргелі кәсіпорындардың бірінен саналады. Кезінде ол өз өнімін бүкіл Кеңестер Одағының түкпір-түкпіріне жөнелтіп, халықтық сұранысын қанағаттандырып келді. 1985 ж.еңбек ұжымы үшін ең табысты жыл болыпты. Осы мерзімде 305 мың дана газ плитасы шығарылған екен. Мұндай жоғары еңбек өнімділігі кәсіпорын өмірінде бұрын-соңды болып көрмеген. Бұл жылы мұнда 1300 жұмысшы еңбек етті.[143,б.125] Мысалы, завод 1986ж. небәрі 100 мыңға жуық газ плитасын ғана шығара алды. Бұл көрсеткіш одан кейінгі жылдары да күрт құлдыраумен

болды[157,п. 66]. Тіпті кәсіпорын жылына 50 мыңдай газ плитасын шығаратын халге жетті.

Семей газ аппаратурасы зауытының да өндірістік даму қарқынына әсер етпей қойған жоқ. Мысалы, завод 1986 ж. небәрі 100 мыңға жуық газ плитасын ғана шығара алды. Бұл көрсеткіш одан кейінгі жылдары да күрт құлдыраумен болды. Тіпті кәсіпорын жылына 50 мыңдай газ плитасын шығаратын халге жетті. 1991ж. ұжымы бұрынғыдай болмаса да шикізатқа байланысты шама келгенше өнім шығарумен болды. Енді мұнда 1300 жұмысшыдан небәрі 460 адам қалды[46, б.110-111]. Семей газ аппаратурасы зауыты бір кезде Одақтағы газ плитасын жасаумен айналысатын 6 кәсіпорынның бірі болатын. Соның ең үлкені Белоруссиядағы Брест қаласында орналасқан. Ал қалған төртеуі Ресейде. Кезінде Семей газ аппаратурасы зауыты осы 6 кәсіпорын арасында өнім өндіру көлемі жағынан Белоруссиядан кейін екінші орын алғанды.

1980 жылдары Семейдің экономикалық және әлеуметтік дамуының алдағы жаңа кезеңінде жаңа табысқа жетуге жақсы негіз бар. Семей қаласының еңбекшілері КПСС XXV съезінің тарихи шешімдерін орындай отырып, оныншы бесжылдық тапсырмаларын орындауда айтарлықтай табыстарға жетті. Өндірісті басқаруда кең көлемді шараларын жүзеге асыра білді. Бұл сияқты игі істер өз жемісін бермей қойған жоқ. [158.б.23] Қаланың өнеркәсіп орындары бесжылдық жоспарды мерзімнен бұрын 10 желтоқсанға дейін орындап шықты. 55 кәсіпорын мен ұйым, 800 ден астам бригада, 8 мыңнан астам өндіріс озаттары бесжылдыққа белгіленген тапсырмалар мен социалистік міндеттемелерін мерзімнен бұрын орындары жөнінде рапорт берді. Көптеген салада өндіріс көлемінің өсуіне, өнім сапасының және еңбек шығындарын азайтуға, пайдалы көбірек алуға және өндірістің рентабельдігін арттыруға қол жетті. Бесжылдық жоспарды көрсетілгеннен тыс 28,7 мың трикотаж 506 мың пар шұлық –ұйық бұйымдары,[143,б.121]. 642 мың дана ерлер мен балалар жейделері және басқа да өнім түрлері шығарылды. Халық тұтынатын товарлар өндіру тоғызыншы бесжылдықтағы дәрежеден 10,5 % артып отыр. Екі съезд аралығында қала кәсіпорындарында 54 тасқын желі іске қосылды. 63 цех пен учаске, өндіріс орындары комплексті механикаландырылып үш мыңнан астам жаңа жабдықтар орнатылды[98,б.74]. Оныншы бесжылдық тиімділік пен сапа үшін күрес бесжылдығы болып өтті. Сапа проблемасын өте кең мағынада түсіну қажет. Өнім сапасын арттыруға жоспарлау мен басқаруға жоспарлау мен басқарудың және материалдық көтермелеудің, бүкіл жүйесі, инженерлер мен барлық мамандардың күш жігерлерін жұмысшылардың шеберлігі тұтастай бағытталады. Семейде де осы принцип үстем болды. Соның нәтижесінде алдыңғы бесжылда Семей қаласының 23 кәсіпорын өнім сапасын басқарудың комплекстік жүйесіне көшті. Мысалы 1981 жылы өндірілетін өнеркәсіп өнімдер көлемі 1 миллиард 224 мың сомға жеткізілген. Бұл 1980 жылға қарағанда 1,3% артық. Қала кәсіпорындары шығаратын өнімдерінің тағы да 51 түрі мемлекет сапа белгісіне ұсынылады. Жаңадан 215 өнім түрлері игеріліп өндіріске енгізіледі.

Жалпы алғанда 1990-шы жылдары облыс өзінің әлеуметтік-экономикалық

дамуының бастапқы көрсеткіші бойынша республиканың 5 облысы Оңтүстік Қазақстан, Алматы (Алматы қаласы кірмейді) Талдықорған, Атырау, Қызылорда облыстарынан озық болды[159,б.105]. 1990 жылдың басында облыс өнеркәсібінде тұрақты экономикалық жағдайдың, өндіріс дамуының орташа темпі дәрежесінің 1986-1989 жж. 2,8 пайыз құрағандығын айта кеткен жөн. Өндіріс өнімін шығаруда да қалада шоғырланған жеңіл өнеркәсіп орындары табысты дәрежесімен басымдылық танытты.

Осы жылдары жеңіл өнеркәсіп өндірісі аса ірі болды. Мысалы, «Большевичка» акционерлік қоғам болып жабдықталған өнеркәсіп жылына 6000 жейде, ал «Сенім» АҚ таза жіпті 20 мың тонна, шұға бірлестігі «Ақжол» АҚ - 5000 т. жүннен жіп иіріп, қысқы тоқыма киім фабрикасы «Тоқыма» АҚ - 6000 тоқыма бұйымдарын шығарды[153,б.58]. Аяқ-киім фабрикасы «Софи» АҚ-5000 пардан жоғары сапалы аяқ киім шығарады.

Облыста 90 - ж. тамақ өнеркәсібі, әсіресе ет пен сүт жеткілікті мөлшерде болды. Әсіресе ет саласы одақтық, аймақтық еңбек бөлінісінде жылына 75,6 мың тонна ет, 11,5 мың тонна шұжық өнімі, 63,4 тонна ет консерві өнімін шығарған. Мұның ішінде ет өндірудің жылдық мөлшері 7,1 пайызға, шұжық өндіру 2,3 пайызға артты[159,б.107].

Экономикалық қатынастарды либерализациялау тұсында нарықтық қатынастың жаңа заңдарының негізгі қалану тұсында Семей қаласында банк жүйелері жаңа жұмыс ретін қабылдап, өнеркәсіптің барлық саласы өміршен әрекеттермен даму бағытын жасауға қадам басады. Облыстық партия комитетінде өнеркәсіп, құрылыс кәсіпорындарының, облыстық ұйымдар мен мекемелердің басшыларымен, партия және кеңес қызметкерлерімен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесу болып өтті.

Осылайша, 1950 - 90-шы жылдардың соңына қарай Семей облысында көптеген ірі өндірістік кәсіпорындар бой көтерді. Тек республика ғана емес, бүкіл одақтық маңызы бар түсті металлургия мен азық-түлік өндірісінің орталығына айналды. Осы кезеңдерде аумақтық еңбек бөлінісі құрылып, Семей мен Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған бағыт-бағдары анықталды. Дәл осы еңбек бөлінісі мен мамандандырылу процесі Семей облысының экономикалық маңыздылығының төмендеп, бұрынғы екі облыстың бір Шығыс Қазақстан облысы болып бірігуіне әкеліп соқтырды[139,б.244].

1995 жылы экономикалық дамуда жағымды құбылыстар байқалып, инфляцияның дәрежесі 160 пайызға дейін темендеді. Ұлттық валютаның айтарлықтай тұрақты және болжамдық курсы қалыптасты. Өндірістің құлдырауы 57 пайызды құрады. Осы жылдың аяғында Семейде 40 пайыз шаруашылық субъектісі, оның 30 пайызы мемлекеттік емес секторда әрекет етті. Олардың өнеркәсіптегі үлес салмағы 30,4 пайызды, ауыл шаруашылығында - 38,9 пайызды құрады. Алайда макроэкономика жүйесінде әлі де дағдарыс жалғасып, әсіресе ауыл шаруашылығы, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде белең алды[159,б.118].

Семейдің кәсіпорындардың қаржылық қызметіне тоқталсақ. 1991-2001 жылдардағы қаладағы жұмыс істейтін 69 кәсіпорындар мен мекемелердің

қаржылық нәтижесінің жалпы сомасы 534,6 млн. теңге болды. 33 кәсіпорындағы жиынтық шығын 244,0 млн.теңге (32,7%) құрады. Жиынтық табыстың негізгі ауқымы тау-кен өнеркәсібінің (168,4 млн.теңге), өңдеу өнеркәсібінің (244,4 млн.теңге) үлесіне тиеді. 1998 жылы жеке меншікке негізделген қала өнеркәсібі 87 ірі кәсіпорынды құрады. «Қаражыра» көмір кенішінің қуаты жыл сайын өсе түсті, 1997 жылы 2,5 млн.тонна көмір өндірілген[160,б.37]. Атақты Шульба ГЭС-і жұмыс істеп тұрды. Өнеркәсіп өндірісінің жартысын ұқсатушы өнеркәсіп қамтыды. Бұлар-машина жасау, ұн тарту, тамақ, ағаш өңдеуші және металл өңдеуші кәсіпорындар, сол сияқты фармацевтикалық және жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындар.

Семей қаласы өнеркәсіппен қатар ауыл шаруашылығын да жүргізетін қалалардың бірі болып табылады. Жерге егін егіп, дәнді дақылдар, күнбағыс, көкөніс дақылдарымен, картоп, жемшөп дақылдарымен қала және маңайындағы тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етуде. Қала маңындағы «Приречное», «Жаңа Семей», «Шаған» ЖШС, «Кроман» және «Шанс» шаруа қожалықтары табысты еңбек ету үлгісі көрсетіп отыр.

Жеңіл өнеркәсіптің бір саласы- Былғары аяқкиім өнеркәсібі. Қазақстанда Былғары аяқкиім өнеркәсібі ертеден дамыған. Ісмерлер былғары аяқкиімдерді өздері тіккен. Теріні қолдан илеп, оның жеткілікті шикізат қорын жасап отырған. Кейінірек былғары шығаратын зауыттар іске қосыла бастады. 19 ғасырдың басында Петропавл қаласында, сол ғасырдың аяғында Семей аяқкиім фабрикасы 1941 ж. Киевтен Семейге көшірілген аяқкиім фабрикасы негізінде құрылған. Алғашқы кезде ол 20,5 мың жұп аяқкиім өндірсе, 1983 ж. оның мөлшерін 5,2 млн. жұпқа жеткізді. Өндірістік қуаты толықтай пайдаланылмағандықтан, 1997 жылы өнімі 1 млн. аяқ киімге дейін азайды[161,б.12]. Ал 1999 жылдан Республикада отандық былғары аяқкиім өнеркәсібі нарық жағдайына бейімделіп, жаңа технологиялар негізінде сапалы өнімдер шығаруға көшті.

Іргетасы 1840 жылы қаланған қала орталығындағы көне ғимаратқа орналасқан фабрика 1969 жылдан бері үздіксіз жұмыс істеп келеді. Жұмыс мүлдем тоқтап қалған тігін фабрикасын 1998 жылы жаңа қожайындар – Ермек Сұлтанов пен Раушан Тілекеева сатып алғаннан кейін бәрін қайта бастау міндеті тұрды.

Бүгінде «Мұрагердің» атына заты сай, аяғынан тік тұрған өндіріс орны соңғы жылдары сапалы өнім өндіріп, тұтынушы көңілінен шығып, тоқтаусыз жұмыс істеп келеді. Фабриkanың жалпы жер көлемі 7500 шаршы метр. 2000 жылы фабрикада сегіз цехты іске қосуға қол жетті, яғни жаңадан сұрыптау, жуу, кептіру, тарау және мамық цехтары дүниеге келді.

Фабриkanың басты девизи – сапа үшін күрес. Өйткені, өндірілген өнім тұтынушы көңілінен шығу үшін әрі сапалы, әрі бағасы да әлеуметтің қалтасы көтеретіндей болуы керек. Бүгінгі таңдағы «Мұрагер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өнімнің 200 – ге тарта түрі шығарылады[162,б]. Оның ішінде үлкен сұранысқа ие болып отырғаны төсек-орын жабдықтары, сырылған

көрпелер, матрац, жастықтар, әртүрлі мамандық иелеріне арналған арнаулы киімдер. Соңғы жылдары жыл сайын тендерде жеңіске жетіп жүрген «Мұрагер» Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары әлеуметтік қамсыздандыру, білім, денсаулық сақтау департаментінің арнайы тапсырыстарын орындап келеді. Сонымен қатар, арнаулы киім үлгілерінің түрлеріне кәсіпорындардан да сұраныстар түсіп отырады.

Бүгінде «Мұрагердің» өнімдері Қазақстаннан тыс жерлерде де кеңінен танымал. Кәсіпорынға қажетті жүн, биязы жүні, құс мамығы облысымыздың аудандарындағы шаруа қожалықтарынан алынады. Ал, басқа өнімге қажетті маталар, фурнитуралар Қырғызстаннан, Ресей, Қытайдан әкелінеді, шеттен әкелінетін маталардың түр-түсі жақсы, сапасы жоғары, бағасы төмен.

Фабриканың табыс көзіне айналған тағы бір бағыты – көне, тозығы жеткен көрпе-жастық, матрац сияқты заттарды қайта өңдеуден өткізіп жаңа қалыпқа келтіру. Мұндай өнімдерді қайта жөндеуден өткізуге тапсырыстар интернаттар мен жатақханалардан, әскери бөлімдерден, сондай-ақ жеке азаматтардан қабылданады.

«Икар» кәсіпорынын жабық акционерлік қоғам ретінде 1994 жылы ашылды. Ежелден аяқ киім өндіру ісінде сапа мен сән жағынан алдыңғы қатардан көрініп келе жатқан итальяндық әріптестерді ортақ істі бірлесе дамытуға таңдап алған олар сапалы өнім өндіру, көбінесе шикізаттың сапасына байланысты екендігін естен шығарған жоқ. Бұл істе көршілес Ресей кәсіпорындарымен, яғни өнім өндіру, көбінесе шикізаттың сапасына байланысты екендігін де естен шығарған жоқ. Бұл істе көршілес Ресей кәсіпорындарымен, яғни өнім өндірушілермен қарым-қатынас жасау тиімді екендігін түсініп, нәтижесінде «Икар» кәсіпорыны құрылған болатын. Фабрикада жұмыс істейтін адамдардың көпшілігі бұрын аяқ киім фабрикасында қызмет еткендер. Кәсіпорынның шығарған негізгі өнімдері – ерлердің етіктері, керзі қонымды етіктер, ерлер мен әйелдер үшін үйде киетін жеңіл аяқ киімдер. «Икар» бірлескен кәсіпорынында үш цех жұмыс істейді. Олар: пішу, тігу және құю цехтары. 1998 жылғы мәліметтерге сәйкес тәулігіне 700 жұп аяқ киім шығаратын «Икар»-дың келешегі зор. «Икар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі нарық бәсекесіне санмен ғана емес, сапамен Қазақстан нарығында көш басына шығуға болатынын жете сезінген. «Икар»-дың негізгі тапсырыс берушілері еліміздің Қарулы Күштері мен ірі өнеркәсіп кәсіпорындары болып табылады[163,б.3]. Қазір республика көлемінде бәсекелес алты аяқ киім фабрикасы бар десек, солардың арасынан суырылып шығып, тапсырысқа ие болу оңай іс болмаса керек.

Серіктестік «тері-мех» кәсіпорынымен әріптестік, іскерлік бағытта бірлесе жұмыс жасайды. Шикізат сапалы болғандықтан көбінесе іс оң нәтиже беріп, тұтынушылар көңілінен шығып жатады. Қазір барлық цехтар қалпына келтірілген, қайта жөндеуден өткен. Жарықпен қамтамасыз етілген жылу да бар. 2002 жылға дейін «Икар» айына 2700 жұп аяқ киім шығарылып келді. «Әрбір жұмысшы жай ғана жұмыс істеп қоймайды, шеберлікпен өздерінің жоғары дәрежелі маман екендіктерін дәлелдеді. Аяқ киімнің қонышын, басын,

екі жаның, өкшесін, табанын біріктіргеннен кейін буға бөктеріп, келесі кезекте кептіру ерекше еңбектенуді қажет етеді. Жеке сатылымға түспейтін арнаулы тапсырыспен тігілетін аяқ киімдерді тігетін машина түріктік технология, яғни табаны шегеленбейді, оның орнына термо-элект-пласт арқылы жапсырылу процесі атқарылады.

«Семей құс» фабрикасы кезінде дүрілдеп тұрған шаруашылық болатын. 1967 жылы ресми түрде ашылған кәсіпорын 1992 жылы акционерлік қоғам ретінде қайтадан құрылды. Шығаратын өнімдері – құс еті және тауық жұмыртқасы. «Семей құс» қазіргі күні табысты шаруашылық екендігін дәлелдеп отыр. Қалада тауық еті, жұмыртқамен қамтамасыз етілмейтін бірде-бір дүкен, асхана жоқ. Бұл фабрика сыртқа қоқыс шығармайтын, экологиялық жағынан таза кәсіпорынға жатады. Фабрика бірнеше цехтардан тұрады. Ең негізгісі – құс өсіру цехы. Әзірше 14 құс өсіретін корпуста 117 адам жұмыс істейді[164,б.2]. Израильден, Ресейден әкелінген тамаша құс түрлері де бар. Ірі салмақтағы, етті, көп жұмыртқалайтын тауықтарды өсіп-өндіру үшін оларға витамині мол жем мен су қажет. Күндік тапсырма бойынша 40-45 тонна жем азығы дайындалады екен. Мамандар инкубация цехына түскен жұмыртқаларды обоскоп аппараты арқылы қарап зерттейді. Жұмыртқаның сапасы тексерілген соң АТМ препараты арқылы ауруға қарсы шаралар жүргізіледі. «Семей құс» ААҚ қаламызды жұмыртқамен қамтамасыз етіп отырған бірден-бір мекеме. Кейінгі жылдары Германиядан тауықтың жаңа түрі әкелінді. 18 мың тауық пен 2 мың этеш қазір күтімде тұр. Бұл құстың өнімділігі – әр тауықтың 305-310 жұмыртқа беру мүмкіндігі бар. Фабриканың ең үлкен цехында Германиядан алынған жаңа жабдық орнатылған. Бұл цехта 37 мың құс күтіліп, бағылуда[165,б.1]. Жаңа жабдықтардың тиімділігі сол – жұмыртқаны өзі жинайды және электр қуаты да аз жұмсалады. Семейдің құс фабрикасы өнімін тек жергілікті тұрғындар ғана емес, Ресей, Астана, Алматы, Қарағанды, Павлодар облыстары да тұтынады.

«Каполиграф» ашық акционерлік қоғамы 1941 жылы құрылды. Содан бергі атын әлденеше өзгерткен кәсіпорын 1990 жылға дейін ағаш бөшке, тақтай жәшік жасау, сыранның ыдысын, арақтың жәшігін мықтау, гофирленген ыдыс шығару, қағаздан қорап жасау өнімдерін шығарып келді [166,б.2].

70 жылдан аса тарихы бар кәсіпорынның екінші тынысы егемендігімізді алған кезде басталып, қарыштап алға басты. Инженерлік, коммуникациялық жұмыстар реттеліп, спорт залы, тұрмыстық ғимараттар жөнделді. Жаңа заман талабына сай жабдықтар орнатылды. Сөйтіп, өндірісті қайта құруға 40 млн. теңге қаржы құйылып, өндіріс технологиясы жетілдірілді[167,б.5]. Жаңа сұранысы мол, сапалы өнім шығару «Каполиграфты өзі тектес кәсіпорындар қатарында байсалды бәсекелестікке жеткізді. Бүгінде оның өнімдерін еліміздің барлық ірі қалалары Ресей, мен Орта Азия елдері тұтынады. Балмұздақ орауыштары мен сусымалы өнім пакеттері Мәскеудің сұранысын қанағаттандырып отыр. 2000 жылдың қараша айында комбинатта сүт өнімдеріне арналған «Пюр-Пак» типті қораптар шығаратын жаңа желі іске қосылды. Осы желі арқылы 2001 жылы 30 түрлі 1200 тоннадан астам «Пюр-

Пак» қораптарына тапсырыс берген 15 отандық, 25 ресейлік кәсіпорындарға жөнелтілді.

Қалада ұн өнімдерін өндіру жақсы жолға қойылып, ұн тартатын комбинат салу жоспарланған болатын. Семей құрама-жем заводы малға аң-құстар мен балықтарға арналған ұнтақ және түйіршіліктелген өнімдерді өндірумен айналысады. Айына 23 мың тонна азықтық жем шығаруды жолға қойған. Түйіршіктелген жем түрлі сонау 1967 жылдан бастап шығарылып келе жатса да үлкен сұранысқа нарықтық кезеңде ие болды. Түйіршіктелген жем-құс шаруашылығына арналған. Құс еті тұтыну талғамы бойынша екінші орында тұр. Құрама жем комбинаты «Ардагер» агроөнеркәсіптік корпорациясының құрамына кіреді. Сапалы стандартқа сәйкес жем шығара алатын ATON INBEST жүйесі бойынша технология орнатылып, биыл оны толыққанды іске қосу міндеті тұр. Құрама жем дайындаудың күрделілігі – оның құрамына 16 қоспа ингредиенттердің кіруі. Бидай, арпа, ашытқы, бұршақ т.т. жалғаса береді. Технология бойынша әрқайсының қосылуына нақты мөлшер керек. Завод құрамында арпаны қаптап шығарушы цех жұмыс істеп тұр. Завод қызметкерлері Шотландияда өткен бройлер құстарға қажетті сапалы азықтық жем дайындау атты Европалық кеңес-семинарға қатысып қайтты. Заводтың осындай тәжірибелі басшылығының арқасында кәсіпорын бұл күндері ілгері қадам басуда.

Қорыта келе, Семей облысындағы жеңіл өнеркәсіп орындары сиыр, қой терілерін илеп, аяқкиім тігетін арнаулы кәсіпорындар ашылуына үлкен септігін тигізді. Сонымен қатар соғыс жылдары көшіріліп әкелінген былғары зауыттарының жабдықтары негізінде жаңа кәсіпорындар құрылып, былғары аяқкиім өнеркәсібі жеке сала ретінде қалыптаса бастады.

Семей аймағындағы қалыптасқан ауыр және жеңіл өнеркәсіп орындары республика экономикасының дамуына өз үлесін қосқандығы анық.

1.3 Семей облысында ауыл шаруашылығының даму тарихы

Соғыс қарсаңында республика тұрғындарының шамамен 70% - ы ауыл тұрғындары болды. Ауылшаруашылық өнімдерінің негізгі жеткізушілері колхоздар болды. Олардың Қазақстанда жеті мыңға жуығы тіркелген. Совхоздар саны әлдеқайда аз болды. Жалпы 1940-шы жылдары ауыл шаруашылығындағы жағдай біртіндеп өзгерді, бірақ ауыл еңбеккерлері әлі де тұрғылықты жерлерінен шыға алмады, үй учаскелерінің, жеке табынның мөлшері шектеулі болды. 1940 жылға қарай қазақстандық колхозшылар 333,2 мың га тың жерлерді өсірді. Бірақ бұл жеткіліксіз болды. Егіс алқаптары 5,8 млн гектарға жетті, ал жануарлардың барлық түрлерінің саны шамамен 3,5 млн басқа жетті. Мал шаруашылығын дамыту үшін егіс алқаптарын кеңейту қажет болды. 1940 жылы 20 сәуірде БКП(б) ОК және КСРО ХКК "КСРО Шығыс аудандарының колхоздары мен совхоздарында астық шаруашылығын одан әрі көтеру туралы" қаулы шығарды...». Құжатта негізінен Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Семей және Шығыс Қазақстан облыстарында

тың және тыңайған жерлерді жыртудың арқасында 1942 жылдың соңына қарай егіс алқаптарын 4345 мың гектарға ұлғайту қажеттігі туралы айтылды. Және бұл көрсеткіштерге қол жеткізілді. Алғашқы үш жыл ішінде Қазақстандағы егіс алқаптары 6,8 млн гектардан асты. Ал республиканың оңтүстігінде осы уақытта экономиканың жаңа салалары, соның ішінде күріш, қызылша және мақта шаруашылығы пайда болды. 1942 жылдың басына дейін бүкіл Кеңес Одағы халық шаруашылығының қатарында Қазақстанның өндірістік, ауылшаруашылығы орындары қорғаныс мақсатына сай жұмыс істеуге толығымен көшіріліп болды. Бұрын бейбіт өнім шығарып келген көптеген зауыттар мен фабрикалар қайтадан жабдықталып майданға қажетті өнім шығаруға ауысты. Бұл кәсіпорындарды маман жұмысшылармен қамтамасыз етуде жүйелі жұмыстар қолға алынды. Әсіресе майданға кеткен ерлердің орнына әйелдерді дайындауға, олардың жаңа кәсіпті меңгеруіне баса назар аударылды. Сұрапыл соғыс жылдарында Қазақстан майданының сенімді берік арсеналына айналды. Осынау қатал да сұрапыл соғыста Қызыл Армияның жеңіп шығуына семейліктердің қосқан үлестері зор. Әсіресе тылдағы ауылшаруашылығына еңбек еткен әйел, балалардың ерліктерін атап айтуға болады.

Соғысқа дейінгі ауылшаруашылық деңгейін қалпына келтіру үшін жас ауылдықтар тартылды, еңбек күндері көбейді; Семей кәсіпорындары ауылшаруашылық техникасын жөндеуге, жұмыстарға қала тұрғындары жұмылдырылды. (Мысалы, 1942 ж. 17 мыңнан астам адам, 1944 ж. – 15,3 адам). Егіннің азаюына қарсы күрес жүргізілді; Қызыл Әскер нан қоры қалыптасты (1942 жылдың алғашында жеке қордан 440 ц ет, 24,4 мың л. сүт, 580 ц бидай, 325 ц картофель және т.б.). Гере облысы 1941 ж. Жеткізу жоспарын іске асыра алмаса, 1942 ж. жақсы көрсеткіш көрсетті. 1942-43 ж. қатал қысы мал басының 13,6% азаюына әкеп соқты. 1944 ж. мал басы тағы да азайды. Бірақ астық мол болды, жеткізу жоспары орындалды, ал 1945 ж. артығымен орындалды. Семейліктер босатылған аудандарға 235 комбайн, 45 трактор, 40 автомобиль, 1235 жұмыс жылқыларын және т.б. жіберді [168, б.23].

Облыс ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдында Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап күрделі міндеттер тұрды. 1941 жылы 26-шы шілдеде Үржар ауданының «Красные горные орлы» ауыл шаруашылық артелінің колхозшылары майданға көмек көрсету мақсатында бүкіл республика еңбекшілеріне социалистік жарысты одан әрі өрістетуге халық шаруашылығы жоспарларын мерзімінен бұрын орындау, майдандағыша еңбек ету туралы үндеу көтерді. Сол кезде Семей облысының партия комитетінің қолдауымен, мақұлдауымен бұл бастама облыс шаруашылықтарында, қала кәсіпорындарында қызу талқыланды. Өз үндеулерінде былай деп жазды: «Колхоз жиналысында біз жауды талқандау жолында еңбек вахтасына тұрамыз деп шештік. Соғыс жағдайына орай колхозшылар жаңа тәртіпке көшті. Әрбір адам енді 2-3 норма орындауға жетісетін болады. Бізде белгіленген жаңа күн тәртібі бойынша әрбір колхозшы таң атқаннан күн батқанға дейін жұмыс

істейтін болады. Түскі үзіліс уақытын 2 есе азайттық. Әрбір минутты үнемдеп пайдаланатын боламыз[169,б.24].

Үржарлықтар бастамасын қолдай отырып Абай ауданы, «Бірлік» колхозының еңбекшілері де көтеріңкі социалистік міндеттеме қабылдады.Белағаш ауданының «Новый путь» колхозының колхозшылары мемлекетке жоспардан тыс 75 мың сомның өнімдерін өндіру туралы қосымша міндеттеме қабылдады. Өнім тапсырудың жылдық жоспарын осы жылдың қазан айына дейін орындап күздік егістің көлемін 200 гектарға жеткізу туралы, еңбек нормаларын 30 процентке көбейту жөнінде Новошұльба ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылық артелінің мүшелері көтеріңкі міндеттеме алды[170,б.11].

Облыстық және аудандық газеттердің беттерінде Үржарлық патриоттар үндеуін талқылаудың, орындалу барысын және қорғаныс қорына ақша жинаудың барысы жүйелі түрде жазылып тұрды. 1941 жылдың тамыздың 10-шы жұлдызында қорғаныс қорына облыс еңбекшілері 160 миллион сом қосты. Аякөз ауданы еңбекшілері 1200 пұт астық,1080 пұт ет,120 пұт май, Абыралы ауданы 25077 сом ақшалай, 1193 кг ет, 154380 сомның облигациясын қосты[171,б.12].

Соғыстың алғашқы 2 жылында ғана облыс еңбекшілері самолеттер жасау үшін 32 миллион сом қаражат жинады. Ақсуат ауданының еңбекшілері танк колонналарын жасақтауға 2523000 сом өткізді. Аз ғана уақыттың ішінде «Семей колхозшысы» атты танк колоннасын жабдықтау қорына сол кездегі Абыралы ауданының колхозшылары 316316 сом ақша тапсырды.[21,б.45]

Егін жинау науқаны кезінде комсомол жастар бригадасы мен звенолары Стахановшыларша еңбек етті.Олар үздік жұмыс істегені үшін гвардияшы және майдангер бригадалар мен звенолар атағына ие болды. Үржар, Ақсуат, Аякөз, Абай аудандарының комсомол ұйымдары мүшелері жоғары ұйымшылдық танытып,бірнеше норма орындап жетістікке жетті.

Абай ауданының «Шолақ Еске» ауылшаруашылық артелінің қарт колхозшысы Кенебаев та шөп шабуға кірісіп, өзінің өнімді еңбегімен жастарға үлгі көрсетті.Егін орағына қатысқан 4 мың колхоз жоспары 14 мың мектеп оқушысы 30 мың гектар жердің егінін орып,18 мың центнерге жуық астық бастырды.Ақсуат ауданы Ерназаров мектебінің оқушылары өз құрбылары арасынан еліміз бойынша 2-орынды жеңіп алды. Мектеп комсомолдары Орталық Комитеттің ауыспалы Қызыл Туымен наградталды.1942 жылы қаңтар айында Жарма ауданының «Рассвет» колхозшыларына облысымызда құрылған 238-ші атқыштар дивизиясының жауынгерлерінен хат келді.Осы оқиғаға арналған жиналыста жерлес жауынгерлердің ерлік істеріне және Қызыл Армияның 24 жылдығына тарту ретінде оларға колхоз мүшелері 10 центнер ет, 10 кг сары май, 370 жылы киім жіберуге шешім қабылдады. Ал дивизия командирі Г.П.Коротков жолдасқа колхозшылар сәйгүлік ат сыйлады[172,б.3].

Сол кездегі тылдағы еңбекшілердің ерен ерлігі туралы Шар ауданынан Я.Шумский былай деп еске алады: «Мен және менің құрбыларым соғыс басталған жылы 14-15 жаста ғана едік. Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ біздің

әкелеріміз, ағаларымыз майданға аттанды. Біз ендігі жерде олардың орнын басып, таң атқаннан қас қарайғанға дейін ауыр жұмыстар атқардық. Шар депосында 1942 жылы менімен бірге Куликов, Серіков, Чернасекий, Костыркин, Дущенко, Бросалов, Біжіков т.б. жас өспірімдер жұмыс істеді. Күнтүн демей жұмыс істедік, жұмыстың аяқталғандығы туралы гудок айқайы арнайы хабар берсе де, берілген жұмысты бітірмей ешкім үйіне қайтпайтын. Біз негізінде паровоздарды жөндеу жұмыстарымен айналыстық. Паровоз паркінде 80-дей паровоз болды. Біз суыққа, аштыққа қарамастан паровоздарды дер кезінде, сапалы, жөндеуге тырыстық. Біздің қолымыздан жөндеуден өткен паровоздар қажетті жүктерді алып, майданға жіберіледі. 1942 жылы танк колоннасын жасақтауға Темірханов 10 мың, Воробьев 1 мың, Юзинас 1 мың тағы басқалары да ақша жинап жөнелтті. Соғыс жылдарында біздің Шар локомотив депосы теміржол жүйесі бойынша бірінші орынға ие болып, мәңгілік сақтауға Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің Қызыл туын жеңіп алды» [173, б.3].

Сол кездегі колхоз өмірінің көп фактілері әйелдердің патриоттық істеріне, сезімдеріне толы. Облыста 1942-1943 жылдарда 4484 механизатор даярланса оның 4084-і әйелдер, оның жартысына жуығы қазақ қыздары болды. Тракторшы әйелдер Вера Гритичина (Новошкульба МТС-і), Бағдат Хасенова (Шар МТС-і), өздерінің күндік нормаларын 2 есе орындауға жетісті. Нурия Жарабасова (Қарақол МТС-і), Жамиға Тезекова (Аякөз ауданы) күндік нормаларын үнемі орындап бақаларға үлгі болды [174, б.2].

Аякөз ауданы, Таңсық МТС-інің трактор жүргізушілері Ж.Тезекова мен Т.Әбілхайдарова өздерінің патриоттық сезімдерін мына жолдармен білдіреді: «Біз өз мамандығымызды сүйеміз және бұдан былайғы кезде де колхоз байлығын арттыруға бар күш жігерімізді жұмсаймыз. Біз тракторды қалай меңгерсек, танкті де солай игереміз...» Бұл еңбек озаттары республиканың басқа да механизатор әйелдерін барлық ауыл шаруашылық жұмыстарын дер кезінде аяқтауға шақырады. Жарма ауданының трактор жүргізушісі Қ.Қасымбекова күндік тапсырмасын 300 процентке дейін орындауға жеткізді.

Шкульба ауданы «Красный партизан» колхозының комбайншысы А.Макеева 95 гектардың орнына 123 гектар жердің астығын жинады. Соғыс жылдарында әйелдер алдыңғы шепте жүріп, жауапты қызметтерді атқарды. Үржар ауданы «Егінсу» колхозынан қой фермасын басқарған Қ.Төлендина, сиыр фермасына басшылық жасаған Ш.Жақашева, Абай ауданы «Жарылқамыс» сиыр фермасының бастығы Торғын Айқынбаева, Шар ауданы «Верный путь» колхозының төрайымы И.Евдокимова соғыс жылдарында уақытпен санаспай еңбек етті, басқаларға үлгі бола білді. [175, б.3]

Бұл кезде ауыл шаруашылығы машиналарының тілін білу қажеттілігі туды, 5-6 класс оқушыларына қарапайым ауыл шаруашылық машиналарын міндетті түрде оқу-игеру тәртібі енгізілді. Желтоқсан айында облыстың 19 мектебінде 1100 оқушы трактор, Комбайн орта мектептердің 700 оқушысы мен 300 мұғалімі ауыл шаруашылық машиналарын игеруге жұмылдырылды.

Архив документтері, құжаттары сыр шерткендей Нюрнберг процесінде анықталған мәліметтер бойынша фашистер соғыс кезінде 7 миллион жылқының, 17 миллион бас ірі қараның, 20 миллион бас қой мен ешкінің көзін жойған немесе Германияға айдап әкеткен. Қиын кезеңде республика, облыс еңбекшілерінің алдында жауапты міндет малды шығынсыз өсіріп, мемлекетке ет, тері-терсек т.б. мал өнімдерін барынша мол өндіріп, уақытында тапсыру мәселелері тұрды. Бұл айтуға оңай, орындалуы қиын жұмыстар еді.

Соғыстың қиын жағдайында Қазақстан малшылары 1942 жылы мал басын 2 миллионға көбейте алды. Бұл жұмыстарда Семей облысы ауылшаруашылығы еңбекшілерінің де қосқан үлесі зор болды. 1942 жылдың облыс колхоздары астық, ет т.б. ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыруды артығымен орындады. Облыс еңбекшілері Брянск (селолық) және Рочнединск аудандарын қамқорлыққа алды. 1943 жылдың желтоқсанында Семей облыстық партия комитетіне жолдаған жеделхатында Абыралы ауданының бірінші хатшысы Р.Жотабаев «Орел облысының Брянск селолық ауданына шефтік көмек ретінде аудан еңбекшілері 65 мың сом, 67 бас қой мен ешкі, 128 кг сары май, көптеген кітап және басқаларды әзірледі», - деп хабарлады. [176, б.125]

Соғыстың алғашқы үш жылында ғана облыс еңбекшілері майданға 31 вагон азық-түлік, сыйлықтар жіберді. 150 мың жылы киім, 35 мың пима, 11 мың жеке посылкалар жіберілді. 1944 жылдың көктемінде 1-ші Прибалтика майданына Қазақстаннан үлкен делегация сыйлықтар алып барды. Оның құрамында Семей ет комбинатының жұмысшысы, тыл гвардияшысы С.Дәулетияров та болды [177, п.95].

«Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген шақыру облыс және қала еңбекшілерінің өмірлік заңына айналды. Сөйтіп Ұлы Отан соғысы жылдары Семейдің тылдағы еңбекшілері ортақ жауға қарсы күреске өздерінің зор үлестерін қоса алды. Сондықтан да күші басым жауға қарсы соғыста жеңіп шыққан ұрпақ өкілдерінің еңбегі тарихтан лайықты орын алуға тиіс.

Колхозшы шаруалар жұмысшы табымен бір сапта еңбек етті. Жау еліміздегі барлық егістіктің 47 пайызын, ірі қараның 45 пайызын қамтитын құнарлы, бай жерлерін басып алды. Бұл аудандарда соғысқа дейінгі еліміздегі барлық егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерінің тең жартысынан астамы өндірілетін. Дұшпан халқымызды аштыққа ұшыратуды ойлады, бірақ жаудың ойлағаны болмады. Елімізді азық-түлікпен, шикізатпен қамтамасыз ету абыройына біздің колхозшыларымыз бен совхоз жұмысшылары, ауыл партия ұйымдары ие болды. Соғыстың ең ауыр жағдайында, жұмысшы күшінің, тракторлар мен ауыл шаруашылығы машиналарының мүлде жеткіліксіздігіне қарамастан, олар өздерінің қажырлы еңбегімен біздің әскеріміз бен тылды азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырды [178, п.148]. Семей облысы колхозшыларының арасында мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерін мерзімінен бұрын тапсыру, егіннің шымылдығын және мал шаруашылығы өнімдерін арттыру жөніндегі патриоттық қозғалыс кең қанат жайды. 1941 жылы 26 шілдеде Үржар ауданының «Красные горные орлы» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері

халық шаруашылығы жоспарын мерзімінен бұрын орындау, майданға көмекті барынша күшейту жөнінде бастама көтерді.

Жарма ауылының «Расцвет» колхозы мемлекетке алдағы ет тапсыру жоспарының есебіне 500 бас ірі қара өткізді, заемға бересі 13 мың сомды белгіленген мерзімінен бұрын өтеп берді[179,п.96].

Шар ауданы «Красный труд» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері норманы жұмыстың барлық түрінен 20 пайызға дейін арттыру, мемлекетке астық өткізу тапсырмасын 20-тамызға дейін орындау, мал базаларын салуды және жөндеуді 15-қазанға дейін аяқтау жөнінде шешім қабылдады.

Колхозшылардың сөзі мен ісі бір жерден шықты. Республикалық социалистік жарыстың инициаторы «Красные горные орлы» колхозы өз уәдесінде тұрды. Шаруашылықты соғыстан бұрынғы дәрежесінде сақтау үстіне олар өндірістің аса маңызды салалары бойынша бұрынғы мөлшерден асып түсті. 400 гектар жаңа жерді игеру есебінен егістік көлемі ұлғайтылып, астықтың жалпы түсімі молайды. Соғыс жылдарында колхоз ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық түрінен мемлекет алдындағы борышын мүлтіксіз орындап отырды. Жоспардан тыс мемлекетке 27846 пұт астық, 15544 пұт ет, 7872 литр сүт, 9564 пұт жүн өткізілді. Майданға көптеген тон, пима және басқа да тартулар жөнелтілді. Танк колоннасы және авиаэскадрилья құруға колхоз мүшелері 400 мың сомнан астам қаражат берді[180,п.8].

Соғыстан кейін Қазақстан КП Орталық Комитет колхоз төрағасы Китченконың партия ұйымының хатшысы Казаринның баяндамасын тыңдап қаулы қабылдады. Онда «Красные горные орлы» колхозының Ұлы отан соғысы жылдарындағы елеулі еңбегі атап өтілді. Үржарлықтардан Жарма ауданының «Расцвет», «Организатор» колхоздары да қалысқан жоқ.

1942 жыл ауыл шаруашылығын майдан мүддесіне сәйкес қайта құрудың шешуші жылы болды. Ауыл, селоның мамандары соғысқа аттанды. Автопарктер тегіс дерлік майданға жіберілді, МТС-тер мен совхоздарға тракторлар мен машиналар беру, жағар маймен қамтамасыз ету азайтылды.

Аудан егіншілері, малшылар да қалысқан жоқ. Соғыс жылдарында тұңғыш рет алыс мал отарларын игеру қолданыла бастады. Партия ұйымдары колхозшыларға малды отарлардағы қысқы және жазғы жайылымдықтарға жайып-бағудың, мал басын өсіру және арзан мал шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін үлкен маңызы барлығын түсіндірді. Жыл сайын отарларда қысқы жайылымдағы мал саны көбейе түсті. Егер 1941-1942 жылдары жайылымда малдың 17 пайызы бағылса, 1942-1943 жылдары оның саны 22,3 пайызға, 1943-1944 жылдары 52,5 пайызға дейін өсті[181,п.12].

Отан алдындағы міндетін жете түсіне отырып, Жарма ауданының малшылары, соғыс уақытының қиыншылықтарын жеңіп, 1942 жылғы мемлекеттік мал басын өркендетудің жоспарын ірі-қара малдан 101%, жылқы жөнінен 102,5% орындады. Ал ірі қара малдың өсімі 20,5 %, жылқы өсімі 19,7% болды. Жеке колхоздар мұнан да көрнекті табысқа жетті: қоғамдық мал басы «Бірлікшіл» колхозында жылқы жөнінен 29,2%, ірі – қара жөнінен 39,6%, қой-ешкі жөнінен 33,6%; «1 май» колхозында жылқыдан 70%, ірі-қара жөнінен

30,7%, қой-ешкі жөнінен 28,3%, «Буденный» атындағы колхозында жылқыдан 20 %, ірі-қарадан 35,9%, қой-ешкіден 25% өсті. Мал шаруашылығын өркендетудің жоспары асыра орындалды[182,п.9].

1942 жылы облыс мемлекетке етті, сүтті, жүнді және басқа да мал шаруашылығы өнімдерін оның алдыңғы жылдардан едәуір артық тапсырды. Мал саны көбейді. Ет тапсыру соғыстан бұрынғы жылдардағыдан екі есе артық болғанына қарамастан, ірі қара, қой-ешкі, жылқы, түйе саны бұрынғыдан кеміген жоқ. Семей облысы еңбекшілерінің бұл қажырлы еңбегі партиямыздың орталық органы «Правда» газетінде үлкен бағаға ие болды. Онда : «Бұл сұрапыл жылдарда Кеңес елі мен Қызыл Армия азық-түліктен елеулі тапшылық көрмей келеді. Әйелдер мен жас өспірімдер ерлері мен әкелерінің орнын басты, соғыстың ауыр жағдайында олар астық өсірді, мал шаруашылығы өнімдерін өндірді» делінді[183,п.8].

Соғыстың үш жылында (1942-1944 жж.) астық жинау кезінде селоға қаладан 2000 адам жіберілді. Қаланың өнеркәсіп орындары, 9 МТС-ті, 75 колхозды шепке алды. Ет консерві комбинаты, жүн өңдеу фабрикасы, кеме жөндеу зауыты және басқа да кәсіпорындар колхоздарға жөндеу бригадаларын, мәдени бригадаларын, маман жұмысшы-слесарьлар, ұста, балташы, киім тігуші, етікші және басқа да мамандар жіберіп отырды.

1942 жылдың көктемінде мол өнім алу жолындағы күресті Шар ауданы «Светлый путь» пен Жарма ауданындағы таңдаулы шаруашылықтардың бірі-«Расцвет» колхоздары бастады. Ал Шар МТС-нің ұжымы республика бойынша егінді ысырапсыз жинап алу жөніндегі жарыстың бастаушысы болды.

Ауданда 1942 ж. көктемгі егіс жұмысын сапалы әрі бірінші болып «Қызыл жұлдыз» (М.Қожағапанов), «Қарақия» (Оспанов), «Бөлектас», «Веселый пахарь», «Егінбұлақ», «8-март», «Шығыс», «Ұйымшыл», «Верный путь», «Байбура», «Пробуждение», «Светлый путь», «Кезеңсу» колхоздары орындап шықты.

Ауыл еңбеккерлерінің осынау жанқиярлық еңбектеріне қарай 1942 жылы егін бітік шықты. Аудан колхоздары қыркүйек айындағы майдандық он күндікті үлкен ұйымдастырушылықпен өткізіп, егін оруды 105,1 пайызға, күздік егуді 112 пайызға орындап шықты[184,п.14].

Ауыл шаруашылығын өркендетудің 1943 жылға арналған мемлекеттік жоспарында егіндік жердің әрбір гектарын мүмкіндігінше орынды пайдалану, егіннің шығымдылығын арттырып, астық және басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру көзделді. Көктемгі егіске дайындық және оны өткізу жөніндегі жұмыстар өрістетілді. Тұқым жетпеген жерде колхозшылар тұқым қорын өз астығынан толықтырып, бір колхоз екінші бір колхозға тұқымнан қарасып, көмектесіп отырды. Тракторлар, аттар жетіспеді- жерді сиыр жегіп жыртты. Машиналарға жаңа қосалқы бөлшектер жетіспеді, ескілер қайта жаңғыртылды.

Мәселен, Слямов Әубәкір төрағалық еткен «Қараш» колхозы колхозшылары көршілес колхоздарға 100 центнер астық босатты. Колхозшылар жеке меншіктерінен 16 кг. тары берді. «Верный путь» колхозынан Ирина

Гавриленко, Вера Охрименко, Елена Немченко, Надежда Назаренко басқа колхоздарға тұқымдай көмек көрсетуде әрқайсысы 10 килограммнан бидай босатты. «Қараш», «Көшек», «Пробуждение» колхозшылары жеке меншіктерінен 8-15 га жерге егіс екті[185,п.12].

1944 ж. көктемгі егістікті Шар ауданында «Жаңа ауыл» колхозы бірінші болып аяқтады. Барлығы 523 га жерге тұқым себілді. Терлікбаев Бибі, Өмірбаев Ақпан, Сексенбаев Үмітай сияқты еңбеккерлер іскерліктің нағыз үлгісін көрсеткен еді. Шаруашылық үздік көрсеткіштері үшін аудандық «Құрмет тақтасына» жазылды. Осы жылы егін орағы бойынша комбайнерлер «Расцветтен» - Тыщенко, «Бірінші майдан» - В.Попов, Рулев, «Пробуждение» - Б.Иделбаев, «Верный путьтан» әкелі-балалы Петр мен Анна Варченколар аудан бойынша рекордтық еңбек өнімділігіне жетті. Олар белгіленген норманы 1,7-2,5 есеге жуық асыра орындады. Бұл озаттардан жүздеген адамдар үлгі алды. Жоғарғы көрсеткіші үшін «Верный путь» колхозының комбайнері Қуанышбаев Ахмет Семей облыстық атқару комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды[186,п.15].

1944 жылы Жарма ауданында бес комсомол-жастар трактор бригадасы құрылды. Елена Хорощупова, Евгения Нечепуренко басқарған бригадалар жарыста жеңімпаздар атанды. Оларға майдан бригадасы атағы берілді. Әйелдердің трактор бригадалары арасында ұйымдастырылған жарыста республика бойынша ауданның Е.Ф.Цымбал басқарған трактор бригадасы озып шықты.

Жалпы, 1939 жылмен салыстырғанда ірі-қара мал - 139%-ға, қой-ешкі – 184,2%-ға, шошқа - 139%-ға, жылқы – 183,7%-ға артты. Шар селолық Кеңесіне қарасты «Бірлік» колхозы сүт тапсырудан жылдық жоспарды алты айда орындауға жетісті[187,п.8].

Жарма өңірінен сауыншылар Дауылбаева, Н.Ерасылова, К.Бәздиева, шопандар Н.Әділов, Ы.Әбжанов, Ш.Смағұлов, М.Итжанов, Шар өңірінен Шәкен Мусина, Биға Әубәкірова, Пелагея Тлепова, Ольга Потапенко, Мағрипа Шекембаева, Рақима Ерғазина, сауыншы Қатипа Құдабаева, Нұрила Боранбаева, Төлеу Темірбекова, Күлия Мәсәлімова, Сәбитова, Жанғожанова, Мәрия Құйқалақова т.б. озат еңбеккерлері атанды[188,п.9].

Колхоз, совхоз еңбеккерлерінің патриоттық бастамалары оңды нәтижелерге қол жеткізді. «Шалабай» совхозы 1941 – 1942 жылдары жоспардан тыс мемлекетке 543 ц.сүт , 215 ц.ет өткізді. Қызыл Әскер қорына алғашқы жылы-ақ ірі-қара 29 ат тапсырды[189,п.57]. Колхозшылар Бүбіш Әміренова, Қанипа Мұқышева алынған төлді толық аман сақтап қалды. Ел мен әскерді азық-түліктен тарылтпау жолындағы бұлардың еңбектері баспасөзде жоғары баға алды.

Фермалар арасында «Еңбек туы» колхозының үздік тракторшысы Ш.Сәдуақасова басқарған мал фермасы жоғары нәтижесімен көзге түсті. Олар әр жүз саулықтан 128-ден қозы алып, қой өсірудің жоспарын 115 пайызға, жүн өткізуді 100 пайызға, бұзау алу, ет-сүт тапсырудың жоспарын 108 пайызға орындап, аудандық Қызыл Туды жеңіп алды.

Колхоз шөп шабу науқанын жоғарғы қарқынмен жүргізді. Жас машинистер Б.Разбеков, А.Төлеубаевтар күндік тапсырмаларын 1,5-2 есе орындап жүрді. Сол үшін де фермаға қатарынан алты рет аудандық ауыспалы Қызыл Ту тапсырылды [190,п.61].

Буденный атындағы колхоздың сауыншысы Решетникова сүт сауу жоспарын 1441 литрге артық орындап, 12 сиырдан 14 бұзау алды. «Расцветен» Матвейцова жоспардан тыс 1450 ц артық сүт алды. «Бірлікшіл» колхозының шопаны Омар Кергенов әр жүз бастан 125-тен қозы алды. Белтеректен жылқышы Т.Мұсатаев 42 биеден 42 құлын алса, «Чкалов» колхозынан Мельникова әр бас шошқадан 12-ден торай өсірді. Ұлы Отан соғысы кезінде аудан еңбекшілері мемлекеттік тапсырыс бойынша (Қызыл Әскерге берген сыйлықтан басқа) 1941 жылы – 2429 ц., 1942 ж. – 4411 ц., 1943 ж. – 6142 ц., 1944 ж. – 6390 ц. Ет өткізді. Қызыл Әскерге 485 бас ат жіберілді. Елімізге әрбір килограмм азық-түліктің қаншалықты қымбат екенін жақсы түсінген аудан еңбекшілері осылайша еселі еңбек етті[191,п. 70].

Соғыс жылдарында, оның қарсаңындағыдай, Қазақстан ауыл шаруашылығы үшін мынадай кадрлар даярланды: ауыл шаруашылығы механизаторлары, колхоздардағы бұқаралық кәсіподақ қызметкерлері, жоғары және орта дәрежелі ауыл шаруашылық мамандар: колхоз, совхоз өндірісінің жетекшілері. Республика колхоздарында, жұмысшы күшінің тым қысқаруына орай механизатор кадрлар даярлауды күшейту міндеті бірінші орынға қойылды. Сол себепті, селолық жерлердегі өнеркәсіп, көлік салаларында жұмыс істейтін, 16 жастан жоғары ұл- қыздарды механизаторлар даярлайтын курстар мен мектептерге жаппай тарту шаралары жүргізілді. Машина- трактор станцияларын тез арада кадрлармен қамтамасыз ету мақсатымен соғыс басталған күнде- ақ, Қазақстанның дала қостарында тракторшылар мен комбайншыларды жекелеп даярлау тәжірибесі іске асырылды.

Қызыл Армияның жауынгерлеріне деген көрсетілген көмектің ең бастысы жауынгерлерді жылы киіммен қамтамасыз ету. Бұл жөнінде көптеген аудандарымызда жылы киімдер жинау жұмысы ұйымдастырылған. Үржар ауданының еңбекшілері майдандағы жауынгерлерге арнап, аз уақыттың ішінде 110 пар пима, 154 шолақ тон, 217 пар жылы шұлық, 174 пар қолғап, тағы басқа жылы киімдер жинап өткізді. Жауынгерлерге берілетін бұйымдардың ішінде, дайын емес материалдар мен шикізатты тез тігіп дайындап шығаратын көптеген шеберханалар ұйымдастырылған сол шеберханалардан 4100 шолақ тон, 18474 пар пима басқа да көптеген жылы киімдер дайындалды. Сол кездегі облыс көлемінде 1942 жылдың 1 желтоқсанына дейін 126.176 түрлі киімдер жиналып, тапсырылды. Оның ішінде 4.430 шолақ тон, 15.594 пар пима, 20.374 қолғап, 14.555 малақай, 17.829 шылғау тағы басқалар өткізілген[201,220].

Семей қаласына қарасты Абыралы ауданының еңбеккерлері жылы киімдер қорына яғни аудандық комиссияға 19 қысқа тон, 37 пар пима, 23 құлақшын-малақай, 13 мақталы фуфайкалар және басқа да қажетті бұйымдарды өткізді.

Бұл біздің биылғы жылдағы бірінші қысқы үлесіміз-дейді колхозшылар. «Красный партизан» совхоз артелі аудандық комиссияға барлығы (қыркүйек

айында) аудан еңбеккерлері 104 шолақ тон, 56 пар пима, 90 пар қолғап, 106 пар жылы шұлықтар, 100 жастыққап жылы киім-кешектерді жинап, Қызыл Армияға жөнелтті. Майдангерлерге сый ретінде Абай ауданының колхозшылары 5 центнер май жіберді[193,41].

Ал, Шар ауданы 22 центнер ет жіберсе, Ақсуат ауданы ұн және азық-түлік өнімдерін жіберген. Шар ауданының «Пробуждение» колхозының жұмысшылары Сталинград қорғаушыларына сыйлықтар жібергендіктері туралы хабарлайды.

Сонымен қатар, Мақаншы ауданына қарасты «Часовой партизан»-ауылшаруашылық артельдерінің мүшелері жауынгерлерге 1 мамыр мерекесіне қарсы генерал Панфилов атындағы 8-гвардия дивизиясына 12 пұт ет, 60 кг май, 60пұт ұн жіберген. Бұдан да басқа семейліктердің майданға деген көмегі тоқталып қалған жоқ. Қуатты танк колоннасын жасау қорына деген қаржылай көмектер көрсетіліп жатты. Мысалы, 1943 жылдың 10 қаңтарында болат танктер жасауға Үржар ауданының колхозшылары «Семей колхозшысы» танк колоннасы қорына 1.935.000 сом ақша, 1.548 пұт астық тапсырып, өз үлестерін қосты. Қаһарман Қызыл Армияның жеңістеріне жігерлендірілген «Жаңа күш» артелінің ұжымы (Балажол руднигі) Отан қорғау жолындағы жауынгерлерге деген көмегін «Семей колхозшысы» атты қуатты танк колоннасы «Советтік Қазақстан» атты жауынгер самолеттер жаса қорына 8.000 сом алтын тапсыру мен көрсетті. Сол сияқты «Еңбектау» артелінің ұжымы да танк және самолет жасау қорларына 1000 сом алтын тапсырды. Ал, Белағаш ауданының еңбеккерлері «Семей колхозшысы» танк колоннасы мен «Советтік Қазақстан» атты авиоэскадрильяға 3.011.000 сом қаржы берді. Сондай-ақ Үржар ауданынан 2.554.000 сом, Аягөз ауданынан 2.87.000 сом, Абай ауданынан 624.000 сом қаржы жиналғандығы анықталды[194,56].

Соғыс жылдарында армия мен халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде Қазақстанның ауыл шаруашылығы аса маңызды роль атқарды. 1941-1942 жылдары жаудың қоластында қалған аудандардан 1.2 млн. бас ірі-қара мал айдап әкелініп республикамыздың жер-жеріне орналастырылды, 1943 жылдан бастап осы малдар жаудан босатылған аудандарға кері қайтарыла бастаған. 1943-1944 жылдары 500 мың бас малды әкелген жерлеріне қайта жеткізіп берген[195,59].

Мұның барлығы майдан мен тылдың бірлігін, халықтар достығын нығайтуға үлкен әсерін тигізді. Қазақстан еңбеккерлерінің майданға көмегі қызыл әскерлердің жағдайын жақсартып, олардың жауынгерлік рухын көтерді. Қызыл Армия бөлімдерінің жауды талқандау үшін мүмкін болған нәрсенің бәрін істеуге жігерлендірді.

Сөйтіп, Қазақстан соғыстың алғашқы күнінен бастап-ақ Кеңестер Одағы арсеналдарының біріне айналды, оның экономикалық тіректерінің бірі болды. Республикадан майданға әскер, оқ-дәрі, киім-кешек және азық-түлік тасыған эшелондар үздіксіз ағылып жатты. 1943 жылы 6 ақпанда Кеңестер Одағының ең беделді газеті «Правда» өзінің бас мақаласында былай деп жазды: «Майдандарда қазақтар жақсы соғысуда, олардың әкелері, шешелері мен

әйелдері майдан үшін тылда аянбай еңбек етуде. Қазақстан өз жерінің барлық байлығымен, тауарларының барлық қазынасымен майданның қуатты таянышы болуда». Қазақстанның бүкіл экономикасы мен адам күшін Ұлы Отан соғысы майдандарының талаптарына сай жан-жақты жұмылдыруда республика партия, кеңес және шаруашылық органдары үлкен айтуға тұрарлық ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырды [196,58].

Семей өңірі ауыл еңбекшілері майданды өнім сұранысымен қамтамасыз етіп отырды. Өз алдарына қойған мақсаттарын жүзеге асыруға барынша тырысты. Әр түрлі аймақтарда қалыптасқан колхоздардың жұмысшылары майданға қажет өнімді игеруге барын салды. Соның нәтижесінде соғыстағы жауынгерлер қажетті өнімдерге қол жеткізген еді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары республика экономикасы бейбіт еңбекке көшіріліп, мемлекет тарапынан ауыл шаруашылық саласына көп көңіл бөліне бастады. Колхоздарға дербестік берілді, ауыл-село еңбеккерлерінің өнім өндіруге деген материалдық ынталылығы арттырылды, ауыл шаруашылық өнімін дайындау және сатып алу бағасы көтерілді. Сонымен қатар аграрлық секторды техникамен жабдықтау біршама жақсарды, онда электр қуаты кеңірек қолданылатын болды, колхоздар мемлекетке төлеуге тиісті қарыздарынан босатылды. Бірақ, аталған шараларға қарамастан елде қалыптасқан басқару жүйесі ауыл шаруашылығының дамуын экстенсивті жолмен жүргізе берді. [196,70]

Сонымен қатар бұл жылдары өлкеде мал шаруашылығының жаңа даму кезеңі басталды. Соғыстан кейінгі жылдары ауыр кезеңде тұралып шыққан мал шаруашылығын көтеру үшін 1946-1950 жылдары төртінші бесжылдықта мал басын көбейту оның өнімділігін арттыру қажеттілігі күн тәртібінде тұрды [197,10]. Республикада табиғи жайылымдар мен шабындықтардың болуы, сол сияқты астық шаруашылығының өркендеуі мал шаруашылығын дамытуға жағдай жасайды. Әрбір колхоз бен совхоз мал шаруашылығын ауыл шаруашылығының басқа салаларымен тиімді ұштастыра отырып, қолайлы жағдайларды пайдаланатындай болуы керек. Осылай істегенде ғана, малшаруашылығы өнімін өндіруді арттыру мақсатымен малдың барлық түлігінің көбейіп, оның өнімділігінің артуын қамтамасыз етуге болады.

Арнаулы қой өсіретін колхоздар мен совхоздар құрылды. Мәселен, 1946 жылы 1 қаңтарда республикада 14861,6 мың бас қой болды, соның ішінде 10072 мың бас колхоздарда, 913 мыңы совхоздарда, ал қалған 3876,6 мың бас мал жеке қожалықтарды болды. Халық шаруашылығын қалпына келтіру жөніндегі 1946-1950 жылдардағы бесжылдық жоспарында республика бойынша мал санын өсірудің мынандай міндеті қойылды: ірі қара өсіру - 17, қой мен ешкі – 41, жылқы - 13, шошқа – 2 есеге арттыру қажеттілігі көрсетілді [29,25].

Соғыстан кейінгі жылдарда орталықта да, жергілікті орындарда да ауыл шаруашылығын басқару ұйымдар жүйесін кеңейтуге бетбұрыс байқалды. Жоғарыда айтқандай, соғыстан кейінгі жылдары халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында астық өндіруді арттыру, егістік жерлерді ұлғайту міндеттерін алдыға қойды. Мәселен, Семей облысы бойынша төртінші

бесжылдықта 127 млн. тонна астық мемлекетке өткізу қажет болды, яғни әрбір центнерден 12 кг. өнім алу керек, бұл меже соғысқа дейінгі мөлшермен салыстырғанда 7 пайыз өсуге тиіс болды. Соғыстан кейінгі жылдары Ново-Щульба ауданы Шевченко атындағы колхозда әрбір гектардан 12 центнер бидай өндірілді. Үржар ауданы «Красные Горные орлы» колхозы әр гектардан 23 центнер, Ново-Покровка ауданының «Правда» колхозы әр гектардан 25 центнер өнім алды. Міне осындай жекелеген шаруашылықтар мемлекет тарапынан бөлінген қаржыны дұрыс пайдалана отырып, соғыстан кейінгі алғашқы жылдары осындай табыстарға жетті[29, б. 26]. Ал жалпы алғанда республика бойынша ауыл шаруашылығының дамуы, колхоздар мен совхоздардың нығаюы төмен дәрежеде болды, әсіресе мал шаруашылығының өсуі төмен болды. Жоғарыда көрсетілген партияның қаулы-қарарларында жекелеген табыстарды асыра көрсету саясаты да көрсетілді, қабылданған көптеген шешімдер орындалмай қалып отырды. Семей облысының ауыл шаруашылық артельдерінде 6162960 гектар жер болса, оның 372672 гектар жері шабындық, 241872 гектар жері тыңайған жер, оратын жер 384408 гектар, мал жайлымдық жерлер 426801 гектар болды. Көптеген колхоздар жайлымдық жерлерді толық пайдалана алмады, ал шабындық жерлер аз болғандықтан малдың қажетті жем-шөп қоры жеткілікті дайындалмады[29, б.20].

Ал егіндік жерлердің көлемі облыста 1950 жылы 470 мың гектар болды. 1946 жылы 303 мың гектар болса, 1947 жылы 310 гектар, 1948 жылы 319 мың гектарға өскен, ал 1949 жылы бұл жердің көлемі 318 мың гектарға қысқарды. 1949 жылы егіндік жердің қысқаруы тұқымның жеткілікті дайындалмауынан болды. Астық тапсыру міндетінің орындалмауы колхоздардағы егістік жерлердің көлемінің азаюы болып табылады. Колхоздарда егістік жердің көлемінің қысқартылуы соғыстан кейінгі жылдардағы материалдық-техникалық жабдықталудың төмендігі және жеке шаруа қожалықтарының көбеюіне де байланысты жүрді. Семей облысының Жаңа-Семей ауданында 1945 жылы колхоздардың жалпы жері 400113 гектар болса, жеке қожалықтардың жері 363 гектар, ал 1946 жылы жеке қожалықтардың жері 435 гектар, 1947 жылы 445 гектар жерге өскен, яғни екі жылдың ішінде Жаңа-Семей ауданындағы жеке қожалықтардың жері 82 гектарға өскен[198,58]. Жеке қожалықтардағы жердің аз болуы 1930 жылдардағы аштықтан кейін ауыл шаруашылық жарғысы бойынша жеке қожалықтарға үлкен жер алуға рұқсат етілмеді. Соғыс жылдарында колхоз жерлері жеке қожалықтарға үлестіре бастады және соғыстан кейінгі жылдарда да жалғасты. 1946 жылы есеп беру жиналысында ауыл шаруашылық басқармасы былай деп көрсетті «Облыстың барлық аудандарында жеке шаруа қожалықтар күннен-күнге өрістей бастады»[29, б. 28].

Соғыстан кейінгі бірінші жыл ауыл шаруашылығы үшін аса қиын болды. Құрғақшылық елдің, әсіресе оның еуропалық бөлігінің ауыл шаруашылық жағдайына өте ауыр тиді. Жағдай жұмысшы күшінің жетіспеушілігінен де ушықты; ауыл шаруашылық машиналардың көп бөлігі соғыс жылдарында істен шықты, ал жаңадан алынатын машиналар саны аз болды. Басқарудың

әкімшілік, күштеу тәсілдерінің, экономикалық заңдарды есепке алмаудың зардаптары ауыл шаруашылығына кері әсерін тигізді.

Ауыл шаруашылығы саласындағы соғысқа дейінгі деңгей тек 1950-ші жылдарда ғана өз дәрежесіне жете бастады. КСРО Министрлер Кеңесінің 1950 жылы 7 маусымдағы «Ұсақ колхоздарды ірілендіру» туралы қаулысында «Ірілендірілген колхоздар ауыл шаруашылық машина, трактор, комбайндарды пайдалануға жол ашады» - деп көрсетіледі[199,22]. Колхоздарды ірілендіру саясатының оң және теріс жақтары болғаны рас, ірілендіру орта және ірі колхоздар үшін экономикалық жағынан пайдасын тигізсе, ұсақ колхоздар үшін үлкен қателіктерге әкеп соқты. Өкінішке орай, өңірдің табиғи жағдайына қарай ұсақ колхоздардың болашақ даму барысына мән бермегендіктен және ауыл шаруашылық саласындағы жергілікті табиғи және экономикалық ерекшеліктерге мән бермеу, ауыл шаруашылығын дамыуына кері әсерін тигізді.

1953 жылы қыркүйек айында өткен КОКП Орталық Комитеті пленумында ауыл шаруашылығының ауыр жағдайын талқылау отырып, дағдарыстан шығару үшін совхоздарды мал шаруашылығын мамандандыру, ет немесе сүт мол беретін малдар түрін өсіру үшін арнаулы совхоздар құру керек деп тапқан еді[200,150]. 1954 жылдан бастап тез арада ауыл шаруашылығын тарихта болмаған дамуын қамтамасыз ету үмітімен Қазақстанға тікелей қатысты тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны басталды. Қазақстан басшылығы бұл бастаманы қолдай қоймаса да, осы аталған науқан қазақ даласында жүріп өтті[201,5]. Егістік алқаптарын кеңейтумен тікелей байланысты осы шара, салыстырмалы қысқа мерзімде (негізінен 1954-1960 жж.аралығында) КСРО бойынша 42,0 млн. гектар, ал Қазақстан бойынша – 25,5 млн. гектар тың және тыңайған жерлерді игеруге мүмкіндік берді.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге қатысты Шығыс Қазақстан облысы Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығында деректі құжаттар сақталған. Бұлармен қоса баспасөз материалдары да баршылық. Ол туралы осы мұрағат мекемесінің Ғылыми-анықтамалық аппараты және құжаттарды пайдалану бөлімінің жетекшісі Л.Қ. Қадырова өзінің «Семейліктер егіс алқабында» деген мақаласында: «... құнды тарихи деректердің ішінде тың игеру жылдарындағы, яғни 1954-1958 жылдар арасын қамтитын бұрынғы Семей облысының облысқа тарайтын «Екпінді», «Семей правдасы» деген атаумен шыққан газеттерде сан алуан мақалалар жарияланып тұрған, әр мақаланың өзіндік сырлары бар. Қарап үңілетін болсақ «Егін оруды, астық тапсыруды жеделдете түсейік!», «Мемлекетке уақытында 30 миллион пұт астық тапсырайық!» деген ұрандармен бүкіл комбайншылар мен тракторшылардың, егіс алқабындағы жұмыс жасаған барлық азаматтардың, аса қызығушылықпен еңбекке белсене араласқанын көруге болады», –деп көрсетеді.[29,б.55].

Тың игеру бойынша Семей облысының аудандары жер жағдайларына қарай жеке аймақтарға бөлінген. Олар Новопокровка, Новошұльба, Бородулиха, Ақсуат, Көкпекті, Жарма, Шар аудандары және Коростелевский, Ұзынбұлақ совхоздары. Бұл аудандардың жері егін егуге қолайлы, топырағы құнарлы, тың егін бітік шығады деп есептелген. Бірақ, Көкпекті, Новошұльба,

Бородулиха, Жарма сияқты аудандардың жерлерінің астық шығу мүмкіндіктеріне байланысты сенімді түрде айтуға болатын болса, ал Ақсуат, Шар және т.б. аудандар туралы мұны айта алмайсыз. Сол науқаншылық кезінде осыны айтудан облыс басшылығы жоғары тұрған органдардан қаймыққан ба деп ойлауға болады.

Мұрағаттағы Семей облыстық партия комитетінің құжаттары сақталған 103 қорда, әр түрлі деңгейдегі партия ұйымдары мәжілістерінің хаттамалары бар. Хаттамаларда ең алғашқы құрылған Мақаншы, Үржар, Коростелев, Ұзынбұлақ сияқты тың совхоздары туралы шешімдер бар. «Семей правдасы» газетінің 1958 жылғы 159 нөмірінде «Биік таулы, бұлақты, жері құтты Көкпекті қоймасына 5 жарым миллион пұт астықты керуендеп әкеліп төкпекші» деген атаумен үлкен мақала шыққан. Мақалада Көкпекті ауданының «Большевик», «Үлгілі малшы», «Приображенка», «Ивановка» совхоздарының егіс алқаптарындағы жұмыстың жоғары деңгейде орындалып, белгіленген жоспарға сай миллиондаған пұт астық жинап, өкіметтің қоржынына салынғаны мақтанышпен айтылады. Сонымен қатар, Бородулиха ауданының өкіметке 2 миллион 800 мың пұт астық тапсырғаны, «Сталин» атындағы колхоздың егін алқабындағы жұмыстың нәтижелерінің мол болғандығы да көрсетілген [202,56].

Семей облысының климаттық жағдайы Шығыс Қазақстан облысымен салыстырғанда ерекше болатын. Семей облысының ауылшарушылығы айналымында суармалы жерлер жүйесі үлкен роль атқарды. 1949 жылы облыста суармалы жердің жалпы көлемі 116865 га құрады, оның ішінде 83241 га, яғни 80%-ы қолданыста болды. Суармалы жерлердің қалған бөлігі бірнеше себептермен пайданылмады, оның бір себебі судың жетіспеушілігі еді. Бұл жағдайды түзету үшін су қоймаларын салу жоспарланған болатын.

1946 жылы Семей облысы бойынша жалпы егіс алқабының көлемі 624653 гектарды құрады, соның ішінде көктемдік дақылдар егілген жерлер – 295903 га, және күздік дақылдар егілген жерлер – 328750 га. Облыс бойынша көктемдік дақылдар көптеп егілген аудандар – Новошұльба (39593 га), Көкпекті (35378 га) және Ново-Покоровка (34414 га), ал ең аз егілген аудан Шұбартау (2519 га) болып табылады. Енді күздік дақылдар көптеп егілген аудандарға келетін болсақ, олар тағы да Новошұльба (45506 га), Ново-Покоровка (34414 га) және Жарма ауданы (33306 га), ал ең аз күздік астық егілген алқап Шұбартау ауданы (2519 га). Яғни, осыдан көретініміз Семей облысының барлық аудандарының ішінде Новошұльба және Ново-Покоровка аудандары күздік, сондай-ақ, көктемдік егіс алқабымен ерекшеленеді.

Жалпы облыс аудандары бойынша белгілі бір дақыл өсіру түрімен мамандану байқалады. Мәселен, Жана-Семей және Үржар аудандарында облыс бойынша ең үлкен көкөніс егістері орналасқан, яғни 485 және 272 га. Үржар ауданы және Семей қаласы картоп егуден облыстың басқа аудандарына қарағанда алдыңғы қатарда болды (877 және 882 га). Көпжылдық шөптер егістігі Бородулиха және Жарма аудандарында болды (645 және 634 га)[202,56].

Қазақстанда дәнді дақылдардан негізінен бидай егілді. Бидай 1953 жылы 4,6 миллион гектарға егілсе, ал 1958 жылы 19,3 миллион гектарға егілген, яғни екі еседен артық жерге бидай егілген. 1958 жылғы егін егу науқаны кезінде көктемде себетін тұқым тапшылығы орын алды. Оның себебінде 1957 жылғы алынған астықтан қоймаға салынған тұқым ретіндегі астықтың келесі жылғы себуге жеткіліксіз болғандығы жатты. Өйткені облыс аудандары барлық астықты жоспаршылдық саясат негізінде, тұқымға астық қалдырмай мемлекетке өткізіп жіберген. Мысалы, Шар ауданында 1954 жылы себуге жүгерінің 685 центнері, тарының – 1025 центнері, картоптың – 667 центнері жетпеді. Үржар ауданында тұқым жетпегендіктен 841 центнер бидай егілмеген. Сол сияқты Аягөз, Абыралы аудандарында тың игеру қарқыны кезінде жерге салатын тұқым тапшылығы орын алды. Ал, КОКП Орталық Комитеті үсті-үстіне жоспар орындау жөнінде нұсқауларды қарша боратты. 1954 жылы Семей облыстық атқару комитеті, жоғарыдан нұсқауларды негізге ала отырып, 1955 жылы облыс ұжымдарына 60 мың гектар жерді қосымша игертуді жоспарлады. Семей облысында қабылданған жоспардың орындалуына келетін болсақ, облыс бойынша бидай егу жердің 113,3 мың гектарын, яғни 30 пайызын, ал жүгері егу 30650 гектарды ғана қамтыған[202,56].

Ауыл еңбеккерлері бидайды тұқымға қалдырмаса да, осыншама қыруар жер жыртып, жоспарды орындау үшін күш салған, яғни «жоспаршылдық» әкімшіл-әміршіл саясат негізінде облыс колхоздары тапсырмаларын орындағаны жөнінде рапорттар бере бастады. Облыс колхоздары тапсырманы 15 күн бұрын орындағанын мәлімдеді. Колхоздар жүгері өсіретін жердің көлемін өсіре түсті, Үржар ауданының «Қызыл қырандар» колхозы 80 гектар жерге жүгері екті. Үржар ауданы жүгері себуді 15 күнде, Мақаншы ауданы – 22 күнде орындады. Міне осындай орталықтың шешімімен асыра сілтеулерді әрбір колхоз жасады. Жоспарын орындай алмаған колхоздар партия комитеттерінің бюроларында талқыланып, қатаң ескертулер алды. Мәселен, Үржар, Аягөз, Ақсуат ауданында өмір бойы мал шаруашылығымен айналысқан табиғи жайылымдардың орны жыртылып, егін, жүгері егілді. 1500 гектер орнына 938 жерге ғана, Шар ауданында 1444 гектар орнына 1081 гектар жерге ғана дән егілді деп аудан еңбеккерлері қатаң сөгіс алды, партия шешімін орындамағаны үшін аудан басшылары орындарынан түсірілді[29, б. 80].

Тың және тыңайған жерді игеру жылдары мал шаруашылығында да үлкен қарқынмен болмаса да ілгерілеу байқалды. Мұны тың жерлерді игергеннен кейінгі 1958 жылы мемлекетке өткізілген мал басы мен ет тапсыру жоспарынан аңғаруға болады. Семей облысында осы жылдың тоғыз айында ғана 22863 мың бас мал, 73572 мың тонна ет өткізілген, ет өткізу жоспары Ақсуат және Шар ауданынан басқа аудандарда толық орындалған. Семей облысының атқару комитеті мал шаруашылығын, оның ішінде жылқы өсіруді одан әрі дамытуға қатысты 1958 жылы маусым айында «Колхоздар мен совхоздарда жылқы шаруашылығындағы кемшіліктер және оны жоюдың шаралары» жөнінде қаулы қабылдаған[202,57].

Жылқы малының азайып кетуіне төмендегі жағдайлар әсерін тигізді. Біріншіден, соғыс жылдарында жылқы малы күш көлігі ретінде жаппай пайдаланылды және соғыс жылдарында үлкен шығынға ұшырады. Соғыстан кейінгі жылдары қалпына келіп үлгермеген жылқы малының басы, тың жерлерді игеру кезеңінде қолбаса және т.б. ет өнімдерін жасау үшін ет комбинаттарына көптеп өткізілді. Екіншіден, мал жайылымдарының үнемі пайдаланылмауы, жем-шөп қорының жетіспеуі, шабындық жерлерге жүгері, қант қызылшасы көптеп егілуі. Үшіншіден, жылқы және түйе шаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан назар аударылмады [29, б. 97-98].

Салыстырмалы түрде келтіретін болсақ, дәл осы тың игеру жылдары қазақтың төрт түлігіне жататын жылқы басы күрт азайып, мұсылман халықтары етін жемейтін шошқа саны шұғыл көбейді, яғни шошқа басы 4 еседен астам өсті. Шығыс Қазақстан және Семей облыстарында шошқа өсіретін ірі шаруашылықтар құрылды. Семей облысының Ленин атындағы совхозында әр мегежіннен 38 торай өсіріліп, саламақтарын 25 центнерден өткізді. Мұндай шошқа етін өткізуді ұлғайту міндеті республиканың барлық облыстарына берілді. Сол сияқты қызметкерлерге жеке меншікке шошқа алып өсіру міндеті қойылды. Мұның іске асырылуы партиялық бақылау жағдайында кәдімгідей қадағаланды.

Қазақстандағы игерілмеген құнарлы егістік жердің шамамен 1,5 млн. гектарға жуығы Семейдің Ертіс өңірінде еді. Тың игеру ісіне байланысты «Мақаншы», «Үржар», «Коростелевский», «Ұзынбұлақ» астық совхоздары қайта құрылды. Олардың әр қайсысында 30 мың гектарға дейін жерлер игерілді. Аталған совхоз шаруашылықтарына, тек 1955 жылдың өзінде Кеңес Өкіметінің түкпір-түкпірінен 1400 ден астам адам көшіп келді. Тың жерлерді игеру жоғары қарқынмен жүргізілді. Егер облыс бойынша 1954 жылы 280 мың гектар жер игерілсе, ал келесі жылында 390 мың гектардан астам жер игерілді. Осылайша, 1955 жылдың аяғына таман игерілген егістік жердің аумағы екі есеге, ал 60-шы жылдары үш есеге дейін өсті.

Тың және тыңайған жерлерді игеру бойынша қойылған үлкен міндеттер – патриоттар мен өз ісінің шеберлерінің арқасында шешілді. Семей облысы бойынша 63 адамға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ерен еңбектері үшін сегіз мыңға жуық адам Кеңес Одағының ордендері және медальдарын алды. Бүгіндері сол кезде болған азаматтар облыстағы алғашқы тың игерушілердің қажырлы еңбектерін айтып, есімдерін құрметпен еске алады. Олар – тың игеруде Социалистік Еңбек Ерлері атанған белгілі механизатор – астық өсірушілер: Анатолий Яковлевич Булгак («Большевик» совхозы), – Қуанышбай Саяқұпов («Тасбұлақ» совхозы), Михаил Александрович Самарский («Ұзынбұлақ» совхозы), Анна Ивановна Семушкина («Қызыл тау қырандары» колхозы), Назарбек Саяқымұлы Саяхимов (Буденный атындағы совхозы) және т.б. Кезінде Кеңес Одағының әр түрлі өңірлерінен келген Виктор Иосифович Березнов, Иван Яковлевич Юрченко, Владимир Иванович Евстифеев, Павел Людвигович Зиц, Заманғазы Мұхамедиев, Иван Егорович Браун, Анатолий Романович Онищенко сияқты алғашқы тың игерушілер өз тағдырларын Семей

облысымен мәңгілікке байланыстырды. Тағы бір тыңның шаруашылығы – «Үржар» совхозын 18 ұлт өкілдері құрды. Мұнда алғашқы тың игерушілер – далалық бригада басшысы А.А. Михайлов, тракторшылар В.В. Бунин, И.В. Коваленко, П.П. Шашлов, Р. Азиз-Ага, А.Я. Шипинский, В.В. Ларкин және т.б. аса үлкен құрметке ие болған. Совхоздың 300 ден астам жұмысшысы «Тың және тыңайған жерді игергені үшін» медалімен марапатталған, алтауына «ҚазССР-нің ең үздік механизаторы» атағы берілген. «Үржар» совхозы 1954 жылдың қараша айында құрылған. 1955-1956 жылдардың өзінде жаңа құрылған шаруашылықта 26 трактор, 116 комбайн және басқа да техника жұмыс істеген. Совхоздың құрылған алғашқы екі жылында 42 мың гектар тың және тыңайған жерлер игерілді. 37 мың гектар жерге егістік дақылдары отырғызылды. 1956 жылы шаруашылық мемлекет қазынасына 200 мың центнерден астам астық, 293 центнер ет, 240 центнер сүт және 127 центнер жүн өткізген. Совхоз құрылған күнінен бастап, 1991 жылы тарағанға дейін мемлекетке 15 миллион пұт астық, 10 мың тонна ет, 12 мың тонна сүт және 1000 тоннадан астам жүн тапсырған[202,57].

Семей қаласында өткен тың және тыңайған жерлерді игерудің 25-жылдығына арналған салтанатты жиында сөз сөйлеген, Жанасемей ауданының Карл Маркс атындағы колхозынан шыққан алғашқы тың игеруші Николай Терентьевич Олейник былай деген: «Мен біздің еліміздің басқа да өкілдерімен бірге тың жерлерді игеруге ат салысқаным үшін ризамын. Мен Белоруссия жерінде туып, өстім. Әскери қызметтен кейін Семей қаласына жұмыс істеуге келдім. Тың игеруді бастаған алғашқы жылдары-ақ біздің шаруашылықтың механизаторлары алты мың гектардан астам егістік жерді жыртып тастаған болатын. Тың игеру жылдары механизатор мамандығын игеріп, далалық аймақты ұнатып, осы өзім құрылуына қол ұшымды тигізген шаруашылықта өмір сүруге қалдым. Республикамызда тың игеру жылдары атқарған жұмыстарым үшін бойымды мақтаныш билейді»[203,8].

1954 жылдан басталатын тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты қалай болғанда да бұрынғы Семей облысының жалпы экономикасының, оның ішінде ауылшаруашылығының дамуына тікелей әсер еткен факторлар қатарына жатады. Әрине, көптеген іс-шараларды жүзеге асыру барысында асыра сілтеулер мен науқаншылдыққа жол берілгенін де айтуымыз керек. Бұл әсіресе 1960-шы жылдардың басындағы жаппай малды ет комбинаттарына өткізуден болған мал басының азаюынан көреміз. Осы солақай саясаттың салдарынан бұрынғы Семей облысындағы болған түйе өсіру шаруашылығы бүтіндей жойылды деуге болады. 1964 жылдан былай қарай жүргізілген байыпты саясаттың нәтижесінде облыстың ауылшаруашылығы халық шаруашылығының тиімді салаларының біріне айналды. Халық шаруашылығының дамуында тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде дүниеге келген шаруашылықтардың да үлестерінің қомақты болғанын айтамыз[202,58].

1950–ші жылдардың ортасында және 1960-шы жылдардың басында құрғақшылық пен жаппай жер жыртуға байланысты дәнді дақылдар егістерінің көптеген бөлігі жел эрозиясына ұшырады. Ғылыми станциялар жел

эрозиясымен күресу үшін алқаптық топырақ қорғау жүйесі мен жерді өңдеуді қолдануды ұсынды. Бұл шаралардың арқасында бірнеше жылдардан кейін егіншілік жақсарып, астық шығымдылығы артты. 1960-жылдардың аяғына қарай Қазақстанда 25 миллион гектар тың жер игеріліп, егін шаруашылығымен айналысатын 333 совхоз болыпты. Мемлекетке астық сату 1960 жылы 10,5 млн. тоннадан асты (1950 жылы 2,1 млн. тонна)[204,108].

Жалпы, тарихтағы барлық ірі жеңістер мен жетістіктер адам қолымен жасалған. Сол секілді, өткен ғасырдың ең бір теңдесі жоқ еңбек үлгісі – тың және тыңайған жерлерді игеруден басталғаны анық. Қалай дегенмен де, тың көтеру Қазақстанды әлемдік аренадағы ірі астықты елдердің біріне айналдырды.

Аграрлық саясатты ары қарай дамыту бағытында 1958 жылы желтоқсанда өткен КОКП Орталық Комитетінің пленумы Қазақстан колхоздары мен совхоздарының астық беру жоспарын орындау жөніндегі мәселелерін талқылады. Сонымен қатар партияның XXI съезі одақ көлеміндегі ауыл шаруашылығының жай-күйімен таныстыра отырып, ауыл шаруашылығын дамытудың тағы да кезекті міндеттеріне тоқталды. Өкінішке орай, партияның аталған пленумы және XXI съезінің шешімдерінде қабылданған міндеттерінде тың игеру жылдарындағы табыстарға ғана тоқталып, жаңа міндеттер қабылдаумен ғана шектелді[29, б. 178-179]. 1959-1965 жылдары одақ көлемінде жетіжылдық жоспар қабылданды. Жеті жылдық жоспар ауыл шаруашылық өнімін одан әрі ұлғайту жоспарын алға қойды[205,320].

Кеңес өкіметі кезеңіндегі жүргізілген ауылдағы реформалар күткен нәтижесін бермеді, аграрлық сектордағы әлеуметтік-экономикалық жағдай нашарлап, өндіріс көлемі қысқарып, ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейі төмендеп, әлеуметтік жағдай жылдан-жылға шиеленісті. Осы тұрғыдан қарағанда, Кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізілген волонтаристік саясаты халыққа жасалған қиянаты, дүниенені өзгертудің зорлыққа негізделген концепциясының жарқын бір көрінісі іспетті. Сондықтан да тоталитарлық жүйе кезінде біржақты, кейде субъективті және коммунистік идеология рухында зерттелген аграрлық мәселелерді қазіргі заманның талабына сай, өткен тарихқа сын көзбен қарап, оларды жаңаша зерделеп, сараптау міндеті туындайды[206,3].

Республиканың ауыл шаруашылығы өндірісінде жаңа жерлерді игеруге байланысты жаппай колхоздарды совхоздарға айналдыру ісі қолға алынды. Жаңадан құрылған совхоздар экономикалық жағынан әлсіз, жерлері көп колхоздар есебінен жүргізілді. Ірі астықты совхоздар негізінен республиканың солтүстік және солтүстік-батыс аудандарында құрылды. Колхоздар негізінде совхоздар құру іс-шараларымен қатар совхоздарды ірілендіру және мамандандыру саясатын да жүргізді. Елімізде астық проблемасын шешу мақсатында арнаулы мамандандырылған ірі астық совхоздары құрылған.

Ауыл шаруашылығын көтерудің негізгі жолы ретінде жаңа совхоздар құру мәселесі осылайша 1960 жылдардың аяғына дейін күн тәртібінен түскен жоқ. Совхоздарды құру міндеті 5-6 жылдың ішінде аяқталуға тиіс болды.

Партия құжаттарында совхоздар құру ісін өрістетуге ауыл-селода социалистік кәсіпорындарды құрудың басты кепілі деп саналды. Колхоздарды совхоздарға айналдыру және ірілендіру шаралары негізінде 1965 жылдың соңына қарай республикадағы совхоздар екі есеге ұлғайды. Семей облысында совхоздар көптеп ұйымдастырылды. Мұнда ет-сүт және бау-бақша өсіретін совхоздар құрылды. Қаңтар пленумында сөйлеген Н.С. Хрущев баяндамасынан төмендегідей үзінді келтіруге болады. «... вырастили хороший урожай, но в результате плохой организации работы этот урожай полностью не был убран. На 1 ноября в республике оставался нескошенным и неподобренным хлеб на площади в 1 миллион 618 тысяч гектаров». Мұндай жағдай 1960 жылы да сақталды, республика мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындай алмады. Тың өлкесінің облыстарында астық өткізу 1958 жылмен салыстырғанда 1959 жылы төмен өткізген. Бірақ ең бітік шыққан жылдары тыңдағы өнім орта есеппен 11,7 центнерден аспады. 1960 жылдардың басында халық шаруашылығын басқаруда өзгерістер енгізіліп, реформа жасалынды. КОКП Орталық комитетінің 1962 жылғы қараша айында өткен пленумы «КСРО экономикасын дамыту және халық шаруашылығына партиялық басшылықты нығайту» жөнінде арнаулы қаулы қабылдады[207,200].

Аталған қаулының шешімі бойынша партия органдары өндірістік принцип бойынша қайта құрылды. Партия ұйымы екі салаға бөлінді, бір саласы өнеркәсіпті басқарса, екінші саласы ауыл шаруашылығын басқарды. Партия құрылымы сияқты кеңестер мен атқару органдары да екіге бөлінді. Сонымен бірге жоспарлау мен экономикалық ынталандыру әдістеріндегі қатерлер де ашылып, түзетілді.

Ал мал шаруашылығына келетін болсақ 1950 жылдары ауыл шаруашылығындағы негізгі саясат астық мәселесін шешу қажеттігін ескере отырып, Кеңес өкіметі қоғамдық мал шаруашылығын өркендету шараларын жүргізді. КОКП Орталық Комитетінің 1953 жылғы қыркүйек пленумында соғыстан кейінгі жылдарда елімізде совхоздар мен колхоздарды мал шаруашылығын дамытудағы жүргізілген кейбір шараларды атап көрсете отырып, оның даму қарқыны мүлдем жеткіліксіз деп тапты, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен оны халықтың жеңіл және тамақ өнеркәсіптің аса қажет етуінің арасындағы алшақтықты қысқартудың қажеттігін көрсетті[29, б. 90-91]. Тың жерлерді игеру кезінде совхоздар астық өндірумен қатар мал санын көбейтулері қажет болды. Малдың шабындық және жайылымдық жерлерінің азаюына, жердің құнарсыз болуына ешқандай көңіл аударылмады. Қазақстан Компартиясының 1958 жылғы сегізінші съезінде міндетті түрде мемлекетке ет өткізетін 255 совхоз қажет деп көрсетті[29,б. 173].

Қазақстанның мал шаруашылығының негізгі және жетекші саласы қой шаруашылығы болып табылады. Республикада көлемі жағынан зор жайылымының болуы қой шаруашылығының маңыздылығын күшейте түседі. Қой шаруашылығымен негізінен республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстары айналысты. Қазақстанның оңтүстігіндегі облыстар және Семей облысы негізінен қой өсірілді [29, б. 95]. Қой шаруашылығы табиғи жағдайға

байланысты Семей және Шығыс Қазақстан облыстарында мамандандырылды, бұл облыстарда малды жайып бағуға мүмкіндіктер болды және жем-шөп қоры жеткілікті болды. Осыған байланысты қой өсіретін арнаулы колхоздар мен совхоздар ұйымдастырылды. Семей облысында 1956 жылы арнаулы қой өсірумен айналысатын 114 колхоздар мен совхоздар болды, мамандандырылған шаруашылықта қой саны өсіп отырды.

Арнаулы мамандандырылған шаруашылықтарда қой санының өсу қарқыны бір жарым-екі есеге артып отырды. Бұл көрсеткіш арнаулы мамандандырылған орталықтарда ғана, ал жалпы республика бойынша мал басының өсуі бірдей болмады[29,б. 95].

Елімізде мал шаруашылығы өнімін өндіру жоспары жыл өткен сайын орындалуы төмен дәрежеде болды. Осыған байланысты мал шаруашылығы өнімін өндіруді арттыруға колхоздар мен совхоздардағы шаруашылыққа жарамды жерлерді неғұрлым тиімді пайдалану және жердің белгілі көлемінен алынатын мал шаруашылығы өнімін арттыру бағытында іс шаралар жүргізіліп, өкімет тарапынан бірнеше рет қаулы-қарарлар қабылданып, бұйрықтар да берілді[29, б. 98].

Жалпы республика бойынша ет-сүт дайындау және оны мемлекетке өткізу өте төмен дәрежеде болды. Кейбір озат шаруашылықтарды есепке алмағанда, мал шаруашылығы өнімдері өнеркәсіп орындары және қала тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ете алмады. Сондықтан 1958 жылы сәуір айында Мәскеуден Семей облысының атқару комитетіне арнаулы телеграмма (жеделхат) жіберілді. Онда республика бойынша азық-түлік мәселесінің нашар шешілуі, ет-сүт өндірудің қанағаттанғысыз орындалуы жөнінде айта келіп, шаралар қолдануды талап етті[208,41]. Өкімет тарапынан жіберілген жергілікті жерлерге жеделхаттар тек жоспар орындау екендігін байқау қиын емес. Ол жоспарды орындау үшін жергілікті колхоздар мен совхоздардың мүмкіндігі ескерілмеді.

Мал шаруашылығын механикаландыру ауыл шаруашылық өндірісінің өсуін қанағаттандыра алмады.. 1959 жылы сәуір айында өткен Республиканың Министрлер кеңесінде мал шаруашылығының материалдық-техникалық жабдықталуының төмендігі, еңбек өнімділігін арттыруға байланысты шаралардың дұрыс жүргізілмейтіндігі атап көрсетілді. Негізінен мал шаруашылығы жұмыстары ауыр қол жұмысы ретінде қала берді.

Дегенмен, зерттеліп отырған кезеңде мал шаруашылығын дамытуда асыра сілтеулер мен қателіктер болғанымен қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығында алға басулар болды, оны біз жоғарыда атап көрсеткен едік.

Қазақстанда 1960 жылдардың өзінде бүкіл елдегідей сияқты аймақтық мамандандырудың негіздері анықталды. Шын мәнісінде ол кезде республиканың көптеген шаруашылықтары әлі де көп салалы және әмбебап болып қала берді. Оларды ауыл шаруашылық өндірісінің барлық салалары азғана мөлшерде дамып, оның үстіне көптеген қаржы мен материалдық-техникалық игілік толып жатқан өндірістік бөлімшелерге, фермаларға, бригадалар мен звеноларға шашырап, құмға сіңген судай жоғалды[209,24].

1960 жылдардың ортасына дейін жүргізілген шараларда экономикалық байланыстар мен қатынастарды түбегейлі өзгерту жолдары көзделмеді. Туындаған проблемалар негізінен ұйымдық қайта құру субъективтік түрде жол-жөнекей шешіліп отырды. Ауыл шаруашылығының дағдарысты сипат алуына 1950-1960 жылдардағы басқарудағы субъективті саясат үлкен әсерін тигізді. Ауыл шаруашылығын дамыту мәселесіне біржақты қарау үлкен зиянын тигізді. Ауыл шаруашылығының шығымдылығы жыл сайын өскеннің орнына кеміп отырды. Мәселен, 1958 жылдан 1960 жылға дейін, 8,3 гектарына центнер болса, 1961 және 1965 жылдар аралығында 6,1 центнерге түскен[200,139].

Колхоздарды совхоздарға айналдыру науқаны кезінде экономикалық жағынан ірі, қуатты, алдыңғы қатарлы колхоздарды совхоздарға айналдырып отырды. Колхоздарды совхоз етіп қайта құру мәселесін шешкенде асығыс әрекеттер жасалынды. Ауыл шаруашылығының көп мәселелері науқаншылықпен және әкімшілік жолмен шешіліп отырды.

Көптеген совхоздар астық өндіруде тапсырмаларын орындай алмай, қарыздарға батты, бар жерлерді игеруге мүмкіндіктері де болмады. Алдыңғы қатарлы совхоздардың тәжірибесі кеңінен дәріптелді[29,б.176]. Совхоз құрылысы әсіресе мал шаруашылығымен айналысатын Семей облысында да етек алды. Республиканың басқа облыстарына қарағанда Шығыс Қазақстан, Семей облыстарында совхоз құрылысы төменірек жүрді. 1950 жылдары колхоздарды совхоздарға айналдыру саясаты тек Қазақстанда жүрген жоқ, бүкіл одақ көлемінде жүзеге асырылды. М.Л. Богденконың зерттеуі бойынша 1954-1965 жылдары одақ көлемінде осындай жолмен 5 мың совхоз құрылған[210,41].

Аграрлық реформаның тек қана астық өндіруге бағытталмағаны мәлім. Совхоздарға ауыл шаруашылығы өнімдерін, соның ішінде ет тапсыру міндеті де жүктелді. Мәселен, «Бұлақ» совхозы мал семіртуге арнайы бейімделіп, басқа шаруашылықтардан қабылдаған қоңы төмен малды семіртіп барып қана ет комбинатына жөнелткен. Дәл осылай жеке меншіктен сатып алынған малды да семіртіп, қосымша салмақ қосып етке өткізген. Соның нәтижесінде бір ғана осы совхоз мемлекетке жылына 12-15 мың центнер еттік мал тапсырған[211,б.78].

Ауыл шаруашылығының жағдайы, оның дағдарысық көрінісінің Д.А.Қонаев Қазақстан Компартиясының XI съезінде сөйлеген сөзінде қатты сынға алды. Ауыл шаруашылығы өндірісін басқаруда үлкен қателіктер жіберіліп отырғанын айта келіп, субъективті саясаттың, әкімшіл-әміршілдік басқарудың белең ала бастағандығын ескерткен еді. Жоғарыда атап көрсеткендей орталық басқару жүйесі жергілікті шаруашылық жүргізу тәжірибесіне, ауыл шаруашылық ғылымдарының шаруашылықты дағдарыстан алып шығу жөніндегі ұсыныстарына мән берілмеді. Республика астық өндіруді 3,5 млрд. пұтқа арттыруға тиіс болды. Осындай мөлшерде астық алу үшін тағы да жаңа жерлер игеру қажеттігін айта келіп, Д.А. Қонаев съезде сөйлеген есепті баяндамада егіндік жердің көлемі 22 млн.гектардан 28 млн. гектарға арттыру қажеттігін көрсетті. Совхоз өндірісін ұлғайту арқылы партия құжаттарындағы міндеттерді шешу мақсатында партия органдары жұмыла кірісті. Ауыл

шаруашылығының жалпы өнімін өндіруде 1965 жылдың аяғында совхоздар үлесіне 57 пайызы, оның ішінде егіншілік өнімі 61,8 пайызға, мал шаруашылығы өнімі 52,8 пайызға тең болды[29,29].

Республикада 1960-1970 жылдары кеңінен тараған интенсификация бағыты ауыл шаруашылығы дамуына сапалы өзгеріс әкелді. Ол ауыл шаруашылығының барлық саласын жаңа белеске көтеруді, ауыл бейнесін өзгертуді, егіншілік пен мал шаруашылығының табиғаттың дүлей күштеріне тәуелділігін жоюды мақсат етіп қойды. Сонымен қатар бұл бағыт қоғамдық мал басын үздіксіз өсіруді, мал өнімін, егін шығымдылығын арттыруды, жұмыс күшін тиімді пайдалануды, жер алаңы мен еңбек мөлшерінің әр үлесіне шаққанда өнім көлемін арттыруды, өндіріске озық технология мен осы заманғы ғылым мен техниканың табысын жедел енгізуді көздеді. Қарастырылып отырған кезеңде республикадағы ауыл шаруашылығындағы үлкен өзгерістер, яғни оның техникалық жабдықталуы Семей облысы аумағынан да көрініс тапты. Ауыл шаруашылық өндірісін интенсификацияда, еңбек шығынын азайтуда, өнімнің өзіндік құнын арзандатуда мал шаруашылығындағы еңбек үрдісін механикаландырудың рөлі зор[29, 25].

Сөйтіп, 1965 жылғы шаруашылық реформасына және жаңа аграрлық саясатқа сәйкес, алдағы кезеңде ауыл шаруашылығының пайдасына ұлттық табысты қайта бөлу, селоның әлеуметтік мәселелерін неғұрлым дұрыс шешу, ауыл шаруашылық өніміне сатып алу бағаларын арттыру сияқты шаралар күн тәртібіне қойылды. Жоспарлаудың жаңа тәртібі өмірге келді. Енді колхоздар мен совхоздар өндіріс көлемі, еңбек өнімділігі, өнімнің өзіндік құны сияқты және т.б. өндірістік көрсеткіштерді өздері жоспарлай алатын болды .

Алайда Республиканың табиғи жағдайы, ресурстары бар болғанымен оны орындауда субъективті себептердің салдарынан аталған міндеттер және жеті жылдық жоспардағы мал өнімдерін өсіру тапсырмасы орындалмады. Мал шаруашылығының күрт төмендеуінің тағы да бір себебі – ауыл-село еңбеккерлерінің жеке меншік малдарын қысқарту саясатында жатты. Колхоз мүшелерінің, совхоздардың жұмысшылары мен қызметкерлеріне белгілі бір мөлшерден тыс мал ұстатпау мал санының ғана емес, мал өнімінің төмендеуіне әкелді. Жеке меншікке байланысты жүргізілген қатаң саясаттың нәтижесінде 1958-1964 жылдары республикадағы жеке меншіктегі мал санының шектен тыс қысқаруы орын алды. Барлық мүмкіндіктерінің барлығына қарамастан мал шаруашылығы үнемі өскелең талаптан артта қалып отырды. Мәселен, Семей облыстарын алатын болсақ жем-шөп қоры жеткілікті облыстардың қатарында болса да мал шаруашылығын дамытуда айтарлықтай табыстарға жете алмады. Облыстағы совхоздарында рентабельді-бай совхоздар қатары тым аз болды, керісінше мал шаруашылығы жөнінен 876 млн. сом зиян шекті. Осы жағдайларға байланысты 1960 жылы 21 маусымда Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Ауыл шаруашылығы министрлігінің есебін тыңдап, арнаулы шешім қабылдады[212,21].

Мал шаруашылығын кейбір көтермелеу жағдайы уақытша табыстарға әкелгенімен, оның жалпы даму дәрежесі төмен болды, 1960 жылдары мал

шаруашылығының дамуы дағдарыстық сипат алды. Осыған байланысты республиканың Министрлер Кеңесі 1959 жылы 23 маусымда «Ауыл шаруашылық министрлігінің ірі қара мал совхоздарын етті мал өсіру бағытына қосымша көшіру туралы» арнаулы қаулы шағарды. Қаулыда республиканың жайылымдары мен шабындықтары бар далалық шөлейт, жартылай шөлейт аудандарда қаржы мен еңбекті аз жұмсай отырып, ет өндіруді жақсарту міндеті қойылды[224,153].

Қазақстанның табиғи жағдайына байланысты ежелден белгілі бір аудандарында ірі қара мал өсірілсе, екінші бір аудандарында қой шаруашылығы басым болды. Ауыл шаруашылығын жүргізудің біржақты саясаты, басшылықтың ғылыми жүйеден гөрі, жоспаршылдыққа, әкімшіл-әміршіл басқаруға салынуы және т.б. мал шаруашылығын нақты дамытудың жолдарын дұрыс белгілеп бермеді. Көптеген колхоздар мен совхоздар жұмсалған қаржының орнын толтыра алмай, зиян шекті, содан барып артта қалған шаруашылықтарға айналды. Ауыл шаруашылық өндірісіне шамадан тыс міндеттер қойылды. Жоғарыдан берілген сол нұсқаулар жергілікті жердің шаруашылық қажеттілігінен туындамаған еді. Одақ және республика басшылары 1965 жылдың аяғына дейін республикада 75 млн. ірі қара мал, 2,6 млн шошқа, 1,8 млн. жылқы, 30 млн. құс болады деп сендірді. Ал шындығында бұл көрсеткіштер 30,1 млн. қой мен ешкіден, 6,8 млн. мүйізді ірі қара малдан, 1,7 млн. шошқадан, 1 млн. жылқыдан, 19,9 млн. құстан аса алмады[214,18].

1950-ші және 1960-шы жылдардағы аграрлық сектордағы реформаларды салыстыратын болсақ, Н Хрущев кезеңіндегі реформалардан 1965-1970 жж. Л. Брежнев және А. Косыгин басшылықта болған кезеңіндегі реформалардың айырмашылығы соңғысының үлкен ұйымшылдықта, жоспарлы өткізілгендігінде жатты. Аграрлық саланың артта қалуының басты себебі, кеңестік жүйе кезінде жүргізілген реформалардың интенсивті негізде емес, орасан зор қаржыны талап ететін[206] экстенсивті мазмұнда жүргізілуінде жатты. Реформа кредиттік-финанстық жүйемен, материалдық-техникалық жабдықтаумен байланыстырылмады. Осының салдары аграрлық аймақтарды өндіріс құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ететін салалардың экономикалық алмасуындағы тепе-теңдіктің бұзылуына әкелді. Сонымен қатар, басқару жүйесінде өндірісті ұйымдастырудың экономикадан тыс әкімшіл тәсілінің үстемдік етуі материалдық ынталандыруды екінші қатарға ысырды, осыдан барып еңбекшілер белсенділігі төмендеді[206,4]. Адам факторын бағаламау, еңбекшілерге жоғарыдан берілген бұйрықты орындаушы ретінде ғана қарау ауыл шаруашылығының өркендеуін айтарлықтай тежеді.

1989 жылдан бастап республикаларда мемлекеттік аграрлық өнеркәсіптік комитетінің барлық кәсіпорындары мен ұйымдары толық шаруашылық есепке және өзін-өзі қаржыландыруға көшті. Бұл шараның аса маңызды экономикалық және әлеуметтік мәні бар еді. Өйткені бұл жаңашылдық агроөнеркәсіптік комплекстің барлық қызметкерлерінің мүдделерін қорғайды.

Бірақ егер көптеген қоймалар қажетсіз қосалқы бөлшектерге аузы-мұрнынан шыға толып тұрған болса, бұл шығынды ұтымды деп атауға болмас

еді. Тек 1989 жылдың басында ғана совхоздар мен колхоздарда 7,6 миллион сомның қосалқы бөлшектері жинақталған[167,106]. Қырсыздық пен жауапсыздықтың осы арналарының бәрі экономиканың ең басты қожыратқыш күші – залалдылықты туғызуын, облыстың 17 шаруашылығының 1988 жылды 7,3 миллион сом залалмен аяқтауы алаңдатарлық жағдай еді[215,18]. Әрине, қолайсыз ауа райы салқынын тигізді. Алайда дәл осы кезде жаңа жағдайларды ескерген көптеген совхоздар ұйымдастырудың жаңа формаларын қолданып, сүбелі нәтижелерге қол жеткізді[159,106].

Бірақ, қалай дегенмен көптеген шарушалықтар азық-түлік бағдарламасының бақылау цифрларынан шыға алмады. Оның негізгі себебі - егіншілік мәдениетінің төмендігінде. Облыста су ресурстары жеткілікті, суармалы жерлер көлемі 120 мың гектардан асып түседі. Бұл сөз жоқ, ауылшаруашылық өндірісін тұрақтандыруда жақсы көмекші еді. Алайда суармалы жерінің жетілдірілмеуі, оны пайдаланудың бақылаусыздығы салдарынан жыл сайын судың үштен бір бөлігіне жуығы босқа ысырап болуда[216,25].

Аграрлық секторды басқару ісін қайта құруды аудандық буыннан бастаған жөн еді. Нақ осында жабдықтаудың, өнім өткізудің, құрылыстың аграрлық - өнеркәсіптік комплекстегі әріптестердің финанстық есебінің күшті орталығын құру маңызды. Олардың тәжірибесі облыстық деңгейдегі өзара қатынастардың формасын айқындайды, ал облыстардың тәжірибесі, өз кезегінде республикалық басқару буынының неғұрлым тиімді құрылымын көрсетпек. Сондықтан мұнда да әрбір аймақтың нақты жағдайын ескеретін іскерлік, жаңашылдық көзқарас қажет[46, б.106].

Аталған жағдайға қарамастан 1989 жылдан бастап республикаларда мемлекеттік аграрлық өнеркәсіптік комитетінің барлық кәсіпорындары мен ұйымдары толық шаруашылық есепке және өзін-өзі қаржыландыруға көшті. Бұл шараның аса маңызды экономикалық және әлеуметтік мәні бар еді[159,106].

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ауыл шаруашылығында социалистік жоспарлықтан меншікке бағыт ұсталды. Бірақ бұл саладағы жекешелендіру үрдісі барысында олқылықтар мен қателіктер жіберілді, ол қайшылықты құбылыстармен сабақтаса жүрді. Қоғамдық байлық, өсіресе барлы-жоқты техника және мал істің басында отырған азшылықтың қолында кете барды. Ауылдар тұралап, ел халқының 40 пайыздан астамын құрайтын ауыл тұрғындары ауыр кезенді бастан кешірді.

Экономикалық реформаның бастапқы кезеңінде мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы өнімдері рыногын тұрақтандыруға және оны қаржыландыруға қолдаудың керсетілмеуі, одан кейінгі жылдарда да ауыл экономикасына мемлекеттің әлсіз кірігуі бұл саланы ауыр зардаптарға, құлдырауға әкеліп соқтырды. Тек 1999 жылдан бастап қана экономиканың аграрлық секторына мемлекеттің қатысу факторының өсуі ауыл шаруашылығы саласының дамуына мүмкіндік берді. Қазір республикада ауыл шаруашылығы секторында 130 мың фермер мен 5 мыңнан аса мемлекеттік емес заңды тұлғалар еңбек етуде[217,3].

Экономикасы жылдан-жылға айтарлықтай дамып, нарықтық қатынастарды тереңдете түскен Қазақстан соңғы жылдардан бері Бүкіл әлемдік сауда ұйымына (БСҰ) кіруге бағыт ұстанып отыр. Республиканың аталған ұйымға кіруінің артықшылықтарымен қатар, дәл қазіргі отандық жеңіл өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігінің әлсіздігі салдарынан, олардың банкротқа ұшырауына әкеліп соғуы мүмкін сияқты тұстары алаңдатуда. Дегенмен сарапшы мамандардың пікірінше, БСҰ-на мүше болып кірудің Қазақстан үшін артықшылықтары басым деп табылуда.

Көптеген ұсақ және орта ауыл шаруашылық өндірістерінің қаржылық тапшылығы, қажетті техниканы тікелей сатып алу мүмкіндіктерінің жоқтығы, яғни инвестициялық жағынан тартымсыздығы жағдайында мемлекеттің оларға көмегі лизингілік қатынасты дамыту жолымен іске асырылуда. Лизинг - ұзақ мерзімді аренданың бір түрі, келісімнің аяқталуына орай алынған техника, ереже бойынша, арендатор-лизинг алушының меншігіне көшеді. Дүние жүзінде лизинг негізінен құрал-жабдықтарды жаңартудың тиімді механизмі ретінде танылады.

Қорытып айтқанда, облыстың ауыл шаруашылығына жан-жақты көмек көрсету арқылы оның деңгейін көтеру, соның ішінде қазіргі кездегі егістік көлемін сақтау, одан алынатын өнімді өсіру, малдың санын тұрақтандыру ісін жүзеге асыру көзделген.

2 СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ

2.1 Семей облысы еңбекшілерінің әлеуметтік жағдайы

Семей облысы халқының тыныс - тіршілігіне едәуір әсер еткен әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының ашылуы еңбекшілер жағдайының жақсы қойылуына ықпалын тигізді. Семейдегі облыстық өнеркәсіп одағының барлық артелдерінің құрамында мәдени кеңестер құралады. Ең үздік мәдени кеңестер , Пимокат, Крупская атындағы артелдерде құрылады. Аймақтағы мұражайлар тұрғындарға қызмет көрсетуде өз үлетерін қосты. Мәселен, 1940 жылдан бастап жұмыс істейтін қаладағы Абай мұражай үйі 1947 шілдеден бастап Ғылым академиясының қол астына қарайды. Осы жылы жинақталған мұрағаттық және кейбір мәліметтік құнды қолжазбалық мұралардың маңызы зор.

Алайда осы жылдары бұл мұражай жұмысын жүргізуде бірқатар кемшіліктер де кездеседі. Оның себебі мұражайда қазақ қызметкерлердің болмауы мұражайдағы жәдігерлерден де сезіледі. Мысалы, жәдігерлерде қазақша түсініктеме жоқтықтан орысша түсінбейтін қазақтар оған мән де бермейді. Сондай - ақ қазақ тұрмыс - тіршілігі мен мүлкінен едәуір анықтама беретін Семей мұражай үйіндегі кейбір бұйымдар сол күйінде ескерусіз тасада қалып жатқандығы жайлы да Қазақ КСР-і халық ағарту комиссариатының қорытынды баяндамаларында айтылған еді[46, б.23].

Екі орыс және қазақ тілдерінде басылып шығатын газет 13 ауданға, ал оның қазақшасы 8 қазақ ауданына, Семей ет комбинатында шығатын бір көп тиражды газет, Жоғарғы Ертіс кеме шаруашылығының екі ведомстволық газеті халыққа қызмет етті. Ведомстволық газеттер Ви УРП'а «За большевистский стиль» «Большевиктік үлгі үшін» - 1100 данамен екі тілде, көп тиражды «Мясной гигант» (Ет алыбы) 1000 данадан шықты. Сонымен бірге облыстық «Прииртышская правда» (Ертіс бойы правдасы) - 1500 данамен , «Екпінді» - 6500 данамен таратылған. Жалпы облыс бойынша газеттер 42500 данамен басылып таратылады. Оның ішінде қазақ тілінде таратылған газеттер саны - 16850 дана болды[218,43].

Облыс тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын төмендегі мәліметтерден байқауға болады.

Қалалық комитет пен аудандық партия қызметкерлерінің әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің әскери қызметкерлер және 706 ардагерлері жанұяларына көмек көрсетуге байланысты есепті баяндамаларында, қала тұрғындарын әлеуметтік қорғау шаралары баса айтылады. БКП (б) ОК 22 /1943 жылы және КП (б) ҚОК 4 /V - 45 жылы. «Әскерилердің жанұяларына азық - түлік және өнеркәсіп тауарларымен көмек көрсету шаралары» жөніндегі жарлығына байланысты қалада мынадай шаралар атқарылады[219,8].

Семей қаласындағы әскери қызметшілердің зейнетақы және жәрдемақы алған жанұяларының саны: оның ішінде 1679 адамы зейнетақы, 1054 - жәрдемақы, ал аудандары бойынша:

1. Ленин ауданына - 459 жәрдемақы , 654 - зейнетақы ;
2. Октябрьде 339 - || - , 590 - // - ;
3. Калининде 262 - // - , 943 - // - адам ала алды.

Қаладағы әйелдер кеңесі әскери жанұяларға көп ықпал жасап, оның, өте қатты қажет етуші адамдарды жұмыспен қамтамасыз етті.

Еңбекке орналастыру мен материалдық - тұрмыстық қамсыздандыру жұмыстарын әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдары кәсіпорын, ұйым және мекемелердегі әйел белсенділер тобымен бірлесе атқарды. Олар әскерилер жанұясына асхана, балалар мекемесінде қызмет көрсетуді, олармен кештер ұйымдастыруды бақылады. 1946 ж. көлемінде әскери жанұялардың 334 жұмысқа орналастырылды. Аса көмекке қажет етуші 107 жанұя анықталады, барлығына бір уақытта 131,849 мың сом қаржы жұмсалып, оларға - 30820 сом көмекке қаржы жиналды[46,б.26].

Мемлекеттік займдер соғыс жылдары үлкен роль атқарды. Оларды шығару арқылы мемлекет осы жылдары сомнан көп пайда табады. Соғыстан кейін бұл займдер әскери шығындардың көп бөлігін жабуда зор финанс - қаржылар көзі болып табылады.

Қаланың тұрғын үй қорының көбінің 1 - қабатты шағын үйлерден тұруы , тек жеке адамдарға ғана пайдалануға ыңғайлы болды, дегенмен олардың жабдықталмағаныда кездесіп отырды.

Шамалы бағалы тұрғын үйлер қала орталығында салынған. Кейбір 3-4 қабатты тастан салынған ғимараттар ет консерві комбинаты Затон зауыты аудандарында орналасқан. Мемлекеттік Мәскеу облыстарды жобалау мекемесінің мәліметтері бойынша 1936 жылдың өзінде Семей қаласында 36 пайыз ескірген ғимараттар болды[220,32].

Бұл мәліметтерге сүйене отырып соғыстан кейінгі КСРО ның көптеген облыстарының қирап қалуы жағдайында оларға жаңа қаржы - экономикалық ресурстардың бөлінуімен халық шаруашылығының күрделі қаржы қорының өсімін әр облыс, республикаларға бөлудің өзгеріске ұшырағаны айтылады. Оны соғысқа еңбеген одақтық елді мекендерге қала құрылыстарына артылған азғана қор бөлінетінін меңзейді. Сөйтіп, Қазақстан қалалары көркеюі халық шаруашылығының шараларының жүзеге асырылуы арқасында екінші жақты жоспарлар легінде болды.

Архив құжаттарына мән беретін болсақ, 1953 жылғы Семей облысының әкімшілік - шаруашылық сипаттамасы бойынша анықтамалық көрсеткішінің төртінші бесжылдық дәрежесінен аспағандығын көруге болады. [221,11] 1952 жылмен салыстырғанда 1953 жылы қала тұрғындарының өсуі 27451 адаммен ұлғайды немесе 61,5 % жетті (1952 ж. 44598 адам болды). Қаладағы жаңа жұмысшылар орталықтарындағы адам санының көбеюі өндіріс құрылыстың дамуымен байланысты болды. 1953 ж. Семей қаласына 16791 адам тұрақты тұруға келсе, 13252 адам қаладан өзге жерлерге қоныс аударады. Қаланың механикалық өсімі 3539 адам болды.[222,3] 60 - шы жылдары жалпы Семей облысы өңіріне барлығы 29887 адам келіп, 22705 адам өзге жерге қоныс аударды. Облыстың механикалық өсімі - 7182 адамға толды. Семей

қаласындағы бірқатар өндіріс орындарының одақтың жеңіл өнеркәсіптері арасында үлкен мәнге ие болуы, расында да бұл кәсіпорындар өнімі халықтық сұранысқа сай болғандығын көрсетеді. «Большевичка Украины» фабрикасы ерлер киімі костюмдер, жейде, шалбарлардың әртүрлі үлгісін, әртүрлі размерде тігуге маманданған болатын. 1955 жылға дейін бұл жерде ханымдар көйлегі де тігіледі[46,б.44].

1960 жылы құрылған жиһаз фабрикасы асхана ұйымдарының түрлі ас столын, шкаф, орындықтарын шығарды. 1958 ж. негізі қаланған құрылыс материалдары зауыты силикат кірпіш, әк, құрылыс құмын, халық сұранысын этейтін тауарлар шығарды[223,67]. Семей асбест - цемент өнімдерін шығаратын зауыт 1960 жылы құрылып, шифер шығарумен айналысты. 1958 жылы Құрылған ауыр трикотаж фабрикасы өнімдері халық сұранысынан шығып жатты. 1971 жабдықталған аяқ киім фабрикасы Петропавловск қаласының тері зауытының өнімдерін кең шикізат ретінде пайдаланды. 1957 жылы құрылған Семей автокөлік жөндеу зауыты автомобиль двигательдер, агрегаттарды өндеп іске қосумен айналысты[224,277]. 1955 жылы тері - шикізат комбинаты жылдық жоспарды 96,3 пайызға орындайды. Бұл комбинатта да жабдықтың ескіруімен жоспар толығымен аяқталмайды, мысалы олар 2,293 мың сомның өнімін осы жылы мемлекетке бере алмай қалады. Елдің су қоймаларындағы байлығын сақтау үшін социалистік жарысқа шығу туралы Целинный, Семей, Шығыс Қазақстан т.б. халық шаруашылығы кеңестері жұмысшыларының ашық хатында, Волга бойындағы халық шаруашылығы кеңестерін жарысқа шақыру туралы үндеу қабылдайды. Осыған орай Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1961 жылы 19 шілдеде Ертіс өзені бассейнін өнеркәсіптің ластанған қалдықтарынан қорғау жөнінде жарлық шығарады[225,35].

Семей халық шаруашылығы кеңестеріне қарасты кәсіпорындардың көпшілік сұранысына ұсынған тауарлар сапасы жөніндегі Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің жарлығында (1962 жылы 16 - сәуірінде) бірқатар мәселелер талқыланады. Мұнда Семей халық шаруашылығы кеңестеріндегі жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарында атқарылған жұмыстардың шығару көлемін арттыруға бағытталғандығы, сапаның жақсарып көпшілік сұранысын өтеуге арналған тауарлар түрінің кеңеюі атап өтіледі.[226,140] Алайда Семей халық шаруашылығы кеңестерінің жеңіл өнеркәсіп бірлестіктерін тексеру барысында салмақты кемшіліктер де көзге көрінеді. 1961 жылы және 1962 жылдың алғашқы кварталында саудаға жасындағы балалардың былғары аяқ киімдері, шұлық және өнімдері көрсетілген мөлшерде түспейді. 1961 жылы өнім сапасының төмендеуі мен ассортименттің бұзылуынан кәсіпорындар сауда ұйымдарына 8063 мың сом айыппұл төлейді. [227,141] Бұл халық шаруашылығы кеңестерінің кәсіпорындарындағы сапасы төмен өнімнің шығарылуының негізгі және маңызды себебі, қалалық партия ұйымдары мен халық шаруашылық кеңестері жағынан бұл маңызды мәселеге дұрыс көңіл бөлінбегендігі, деп ҚР КПОК бюросы сынға алады. 1965 жылдары тұрғын - үй және мәдени - тұрмыс мекемелері құрылысын жақсартуға байланысты бірқатар шаралар жасалынады. Қазақстан КП ОК бюросында атап

көрсетілгендей, жалпы республика бойынша осы істерді жандандыруға бөлінген 6 - шы жеті жылдық жоспардағы қаржының басым бөлігі дұрыс өз орнына жұмсалмайды. Мысалы, осы кезеңде Семей қаласында да құрылыс өскелең талаптарға сай жүргізілмейді[228,81].

Осы жылда құрылыс ұйымдарының күшімен бірқатар тұрғын үй, мәдени - тұрмыстық және коммуналдық сұраныстағы мекемелер пайдалануға беріледі. Жылдан жылға жүйелі түрде күрделі қаржыны игеру мүмкіндіктерінің жоспары орындалмайды. Жалпы өткен жылы қала бойынша 6 млн. сомның күрделі қаржы қор мүмкіндіктері игерілмейді. Оның 2 млн. сомы құрылыс - монтаж жұмыстары бойынша орындалмайды. 2125 кв.м. кіріс жоспары бойынша бірде бір үй кірістелмеген. 1964 жылдың қорытындысында есептегі 16 құрылыс басқармасы мен 8 - арнаулы ұйым кезекті жұмыс жоспарын орындамайды, оның ішінде 3 трест басқармасы бар. Жалпы 1964 жылы 1 - қаңтарында тұрғын үй қоры 919 837 кв.м., оның ішінде 456 334 кв.м, - жеке меншік сектор, яғни 50 % барлық жергілікті кеңес қорлары 161 591 кв.м. болды. 1964 жылы жалпы 31 мың кв.м игерілген, қала құрылысы ұйымдарының қанағаттанғысыз жұмысының маңызды бір себебі салдары еңбек тәртібінің әлсіздігі және құрылысшы мамандар мен жұмысшылар болуынан, олардың дайындықсыздығынан еді[46,б.48]. Сондай - ақ жобалауда, техникалық құжаттандыруда, қаржыландыру тәжірибесінде кемшіліктерге жол берілгендігі жөнінде де Семей қалалық партия комитетінің 3.Лосевтің баяндамасында айтылады.

Семей тері - тон бірлестігі ұжымы өндірістік бағдарламаны 1964 жылы 107,1 пайызға барлық маңызды ассортименттер бойынша орындайды. Еңбекті өндіру жоспары 104,9 пайызға, өнімнің өзіндік құнының төмендеуі 0,3 пайыз, жоспардан тыс түсім - 159,0 мың сомға орындалады[229,48].

Қалалық партия комитеті мен атқару комитеті кеңестерінің жұмыстарының әлсіздігінен, мысалы, 1957 жылы тұрғын үй құрылысының жоспары көпе - көрінеу орындалмай қалады. 33009 кв.м. тұрғын үй жоспарланған объектісінің 27428 кв.м, немесе 83 пайызы ғана іске қосылады. Осымен қатар поселкелердің жобалауы және құрылыс сапасында жетіспеушіліктер бой алады. Мысалы, Восточный поселкесінің көшелері өте тар (15-17м) үйлері тығылып орналасқан, бау - бақша дем алатын орынға жер көлемі жобаланбаған, тексеру жұмыстары қаланың орталық көшелерінен шет жақ көшелерге тән жайларды бірден байқауға болатындығы жөнінде деректік материалдар береді. Оны дүкендердің жағдайы мен санитарлық дәрежелерінен, тұтынушыларға көрсеткен қызметі және кәсіпорындардағы қоғамдық тамақтану орындарының жұмысынан байқауға болатын еді. Сондай - ақ қала халқын сүт өнімдері, сүтпен қамтамасыз етуде де кемшіліктер кездескен. Кем дегенде қалалықтар пайдалануға тиісті күнделікті - 20 тонна сүттің орнына, саудаға 4-6 тонна сүт өнімдері ұсынылған. 1958 жылы 28 - наурызда облыстық атқару комитетінің «Семей қаласын сүтпен сәт өнімдерімен жабдықтау» туралы шешімінің шыққанымен, оны орындауды ұйымдастыру кенжелейді [46,б. 49].

Қалалық сүт зауыты толық мүмкіндіктің өзінде , өзіне тиесілі аймақтан өнім өндіру мөлшерін қамтамасыз алмайды[230,1]. Қала, облыс, партия ұйымдарының ұйымдық мәселесіне байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне төлемақының үшінші топтан екінші топқа өтуін сұрайтын мәселесі қойылады[231,33]. Қалалық партия комитетінің жалақы қорының бұл үшінші тобы, қала тек үш әкімшілік бөліністе болған кезде 40 - жылдары белгіленген болатын. 1948 жылы әкімшілік бөліну және қаладағы ірі саяси, мәдени, шаруашылық өмірде өзгерістердің болуымен талаптар өзгереді. Сондай - ақ, қалалық партия комитетінің барлық халық шаруашылығының салаларында жетекшілігі арта түседі. Өнеркәсіп кәсіпорындары, жеңіл, жергілікті өнеркәсіп , салалық кооперациялар саны 1948 ж. салыстырғанда 1960 жылы екі есе ұлғайып, 56 - ға жетеді. Өнеркәсіптің айналымдағы өнімін шығару кәсіпорындарда 108 361 мың сомнан 2 116 186 мың сомға, ал жұмысшылар саны 16 784 адамға жетеді. Қырықбаева [46,б.49-50]

1963 жылы Семей қаласында Чехословакиялық құрал - жабдықтармен жабдықталған теледидар орталығы салынады[232,44]. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің 27 маусымдағы, 7 қыркүйектегі 1966 жылғы отырысының хаттамаларында Семей қаласының тұрғындарға барлық салада қызмет көрсетудің жай - күйі туралы И.И.Зориннің 1 - ші хатшы Д.АҚонаевпен, Министрлер Кеңесі тұрағасы Бейсебаевқа жазған жазбаша есебі талқыға түседі [233,47].

Э.О.Қырықбаеваның зерттеу жұмысында: «Құжаттық мәліметтер бойынша, үйде босанатын, екіқабат әйелдерде уыттың денеге жайылуы (токсикоз) 3,1 % ға, 1960 жылы - 5,3 % -ға, 1965 жылы - уақытынан бұрын босану құбылыстары 1960 жылы 5,4 пайызға, 1965 жылы 5,9 пайызға жетеді, және 2 пайыз өлі туу көрсеткіші етек алады. Дені сау балалармен енді сауықтыру жұмысын жүргізіп, аурудың алдын - алу шаралары ескеріледі. Балалар ауруханасының жүйке аурулары дәрігері Белякова, дене мүшелері ауруымен дәрігерге қаралушылар арасында орталық нерв жүйесі зақымдалған балалардың тіркелгені жөнінде мағлұмат береді. 1955 жылы Семей қаласында мұндай аурулар саны 32 адамға, 1960 жылы - 52, 1963 жылы - 105, 1964 жылы - 116, 1965 жылы - 185 адамға өсіуімен анықталады» - деп көрсеткен [46,б.51].

Осымен бірге Семей облысы тұрғындары арасында сырқат адамдар саны күрт өседі.[234,44] 1962 жылы - 34 ауру, ал 1964 жылы - 81 ауру ақ қан түйіршіктерінің болуымен (лейкоз) емханаларға қаралады. Сондай - ақ өткен жылдармен салыстырғанда және осы жылдары жалпы және балалар өлімі санының көрсеткіші жағынан Семей қаласы мен өңірі, республика бойынша алғашқы орында болғандығы ескерілген. 1000 тұрғынға шаққанда балалар өлімі - 29,3 %, ал жалпы өлім - 7,2 % дәрежеде 1965 жылдары болады. Жоғарыда айтылғандар өте қатаң жағдайда бірқатар сауықтыру жұмысын ұйымдастыруды талап етеді. Ол әсіресе балалар арасында жүргізілуі тиіс және қалалықтардың тұрғын үй коммуналды қызмет сұранысын қанағаттандыруды жоғарылатуды талап етеді. Семей қаласында 79 мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері 8130 орынға шақталғанымен, онда 10348 балалар болды[46,б.51].

Жаппай тұрғын үй салу республиканың Семей облысында кеңінен қарқын алды. 1955 жылдан 1960 жылға дейін Семей облысындағы совхоздарында 1093 мың шаршы метр тұрғын үй салынды [235,21].

Тұрғын үй салу барысындағы қол жеткен табыстарға қарамастан, оны жүзеге асырудың жоспарлы мерзімдері бұзылып келді. Көп жағдайда қалаға, аудан және облыс орталықтарына жақын орналасқан жерлерді көркейтуге жұмсалып, керісінше шалғай аудандар ұмыт қалды.

Тұрғын үй көлемін кеңейту мен жаңасын алуға 11100 жанұя кезекте тұрды және оның ішінде:

- туберкулез аурулары - 385
- Ұлы Отан соғысы ардагерлері – 464
- өлгендер жанұялары - 355
- мұғалімдер - 320 және т.б. болды [236,51].

Соңғы бесжылдықта су құбыры су өндірісі шаруашылығын дамытуға жұмсалған күрделі қаржы қоры Семей қаласы бойынша 2,3 млн сомды құрады. Қаланың көгалданған қоры өсті. Қаланың жабдықталу дәрежесі әлі де төменгі көрсеткіштерден көтерілмейді. Жалпы қала жолдарының ұзындығы 515 км құрады, ал оның 90 км жолы немесе 17 % аз мөлшері ғана қатты, мықты төсеніштелген [237,54]. Облыстық өнеркәсіп тауарларына республикадағы қосымша қоры есебінен қаржы бөлінген. Міне облыстағы шаруашылық өмірге қатысты жәйттер белгілі бір тұжырымдар ауқымынан - ақ сипат алды. Облыстық атқару комитеті Кеңесі депутаттарының 1965 жылғы отырысындағы қабылданған жарлықтарында сумен жабдықтауда бірқатар үлкен қиыншылықтар талданады[237,8]. Мұнда Семей қаласындағы су құбыры құрылысының жылдық жоспары 90,5 %, ал каналдар салу - 59 % -ке ғана орындалғаны, оның құрылысына жауапты Семей құрылыс тресті жүйелі түрде жұмыстың біту уақытын бұзып отырғандығы айтылады.

Семей облысы бойынша қорларды пайдалану, оған ұқыпты қарау, үнемдеудің жүргізілуінің қадағалау мәліметтері бойынша 1969-1970 жылдары халықтық бақылау комитеттері үнемі есеп беріп отыратын[239,25]. Семей ет комбинаты 27 млн. 170 мың сомның жоспарын өзге республика облыстарынан шикізат тасымалдаудың жеткіліксіздігінен орындай алмай қалды. Сондай жеткіліксіздіктен Қарағанды мен Челябині металлургия комбинаттарынан құрыштың жеткізілмеуінен балондар санының аз болуы Семей газ жабдықтары зауытына да 1 млн. 486 мың сом зиян шектіреді.

Семей құс фабрикасының құрылыс жоспарын орындаудың тексерген мәліметтері 1969 жылы қуаттылығы 100 мың жұмыртқа таситын тауыққа арналған фабриканың құрылысы 1964 жылы басталып, 1967 жылы алғашқы объектілері пайдалануға беріле бастаған болатын[240,9]. 1970 жылғы жеңіл ет – сүт өндірісі мен сауда – тұрмыс қажетіндегі маңызды құрылысының жоспарының орындалуы әртүрлі деңгейде болды. Семей қаласындағы 150 орындағы универмаг құрылысы 1966 жылы басталады. Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің тұрмыстық химия зауытының құрылысы орталықтанбаған қорлар есебінен жүзеге асырылып, 1967 жылы басталды. Семей кір жуу және

химиялық тазарту мекемелері 575 дейінгі қуатпен жұмыс істеуге жоспарлануымен 1968 жылдан бастап іске қосылады[241,17]. Ірі өнеркәсіп дамыған облыс орталығына айналған Семей қаласының 60 – шы жылдардағы шаруашылық өмірінің дәрежесі осындай әртекті болып келеді.

Екіншісі, бұрынғы қалыптасқан қоғамдық шаруашылық қатынастарды ішінара өзгертіп, негізінен адамдардың белсенділігін көтеру арқылы, сандық өсімді арттыру мүмкіндігімен биік белестерге жету бағыты еді. Өкінішке орай, Кеңес басшылары екінші жолды таңдап алды, өйткені алғашқы бағыт бүкіл қоғамның негізін, партияның жетекшілік құдіретін шайқалтады деп қорықты[143,б.126].

Міне, Семей қаласында да өндіріс орындарының осы экстенсивті даму бағыты анық байқалған сипат алып, қала тұрғындарының жалынды өсуі 50 - шы жылдармен салыстырғанда 60 - шы жылдары еселеп өсті. Мұның өзі тұрғындар арасында жергілікті халық көлемінің төмендеп, орыстардың үлес салмағының өсуіне әкелді. Алайда мұндай экономикалық саясаттың тиімділігі де өзін - өзі ақтамады.

Себебі, Семейде орналасқан жеңіл және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында өндірілген өнім мөлшері тіпті қала тұрғындарының сұранысын қанағаттандыра алмады. Мұның өзі экстенсивті экономика, сандық өсу бағыты мүмкіндігінің шексіз емес екендігін көрсетіп берді[46 б.55]. Жалпы, шаруашылық барысын осындай дарынсыз ұйымдастыру саясаты, Бүкіл елдегі сияқты, Семей қаласы экономикасында да тоқырау белгілерін қалыптастырып, оның одан әрі тереңдей түскендігін көрсетті.

1950-1960 жылдарда оның көлемі екі есе артты. Колхоздар осы тұста мыңға тарта жаңа мектептерді салып жабдықтады. Мұғалім кадрларды даярлау мәселесіне қатты көңіл бөлді. Мектептерді ірі қалалардағы өндіріс орындарының қамқорлыққа алуы, қолдау көрсетуі өріс алды. Ауылдық, қалалық жерлердегі мектептерде істейтін оқытушыларының жағдайын жақсарту, кәсіптік дәрежесін көрсету айырықша назарға алынды.

1960-шы жылдары Семей облысы өзінің экономикалық және әлеуметтік дамуы жағынан Қазақстанның бірқатар облыстарына қарағанда едәуір артта қалып келеді. Өнеркәсіп өндірісінің өсу қарқыны баяулай бастағаны байқалады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін, халық тұтынатын тауарлар өндірісін ұлғайту мен жұртшылыққа ақылы қызмет көрсету көлемін өсірудің қолда бар резервтері нашар пайдаланылды[143,119].

Алайда облыстағы жеңіл өнеркәсіп орындары тұрғындарға қажетті киім – кешек шығаруда баяу болсада шығару мүмкіндігі болды. Жүн өңдеу фабрикасы ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу кәсіпорындарының бірі. Қой мен ешкіден, түйеден, қырқылып алынған биязы, жартылай биязы, қылшықты, жартылай қылшықты жуылған жүн өңдейді. Кәсіпорын жылына 200 млн. сомның өнімін шығарды. Сол кездері өнімдері ары қарай Кеңес Одағының 130- дан астам кәсіпорынына жөнелтті. Жүнді сорттау процесі конвейрлік әдіспен жүргізіледі. 1970-80 жылдары кәсіпорын орта есеппен 300 мың тонна өнім берді. Кәсіпорын жылына 400 млн. сомның өнімін шығарды. Жүнді алғашқы

өңдеуден өткізу фабрикасы (ПОШ) кезінде күллі Одаққа белгілі болып, дүрілдеп тұрған еді. Қазір аталмыш фабрика ықшамдалып, «жүннің шикізат ретінде сапасын реттеуді мақсат етіп отыр. Толық қарқында жұмыс істесе, шамамен жылына 60 мың тонна жүн өңдей алады. Фирма еліміздегі тоқыма өндірісіне дайын шикізатты жеткізуге қол жеткізді[242,20].

1966 ж. басталған экономикалық реформа бастапқы кезде экономикалық дамуға белгілі дәрежеде жол берді. Тотаритарлық жүйе оның өмір сүріп отырған экономикалық құрылымының шеңберінен шығуына жол бермеді. Осының салдарынан 70-жылдардың басында экономикалық реформаның қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған бастапқы идеялары бұрмаланды.

Реформа мақсаты – кәсіпорындардың шаруашылық дербестігін жоспарлап кеңейту – тек көрсеткіштерді кемітуге және коллективтердің көтермелеу қорларын қалыптастыру тәртібіне әкеп соқты. Облыстағы кәсіпорындар пайда табудың қызығына беріліп, неғұрлым оңай жолға - өз өнімдерінің бағасын қолдан жоғарлату жолына түсті. Бағаның өсу есебінен алынған пайда жалқыны көбейтуге мүмкіндік берді, оның өсу еңбек өнімділігінің өсуін басып озды, мұның өзі халықтың әл-ауқатының төмендеуіне әкеп соқты.

Облыс тұрғындарының әл-ауқатына және денсаулығына жылдар бойы атом сынағының әсері өте мол болды, халықтың денсаулығы күрт төмендеді.

1950 жылдардан бастап Семей нағыз экологиялық апат аймағына айналды. Семей облысының жерінде орналасқан атом полигоны әлемдегі өзі тұрпаттас әскери объектілерінің ішіндегі ең ірілерінің бірі еді. Сондықтан да оның зардаптары да ірі болды. КСРО Қорғаныс министрінің хабарлауынша, Семей полигонында 1949 жылдан 1963 жылға дейінгі кезеңде ауада қуаты әр түрлі 113 ашық жарылыс жасалған. 1964 жылдан 1989 жылдың 19 қазанына дейінгі аралықта қуаты 150 килотоннаға дейін 343 жер астылық жарылыс жасалған. Кеңес еліндегі ядролық қару сынақтарының 70%-ға жуығы Семей полигонында өткізілді, қазақ жерінде ядролық қалдықтарды көметін орындардың саны 300-ге жетті. Сынақ жарылыстары Семей жері мен халқына аса ауыр зардаптар тигізді. Полигондар ең алдымен өздері орналасқан жерді тоздырды. Ол жердің ауа райы өзгеріп кетті. Суы тартылып, ауасы мен шөбі ластанды. Экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы тіршілік үшін өте ауыр болды. Аумақтың флорасы мен фаунасы орны толмас шығынға ұшырады. Әсіресе адамдардың тартқан зардаптары жан түршігерлік болды. Семей өңірінің тұрғындары арасында қатерлі ісік, қан ауруларының үлесі көбейіп кетті. Адамдар арасында жүйке дертіне ұшырауы, өзіне –өзі қол жұмсау, шаштың сыпырылып түсіп қалуы, тері аурулары жиілеп, бұрын медициналық іс жүзінде байқалмаған белгісіз індеттер бой көрсете бастады. Балалар өлімі, бір жасқа дейінгі нәрестелердің шетінеуі, іштен мүгедек болып туу, өлі туу құбылыстары да көбейіп кетті[243,5].

Дегенмен әлеуметтік-тұрмыстық салаға өкімет тарапынан шаралар жүргізілді, біз оны жоққа шығара алмаймыз. Еңбекшілерге медициналық

қызмет көрсету ісіне бөлінетін қаржы қажеттілікті толық қанағаттандыра алмаса да жыл өткен сайын артып отырды. 1960-1965 жылдарда республикада емдеу мекемелерінің саны 1,6 мыңға көбейіп, 1965 жылы 8,8 мыңнан астам болды. Еңбекшілердің әлеуметтік жағдайын жақсартуда жүргізілген шаралар жоғарыда келтірілген олқылықтар мен кемшіліктерге қарамастан, соғыстан кейінгі бесжылдықтарда ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету сапасын арттыруға үнемі көңіл бөліп отырды. Сондықтан еңбекшілердің әлеуметтік-тұрмыс деңгейінің артуы ел экономикасының даму деңгейіне байланысты демекпіз.

Қорыта айтқанда, Семей облысы Ұлы Отан соғысынан кейінгі дамуындағы жаңару үрдісі мен тыныс - тіршілігінің бірқатар жетістіктерге қол жеткізуіне еңбекшілердің болашаққа деген жарқын көзқарастары және күш – жігерлерінің әсері мол болды. Қаланың демографиялық жағынан өсу қарқыны және халықтың жаңадан өндіріс орындарында шоғырлануы қала өркениетінің қарыштай өсіп, мәдени әлеуметтік өміріне маңызды ықпал жасағанмен оның жағымсыз жағы да болды. Кеңес қоғамы өзінің өміршендігін, қол жеткізген «тамаша» табыстарын елдің озық ойлы өкілдері мен зиялылары шоғырланған қаланың әлеуметтік тобы арқылы бүкіл ортаға таратып қалу мүмкіндігін шебер пайдаланды. Бұған соғыстан кейінгі Семей облысының тыныс - тіршілігі және ондағы мәдени - әлеуметтік саладағы ұйымдастырылған шаралар толық куә бола алады.

2.2 Ауыл шаруашылық еңбеккерлерінің материалдық әл-ауқатының дамуы

1940-шы жылдардың екінші жартысында соғыс кезінде үзіліс алып, тоқтап қалған мәдени мекемелер мен әлеуметтік нысандар қалпына келе бастады тірілді. Қалай дегенмен соғыстан кейінгі халық шаруашылығының, оның ішінде ауылдың мәдени-әлеуметтік ісін өркендету барысында біршама қиындықтармен қатар кедергілер де орын алды. Ең бастысы елдің ауыл шаруашылығы тұрғын халықтарды күнделікті азық-түлік өнімдерімен, шикізатпен әлі де болса жеткілікті қамтамасыз ете алмады. Ең керекті астық өнімін өндіру мәселесі шешілмеді. Егістің көлемі соғыстан бұрынғы дәрежесіне жетпеді, егілген егіннің шығымдылығы да төмен болды. Көптеген алыс елді мекендердегі артта қалған ұсақ колхоздар өз жоспарлары мен міндеттемелерін орындай алмады. Еңбекті ұйымдастыру мен еңбекке ұйтқы болу жағы пәрменді болмады. Дегенмен ауыл тұрғындары әлеуметтік-тұрмыстық қиыншылықтарға төзіп бақты. Тұтынатын тауарлардың түрі аз болды, түрлі машина мен техника, отын, жағармай, электр қуаты тұрмысқа кеңінен пайдаланылмады.

Соғыстан кейін халықты азық-түлікпен және өнеркәсіп тауарларымен жабдықтайтын карточкалық жүйе жойылып, оның орнына мемлекеттік және кооперативтік саудаға жол берілді. Төртінші бесжылдықта азық-түлік пен өнеркәсіп тауарларына бағалар үш рет кемітілді. Еңбекшілердің жалақысы өсіп,

жан басына шаққанда әрбір еңбеккердің нақты табысы артты. Колхоз мүшелерінің еңбек ақысының мөлшері ауыл шаруашылық артелінің табыс көлеміне тікелей байланысты болды[29,б. 226]. Колхоз мүшелерінің табысы өскен сайын оның мүшелерінің еңбек ақысы да көбейіп отырды.

Соғыс жылдарында екі еседен астам төмендеп кеткен бөлшек сауда товар айналымы ақшаны товарлармен қамтамасыз ете алмады, сомның сатып алу қабілеті төмен болды. Соғыс жылдарында құнсызданған ескі ақшаны 10-нан 1 ара-қатынасымен жаңа ақшамен алмастыру ақша системасын және шаруашылық қызметін қалпына келтірді, сомның сатып алу күшін арттырды.

Карточка жүйесі жойылғаннан кейін азық-түліктің бағасы арзандатылды. Азық-түлік және өнеркәсіп товарларына коммерциялық баға жойылып, жаңа неғұрлым төмен бірыңғай мемлекеттік баға енгізілді. Әсіресе 1950 жылы бағаның төмендетілуі едәуір болды: астық өнімдері мен ұнның бағасы 21 пайыздан 30 пайызға дейін, етке және ет өнімдеріне 24 пайыздан 35 пайызға дейін, өнеркәсіп товарларына 10 пайыздан 25 пайызға дейін төмендетілді. Төртінші бесжылдық жылдарында баға үш рет төмендетілді, соның нәтижесінде халық бір жылға шаққанда 267 миллиард сом пайда келтірді.

Ауыл шаруашылық өнімдерінің колхоз рыноктарына әкелуінің көбеюіне, мемлекеттік және кооперативтік сауданың өріс алуына, азық-түлік және өнеркәсіп товарларына мемлекеттік бағаның төмендетілуіне байланысты рыноктағы баға да төмендеді. Сомның сатып алу қабілетін нығайтумен қатар еңбекшілердің еңбек ақысы арттырылды.

Мәселен, республика колхоздарының ақшалай табысы және еңбекке жарамды әрбір колхоз мүшесінің ақшалай табысы өсті. Осыған байланысты колхоз мүшелерінің еңбек ақысы едәуір өсті. 1945 жылы Қазақстандағы колхоз мүшелерінің әрбір еңбек күнге орташа есеппен бір сом 15 тиын ақшалай және 0,706 кг. астық мөлшерде төленді. Ал, 1947 жылы бір сом 17 тиын ақшалай және 1,267 кг. астық мөлшерде еңбек ақы алды[244,263]. Міне осылайша ақшалай төлем сол бірдей деңгейде қалғанның өзінде, заттай еңбек ақы төлеу үш-төрт жыл ішінде екі есеге жуық өсті. Тағы да бір ерекше ескертетін жағдай, ол кездегі ақшаның тұтыну құны едәуір болатын, әсіресе 1947 жылғы ақша реформасынан соң тіпті біршама көтерілді[29,б. 226].

Ауыл шаруашылық еңбеккерлерінің материалдық әл-ауқатын өркендету барлық кезеңдерде экономикалық саясаттың басты мақсаттарының бірі болды. Кеңес өкіметі ауыл-село халқын сапалы тағаммен, киіммен, мәдени-тұрмыстық жабдықтармен қамтамасыз етуде, жұмыс күшін болашақта тағыда қысқартуда, тұрғындардың дәрігерлік қызмет көрсетуге сұранысын қанағаттандыруға, әйел адамдардың қоғамдық еңбекке белсенді және шығармашылықты тұрғыда араласуына байланысты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың барлығын жасауда шаралар жүргізді [29,б. 227].

Қоғамдық шаруашылықтың өсуі нәтижесінде колхоздар едәуір нығайды, колхозшылардың кірістері көбейді. Төртінші бесжылдықтың екінші жылының өзінде-ақ 675 колхоздың ақшалай табысы 500 мың сомнан асып түсті, ал олардың екі жүзден астамында миллион сомнан және одан да көп табыс болды.

Колхоздар өз артельдерінің мүшелері үшін тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыстық мекемелер және басқа объектілер салуға қаржы бөлуге мүмкіндік алды. Еңбеккүннің баламасы өсе түсті. 1950 жылы колхоздардың 60 пайызына жуығы әр еңбеккүнге 1 килограмнан астам астық берді, көптеген артельдердің мүшелері әр еңбеккүнге 2 килограмнан және одан да көп астық алды. Бесжылдықтың аяғында бір колхоз үйіне келетін ақшалай табыстың жалпы сомасы 1920 сом болды. Бірақ ауыл-селодағы тұрмыс дәрежесі қаладағымен салыстырғанда әлі де төмен болып қала берді.

Еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын арттыруда қоғамдық тұтыну қорларының да зор маңызы болды. Ауыл тұрғындарының кірісін, материалдық тұтыну деңгейін, тұрғын үйлермен қамтамасыз етілу деңгейін, мәдени-ағарту жұмыстарының даму дәрежесін, мәдени қызмет көрсету, денсаулық сақтау, әлеуметтік сақтандыру және тағы басқа әлеуметтік-тұрмыстық саланы айқындайтын көрсеткіштер жүйесін қолдана отырып, халықтың әлеуметтік жағдайы жөнінде сипаттама беруге болады.

Шаруаның шынайы кірісі (материалдық тұтынуы) 1928 жылы бір адамның жан басына есептегенде жұмысшылар мен қызметкерлердің жан басына шаққандағыдан өте төмен еді. 1940 жылы бір жағынан жұмысшылар мен қызметкерлердің кіріс деңгейінің арасында айырмашылық азайды. Соғыстан кейінгі жылдары 1940 жылдары колхоз мүшелерінің кірісі жұмысшылар мен қызметкерлердің кірісіне қарағанда тез өсе бастады. 1940 жылдар мен 1965 жылдар арасындағы кезеңде жұмысшылар мен қызметкерлердің шынайы кірісі бір жұмыскерлерге 2,3 есеге өсті, ал шаруаның кірісі 3,4 есеге өсті.

Қазақстан колхоздарында басқа республикалардағыдай жаппай коллективтендіру жүргізгенге дейін кірісті бөлудің әртүрлі әдістері қолданды. Еңбекті бағалау және кірісті бөлу бір-бірімен өзара байланысты, еңбек өндірісіне қосылған кірістің саны мен сапасын дұрыс айқындау үшін жаңа кірісті бөлудің әділ жолдарын ойлап табу керек болды, бұл кезеңде сенімнен шығар шара еңбек күн еді. Колхоз мүшелерінің еңбек күнінің қоғамдық еңбектің бір бөлігі ретінде қарастырылды [29,б. 228].

Колхоз құрылысы дамуының белгілі бір кезеңінде еңбек күні колхоз өндірісін ұйымдастыру мен жоспарлаудың маңызды экономикалық құралы ретінде қызмет көрсетті, шаруаның әлеуметтік табиғатының өзгеруіне әсер етті.

Белгілі бір кезеңде жеке меншік шаруашылық ұстау негізсіз шектеліп келді. 1964 жылы қазан айында өткен КП Орталық Комитет пленумынан кейін бұл шектеулер жойылды. Еңбекшілерге жеке меншік жер алуына құқылық кепілдік берілді, бұл жерді өңдеуге, малды азықпен қамтамасыз етуде колхоз тарапынан көмек шаралары қарастырылды. Жеке шаруашылық иелігінің көлемі мен мал ұстау шегі жергілікті жағдайларға байланысты, қоғамдық және жеке мүдделерді дұрыс ескеру негізінде айқындалып бекітілді.

Колхоз мүшелерінің материалдық жағынан ынталандыру олардың еңбегіне және алынған өнімнің сапасы, өзіндік құнына байланысты болды. 1946-1953 жылдардығы колхоз мүшелерінің еңбек ақысы төмен болды, оның себебі

соғыстан кейінгі жылдардағы колхоздардағы еңбек өнімділігінің төмендігіне байланысты еді.

Мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын қаржысы да жылдан-жылға ұлғая түсті. Әлеуметтік қауіпсіздендіру мен әлеуметтік қамсыздандыру есебінен Отан соғысының мүгедектері, еңбек мүгедектері, қаза тапқандардың семьялары пенсиялар алды, еңбекке уақытша жарамай қалғанда берілетін пенсиялар тағайындалды, көп балалы, жалғыздікті аналар мен басқалар жәрдем алды. Осының барлығы халықтың көпшілігінің тұрмыс дәрежесін арттырды. КСРО Жоғарғы Кеңесі 1956 жылы 14 шілдеде «Мемлекеттік пенсиялар туралы заң» қабылдады, бұл заң бойынша мемлекеттік пенсия алуға правасы бар адамдардың саны анағұрлым көбейтілді, қартайғанда пенсия алу үшін ең төменгі жас деңгейі белгіленді.

Ауыл шаруашылығымен шұғылданатын және селолық жерлерде тұрақты тұратын еңбекшілер де қала еңбекшілері үшін белгіленген норманың 85 пайызы мөлшерінде пенсия алу құқына ие болды.

Әлеуметтік қауіпсіздендіру есебінен халыққа тегін дәрігерлік көмек көрсету, тегін оқыту және оқушыларға стипендиялар беру, демалыс үйлеріне тегін немесе жеңілдік жасап жолдамалар беру қамтамасыз етілді. Еңбекшілер қоғамдық қорлардан бір жолғы жәрдемдер мен басқа да материалдық көмек алды. Бірақ мемлекеттік пенсиямен қамтамасыз ету колхозшыларға әлі де толықтай қолданылған жоқ еді.

Шаруашылықтың барлық салаларында қалыпты жұмыс күні режімінің орнатылуы, демалыс берудің соғыстан кейін қалпына келтірілуі, еңбекшілердің еңбек және демалыс жағдайларын жақсартты. Төртінші бесжылдықта үкіметтің шешімі бойынша Қазақ республикасында МТС-ден түскен қаржылардың 50 пайызына дейінін, жеке басты және семьясы аз азаматтардан алынатын салықтардың және басқа кейбір түсімдердің 50 пайызына дейінін қалдыруға рұқсат етілді, мұның өзі республиканың мемлекеттік бюджетін едәуір дәрежеде нығайтты. Оның үстіне республика халық шаруашылығына одақтық бюджеттен берілетін қаржы көбейтілді.

1960 жылдардың басында шаруалардың тұрмыс жағдайы 1950 жылдармен салыстырғанда екі есеге төмендеді. Оның себебі ауыл шаруашылығының артта қалуы, еңбек өнімділігінің төмендеуі, халық шаруашылығын дамытудағы субъективті басқару жүйесі тағы басқа себептерден орын алды. Колхоздар мен машина-трактор станциялары ыдырағаннан кейін барлық ақшалай табысты ауыл шаруашылық техникаларын алуға және жөндеуге жұмсады, еңбек күнге қажетті ақша аз бөлінді.

Ауыл еңбеккерлерінің материалдық және мәдени мұқтаждығын қамтамасыз етудің негізгі көзі ақшалай табысын өсіру болып табылады. 1961 жылдан бастап совхоз еңбеккерлеріне еңбек ақысын төлеудің жаңа жүйесі қалыптасты, еңбек ақы алынған өнімнің бағасы мен санына байланысты болды. Материалдық ынталандыру еңбек өнімділігіне тікелей байланысты болды [29 б. 231]. Совхоздардағы еңбек өнімділігі 1950-1958 жылдары 2,4 есеге өссе, жұмысшылардың еңбек ақысы бір жарым есеге өскен. 1960 жылы колхоз

мүшелері 2,6 млрд. сомның өнімін өндірді, колхоз мүшелеріне 348 сом еңбек ақы төленді, яғни бұдан әр колхозшы тапқан табысының 13 пайызын ғана алған[245,263]. Ал, соғыстан кейінгі әлсіз колхоз мүшелері өте төмен еңбек ақы алды. Осылайша еңбек ақының төмендігі маман-кадрлардың тапшылығына әкелді.

Жетінші бесжылдықта совхоздардағы еңбек өнімділігі күрт төмендеді, ал жұмысшылардың еңбек ақысы өсіп отырды, 1965 жылы 1958 жылмен салыстырғанда 20% өскен. Еңбек өнімділігі мен еңбек ақының арасындағы сәйкессіздік колхоз және совхоз өндірісінің дамуына кері әсерін тигізді. Табиғат жағдайларына байланысты 1957, 1963, 1965 жылдары болған құрғақшылықтан егіннің шықпай қалуы жұмысшыларға еңбек ақының дұрыс төленбеуіне де әкелді.

Ауыл еңбекшілерінің әлеуметтік-тұрмыстық деңгейінің көрсеткіші ретінде тұтынушылықтың өсуін немесе тұрғындардың шынайы кірісін айтуға болады. 1940 жылдардың аяғы мен 1950 жылдардың басында ауыл-селоарда халыққа қызмет көрсететін магазиндер, наубайханалар саны өте аз болды және ондағы қажетті күнделікті тұрмыстық заттар, азық-түлік тапшылығы күннен-күнге артты. Республика бойынша 250 магазин, үйлері, 60 наубайхана, 20 асхана пайдалануға келмейтін, сапасы жағынан төмен үйлерде орналасқан болатын[246,6].

Республика Министрлер Кеңесі 1953 жылы 26 қаңтарда «Совхоз жұмысшылары мен қызметкерлеріне сауда қызметін жақсарту туралы» қаулы қабылдады[247,286]. Аталған қаулыда халыққа қызмет көрсететін сауда орындары мен наубайханалар салуды жүзеге асыру жөнінде тапсырмалар берілді. 1950 жылдардың ортасында сауда орындарының салынуы негізінен солтүстік аудандарында біршама жүзеге асты, әсіресе тың игерген астық аудандарда, ал мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда әлі де болса төмен еді[29, б. 232].

Жоғарыда қабылданған шешімдер мен тіпті арнайы берілген бұйрықтардың өзі толық шешімін таппады, салынған сауда орындары мен асханалар саны мардымсыз болды. 1959-1965 жылдарда нан және нан өнімдерін- 9,9%, картопты 6%- ке азайтқанда, жеміс-жидекті тұтыну 23%- ке, мал майын-25%-ке, қантты тұтыну- 46,7% –ке өсті[248,288].

Осы жылдары маңызды азық-түлік тауарларына жатпайтын өнімдер біршама ұлғайды, мәселен, мата, тоқыма бұйымдардың түрлері, аяқ-киім және тағы басқа тауарлар. 1965 жылы 1913 жылмен салыстырғанда матаны тұтыну 1,5 есеге, жібекті тұтыну 14 есеге, ал аяқ-киімдерді сатып алу 5,5 есеге өскен. Дегенмен ауыл-село халқының азық-түлік және басқа да тауарларды сатып алу мүмкіндігі қала халқына қарағанда төмен болды. Ең әуелгі себептің бірі ауылда еңбек ақы төлемі де төмен болды. Міне осының салдарынан ауыл-селодағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың төмендеуі ауыл еңбеккерлерінің қатарын сиретті. Мұның өзі экономикалық, әрі әлеуметтік жағынан ауылдың артта қалуына душар етті[29, б. 232].

Ауыл-село тұрғындарының мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсартудың шаралары Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінің 1959 жылдың сәуірінде бірлесіп қабылдаған «Тұрмыстық жағдайларды жақсартудың шаралары туралы» атты қаулысы болды. Қаулыда ауыл-село тұрғындарын тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету барысындағы кемшіліктер жөнінде айтылып, оларды жою үшін ауыл-селоарда тұрмыстық қызмет көрсету комбинаттарын, шеберханалар салудың жолдары көрсетілді. Міне мұндай кең көлемді шаралардың нәтижесінде ғана ауыл-село еңбеккерлерінің санын арттырып, олардың мәдени-тұрмыстық деңгейлерін көтеруге болар еді [29,б. 232].

Ауыл мен село халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының өзгеруі еліміздің өнеркәсіп орындары мен ауыл шаруашылық өндірісінің шығаратын өніміне де байланысты. Халықтың әл-ауқаты артқан сайын олардың сұраныстары да арта түсіп, сауда айналымы да өседі. Халық шаруашылығын қалпына келтіру мен дамыту, азық-түлік және өнеркәсіп товарларын өндірудің үздіксіз өсуі мемлекеттік және кооперативтік сауданы өрістетуге мүмкіндік берді [143,122]. Халықтың нақты табысының өсуі және ауыл шаруашылық өндірісінің өрге басуы халықтың тұтынуының ұлғаюына себепші болды. Еңбекшілердің материалдық жағдайының жақсаруы халықтың сатып алу қабілетін арттырды. Магазиндер мен асханалардың жүйесі кеңейіп, еңбекшілерге мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жетілдірілді. Селолық жерлерде де сауда жүйесі жедел қарқынмен дамытылды. Село мен ауылда құрылыс материалдарына, мәдени товарларға және тұрмыстық электр товарларына деген сұраным өсті. Осының негізінде халықтың мәдени-тұрмыстық мақсаттағы товарлармен қамтамасыз етілуі өсе түсті.

Қоғамдық тамақтандыру жүйесі едәуір ұлғайды. Еңбекшілердің тамақтануы едәуір жақсарды, 1940 жылмен салыстырғанда 1950 жылы ет өнімдерін тұтыну 1,7 есе, жұмыртқа жөнінен 1,5 есе, сүтті және сүт өнімдерін тұтыну 1,7 есе көбейді. Халықтың мәдени-тұрмыстық мақсаттардағы заттар және басқа да өнеркәсіп товарларын алуға жұмсайтын шығындарының үлесі де едәуір артты. Халықтың жан басына шаққанда жалпы товар айналымы 38 пайызға және азық-түлік товарларының айналымы 15 пайызға өскенде, азық-түлікке жатпайтын товарларды сату 71 пайызға көбейді [29,б. 223]. 1950 жылдары сауда айналымы артты, мәселен 1963 жылы сауда айналымы 1953 жылмен салыстырғанда бес есеге өскен, яғни 274,9 млн. сомның орнына 1335,4 млн. сомның товар-бөлшек сауда айналымы болған. Осы жылдарда республиканың ауыл-селоларында магазиндар, асхана тағы басқа сауда орындары ашылды.

Ауыл-село еңбеккерлеріне күнделікті қажетті тауардың саны мен қатар сапасы да өсті. Өскелең өмірге қажетті тауарлар сатыла бастады. Мәселен, тігін машиналарын сату –11 есеге, аяқ киімдер саудасы 3,8 есеге, киім-кешек сату 2,8 есеге өскен болса, азық-түлікті сатуда алға басулар болды, қант 3,8 есеге, май 6,9 есеге өскен. Міне осындай ауыл еңбеккерлеріне қажетті азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлардың сатылуы, әлеуметтік жағдайдың жақсарып келе жатқандығын көрсетеді.

Ауыл-село халқының әлеуметтік-тұрмыс жағдайларының өсуін азық-түлік және өнеркәсіптік тауарларды сатып алу және пайдалану дәрежесінен байқауға болады. 1960 жылдарды ауыл еңбекшілерінің көпшілігі мемлекеттік және кооперативтік сауда түрлерін пайдалана бастады. Сондай-ақ, кірістің өсуіне байланысты өнеркәсіп тауарларына, киім-кешектер мен аяқ киімдерге, ұзақ уақыт қолдануға арналған заттарға деген сұраныстың ұлғаюы заңдылыққа айналды [29 б. 234]. Республика халқының тұрмыс дәрежесінің жағдайын қарастыра отырып, 1965 жылдары соғыстан кейінгі кезеңмен салыстырғанда халықтың негізгі бөлігінің жағдайы жақсарғанын мойындау қажет.

1950-1960 жылдары сауда орындары мен қоғамдық тамақтану орындары жылдам өсті. 1959-1965 жылдары республикадағы бөлшек сауда 75 пайызға өскен. 1966 жылы 1 қаңтарда Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты 67030 орындық 1942 асхана қызмет көрсетті. Асханалардың халыққа халыққа қызмет көрсетудің түрі арта түсті.

Тұтынушылар кооперациясы мемлекеттік емес меншік түрі болып есептелгенмен, әкімшілік - әміршілік жүйенің уысынан шығып кете алмай, жоспарлы экономиканың негізінде дамыды. Жоспарлау жүйесі барлық көрсеткіштерді жоғарыдан белгілеп, кәсіпорындардың шаруашылық мәселелерін шешудегі дербестігін шектеп, сапалы жұмыс істеудегі белсенділігін төмендетті.

1960 жылдың ортасында халық шаруашылығын басқарудың принциптері мен жүйесін жетілдіру бағытында жүргізілген Кеңес өкіметінің реформалары сауда саласын да қамтыды. КСРО Министрлер Кеңесі 1965 жылы 13 наурызда «Елдегі қоғамдық тамақтандыру және сауданы жақсарту туралы» қаулысында. тұтыну кооперацияларында жоспарлаудың жаңа тәртіптерін енгізу, оларға бегілі бір дәрежеде дербестіктер беру жөнінде өзгерістер жасауға мәжбүр болды. Алайда, әкімшіл-әміршіл жүйе ауыл-село халқына қызмет көрсетуге тиісті тұтыну кооперацияларының жұмысына араласып, қадағалап отыру міндеттері жергілікті өкімет органдарына жүктелді.

Белгілі бір деңгейде халықтың материалдық және мәдени сұранысын ұлттық кірістің бір бөлігі саналатын қоғамдық және жеке бастың мүддесіне жұмсалатын қоғамдық тұтыну қоры есебінен қамтамасыз етілді. Қоғамдық қорлар қартайған және еңбекке жарамсыз қоғам мүшелерін қамтамасыз ету үшін тұрғындардың денсаулығы мен демалысына, оқу мен жастарды тәрбиелеу ісіне, мамандар даярлауға, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуге және тағы басқа істерге жұмсалуды тиіс болды.

Ауыл еңбеккерлерінің әлеуметтік-тұрмыс жағдайын өсірудің бір саласы дәрігерлік көмек көрсетуді жақсарту. Үкімет тарапынан денсаулық ісін дамытуға және медициналық көмек көрсету мәдениетін арттыруға үнемі көңіл бөліп отырды. Еңбекшілердің денсаулығын сақтауға арналып бөлінетін қаржы көбейді. Егер 1950 жылы денсаулық сақтау мен дене шынықтыру саласына арналған шығындар республикада 58,8 миллион болса, 1960 жылы 178,7 миллион сом болып, яғни үш есе артты. Жаңа емдеу-профилактика және балалар мекемелері қатарға қосылып, халыққа медициналық көмек көрсету

сапасы артты. Ауыл-селоларда медицина мекемелерін көбейту және медицина қызметкерлерінің тұрмыс жағдайларын жақсарту жөнінде шаралар қолданылды.

Соғыстан кейінгі жылдары аурухана, амбулаториялық-емхана және санитария-профилактория мекемелерінің жүйесі едәуір кеңейді. Бірақ алыс аудандарда дәрігерлік көмек көрсететін емханалар саны, дәрігерлік пункттер саны әлі де жетіспеді. Оның үстіне дәрігер-мамандар саны да жеткіліксіз болды. Кейде бір дәрігерлік пункттердің өзі бірнеше елді мекендерде қызмет көрсетті. Дәрігерлік жедел жәрдем көрсетуге автокөліктің жетіспеуінен тез арада көмек көрсету мүмкін болмаған жағдайлар кездесіп жатты. Әсіресе ауылды жерлерде ана мен баланың денсаулығына, кейбір жұқпалы аурулардың алдын алуға байланысты шаралар дер кезінде жасалынбады. Мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда дәрігерлік көмек көрсететін орындарды салу жоспары орындалмады. Семей, Гурьев, Жамбыл және басқада облыстарында емханалар салу жоспары орындалмады. Көптеген облыстарда емханаларға арналған үйлері, дәрігер мамандар және жедел жәрдем көрсететін көлік болмағандықтан халыққа дәрігерлік қызмет көрсету жұмыстары нашар жүрді [29, б. 235].

Барлығы он жылдың ішінде 1951-1960 жылдары Қазақстанда емдеу орталықтары 2,1 есеге, дәрігерлер саны 2,2 есеге, орта арнаулы білімі бар медбикелер саны 2,8 есеге өскен. Ана мен баланың денсаулығын қорғауға байланысты шаралар жүргізілді. 1956 жылы жас балалы аналарға қосымша еңбек ақы төленетін демалыс ұзартылды [249, 54]. Дәрігерлік қызмет көрсету орталықтарының өсуі ауыл-село халқының өмір сүру деңгейін ұлғайта түсті.

Соғыстан кейінгі жылдар дәрігерлердің және дәрігерлік емдеу орындарының жетіспеуіне қарамастан ауыл-село еңбеккерлеріне ақысыз медициналық қызмет көрсетілді, әр түрлі жұқпалы аурулардың алдын алуына байланысты олардың саны азайды. Республикада балалар бақшасы, бүлдіршін үйлері салынды, ана мен балаға мемлекет тарапынан қамқорлық жасалынды. Мұның өзі қазақ әйелдеріне әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары қоғамдық еңбекпен үйлестіре білуге мүмкіндік берді.

Дегенмен бұл аталған жетістіктермен қатар ауылдың материалдық тұрмыс деңгейлерінде жетіспеушіліктер орын алды. Әлі де өте нашар жағдайда тұратын ауыл-село халқы көп еді. Мәселен, Семей облысының Ақсуат, Бородулиха, Новошувльба аудандарында балалар арасында жұқпалы аурулар көп тарады. Облыстағы осындай жағдайларға байланысты облыстық атқару комитеті кеңесінде ауыл-село тұрғындарына дәрігерлік қызмет көрсету жөнінде арнаулы мәселе қаралды.

Аталған кемшіліктер республиканың басқа облыстарына да орын алды. Емханалардың материалдық-техникалық жабдықталуы төмен дәрежеде болды. Осыған байланысты Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігі 1960 жылы 10 мамырда «Ауыл шаруашылық еңбеккерлеріне дәрігерлік көмек көрсету және халықтың денсаулығын қорғау шаралары» жөнінде арнаулы бұйрық /№374/ шығарды [250, 6]. Бұл берілген бұйрықта ауыл-селода дәрігерлік

көмек көрсетудің төмен жағдайда екенін атап көрсете отырып, бірқатар шаралар жүргізу керектігін көрсетті. Денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық жабдықталуын қамтамасыз ету, дәрігерлік қызмет көрсететін автокөлік, дәрі-дәрмектермен және дәрігер мамандармен қамтамасыз ету міндеттерін қойды.

Аталған бұйрықтар мен шешімдер әр кезде өз шешімін таппай отырды. Мәселен, 1959 жылы колхоздардың өз бастамасымен салынған 1041 адамға арналған аурухана берілсе, 1960 жылы жоспарланған 1580 аурухананың 70-і ғана іске қосылды[29,б. 236]. Мұндай жағдай жылма-жыл қайталанып тұрды. 1962 жылы жоспарда көрсетілгендей 4035 адамға арналған аурухана іске қосылуға тиіс болса, оның 934-і, яғни 24 пайызы ғана берілді. 1961 жылы ауруханалар мен емханалар салудың қаржысы 77,3 пайызы игеріліп, 2352 орындық ауруханалар пайдалануға берілді[251,109]. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарап, денсаулық сақтау объектілерінің құрылысын салу ешуақытта толық орындалмаған. Міне сондықтан үлкен аумақты алып жатқан біздің еліміз үшін денсаулық сақтауды жақсарту түбегейлі жүзеге асыру мүмкін болмады. Мұның басты себебі бөлінген қаржының мөлшері және оны пайдалану бағыты дұрыс жолға қойылмады.

Дәрігер-мамандардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына жеткілікті көңіл бөлінбеді. Осыған байланысты денсаулық саласында кадрлар тұрақтамады. Кадрлар саясатын шешуде үлкен қиыншылықтар кездесті.

Мәселен, 1963 жылы республикадағы ауыл-селоарда 96,3 бөлімшеде 319 дәрігерлер жетіспеді. Мұндай жағдайлар басқа облыстарда да жиі кездесіп отырды. Республиканың ауылдық жерлерінде медицина қызметкерлерінің мұқтаждықтарына селқос қарап, тұрғын үймен қамтамасыз етпеу, қолайлы жағдайлар жасамау халыққа дәрігерлік көмек көрсетудің сапасына, жалпы денсаулық сақтау ісіне кері әсерін тигізбей қойған жоқ[29, б. 237].

Екі жарым жылдың ішінде, яғни 1956 жылдың ортасына дейін басқа өңірлерден Қазақстанға 3000-ға жуық медицина қызметкерлері келді. Осы денсаулық сақтау қызметкерлеріне жағдай жасалса, дәрігер мамандардың жетіспеушілігі біршама азайған болар еді.

Денсаулық сақтау мекемелердің аздығы, ондағы қызмет көрсетудің сапалық деңгейі талапқа сай болмағандықтан ауыл-село тұрғындарының денсаулығына әсерін тигізіп қана қоймай, ауыл шаруашылық өндірісінің дамуына, жұмыс күшінің әлсіреуіне әкелді. Ауылдық жерлерде денсаулық сақтау мәселесін реттеу мақсатында қайта құрулар енгізілді, фельшер-акушерлік пункт, дәрігерлік амбулатория, маманданған аудандық емханалар құрылды. Әрине мұндай қайта өзгертулер алдыңғы қатарлы аудандарда жүргізілді.

Мемлекет тарапынан қабылданған шешімдер, берілген нақты бұйрықтар негізінде шаралар жүргізілді, халықтың денсаулығын сақтауда бірқатар жұмыстар жүргізілді, оны біз жоғарыда да атап көрсеткен едік. Бірақ ауыл-село халқының әлеуметтік проблемаларының жетіспеуінен әртүрлі жұқпалы аурулар, туберкулез сияқты аурулар кеңінен таралып, жиі қайталанатын,

созылмалы дертке айналды. Басты себеп, өкіметтің денсаулық сақтау саласында жүргізген қамқорлығы науқаншылдық сипат алып, қабылданған шешімдер аяғына дейін орындалмады. Кеңес өкіметінің Қазақстан халқына, оның ішінде ауыл-село еңбеккерлеріне, тегін медициналық қызмет көрсету жөніндегі ұстанған саясаты белгілі бір дәрежеде оң нәтижелерге қол жеткізгенмен, әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдеріндегі бұл саладағы қол жеткен тәжірибелерімен салыстырғанда, оның дәрежесі мен сапасының өте артта қалғандығына бүгінде көзіміз жетіп отыр. Ауылдық-селолық жерлердегі халыққа дәрігерлік қызмет көрсетуде ұйымдастыру жергілікті өкімет органдары арқылы жүзеге асырылды.

1960 жылдардың басында республика ауыл-селоларындағы халықтың денсаулығын қорғау мен оларға дәрігерлік көмек көрсетудің дәрежесі мен сапасы заман талабына сай келмеді. Ауыл-село халқына көмек негізінен фельшерлік-акушерлік пункттер арқылы көрсетілді. Ал селолық учаскелік ауруханалар мен аудан емханаларының материалдық базалары өте ауыр жағдайды бастан кешірді.

Ауруханалар, емханалар, дәріхана мекемелерін салу жоспарлары жыл сайын орындалмады. Денсаулық мекемелерін салу үшін республикаға бөлінген күрделі қаржы 1959-1964 жылдары небәрі 78,4 пайызға орындалған. Денсаулық сақтау органдары мен жергілікті кеңестің атқару комитеттері денсаулық сақтау мұқтажына бөлінген 1964 жылы 4 миллион қаржы игерілмей қалды.

Осындай жағдайға байланысты ҚазақССР Жоғарғы Кеңесі 1965 жылы 5 сәуірде «Қазақ ССР халқының медициналық қажетін өтеуді және денсаулығын сақтауды жақсарту туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда жергілікті кеңес органдарының атқару комитеттеріне, селолық жерлердегі ауруханалардың материалдық базасын жақсарту, ұсақ ауруханаларды ірілендіру міндеттері жүктелді.

Қазақтың тарихында болмаған әлеуметтік өміріндегі өзгерістерге ашық түрде сыналған қару-жарақта, полигондардағы ядролық қарулардың әсері ауыл мен село еңбеккерлерінің тұрмысына, денсаулығына үлкен зардаптар алып келді. 1949 жылдан басталған полигон зардаптары шаруашылықтардың жерінің бедерін бұзып, жан-жануарлар, су, өсімдіктер уланып, экологиялық зор зиянын тигізді[46,б. 238].

Ауыл адамдарының арасында түрлі аурулар тарап, балалар мен аналар әркілі дертке ұшырады, әсіресе Семей облысының Абай, Абралы, Жаңа-Семей аудандарында бұл жөнінде 1950-1960 жылдардағы партия және кеңес өкіметінің қаулы-қарарларында айтылмады. Полигон аймағында болған жарлыстардан оның аймағындағы ауыл мен селоның табиғатына апат ғана әкелген жоқ, қоршаған ортаның бұзылуынан ауыл мен село адамдарының әлауқатына, денсаулығына зор нұқсан келтірді[29, б. 238-239]

Дегенмен әлеуметтік-тұрмыстық саланы дамытуға арналған қаржының мөлшері артып отырды. Денсаулық саласына бөлінген төмендегі салыстырмалы түрде берілген қаражаттың мөлшері арқылы байқауға болады. Мәселен, 1960 жылмен салыстырғанда денсаулық сақтау мен дене шынықтыруға жұмсалған

қаржы 1,8 есе өсіп, 1965 жылы 318,3 миллион сомға жетті. 1960-1965 жылдарда республикада 40 мың орындық ауруханалар салынды, емдеу мекемелерінің саны 1,6 мыңға көбейіп, 1965 жылы 8,8 мыңнан астам болды. 1965 жылы республика халқына 22,3 мың дәрігер мен 75,7 мың орта білімді медицина мамандары қызмет көрсетті[252,23].

Сонымен 1950-1960 жылдары Кеңес өкіметі ауыл-село халқының денсаулығын сақтау және оларға көмек көрсету тұрғысында жүзеге асырылған іс-шаралардың барысында аталған кемшіліктерге қарамастан денсаулық сақтау органдарының материалдық базасын жаңартуда, маман дәрігерлермен қамтамасыз етуде, дәрігерлік көмек шараларын көрсетуде біршама істер атқарылды.

Еңбекшілердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуда жоғарыда келтірілген олқылықтар мен кемшіліктерге қарамастан, соғыстан кейінгі бесжылдықтарда ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсету сапасын арттыруға үнемі көңіл бөліп отырды. Ауыл еңбеккерлерінің өмірі, әлеуметтік сала, мемлекеттің өзінің қуаты осының барлығы экономиканың жәй-күйіне, оның реформалану дәрежесіне байланысты[29, б.239]. Сондықтан еңбекшілердің әлеуметтік-тұрмыс деңгейінің артуы ел экономикасының даму деңгейіне байланысты демекпіз.

2.3 Аймақтың әлеуметтік-тұрмыстық әл-ауқатын арттырудың негізгі бағыттары

Қазақстан тарихында 1939 — 1997 жж. Кеңестік жүйедегі күрделі кезең болып табылады. Семей облысы халқы үшін де қиын болды десек артық айтпаймыз. Бұл жылдары халық көптеген оқиғаларды бастан кешірді. Этнодемографиялық өсім баяу жүрді, оған көптеген факторлар кедергі жасады. Жергілікті ұлт өкілдерінің білім алуында да қиындықтар болды. Жоғары оқу орындарында жергілікті ұлт өкілдерін қабылдауға кедергілер қойылды. Қазақстанның барлық аймақтары даму жағынан бірдей болған жоқ.

Қала-ауыл-село тұрғындарының әлеуметтік дамуына екінші дүниежүзілік соғыс көп әсер етті. Ұлы Отан соғысы жылдарында өз Отанын қорғауға еліміздегі барлық әлеуметтік топ өкілдері аянбай үлес қосты. Соғыс жылдарында және одан кейінгі халық шаруашылығын қайтадан қалпына келтіру жылдарында халықтың әлеуметтік құрамында ірі өзгерістер болды. Балтық бойы, Белоруссия, Украина, РСФСР жерлерінде жұмысшы табы азайды, ал Қазақстанда жұмысшы табы мен қызметкерлер саны 1945 жылы соғысқа дейінгі жылдармен салыстырғанда 126,6 мың адамға (13,8%) көбейіп олардың саны 1043 мың адамға жетті [253,55].

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайындағы өзгерістер оның саны мен сапасына әсер етті. Соғыстың аяғына қарай және соғыстан кейінгі жылдары ауыл шаруашылығы мамандарының әлеуметтік жағдайына әсер еткен еңбегіне қарай еңбек ақысының көтерілуі болды. Егер 1945 жылы бір күндік еңбегі үшін 1 сом 15 тиын және 0,706 кг. астық берілсе, 1950 жылы 1 сом 15 тиын және 2 кг. 118 гр. астық берілді [254,50].

Әлеуметтік жағдайды жақсартудың бір шарасы ұжымшарлықтардың өз демалыстарын дұрыс өткізу шараларын ұйымдастыруда болды. 60-жылдардың екінші жартысынан бастап көптеген ұжымшар шаруашылықтары өз ұжымшар мүшелеріне арнап профилакториялар, санаториялар мен демалыс үйлерін, пионер лагерлерін ашты және оны өз қаржыларымен жабдықтап, онда өз ұжымшар мүшелерін тегін демалуға жіберіп отырды. Осы шаралар ұжымшарда жұмыс істейтіндер мен олардың жанұялары үшін тиімді болды. 1966 жылы Семей облысының Үржар ауданында Ленин атындағы ұжымшарда Қазақстанда бірінші болып “Барлық-Арасан” санаториясы салынды. 1978 жылы республикада 8 ұжымшараралық, 660 орындық санаториялар жұмыс істеді.

Тұрғындардың әлеуметтік өмірінде негізгі орын алатын тұрғын үй мәселесі болып табылады. Соғыс жылдары тұрғын үймен қамтамасыз ету төмен болды. Соғыстан кейін оны жөндеу мен салуға ең аз мөлшерде қаржы бөлінді. 1950-жылдардан бастап халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі қолға алына бастады. 50-жылдардың екінші жартысында халық арасында бұрыннан келе жатқан салт - тұрғын үйді барлығы жабылып салу, яғни, асар жасау арқылы салу әдісі қолданылды. Асарға туған-туыстары, дос-жарандары, көршілері көмектесті. 50-60 жылдары бұл әдіс кең тарады. Жылдан-жылға Қазақстан тұрғындарының санының өсуіне байланысты мемлекеттік және кооперативтік мекемелер өздерінің қызметкерлеріне арнап тұрғын үй салуға көңіл бөле бастады. 60-жылдардың екінші жартысынан бастап үйдің ішіндегі тұрмысқа қолайлы қажеттіліктерді қолдану жүзеге асырыла бастады. Ауылдық жерлердегі салынған үйлерге электр жүйелерімен қатар газ құбырларын тарту жұмыстарына көңіл бөліне бастады. Кеңес үкіметі тұсында тұрғын үйлерді бөлу принципі қолданылды, яғни үйді тек ведомстволар немесе атқару комитеттері арқылы ғана алу мүмкіндігі болды.

Көптеген тұрғын үйлерде су мен канализациялардың, газдың болмауы және оларда орталықтан жылудың берілмейтіндігі туралы жиналыстарда жиі айтылып жүрді [255,36]. Бірақ, ол сын пікірлерге ешкім жауап бермеді. Кеңестік жүйе кезеңінде партия комитетінің басшылары арасында кейбіреулері өз істеріне жауапты болмады. Қоғамдағы орын алып жатқан бұрмалауға да, құлдырауға да ешкім жауап берген жоқ.

Кітапханалар мен клубтар жұмысын орталықтандыру 70-жылдардан бастап жүзеге асырыла бастады. Мәдени-спорт комплекстері құрыла бастады. Ауылды жерлердегі мектеп оқушыларының сұранысымен шағын болса да спорттық үйірмелер ашылып, жұмыс істей бастады.

Көптеген жағдайларға байланысты оқушылар кейде тек бастауыш мектепті немесе жеті жылдықты аяқтауға ғана шамалары келді.

1939 жылдары Шығыс Қазақстанда, Орталық Қазақстанда, Солтүстік Қазақстан аймақтарында ең көп ұлт орыстар болды. Ал жергілікті ұлт өкілдері сан жағынан екінші орында тұрды.

Бесжылдық ішінде жалпы көлемі 425 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Сондай-ақ төрт мектеп, жеті бала бақша, бес емхана салынып совет саудасы және геологиялық барлау техникумдарының жаңа корпустары, технологиялық және педагогикалық институттардың спорт

комплекстері, неке сарайы, өзен вокзалы бой көтерді. Қаланың Киров және Калинин аудандарында Советтер үйі пайдалануға берілді. Бесжылдықта қатарға қосылған, қол жеткен табыстар аз емес. Әсем әсемдік салоны, Шағала және Океан ресторандары, кітаптар үйі бәрі семейліктерді шынайы мақтанышына айналды. Семейліктердің оныншы бес жылдыққа белгіленген жоспарлы тапсырмаларды орындауда қол жеткен табыстары елеусіз қалған жоқ. Қаланың әлеуметтік және экономикалық дамуының 1976-1980 жылдарға арналған негізгі міндеттерін жүзеге асыру үшін Семей қаласы бірнеше дүркін Бүкілодақтық және республикалық социалистік жарыстардың жүлдегерлері қатарында атанды. Қазақстанның ауыл шаруашылығында қайта өңдеу, сақтау, іске асыру ең артта қалған салалар болды. Бұл кезеңдегі экономикалық дағдарыс әлеуметтік саланы да қамтыды.

Семей қаласының еңбекшілері КПСС XXV съезінің тарихи шешімдерін орындай отырып, оныншы бесжылдық тапсырмаларын орындауда айтарлықтай табыстарға жетті. Өндірісті басқаруда кең көлемді шараларын жүзеге асыра білді. Бұл сияқты игі істер өз жемісін бермей қойған жоқ[159,106].

Кәсіпорындар, тұрмысқа қажетті тауарларды өндіруді ұлғайтты. Қаланың өнеркәсіп орындары бесжылдық жоспарды мерзімнен бұрын 10 декабрьге дейін орындап шықты. 55 кәсіпорын мен ұйым, 800 ден астам бригада, смена, учаке, 8 мыңнан астам өндіріс озаттары бесжылдыққа белгіленген тапсырмалар мен социалистік міндеттемелерін мерзімнен бұрын орындары жөнінде рапорт берді. Көптеген салада өндіріс көлемінің өсуіне, өнім сапасының және еңбек шығындарын азайтуға, пайдалы көбірек алуға және өндірістің рентабельдігін арттыруға қол жетті. Бесжылдық жоспарды көрсетілгеннен тыс 28,7 мың трикотажды 506 мың пар шұлық –ұйық бұйымдары,[159,107]. 642 мың дана ерлер мен балалар жейделері және басқа да өнім түрлері шығарылды. Халық тұтынатын товарлар өндіру тоғызыншы бесжылдықтағы дәрежеден 10,5 % артып отыр. Екі съезд аралығында қала кәсіпорындарында 54 тасқын желі іске қосылды. 63 цех пен учаке, өндіріс орындары комплексті механикаландырылып үш мыңнан астам жаңа жабдықтар орнатылды[256,185]. Оныншы бесжылдық тиімділік пен сапа үшін күрес бесжылдығы болып өтті. Сапа проблемасын өте кең мағынада түсіну қажет. Өнім сапасын арттыруға жоспарлау мен басқаруға жоспарлау мен басқарудың және мемориалдық көтермелеудің, бүкіл жүйесі, инженерлер мен барлық мамандардың күш жігерлерін жұмысшылардың шеберлігі тұтастай бағытталады. Семейде де осы принцип үстем болды. Соның нәтижесінде өткен бесжылда Семей қаласының 23 кәсіпорын өнім сапасын басқарудың комплекстік жүйесіне көшті. Бесжылдық қаланың байланыс кәсіпорындары да жақсы жұмыстар жүргізе білді. Төрт-бес автоматы телефон станциялары АТС 2000 нөмерге кеңейтілді. Мәдени-тұрмыстық құрылыстар салуда да қол жеткен табыстар аз емес. Радиоландыру жұмысы жүйелі түрде жүргізілді. Мәдени-тұрмыстық құрылыстар салуда да қол жеткен табыстар аз емес. Мысалы қалада Орталық алаң салынды. КПСС Орталық Комитетінің партияның 26 съезне ұсынатын СССР-дің экономикалық және 1990 жылға дейінгі кезеңге арналған негізгі

бағыттары жобасында көрсетілгендей он бірінші бесжылдық облысымыздың орталығы Семей қаласы да жан-жақты өркендейтін болды. Мысалы 1981 жылы өндірілетін өнеркәсіп өнімдер көлемі 1 миллиард 224 мың сомға жеткізілген. Бұл 1980 жылға қарағанда 1,3% артық. Қала кәсіп орындары шығаратын өнімдерінің тағы да 51 түрі мемлекет сапа белгісіне ұсынылады. Жаңадан 215 өнім түрлері игеріліп өндіріске енгізіледі[159,105].

«Тоқырау» кезеңі дейтін 1971-1985 жылдар аралығында Қазақстан экономикасы бұрынғысынша техникалық прогреске қабілетсіз, қарабайыр әдіспен дамыды. Бұл жылдары Семейде өнеркәсіпті өркендетуге 4,2 млрд. сом немесе осы өңірдің халық шаруашылығына бөлінген барлық қаржының 32% жұмсалды. 15 жыл ішінде өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 2 есе, ал машина жасау, химия өнеркәсібі сияқты салаларда 3 еседен астам артты. Энергетикада электр қуатын өндіру одан әрі шоғырланып, орталықтандырылды. 1975 жылы республиканың барлық кәсіпорындары дерлік бір орталықтан энергиямен жабдықталды. Шевченко қаласында шапшаң нейтронға негізделген дүние жүзіндегі аса ірі атом реакторы жұмыс істеді. Машина жасау және металл өңдеу саласындағы өсудің жылдық орташа қарқыны 12%-ке жетті[257,45].

Семей облысы тұрғындарының әл-ауқаты, жалпы алғанда, жақсарғандығы байқалады. Отбасының көбінде теледидар, тоңазытқыш, кір жуу машиналары пайда болды, азаматтардың жеке меншік автокөліктері мен ұзақ мерзімді сұраныс тауарларының саны көбейді[258,38]. Жылына бір рет санаторий мен курорттық- демалыс орындарына жіберілді. Әр балаға мемлекет жәрдем ақы төлеп отырды. 1970-80 жылдары бала туудан демографиялық дүмпу болды. Он бала тапқан әйелдерге «Батыр ана» медалін берілетін болды. «Батыр ана» медалін алған әйелдер мемлекеттік жеңілдіктерге ие болды. Баласы көп үйге материалдық көмек, жәрдем ақыда көбірек төленді. Әлеуметтік салада, жалпы алғанда, жағымсыз процестер тез шешілудің орнына кері жүре бастады. Қаржыландырудағы қалдықтық қағиданың салдарынан медициналық қызмет көрсету, білім беру, мектепке дейінгі тәрбие беру істері артта қалды. Ауылдар мен селолардың жартысынан көбінде денсаулық сақтау мекемелері болмады. Үй, мәдени-тұрмыс нысандарының құрылысы, қызмет ету түрлерінің дамуы тұрғындардың қажеттілігінен көп төмендеді. Бұл жылдары ірі өнеркәсіптік және энергетикалық кешендерді салатын мекемелердің үлкен ауқымды индустриялы экспансиясы өрістеді. Мұның бәрі қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына үлкен зиян тигізді.

Семей облысының білім беру ісіндегі қайта құру жүйесінде атқарған істері оның шаруашылық ұйым мәселелерін шешуге бағатталған бірқатар шараларға арқау болды. Бұл «мектеп-бала бақша», «мектеп-кәсіптік бағдар беру-өндіріс», жоғары оқу орынында ғылыми-өндірістік бірлестік құру істерімен іске енеді[143.122]. Семейдегі барлық кәсіпорындардың жанынан бала-бақшалар ашылып, жұмыс істеді. Шұға және жіп иіру бірлестігінде жас ерекшеліктерін ескерген 3 бірдей «Пчелка» бала-бақшасы, «Ягодка» кішкентайлар бала-бақшасы, «Родничок» бала-бақшасы болды. «Родничок» бала-бақшасында кішкентай балаларға 1-2 жас арасындағы балалар 12 және 24 сағатқа

қалтыратын болған. Өйткені, көпшілігі түнгі кезекте жұмыс жасайтын болғандықтан 1 тәулікке алынған. 3 жастан -7 жасқа дейінгі 250 бала 12 сағатқа, 30 бала 24 сағатқа жас ерекшеліктеріне қарай 7 топқа бөлінген. Әр бала-бақшада меңерушісі, тәрбиеші, әдіскер, медбике, шаруашылық меңгерушісі т.б 12 түрлі маман жұмыс атқарған[258,38]. Сол сияқты Семейдің цемент заводында «Аленушка», «Ақбота» бала-бақшалары. Балалар үйі, бала бақша жағдайы да осындай қалде еді. Бала тәрбиесіне көңіл дұрыс бөлінбеді. Әйел адам босанғаннан кейін баласын қырқынан шығарғаннан кейін-ақ, жұмысқа шығатын болды. Балалар үйіндегідей балаларын 6 күнен кейін жексенбі күндері ғана алып отырған[259,39]. Дегенмен, Семей өңірі орта және жоғары мектеп жөніндегі реформаны іске асыруда түпкілікті қол жеткізе алмады. Мұның бір ғана дәлелі, мәселен еңбек және демалыс лагерлері құрылысының жоспарлы 83-нің орнына 38 ғана салынды. Сондай-ақ, соңғы жылдары оқу мекемелері басшыларының 46 пайызы өзгеріп, 1000 аса ұстаз тұрғын үй сұранысынан мұқтаждық көрді[260,43]. Алайда әлеуметтік салада, жалпы алғанда, жағымсыз процестер тез шешілудің орнына үдей түсті. Қаржыландырудағы қалдықтық қағиданың салдарынан медициналық қызмет көрсету, білім беру, мектепке дейінгі тәрбие беру істері артта қалды. Ауылдар мен селолардың жартысынан көбінде денсаулық сақтау мекемелері болмады. Үй, мәдени-тұрмыс нысандарының құрылысы, қызмет ету түрлерінің дамуы тұрғындардың қажеттілігінен көп төмендеді. Бұл жылдары ірі өнеркәсіптік және энергетикалық кешендерді салатын мекемелердің үлкен ауқымды индустриялы экспансиясы өрістеді. Мұның бәрі қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына үлкен зиян келтіреді[143,122].

1980-ж. аяғында экономиканың тежелуі экономикалық дағдарыстың ушығуы, соның салдарынан халықтың тұрмыстық әл-ауқатының төмендеп кетуі одақтас республикаларды тәуелсіздік жолындағы белсенді қимылға бастады. Саяси саланы демократияландыру күшейген сайын экономикалық жағдай күрделілене түсті. Қоғамды демократияландыру социалистік теңгермешілікпен жарасым таба алмады. Экономиканы түбірімен реформалау мемлекеттік меншікке негізделген социалистік жоспарлы экономикадан нарықтық көп меншікті экономикаға көшу қажеттігі туды. Мұның өзі бір сәттік іс емес және қиындықсыз болмайтын үдеріс еді. Одақтас республикалардың егемендігін кеңейтуге байланысты бірнеше экономикалық маңызды заңдар қабылданды.

1989-1990 жылдары қаладағы негізгі магистралды және орталық көшелерді қайта салу жөніндегі 1987 жылы облыс қаулысына сәйкес 1991 жылға дейін 230,0 мың шаршы метрлік 34 монолитті тұрғын үй, салынуы тиіс болды. Бұл тапсырманы орындау мақсатында «Семей монолит құрылысы» тресті құрылады. Олардың жоспарына алпыс 10-16 қабатты үй салу енеді [261,3].

Ресми газеттермен қатар 90-шы жылдары «Бірлесу», «Айна», «Сөз», секілді апталықтар әртүрлі ұйымдар арасында шыға бастағаны айтылады.

Мұндай басылымдар түрлі дәрежеде қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәселелерді көтереді.

3 қалалық кеңес депутаты құрған «Азаматтық қоғам» газеті де бірқатар антикоммунистік, антикеңестік мәселелерді айтып қозғайды[143,125].

Семей өміріндегі 90-жылдардағы жалпы дағдарыс нышандарының көрініс беруі әртүрлі сипатты еді.[159.106] Қала бірқалыпты экономикалық ауыртпашылықты басынан кешіре отырып, жаңа өтпелі кезеңге аяқ басты. Түбегейлі өзгерістерге көп үміт қойылып, бұхаралық белсенділік өсті. Туралаған экономиканың қуатты серпіліс күші ретінде ғылыми-техникалық прогресс негізінде жаппай белгіленіп, жоғары тиімді шаруашылық бағдарламалары қабылданды. Алайда, істен гөрі даурықпа сөзі көп, іскерліктен гөрі ыждағаттылығы аз 80-ші жылдардың екінші жартысында экономикалық түбірлі қайта құруды ұйымдастыру мүмкін болмай қалды. Қабылданған шешімдердің көбі орындалмайтын арман бейнесінде елестеді [143.124]. Мұндай жағдай, зерделеніп отырған Семей облысындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріндегі қолданылған проблемаларды шешу неғұрлым кейінгі тарихи кезеңге ығыстырылып тастағандығын аңғартты.

Сөйтіп, ядролық сынақ тек қана экономикалық, халықтың денсаулығын кеміту азабын тудырмай, сонымен қатар адамдардың тұрмыс жайсыздығын, үйренісіп, өсіп-өнген жерлерінен үдіре көшу қиыншылығы да қатар тосты. Соған қарамастан, өзіміз қарастырып отырған кезеңді айтылғанның өзінде, қазіргі уақыт мінберінен қарайтын болсақ та Семей өңірі тұрғындарына мемлекет тарапынан көрсетілетін қамқорлық пен ядролық сынақ зардаптарын жою шараларының жеткілікті ұйымдастырылмай отырғандығы өкінішті-ақ [46,6.102].

1971-1972 жылдары әлеуметтік қамту мәселелеріне байланысты Семей қалалық кеңесінің тұрақты комиссия Құжаттарында аймақтағы бірқатар іс жүргізу шаралары баяндалады. Мұнда зейнеткерлік құжаттарын және өзге де заңдық актілер бойынша жұмыс жүргізуде қызметтегі жауапкершілігі бар тұлғалар тарапынан сауатсыздыққа жол берілу жөнінде ескертпелер беріледі [262,10]. Сондай - ақ қаланың сәулеттенуі мен тұрғындарды мәдени тұрмыстық қамтамасыз етудің сапасын жақсарту, өнеркәсіптердегі өнім өндіру сапасын арттырудың келешектегі жұмыстарын ұйымдастыру үшін қалалық депутаттар кеңесі мүшелеріне белгіленген міндеттемелер тапсырылады. 1980 жылдың бесжылдық 10 - желтоқсанындағы мәліметтерге қарағанда жоспар қала өнеркәсібі және өндіру кәсіпорындары бойынша 90,4 млн.сом табыспен орындалады[263,53].

Өндірістердегі 8 мың алдыңғы қатардағы жұмысшылар, 800 бригада, 55 кәсіпорын және ұйымдар бесжылдық жоспарын асыра орындайды. Бесжылдық жоспар бойынша асыра орындалған көрсеткіш 2,2 мың тонна нан - тоқаш және кондитер өнімдерін, 539 мың ерлер және балалар жейделерін, 514 мың пар шұлық 28 мың тоқыма өнімдерін басқа да тауарларды артығымен шығаруда көзге түседі.

Қайта құрудың барысында республикаларда және оның ішкі облыстарында, қалаларында, аудандарында, еңбек ұжымдарында көп өзгерістер болып жатты. Алайда белгіленгендердің бәрі бірдей нақты іске айналмай отырғанын, жұмыстың бұрынғы әдістері мен стилінің екпіні әлі де баяу жойылып жатқанын көрмеуге болмайды[46,б.102] Осылардың ішінде Семей облысында бар. Мұнда тоқырау жылдарында жинақталған бірсыпыра экономикалық, әлеуметтік, экологиялық түйін жатыр.

Бай табиғи ресурстары мен дамыған өнеркәсібі, әсіресе жеңіл және ұқсатушы өнеркәсіп орындары бар бұл қала әлеуметтік дамуда күрт артта қалып отырған. Мұнда кейбір қалаларға тән көптеген жанұя үйге мұқтаждық көрді. КСРО Министрлер Кеңесі 1987 жылдың күзінде Қазақ КСР – індегі «Семей облысының экономикалық және әлеуметтік дамуын жеделдету» шараларын белгіледі[159,105]. Олардан Ертістің Семей өңіріндегі кеңес және шаруашылық органдарының жаңа міндеттерін жасау және оны жүзеге асыруда жаңаша шараларды жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Бұған облыстық партия шаруашылық басшылық жиналысында басты көңіл қойылды[143,124]. Осы жылдың бірінші тоқсанының қауырт жоспары барлық негізгі көрсеткіштері бойынша орындалды, арта қалған кәсіпорындардың саны едәуір қысқарды. Халық тұтынатын тауарлар шығару жөніндегі тапсырма 102,7 пайыз орындалды, өткен жылға қарағанда пайдалануға берілген тұрғын үйлер өсімі 16 пайызды құрады.

Бұған бірқатар ұжымдардың шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайға көшуі көп дәрежеде жәрдемдесті. Басқа бір оң нышан көптеген кәсіпорындарда өндіріс пен әлеуметтік, мәдени - тұрмыстық қызметті дамыту қорларының тез өсуі мұның өзі еңбекшілердің шұғыл проблемаларын неғұрлым жедел шешудің де оңтайлы жолдарын қалыптастырады.

Экономика мен әлеуметтік дамудың комплексті жоспарын жүзеге асыруда 1976-80 жж . шаруашылық органдары және қалалық , аудандық кеңес атқару комитеттері тұрғындар жағдайын көтеруде біршама жұмыс жүргізді. 10 - шы бесжылдық жылдарында сауда кәсіпорындары 8143 шаршы сауда аумағында 28 дүкенге кеңейді. «Толқын», «Орбита», «Желкен» және т.б. дүкендер пайдалануға берілді. Тұрмыс қажетін өтеу фабрикасы жанынан шаштараз салондары, «Әсем» сұлулық салоны және дәрігерлік институтпен тері - жүн бірлестігіндегі жатақханалардың ішінде қамтамасыздандыру үйлері ашылады [46, б.75]. Алайда осылармен бірге кемшіліктер де аз емес. АТБ - 2 көлік бекетінде, автокөлік экспедициясы кәсіпорындарында, жоғарғы тоқыма киімі фабрикаларында асханалар салынбай қалады. «Пушинка» фабрикасында тоқыма цехы өндіріске еңбей қалады[264,57].

Семей қаласының 23 кәсіпорындары кешенді жүйесінің басқарылуында сапалық өнім шығару жандандырылады. Мемлекеттік сала белгісі қойылған 181 өнім шығарылды. Қаланы дамыту мақсатында көп істер істелген. Кейбір аудандарда ыстық су жүйесі тартылмаған. Мектептер, бала-бақшалар, клубтар, ескі жобамен салынғандықтан бір бірінен аумайды[265,4].

Бай табиғи ресурстары, дамыған өнеркәсібі, әсіресе жеңіл және ұқсатушы

өнеркәсіп орындары бар бұл қала әлеуметтік дамуда көптеген Қазақстанның басқа қалаларына қарағанда біршама артта қалған.

Ең елеулі проблеманың бірі - облыс экономикасын дамытудағы диспропорция комплекстіліктің жоқтығы. Жоғары рентабельді өнімдер, ұзақ мерзім пайдаланатын тауарлар шығаратын кәсіпорындардың жоқтығы облыстың ұлттық табысының өсуін тежеді. Кезінде өзін өзі қамтамасыз ету туралы мәселе қойылып отырғанда мұның маңызы зор еді. Өйткені, өзінің ұлттық табысына сүйене отырып экономиканы, әсіресе әлеуметтік саланы тезірек дамытуға болатын. Әлеуметтік жүйенің жағдайы бойынша облыс республикада соңғы орындардың бірінде қалып отыр[46, б.86]. Тоқырау кезеңі облыстың бейнесіне терең із қалдырды. 400 - дей мұғалім тұрғын үйге мұқтаж, 433 мектептің 176 - сы ғана типтік үйлерге орналасқан 40 - тай үйі авариялық жағдайда еді. Жолдардың, техникалық жайы ешқандай сын көтермейді, су құбырлары, канализация және басқа өмірлік маңызы бар коммуникациялар тозып біткен[43,7]. Міне, осы мәселелерді шешудің маңызды болатын себебі бұған жақсы материалдық та, геосаяси да алғышарттар бар болатын.

Қала өнеркәсібінің басты салалары - жеңіл, ет - сүт, тамақ өнеркәсібі. Олардың үлесіне жалпы өндірістің 66,8 пайызы тиеді.

Экономиканы дамыту еңбекшілердің өндірістік - тұрмыстық жағдайларын жақсартуға мүмкіндік жасады. Көптеген кәсіпорындардың өздерінің тұрғын үйлері, мектепке дейінгі балалар мекемелері қосалқы шаруашылықтары, профилакториялары, асханалары, дәрігерлік және тұрмыстық қызмет көрсету орындары бар. Мұндай кәсіпорындардың қатарына цемент заводын, былғары - мех бірлестігін, газ аппаратуралары, заводтың құрастырмалы темір - бетон өндірістік бірлестігін қосуға болады. Кең көлемді қаржы қажет ететін өте өткір проблема тұрғын үй салу мәселесі алға қарай едәуір жылжиды. Тек ХІ бесжылдықта және келесі бесжылдықтың алғашқы 2,5 жылында қаржыландырудың барлық көздері бойынша 868,7 мың шаршы метр тұрғын үй алаңы іске қосылды[46, б.87].

Қалада сауда және қоғамдық тамақтандырудың жылдық тауар айналымы 344 млн.сомнан асқан, оның жылдық ауқымы 14 млн сомнан асты. Халық ағартудың материалдық - техникалық базасы жыл сайын жақсы көрсеткішке жеткен. Қаланың жалпы білім беретін 58 мектебінде 43 мыңға жуық оқушы оқиды, мектеп жасына дейінгі 91 мекемеде 15 мың бала тәрбиеленеді. Медицина мекемелерінің жүйесінде 445 төсек орын бар тубдиспансер салынды. Стоматологиялық бөлімшілер ашылды. Сонымен бірге әйелдер консультациясы салынды және қалалық орталық аурухана кеңейтілген[266,3]. 320 мың адамға қызмет көрсететін қалалық санитарлы эпидемиологиялық станциясы 48 дәрігер және 108 мейірбикені қамтып жұмыс жүргізеді. 1975 жылдың 20 - мамырындағы республика үкіметінің «Қалалық, аудан, ауылдық нүктелердегі тұрғындардың санитарлық жағдайын жақсарту арқылы инфекциялық ауруларды ескерту шаралары» туралы қаулы шыққалы бірқатар жұмыс қала бойынша жүргізіледі. 1980 жылы 1 - қаңтарында облыстық наркологиялық диспансер ашылып, 200 орындық стационарда - өндіріс орындарымен бірлесе

жұмыс жүргізеді[267,32].

Облыс өміріндегі елеулі оқиғалардың, куәгері болып келе жатқан кітапхана бұл күнде жан - жақты жетілген, кемеліне келген ірі кітап қоймасы, толысқан білім ордасы болып есептелінеді. 1903 жылы оның қорында небәрі 41 56 дана кітап болса, 1980 жылы 50 мыңға жуық кітап болған мәдениет ошағы бұл күнде методикалық орталық ретінде облыстағы барлық 1036 кітапханаға жан - жақты көмек көрсетіп, қамқорлық жасап отырады[268,1].

Тоқырау жағдайындағы экономика қала тұрғындарының әлеуметтік - мәдени саладағы қиыншылықтарды сезінуіне әкелді. Сондықтан, бүкіл елдегі қалыптасқан ауыр ахуал тәрізді, Семей облысы тұрмысында да күрделі қайта құруларды жүзеге асыру міндеті тұрды[46,б.89].

Семейдегі ядролық сынақ облыс тұрғындарна үлкен қасірет әкелді. Облыс тұрғындары олардың балалары мен немерелері ядролық жарылыстардың құрбандарына айналды. Ядролық технология игілік емес, апат әкелді. Көп адамдар онкологиялық аурудағы және қалыпты дамудан ауытқушылық сияқты тұқым қуалайтын сырқаттан азап шегуде. 1948 жылдың, шілде айында әскер бөлімдері, негізінен құрылысшылар келе бастады. Осы кезден бастап бұл жерде оу баста Мәскеу 400 деп аталған тұрғын қаланың, салу жұмыстары аса құпия жағдайда кең ауқыммен жүргізіле бастады. Лабораториялық - экспериментальдық, өндірістік базалардың, корпусы бой көтерді, тәжірибе алаңдары ашылды. Полигонда алғашқы 14 жылда уран, сутегі және плутон бомбаларын жару ашық ауада және жер үстінде жүргізілді. Бұл кезеңде қауіпсіздік шаралары қолданылмады, медициналық зерттеу жүргізілмеді. Осыдан келіп полигонға жақын тұрған халықтардың арасында жүрек - тамыр, онкология, аурулары, лейкоздар, орталық жүйке жүйесінің бұзылу оқиғалары жиі кездесті. Өлім көбейді. Медицина қызметкерлеріне радиацияның әсерімен байланысты аурулардың дұрыс диагнозын қоюға тыйым салынды[46, б.91]. Семей қаласында сол кездегі ең жаңа жабдықтармен жарақталған аурухана салынып, ол « Бруцеллезге қарсы 4 - ші диспансер» деп аталды. Мұнда адамдарды емдеген жоқ, жануарларға жәрдем жасаған жоқ, бұл жерде ғылым және келешек ұрпақ үшін қажет деген желеумен радиацияның тірі организмге тигізген әсерін зерттеді. Кейіннен де бұл «диспансер» жұмыс істеді, бірақ ол медицина радиациялық ғылыми - зерттеу және экология институты деп аталды.

Полигонның негіздік қаласы Курчатова Қорғаныс Министрлігінің, энергетикасы өнеркәсіп Министрлігінің, ССРО жалпы машина жасау министрлігінің ірі - ірі ғылыми - зерттеу орындары, бұрғышылардың, шахта құрылысшыларының, геологтардың, монтажшылардың өндірістік негіздері шоғырланған болатын[46, б.91].

1963 жылға дейін әртүрлі диапазонда жыл сайын иондық радиацияға ұшырамаған Семей облысында бірде - бір аудан қалған жоқ.

1987 жылы қуаты 20 - дан 150 килотоннаға дейін жететін 18 жарылыс жасалды. 1989 жылы 12 ақпанда қуаты 90 килотонн жарылыс болды. Бұл жолы радиоактивті газдар ағыны полигонға тікелей жақын жатқан аудандарды айтпағанның өзінде, Семей қаласына алты дүркін келіп, радиация мөлшері 450

микроренгенге жетті. 1989 жылы 20 ақпанында СОКП Орталық комитетіне Семей қаласы аумағындағы ядролық полигон туралы жеделхат жіберілді. Көп кешікпей О.Сүлейменовтің Семей полигонында ядролық сынақтарда тоқтату үшін ұйымдасқан қозғалысқа шақырған ұраны шықты. «Невада Семей» антиядролық халықаралық қозғалысы ұйымдастырылды. Осы қозғалыстың нақты жетістіктерінің бірі ол өте қысқа мерзім ішінде халықтың бас көтеруі арқасында алдымен Семей полигонындағы ядролық жарылыстың санын азайтуға көмектесті, содан соң Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1991 жылғы 29 тамыздағы Жарлығымен полигонның мәңгілік жабылуына жәрдемдесті [б.93-94].

Семей полигоны Қазақстанның жеріне, еліне материалдық - медициналық, әлеуметтік - экономикалық зиян келтірген Семей өңіріндегі радиациялық апат жер үсті және жер астына шыққан. Осылардан келген зиянды әлі күнге дейін дүние жүзінде ешкім есептеген жоқ.

Семейдегі қырық жылдық ядролық сынақ қоршаған орта мен ондағы тұрғын халықтың денсаулығына орны толмас зиянын тигізді. Аурулардың, өлім - жітімнің (әсіресе, балалар, әйелдер, ересек ер адамдар арасында) деңгейі бұл аймақта әлдеқайда жоғары[270,9]. Радиоактивті тозаң жер қыртысын топырақты, өсімдіктерді, су көздерін ластады. Жер асты сулары, өсімдік дүниесі жоғалуда. Сынақтар өткізілген кезеңнің зиянды әсері қазіргі күнде, көптеген жылдар өткен соң адамдардың екінші және үшінші ұрпақтарына ауыр зардабын тигізуде. Облыстардың онкологиялық диспансерден мәліметтерге қарасақ, «Семей облысы бойынша 1975 жылдан 1990 жылға дейінгі мерзімге жас балалардың ауруға шалдығуы алты есе, ал өлімі төрт есеге дерлік арта түскен [46,б.95]. Әсіресе, жаңа туған және бір жас шамасындағы сәбилер өлімі өте жоғары, 36 пайыз құрайды»[271,6]. Сонымен қатар Семей полигонының адам денсаулығына зияны туралы Семей медициналық институтының ғалымдары Н.Сағымбаева, Е.Ысқақов мынадай тұжырымдар жасайды? Ең басты факті, қатерлі ісік ауруларының Семей аймағында басқа өңірлермен салыстырғанда 30 пайыздан асып кетуі, олардың түр - тегі өзгеріп, ауыр өтуі, қаза болудың 1,4 артуы болып табылады.

Осы күнге дейінгі зерттеулерде көбінесе обыр ауруы әйел адамдарда сүт безі, жыныс мүшелерінде бірнеше рет артты. Обыр ауруы қазіргі таңда да белен алуда.

Республикадағы қазіргі экономикалық қиыншылықтарға байланысты зардап шеккен жұртшылыққа қамқорлық көрсету мәселесі практикалық тұрғыдан шешімін таппай отыр. Қатерлі ісіктердің қатарына ақ қан (лейкоз) ауру да жататыны белгілі. Радиацияның екінші бір зиянды әсер еткен жүйесі қан. Осының салдарынан қан азаю ауруы, әсіресе балалардың 65-70 пайызында кездеседі[272,7]. Семей облысы тұрғындарының қатерлі ісікпен ауырғандары мен өлгендерінің 100 мың адамға шаққандағы өңіріндегі көрсеткіштері: қатерлі ісікпен ауырғандардың саны, соның ішінде әртүрлі рак ауруларымен 1990 жылы ауырғандар – 203,9, өлгендер – 112,8 жеткен[273,12].

1949-1991 жылдардағы Семей ядролық полигонының қызметі, оның

зардабы кеңестік жүйенің Одақтас республикаларды тәуелді етуді мақсат тұтып Ресейдің шикізат аймағына айналдырған саясаты, ядролық жарылыстардың қоршаған ортаға, әсіресе адам денсаулығына зияндылығы адамзат үшін бүгінгі күн мен ертеңгі күннің дабылы болып қала берме: Шыққан шығынға, қайғы - қасіретке қарай Семей полигонының дүрбелеңдері жайлы әлі де болса нақты баға беру қиын[274,22]. Негізгі көші - қон алымын құрағандар: келушілер - облыс ішіндегі көші - қон 56 пайыз, республика көлемінде облысаралық көші - қон - 26 пайыз, республикалар арасындағы көші - қон - 17 пайыз, халықаралық - 1 пайыз; кетушілер - облыс ішіндегі көші - қон 46 пайыз, облысаралық 30 пайыз, республикалар арасындағы көші - қон 22 пайызы, халықаралық - 2 пайызды құраған.

Көшіп - қонушылардың басым көпшілігін еңбек жасындағыларды құрайды. Ауылды жердегі әлеуметтік - тұрмыстық, экономикалық жағдайдың төмен болуы, жұмыссыздық, мектепке дейінгі балаларға арналған орындардың жабылуына және т.б. мекенжайлардың жойылуына байланысты ауыл адамдары талай жыл мекендеген орындарын тастап, қалаға бет алған. Әсіресе осындай келеңсіз жағдай жастар арасында басым болды[276,5]. 1990 жылдардағы көші - қон дәрежесінің осыншалық, сандық сипат алуы кейінгі жылдардағы қала экономикасын тұралап қалуына себепкер болды. Жаңа экономикалық саясатқа енуде мұндай дағдарыстың республиканың барлық жерінде болғанымен Семей қаласындағыдай сипат алуы барынша күрделі еді.

Сонымен, жарты ғасыр уақыт ядролық сынақтар орталығы ретінде қасірет шеккен қазақ халқының рухани мәдениетінің орталығы Семей қаласы мен өңірі адамзат жетістігінің «Ұлы жемісін» де татып үлгерді. Жергілікті халықтың аянышты қалі, шерменде көңілі, жұбаныш, қамқорлық іздеп аласұрды. Жоғарыдан түсінік пен жеткілікті көмек көрсетілмей мұның өзі адамдардың игілік іздеп сергелдең түсуін туғызды. Әрине, 90 шы жылдары болған қоғамдық сілкіністерге сай әртүрлі ұлттардың өз отандарына оралу проблемаларының пайда болғандығына қарамастан, негізгі мәселе Семей полигонының салқын ызғарынан туындағанын ешкімде жоққа шығармасы анық. Сөйтіп, ядролық сынақ тек қана экономикалық, халықтың денсаулығын кеміту азабын тудырмай, сонымен қатар адамдардың тұрмыс жайсыздығын, үйренісіп, өсіп - өнген жерлерінен үдіре көшу қиыншылығын да қатар әкелді [46,б.101]. Он екінші бесжылдықпен салыстырғанда он үшінші бесжылдықта тұрғын үйлерді, жалпы білім беретін мектептер мен мектеп жасына дейінгі мекемелерді жалпы іске қосу 1,6 есе, ал ауруханалар 2 есе ұлғаю тиіс еді[277,3]. Мұның бәрі, әрине, ынталандыруды, облыс тұрғындарының еңбек ырғағына қосымша серпін берген. Алайда ешбір жағдайда, егер шаралар қолданылатын болса, олардың орындалуы өзі - өзінен қамтамасыз етіледі деп үміттену дұрыс емес еді. Облыстық, соның ішінде қала еңбекшілері шын мәнінде жанқиярлықпен еңбек етуі, сондай - ақ қазір алға жылжуға кедергі болатын нәрсенің көбін бұзуы керек болатын. Мысалы, ескірген жабдықтарды жаңалармен кедіргілерінің бірі екендігі белгілі. Комбайн жөндеу заводында және басқа да жергілікті өнеркәсіп орындарының бірқатарында оны пайдалану коэффициенті өте төмен болған

[46,б.104].

Адамдардың денсаулығын қорғау мәселесі өте өткір қойылған. Елеулі аурулардың, балалар мен аналар өлімінің өскені байқалып, Семейде тұрғызылып жатқан диагностика орталығы үшін қымбат жабдықтар түсе бастады.

Экономикалық жағдайдың жайсыздығы халықтың ренішін туғызып, еңбекшілердің Семей облысындағы полигонда өткізілген ядролық жарылыстардың бүгіні мен ертеңіне алаңдаушылық білдіруін түсінушілікпен қабылдай аламыз. «Семей облысындағы әлеуметтік даму мәселелерінің, экологиялық жағдайдың күрделілігі», - деді Н.Назарбаев, кеңес шаруашылық органдарының ұйымдастырушылық жұмысының едәуір күшейтілуін, оларға ұдайы назар аударылып отыруын талап етті[143,123]. Облыста болған кезінде Н.Ә.Назарбаев облыстық атқару кеңес шаруашылық органдарының басшыларымен кездесті. Аймақтың өзін - өзі басқару және өзін қаржыландыру принципіне көшуге тікелей әзірлік мәселелері бойынша пікір алысты[278,1]. Осы сапар барысында ол ядролық құрылғыларды сынауға арналған полигонда болды, бірқатар селолық аудандар мен Семей қаласында сауда, тұрмыстық қызмет кәсіпорындарымен және денсаулық сақтау орындарымен, тұрғын үй құрылысымен танысты, қала тұрғындарымен әңгімелесті. Ойластырылмаған экономикалық саясаттың «ғасырлар жобаларын» жүзеге асырудың салдарынан шын мәнінде Қазақстанның бүкіл территориясын қамтыған елеулі экологиялық апаттар орын алды. Әскери ведомстволардың қызметі зор зардаптарға әкеліп соқты. Мұның өзі Семей полигонының проблемасына, Арал теңізінің, Возрождение аралындағы биополигонның, Батыс Орталық Қазақстандағы полигондардың қасіретіне айналды[143,124]. Мұндай кәдімгі қарсылықты туғызды. Ол кей жағдайда қоғамдық игілікті, ұлттық құндылықтарды қорғау жөніндегі ашық әрекеттерге де ұласты. Бұлардың түпкі мақсаты шынайы ұлттық теңдікке жету болатын, тоталитарлық режимнің халықтарға түзетуге келмейтін зиян келтіргеніне қарамастан, тіпті сол жылдардың өзінде экономиканың дамуы, мәдениеттің, ғылым мен білімнің бірін бірі байыту процесі жүріп жатты[46,б.107].

Семей облысының өндіріс комплексінің салалық құрылымы тиімділігі аз, әлеуметтік - экономикалық дамуы және бастапқы дәрежесі төмен болып саналады.

Бай табиғи ресурстары мен дамыған өнеркәсібі, әсіресе жеңіл және ұқсатушы өнеркәсіп орындары бар бұл қала әлеуметтік дамуда күрт артта қалып отырған. Мұнда кейбір қалаларға тән көптеген жанұя үйге мұқтаждық көрді.

КСРО Министрлер Кеңесі 1987 жылдың күзінде қазақ КСР-індегі "Семей облысының экономикалық және әлеуметтік дамуын жеделдету" шараларын белгіледі[167,106].

Олардан Ертістің Семей өңіріндегі кеңес және шаруашылық органдарының жаңа міндеттерін жасау және оны жүзеге асыруда жаңаша шараларды жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Бұған облыстық партия

шаруашылық басшылық жиналысында басты көңіл қойылды[150,124]. Осы жылдың бірінші тоқсанының қауырт жоспары барлық негізгі көрсеткіштері бойынша орындалды, артта қалған кәсіпорындардың саны едәуір қысқарды. Халық тұтынатын тауарлар шығару жөніндегі тапсырма 102,7 пайыз орындалды, өткен жылға қарағанда пайдалануға берілген тұрғын үйлер өсімі 16 пайыз болды[279,25].

Бұған бірқатар ұжымдардың шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайға көшуі көп дәрежеде жәрдемдесті. Басқа бір оң нышан көптеген кәсіпорындарда өндіріс пен әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық қызметті дамыту қорларының тез өсуі, мұның өзі еңбекшілердің шұғыл проблемаларын неғұрлым жедел шешудің де оңтайлы жолдарын қалыптастырады.

КСРО Министрлер Кеңесі мен Қазақстан Үкіметі қабылдаған сапалық жағынан жаңа экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымдар құруды көздейтін шаралар белгіленген нәрсені облыс еңбеккерлерінің республиканың бірқатар министрліктері мен мекемелері үйлескен күш-жігерімен қысқа мерзім ішінде орындауға көмектесетін болған[143,124]. Міне, олардың басты өлшемдері, 1985 жылмен салыстырғанда 1995 жылы өнеркәсіп өнімін өндірудің өсуі 1,8 еседен кем болмауы, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру 1,5 халық тұтынатын азық-түлік емес тауарлар -1,3 халыққа ақылы қызмет көрсету -2,25 есе өсуі тиіс еді. Он екінші бесжылдықпен салыстырғанда он үшінші бесжылдықта тұрғын үйлерді, жалпы білім беретін мектептер мен мектеп жасына дейінгі мекемелерді жалпы іске қосу 1,6 есе, ал ауруханалар 2 есе ұлғаюы тиіс еді[280,3].

1989-1990 жылдары қаладағы негізгі магистралды және орталық көшелерді қайта салу жөніндегі 1987 жылы облыс қаулысына сәйкес 1991 жылға дейін 230,0 мың шаршы метрлік 34 монолитті тұрғын үй , салынуы тиіс болды . Бұл тапсырманы орындау мақсатында «Семей монолит құрылысы» тресті құрылады. Олардың жоспарына алпыс 10-16 қабатты үй салу енеді[159,106].

Семей өміріндегі 90 - жылдардағы дағдарыс нышандарының көрініс беруі әртүрлі сипатта еді деп көрсетеді Э.О. Қырықбаева: «Қала бірқалыпты экономикалық ауыртпашылықты басынан кешіре отырып, жаңа өтпелі кезеңге аяқ басты. Түбегейлі өзгерістерге көп үміт қойылып, бұхаралық белсенділік өсті. Туралаған экономиканың қуатты серпіліс күші ретінде техникалық прогресс негізінде жаппай белгіленіп, жоғары тиімді шаруашылық бағдарламалары қабылданды»[46,б.112]. Алайда, істен гөрі даурықпа сөзі көп, іскерліктен гөрі ыждағаттылығы аз 80 - ші жылдардың екінші жартысында экономикалық түбірлі қайта құруды ұйымдастыру мүмкін болмай қалды. Қабылданған шешімдердің көбі орындалмай қалып отырды.[143,124]

Нарық саласында жаңа пайда болған Егеменді Қазақстан Республикасы аумалы-төкпелі қиын-қыстау кезеңін бастарынан кешірді. Бұның барлығы көптеген өзекті мәселелерді туындатуда. Олар болса өіндік сыни көзқарастар мен зерттеуді талап етеді. Осы бір қарастырап бес мемлекет (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан) ғасыр соңында тәуелсіздігін алғаннан кейінгі саяси-экономикалық және әлеуметтік даму ерекшеліктері

біршама шиеленісе түсті. Оған себеп, нарықтық экономикаға көшуде ішкі әлеуметтік-этникалық, шекаралық қайшылықтармен қоса діни мәселелердің кері әсері артып отыр. 1990-жылдардың басында облыста экономиканың тежелуі экономикалық дағдарыстың ушығуы, соның салдарынан тұрмыс деңгейінің төмендеп кетуі одақтас республикаларды тәуелсіздік жолындағы белсенді қимылға жол бастады.

Тоғыз жолдың торабындағы ежелден саудаға бейім Семей халқы 1990 жылдардағы қиын кезеңде кәсіпкерлікті дамытып, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында көптеген жұмыстар атқарып, егемен еліміздің іргесін қалауда өз үлесін қосты. Мұнда ең алдымен шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше көңіл бөлінді.

Өндірістік процесстерінің үздіксіздігі мен тұрақтылығын сақтаудың қажеттілігі шикізаттармен жабдықтаушылармен және делдалдармен, сондай-ақ өнімдерді тұтынушылармен сенімді, тұрақты өндірістік және шаруашылық байланыстар орнатуды талап етеді. Әкімшілік-әміршілдік жүйе жағдайында бұл байланыстар орталықтан жоспарлау және басқару негізінде орнатылды. Әрбір кәсіпорын өзін кімнің немен жабдықтайтынын, ал өзі кімге не беретінін білді. Енді, шаруашылықты басқарудың нарықтық жүйесіне өтуге байланысты, кәсіпорын өз бетімен өзіне жабдықтаушылар, делдалдар табу керек, сонымен бірге өз өнімін тұтынатын тұтынушыларды табуы және жасалған сатып алу-сату келісім-шартының негізінде олармен арадағы байланыстарды ресімдеуі тиіс. Семейдегі осы кезеңдегі өнімді шығаратын кәсіпорындар ет консерві комбинаты, аяқ киім фабрикасы, цемент заводы, шұлық фабрикасы нарыққа көшу қиын-қыстау кезеңінде көптеген цехтары жабылып, жұмыстарын тоқтатты. Жұмысшылар жұмыстан қысқартылып, халықтың экономикалық-әлеуметтік жағдайы қиындайды.

Одақтас республикалардың егемендігін кеңейтуге байланысты бірнеше экономикалық маңызды заңдар қабылданды. «Қазақ КСР-індегі меншік туралы» Заң социалистік экономикадан нарықтық экономикаға көшудің негізін салды. Осы заңға сәйкес өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктенудің мемлекеттік меншіктен басқа түрлерінің де болуына рұқсат етілді. Сөйтіп, әлемдік экономикалық кеңістіктің 1/3-іне жарты ғасырдан артық уақыт бойы үстемдік еткен социалистік өндіріс тәсілі біржола жойылды.

1997 жылы Қазақстан республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды. Онда жас тәуелсіз мемлекеттің ұзақ мерзімді – 2030 жылға дейін – стратегиясының бағдар-бағыты бейнеленген. Оның негізгі өзегі – барлық қазақстандықтардың өсіп- өркендеуі, қауіпсіздігі және әл- ауқатының артуы. 1999 жылға дейін Семейде іс жүзінде тауарлар қозғалысының негізгі екі түрі қолданылды: біреуі – мемлекеттік сауда арқылы көпшілік тұтынатын тауарлар үшін, ал келесісі – материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жалпы мемлекеттік және ведомстволық жүйелерінің мекемелері арқылы. Тауар қозғалысының бұл түрлері қаржы қорларын қатаң бөлу және өнімдерді жоспар актісі бойынша жабдықтау болып есептеледі. 1990 жылдардың басында олардың 10 % жуығы жалпы мемлекеттік

жүйені құрады және КСРО мемлекеттік жабдықтау комитетіне (госснаб) жатты, ал 90 % әр түрлі министрліктер мен ведомстволарға, халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқарушы комитетіне кірді[281,1]. Нарыққа көшу Семейдің кәсіпорындарының материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етудің орталықтандырылған жүйесін құртты. Материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ететін ұйымдар мен кәсіпорындар оларға өзара тиімді шаруашылық есеп жағдайында қызмет көрсететін сауда және коммерциялық агенттерге айналды. Олардың барлығында да дайын қоймалар торабы, баздар, дүкендер, өндірістік учасоктар бар. Олардың атқаратын функцияларының әр алуандығымен (әмбебап, көтерме және бөлшек сауда) үйлескенде, бұл ақырында олар қызмет көрсететін кәсіпорындардың өндірістік және тауарлық запастарын азайтады, мұнымен қоса қаржы айналымындағы артық қалдықтарды үнемдеуге мүмкіндік туғызады, қаржы айналымын жеделдетеді және өндірістің ырғақтылығын сақтайды. Басқаша айтқанда, материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ететін ұйымдар мен кәсіпорындар өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдермен жабдықтау бойынша шаруашылық байланыстардың тиімділігіне жетуге мүмкіндік туғызады.

Халықтың әлеуметтік және тұрмыстық талаптарын қанағаттандыруға жұмсалатын бюджеттік қаражатты арттырудың негізгі көзі аграрлық кәсіптерді жандандырып, сол негізде тамақ өнеркәсібі бизнесін қалыптастыру қажеттігін жұртшылықтың назарына салды. Бұл бағыттағы бастамалары өз нәтижесін берді. Жылына 50-ден астам ауылшаруашылық жәрмеңкесі ұйымдастырылып, шаруашылықтар өнімін делдалсыз сатуға арналған орындар мен дүкендер ашылды. Семей қаласындағы кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамытуға, осы бағыттағы кәсіптік мамандықтарды меңгеруге бейімдеуге көп көңіл бөлді. Нәтижесінде, Семей өңірінің шағын және орта бизнесті, жеке кәсіпкерлікті дамытуда республика көлемінде алдыңғы бестіктің қатарына ілінді. Соңғы жылдары Семей табыстың барлық көздері бойынша, өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізді. Құрылыс жұмыстарының көлемі және тұрғын үйлерді пайдалануға беру, жеке кәсіпкерлермен әріптестік негізде балабақша салу бойынша алдыңғы көрсеткішке жетуде. Ауыл шаруашылығы саласында тұқымдарды асылдандыру кең бағыт алуда. «Приречный», «Мұздыбай» шаруа қожалықтары картоп тұқымын асылдандыру арқылы мол өнім алып отыр. Бұлардың асылдандырылған картоп тұқымын пайдаланған Семейдің 17 шаруа қожалықтары сапалы өнім алуға мүмкіндік алды. Соңғы төрт жылдық мерзімде қаланың экономикасы өрледі, әлеуметтік әлеуеті артты. Күрделі жөндеуден өткен орталық алаң мен «Түйемойнақ» аралы аса әдемі, көз тартарлық саябаққа және саяси іс-шараларды өткізетін көрнекі де көрікті орынға айналды. Спорттық инфрақұрылымдар да жаңғырудың, жаңарудың жолында. 1990 жылдарда аграрлық және жеңіл өнеркәсіп салаларын жандандырып, технологиялық жағынан жаңғыртылған, қазіргі талапқа сай, сапалы өнім шығаратын деңгейге жеткізу және «Түйемойнақ» аралын туристік және спорттық сауықтыру орталығына айналдыру, тұрғын үй құрылысы істеріне де басымдық берілуде. «ФК «Ромат» ЖШС медициналық дәрі-дәрмек зауытында

дәрі-дәрмек шығару 1,8 есе өсті, сонымен бірге гематоген шығару өнеркәсібін модернизациялау және медициналық дәрі-дәрмек зауытын салу мен жөндеу жобаларын іске асыру жұмыстары жүргізілуде, нәтижесінде шығарылатын өнім ассортиментін және өнеркәсіп қуатын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қала тұрғындарының мәселелерін шешуде қала кәсіпкерлері белсенділік танытуда. Үдемелі индустриалды – инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде Шығыс Қазақстан облысы индустриализациялау картасына жалпы құны 19,7 млрд теңгені құрайтын 11 инвестициялық жоба енгізілді.

Тәуелсіздік жылдары ішінде аяғынан тік тұрған кәсіпкерлік жоғары қарқынмен дамып, еліміздің өркендеуі жолында қызмет атқаруда. Кәсіпкерліктің дамуына жол ашатын түрлі идеялар арқасында экономикамыз бүгінде тұрақты даму үстінде. Өзіміздің әр қадамымызды «Қазақстан-2030» стратегиясынан туындайтын негізгі талаптармен және қағидалармен салыстыра отырып қала халқы өңірдің гүлденуі үшін аянбай еңбек ететін болады. Сөйтіп, қорыта келгенде, тәуелсіздік жылдары Семейдің алғашқы жылдардағы кездескен көптеген қиыншылықтар мен қайшылықтарға қарамастан экономиканы дамытуда, әлеуметтік мәселелерді шешуде біршама жұмыстар атқарылды және елеулі табыстарға қол жетті.

Әлеуетті құрылымдар ардагерлерінің зейнетақылары көбейтілді, барлық зейнетақылық және әлеуметтік төлемдердің уақтылы берілуі қатаң бақылауға алынған. Еліміз экономикасының тұрақты дамуы семейліктердің әл-ауқатын жыл өткен сайын жақсарту беруге жағдай туғызбақ. Бұл – Қазақстан мемлекеті саясатының әлеуметтік саладағы басты бағыты.

Семейдің еңбек төлемін статистикалық деректердің негізінде салыстыра отырып қарастырғанда 1991 жылдардың соңғы он жылғы мәліметтерге қарағанда орта және ірі кәсіпорындарда, сонымен қатар барлық денсаулық сақтау және білім беру, сақтандыру, қоғамдық ұйымдарда, банктерді қоса алғанда, еңбек ақының жалпы қоры 40,1 млн. теңгені құраса, 1998 жылдан кейінгі он жылда 687, 2 млн. теңге болды. 1998 жылда орта айлық еңбек ақы 1991 жылдың сәйкес мерзімінен 14, 4 % жоғарылап, 14244 теңгені құрады, бұл күн көріс минимумының мөлшерінен 3,4 есе, төменгі еңбек төлемінен 4,1 есе жоғары. Семейде кейінгі жылдары халықтың тұрмыс-жағдайын жақсарту, соның ішінде еңбекшілер мен қызметкерлердің жалақысын арттыруға назар аударуда. Экономиканың көтерілуі әлеуметтік міндеттердің үлкен кешенін шешуге мүмкіндік берді[282,10].

1995-1997 жылдары тұрғындардың жекелеген топтарын тиісті жеңілдіктер беруді реттеуге арналған тиісті құжаттар қабылданды. 1996-1997, әсіресе 1998-жылдардағы орын алған экономикалық өрлеу тұрғындардың табыстарымен өмір сүру деңгейлерінің көтерілуіне тиімді ықпал жасады. 1999 жылы тұрғындардың барлық ақша табыстардың ақшалай табысы екі еседен артық өсіп, 15453 теңгеге жетті. Соңғы бес жылда ішінде қазақстандықтардың орташа еңбекақысы, ең аз еңбек ақы мөлшері, зейнетақының орташа мөлшері, жеке тұлғалардың банктердегі депозиттері екі еседен артық өсті.

Еңбекке тартумен айналысатын мекеменің көмегімен 1582 жұмыссыз адам жұмысқа тұрды. Жұмысқа орналасу деңгейі қала бойынша 1998 жылдың қаңтар қыркүйек айларында 38,2% құрады. 2030 жағдайы төмен жұмыссыз адамдарға материалдық көмек тағайындалады. Қалалық еңбекпен қамту орталығының 1998 жылдың 1 қазан айындағы мәліметі бойынша қаладағы жұмыссыздар саны 6306 адамды құрады, оның ішінде 1801 адам ауыл тұрғындары. Ресми жұмыссыздық деңгейі 1998 жылдың 1 қазан айында қала бойынша 4,0 % құрады[283,180].

Тұтыну нарқы бойынша Семейдің 1991-1999 жылдарында бөлшек сауда тауар айналымы 13018,8 млн.теңге деңгейіне жетті. Бұның ішінде жеке тұлғалар жалпы тауар айналымы ауқымының 83,1% құрайды.

Қарапайым халықтың тұрмысындағы маңызды көрсеткіш - тұрғын үймен қамтамасыз ету. Бұрын да, қазір де тұрғын үй адамдардың ең басты мұқтажы болып отыр. 90- жылдары республикада тұрғын үй салу төмендеп кетті. Ең соңғы салынған тұрғын үйлер «Тұрғын үй -91» бағдарламасына енген 1993 жылы берілген Шәкәрім көшесіндегі үйлер болды.

Семей қаласының көп пәтерлі тұрғын үй қоры 9117 нысаннан тұрады, оның ішінде биіктігі бір қабаттан асатын үйлер саны 1306 бірлік, 60173 пәтер, жалпы тұрғын үй көлемінің 3126 мың шаршы метрін құрайды. Қала аймағында 865 үй 113 жекеменшік пәтер иелері кооперативі, 10 өндірістік кооперативі, 21 қарапайым серіктестіктердің күшімен ұйымдасқан түрде басқарылуда. Инспекция тұрғын үйлерді түгендеу жұмыстарын жүргізу барысында меншік иелері ғимаратты жөндеу бойынша ешқандай іс-шаралар жүргізбейтін басқарушы органдары жоқ 438 көп пәтерлі үйді анықтады.

Өткен жылы тұрғын үй қорын қысқа пайдалануға тұрғын үй меншік иелерінің қаражаты есебінен орталықтандырылған, жылу беруге қосылған барлық 1035 үйдің инженерлік коммуникациясы қысқы кезеңге дайындалды, 615 үйдің жылу беру жүйелеріне және 187 үйдің шиферлы және жұмсақ шатырларына ағымдағы жөндеу жүргізілді.

«ВК РЭК» АҚ-мен қаладағы және қала маңындағы ауылдық округтердің электр энергетикалық нысандарына жоспарлы-ескертуші жөндеу жүргізілді. ТКШ жаңғырту бағдарламасына сәйкес ТКШ дамыту және жаңғыртудың Қазақстандық орталығымен тұрғын үйді жөндеудің 2 механизмі құрастырылды: «Ертіс» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының қаражаттарына республикалық бюджет есебінен жергілікті атқарушы органдар желісі арқылы; - 7 жыл ішінде меншік иелеріне пайызсыз несие қайтарымы арқылы, «Семей көпсалалы эксплуатациялық кәсіпорыны» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны арқылы.

Семей қаласын абаттандыру, көгалдандыру және жарықтандыру бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Сеченов, Шығыс, Лодочная, Энергетик, Юность, Цементный ықшам аудандарында 25 көшенің жүру бөліктерінде жөндеу жұмыстары толықтай жүргізілді, аталмыш көшелерде жиырма жылдың жүзінде жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Республикалық бюджеттен

магистральдік маңызы бар көшелер Гагарин, Әуежайға апаратын жолдарды қалыпқа келтіруге арнайы қаржы бөлінді.

Бәрімізге мәлім әлемдік экономиканың жаһандық жүйесі – өзінің ережелері бойынша жете жасалған жетік механизм. Олай болса, осы ережелерге сай жұмыс істеп, басқа елдердің бәсекелес өндірістері мен салаларына және халықаралық рыноктарға қатысатын ұлтаралық корпорацияларға салыстырмалы талдау жүргізу арқылы артықшылықтарға қол жеткізуіміз қажет. Сонымен қатар, еліміздің бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық мүмкіндіктерін сапалы жаңа деңгейге жеткізу мақсаты жақын арада түбегейлі шешімін табатындығына сенім мол.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметінің негізгі міндеттерінің бірі жылу маусымын жоғары деңгейде ұйымдастыру болып табылады. Қаладағы барлық әлеуметтік маңызды ғимараттардың қысқа дайындығы қатаң бақылауда болды.

Отбасыларды әлеуметтік қолдаудың бір бағыты - табысы күн көріс деңгейінен төмен отбасыларға әлеуметтік жәрдем-ақылар төлеу. Күн көріс деңгейінен төмен 664 отбасының 2235 мүшесі 759920,0 мың теңге сомасында әлеуметтік көмектер алды. Жәрдемақының орташа көлемі 2807 теңге. 18 жасқа толмаған балалары бар, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың әрбір мүшесінің кіріс көзі күнделікті тұтынатын азық-түлік өнімдерінің бағасынан төмен жанұяларға жәрдемақылар төленді. Өткен жылдың есепті кезеңінде 941 отбасы, оның ішінде 2032 балаларға 22310,0 мың теңге көлемінде көмек көрсетілді. Жәрдемақының орташа көлемі 902 теңге.

Семей облысы тұрғындарының денсаулығының жақсы көрсеткіштері байқалады. Әлеуметтік-тұрмыстық және құрт дерттерінің таралуы мен өлім-жітімдер балалар арасында азайды. Әрбір адамның денсаулығы туралы және медициналық мәліметтер бір жүйеге келтірілген республикалық бағдарламада тіркеліп, талданады, сақталады. Халыққа медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттыру бойынша жұмыстар атқарылуда. Ағымдағы жылы денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін республикалық және жергілікті бюджеттен 519,5 млн. теңге бөлінді.

«Экономикамыздың қарқынды өсуі мемлекеттік шығыстардың әлеуметтік бағдарлануын едеуір кеңейтуге мүмкіндік берді, мұның өзі экономикамыздың айтарлықтай бекемдік деңгейіне жеткенін айғақтайды», - деді [284,1].

Семейдің әлеуметтік саласын реформалаудың жалпы бейнесі республиканың экономикалық жағдайымен тікелей байланысты болды. 1991-1998 жылдары Семей облысыен әлеуметтік салаға көмекті қысқартады, нәтижесінде тұрғындардың табысы жағынан жылдам бөлінуі басталады. Өндірістің құлдырауы, бюджеттік қаражаттың шектеулілігі жағдайында әлеуметтік саясат ең алдымен табысы аз жандарды қолдауға Онкологиялық аурулардың көрсеткіші бұл елді мекенде одақ көрсеткішінен 5 есе асып түсті. Бұл кезеңде елде халықтың нақты табысы төмендеп кетті. Халық тұтынатын

тауарлар тапшылығы өсіп, күні бойы дүкендерде кезекте тұру дағдыға айналды. 1985 жылы Қазақстанның орташа жағдайдағы тұрғыны көпшілік тұтынатын тауар алу үшін екі-үш айлық жалақысын жұмсаса, ал қалған тоғыз-он айдың жалақысы тауар тапшылығына байланысты жұмсалмай қалды.

Қорыта келгенде Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік саласына қоғамды тұтасымен қамтыған терең дағдарыстар да әсер етті. Ең ауыры дағдарыстың жылдам қарқыны мен әлеуметтік инфрақұрылымның бұзылуы Семей облысының тұрғындардың тұрмыс деңгейінің әлсіреуіне әкелген (1991-1998) алғашқы ауыр кезең болды. Нәтижесінде мемлекеттік әлеуметтік сала реформасы бұзылды, керісінше осыған тең игерілген жаңа жүйе болмады. Денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамту саласындағы тегін қызмет түрлері бірден қысқартылды. Аталған келеңсіздіктерге қарамастан еліміз үшін мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық саласын жетілдіру бағдарламасы әрбір қазақстандықтың тұрмыстық жағдайын мейлінше жақсартуына айрықша маңыз береді. Стратегиялық дамуды нақтылау арқылы ұлттық өмір сүрудің сапалық стандартын орташа еуропалық көрсеткішке жеткізу — басты мақсат болып табылады. Соңғы жылдары әлеуметтік мәселеге байланысты алға қойылған тапсырмаларды орындау арқылы әлеуметтік саланы биік деңгейге көтеруге мүмкіндік туды.

3 СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОҚИТУ ӘДИСТЕМЕСІ (1939-1997 ЖЖ.)

3.1 Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын Қазақтанның қазіргі заман тарихы пәнінде оқытудың мазмұны

Отандық тарих ғылымы еліміздің тәуелсіздігімен бірге келген терең түбегейлі өзгерістер мен жаңаруларды басынан өткеруде. Оның басты көрінісі - тарих ғылымының бұрынғы идеологиялық қыспақтан арылып, төл тарихты зерттеуге бет бұрған дер едік. Ұлттық тарих тұтас ұлттық таным, төл рухани құндылықтар контекстінде қарастырыла бастады. А.Байтұрсыновтың «Сөздің ең ұлысы-тарих» екендігін ескере отырып, отандық тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселе – сол ғылымының теориялық және методологиялық ұстанымдарын сүйене отырып, іргелі зерттеулер жүргізу арқылы болашақ зиялы ұрпақты оқыту.

Тарих ғылымы - бұл өткен және қазіргі кездегі нақты қоғамдар мен олардың дамуы туралы нақты білім алудың басты мақсаты бар ғылыми әлеуметтік институттардың, кәсіби зерттеушілердің, ғылыми және танымдық қызмет түрлерінің жүйесі.

Тарихты оқыту – күрделі процесс, мұғалімнің пән бойынша сабақ берудегі мақсатын анықтап, білім мазмұнын іріктеу, білімді оқытып үйрету және оны меңгеруге басшылық ету, ал оқушылардың оқу қызметі оқытудың нәтижесі сияқты құрамдас бөлімдерден тұрады. Оқыту процесі үнемі қозғалыста болып, дамып отырады. Тарихты оқыту әдістемесі өзге ғылымдармен, әсіресе оқытудың мазмұнын талдап жасайтын базалық тарих ғылымымен тығыз байланысты[57,8].

Тарихты оқытудың мазмұны - білім, білік және дағды жүйесі, шығармашылық қызмет тәжірибесі, тарихи фактілерге эмоционалды-құндылық қатынасы.

Зерттеу барысында тарихты оқыту әдістемесінің мақсатына назар аудардық. С.В. Кульчицкий тарихты оқыту мақсаттары арасында: «Бірінші орында білім алушыларды өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу» - деп көрсетеді. Ал М.М.Шимановский пікірі бойынша: «тарихи білім берудің басты міндеті прюралистік қоғамда, көптеген идеологиялар қоғамында өмір сүре алатын тәуелсіз ел азаматын қалыптастыру» - дейді. Ю.С.Войцеховский: «Тарихи білім берудің басты мақсаты ретінде адамзаттың өркениеттік мұрасына, атап айтқанда, рухани және материалдық мәдениет саласында, алдыңғы ұрпақтың мұрасымен жеке эмоциялық байланысын, басқа мәдениеттер мен халықтарға деген тілектестік, толерантты қарым-қатынасты қалыптастыруды таңдайды»- дейді[285, б. 117]. Л.Г. Яновский: «тарихи білім беру беру арқылы тұлғаны қалыптастырып, оны өзгермелі әлемде өмір сүруге дайындайды, қарым-қатынастың заманауи формаларына үйретеді, ақпаратты меңгеру, тиімді шешімдер қабылдау қабілетін дамытуда деп»- тұжырымдайды.

Тарихты оқыту — өзара байланыста және үнемі қозғалыста болатын құрауыштардың басын біріктіретін өте күрделі процесс. Ол оқыту мақсаты

►оның мазмұны ►білім беру және оны игеруге басшылық жасау
►оқушылардың оқу әрекеті ►оқыту нәтижесі деген тізбекті құрайды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыда жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Болашақ маман - бүгінгі білім алушы педагогика теориясы мен практикасындағы электронды оқу ресурстарының түрлерін біліп, оларды орта мектептің оқу-тәрбие үрдісінде шығармашылықпен қолдануға тырысуы тиіс.

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог- Қазақстандағы тұрақтылық пен өркендеудің негізі» атты Жолдауындағы негізгі ұлттық басымдықтардың бірі –білім сапасын арттыру, әр мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлау мәселесі негізі болып табылады[286,1].

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа Жолдауында білім саласын цифрландырудың маңызына тоқталып, оны сапалы білім берумен тікелей байланыстырып, «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасын жүзеге асыруды тапсырған болатын [287,2].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы төңірегінде жалпы білім беру жүйесін жақсарту үшін ең бастысы педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту мәселесіне орасан зор көңіл бөлінген[288].

Тарихты оқытудың болашақ маманның жеке тұлға болып қалыптасуына, оның өмірлік жолына, адамгершілік негіздеріне, идеялық сенімдеріне, азаматтық ұстанымына әсерін күшейтуге жолдарын анықтау тарихи білімге ерекше назар аударады.

Кез келген оқытушы өз жұмысының нәтижесін білім алушының нәтижесімен көрінетінін біледі, сондықтан оқытушы, білім алушы игеретін материалдардың түсінікті, анық, заманауи және білім алушы белсенділігін арттыру мақсатында материал қол жетімді, қызығушылығы жоғары болуын қарастырады. Қазіргі кезде мұндай сабақтар өткізуге мол мүмкіндіктер бар.

Отандық жоғары білім беру жүйесін жалпы еуропалық білім беру кеңістігіне кіріктіру және бірыңғай білім беру құрылымын қалыптастыру қажеттілігі, ең алдымен, зияткерлік, мәдени, әлеуметтік және ғылыми-техникалық әлеуетті нығайту үшін қажетті жағдай ретінде білімді бекітуден, сондай-ақ қоғамның ұтқырлығының артуынан туындайды[285, б. 116]. Жоғарыда айтылғандардың негізінде, қазіргі кездегі білім беру жүйесінің барлық деңгейлері үшін күрделі әрі түбегейлі өзгерістердің іске асырылуының үздіксіз жалғаса беретіндігін қазіргі кезде шетелдік тәжірибелер мен ұсынылған білім беру модельдерінен де көре аламыз.

Болашақ тарих пәнінің мұғалімі, бұл білім беру, дамыту, және мақсаттарының бірлігін іске асырушы. Бұл мақсат қамтиды: білім беру –жалпы фактілер мен ақпараттың белгілі бір көлемін беру; талдау, бірлесіп жұмыс істеу, мәселелерді шешу, салыстыру, табу, бағалау, зерттеу және нәтижелерді пайдалану, өткенді құрметтеу, құрмет көрсету, сыни ойлау[285, б. 117].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында болашақ мамандарды даярлау Еуропалық, ұлттық салалық біліктілік шеңберінде білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандартымен қатар, білім беру бағдарламасына негізделетін негізгі нормативті құжат болып табылатын кәсіби стандарт әзірленген. Заманауи ғылым және жоғары білім жүйесінде болашақ маманның кәсіби даярлығының сапасын қамтамасыз етуге оңтайлы әсер етеді, сондықтан болашақ тарихшыларды даярлауда жүйелілік, тұлғаға бағдарлы, әрекеттік, құндылықтық, құзыреттілік тұғырларды басшылыққа алудың маңызы бар.

Қазіргі таңда білім берудің мақсаттарының жиынтығы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді[289,13].

Диссертация жазу барысында оқу процесіне Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын, мұрағаттық материалдарды енгізу туралы теориялық материалды зерделеуден басқа, практикалық зерттеу жүргізілді.

Эксперимент жүргізу алдына қойылған басты міндет - ЖОО тарих сабақтарында өлке тарихына қатысты ақпаратты пайдаланудың қазіргі жағдайын, сондай-ақ оларды оқу процесінде қолданудың одан әрі мүмкіндіктері мен перспективаларын анықтау. Қойылған міндетке жауап алу мақсатында екі сауалнама жүргізілді. Біріншісі «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын қаншалықты біледі деген сауалнама болса, екіншісі өлке тарихы туралы ақпаратты оқытудың қандай түрінде алғыңыз келеді деген сауалнама болды.

Студенттерге арналған бірінші сауалнама 15 сұрақтан тұрады. (А қосымшасы), Экспериментке күндізгі бөлім студенттері қатысты.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңіне «Alikhan Vokeikhan University», Тарих және география кафедрасының 6B01606 «Тарих», 6B01510 «География-Тарих», 6B02212 «Отан және дүние жүзі тарихы» білім беру бағдарламасы бойынша 112 білім алушы қатысты. Алдымен студенттерге Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы туралы сауалнама жүргізіліп, өлке тарихы туралы білімдері анықталды. Оған білім алушылардың 100% -ы қатысты. Нәтижесінде білім алушылардың 47 %-ы Семей облысының даму тарихы туралы қызығушылығы жеткіліксіз деп бағаланды.(сурет-1) Сауалнамаға Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын оқытудың маңыздылығын айқындауға мүмкіндік беретін сұрақтар енгізілді.



Сурет-1 Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы туралы сауалнама нәтижесі

Екінші сауалнамада оқу үрдісінде, Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы оқыту тиімділігі туралы сауалнама жүргізілді. Бұл сауалнамаға 5 сұрақ енді. (Б қосымшасы). Сонымен қатар осы мәселені оқытуда сауалнама нәтижесінде студенттерге Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы туралы ақпаратты дәрісте, семинар, өзіндік жұмыста орындауда СӨЖ алуды қалады. Сурет-2



Сурет- 2 Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын оқыту түрлерін анықтау нәтижесі.

Сауалнама нәтижесі қорытындыланып, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ 6B01606 «Тарих», 6B01510 «География-Тарих», 6B02212 «Отан және дүние жүзі тарихы» білім беру бағдарламасында оқылатын пәндермен таныса отырып «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің дәріс, семинар, СӨЖ тапсырмаларына енгізу кафедра мәжілісінде қарастырылып, мақұлданды.

Жоғары оқу орындарында білім берудің ұйымдастырудың түрлері өте көп болашақ маман өзінің бойында жалпы және кәсіби, арнайы құзыреттіліктерді қалыптастыруда ЖОО оқу- әдістемелік кешені маңызды рөл атқарады.

Қазіргі кезде болашақ тарихшы мамандарды даярлауда жоғары оқу орындарында тарихты оқытудың ұйымдастырылған формалары лекция, семинар (практика), аудиториядан тыс сабақтар, ғылыми–зерттеу жұмыстары және т.б. кеңінен қолданылады.

Аталған оқыту формаларының әрқайсысы болашақ тарихшы маманның тарихи шығармашылығын қалыптастыруда орны ерекше. Болашақ тарихшылардың тарихи шығармашылық қабілеттерін, сабақ барысындағы белсенділігін, ой ұшқырлығын, өз бетінше жұмыс жасай алу қабілеттіліктерін қалыптастырады.

ЖОО-дағы дәрістің мақсаты – білім алушылардың оқу материалын терең меңгеруі үшін бағыт беретін негізді қалыптастыру. «Дәріс» сөзі латынның «lection» - оқу деген сөзін білдіреді. Дәріс ЖОО-да оқу үрдісін ұйымдастырудың басты формасы болып отыр. дәріс осы күнге дейін колледж, ЖОО-да оқу үрдісін ұйымдастырудың басты формасы болып отыр.

Дәрістің артықшылығы:

1. дәріс білім алушының аудиториямен шығармашылық қарым-қатынас жасауы, шығармашылықпен бірге айналысу, эмоционалдық өзара әрекеттесу;
2. дәріс – білім негіздерін жалпы түрде алудың ең үнемді тәсілі;
3. дәріс дұрыс ұғынылып, мұқият тыңдалған жағдайда студенттің ақыл-ой әрекетін белсендендіреді.

Сондықтан дәріс жүргізушінің мақсаты – студенттердің белсенді зейінін дамыту, оларда ой қозғалысын тудыру. Соңғы кезде кредиттік жүйе бойынша студенттерге оқытушыларды таңдау еркі берілген. Бұл оқытушының дәріс оқу шеберлігін арттыру проблемасын алға қояды[289,138].

Зерттеу жұмысына сәйкес мен 6B02212 «Отан және дүниежүзі тарихы» білім беру бағдарламасының 2 курс студенттеріне арналған таңдау компонентінің бірі «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» алған болатынмын. Яғни пәнінің мазмұнының дәрісіне, семинарына, СӨЖ тапсырмаларына енгізілді.

Дәріске келетін болсақ, Дәріс 8 (Модуль 2) Қазақстан Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысы жылдарында (1939-1945жж). тақырып таңдалды. Дәрісте екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы кеңес үкіметінің сыртқы және ішкі саясаты, Қазақстанның қоғамдық – саяси, әлеуметтік жағдайы, Отан соғысының басталуы, Республика өнеркәсібіндегі бетбұрыс қарастырылады.

Дәріс мақсаты: Қазақстан Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жағдайын ашып көрсету, негізгі оқиғаларға шолу жасау, Соғыс

жылдарындағы Республикадағы экономикалық жағдайға Семей облысының қосқан үлесі мен маңызын қарастыру.

Сабақ барысында қалыптасатын күзіреттер:

Өткен тарихи оқиғалар мен көріністерді сыни талдау; Ұлы Отан Соғысының алғышарттарын, кезеңдері мен олардың тарихи негіздерін білу; Ұлы Отан Соғысы жылдарындағы ел экономикасының даму үлгісі, ерекшеліктері мен маңыздарын шынайы және жан-жақты түсіну; Күрделі тарихи үдерістерді талдау және меңгеру.

Дәріс түрі: аралас дәріс

Дәріс әдісі: түсіндіру, диспут, өзіндік зерттеу жұмыстары, интербелсенді тақтаны қолдану арқылы слайдтармен баяндау.

Лекцияның көрнекілігі: карта, кесте, тірек-сызба, тақырыпқа қатысты суреттер. [290,б. 154-155]

Бұл тақырыпты ауызша түсіндіре отырып, слайдтар арқылы да ақпараттар берілді. Көрнекі құралдар ішінде картамен жұмыс жасауды қолдандым, өйткені карта арқылы елді-мекендерді көрсеттім.

Дәріс барысы: Дәрісте Қазақстан Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жағдайы туралы ақпарат айтылды және барлығы слайд арқылы көрсетілді. Дәріс сұрақтарын қарастыру кезінде Республика өнеркәсібіндегі бетбұрыс туралы, соның ішінде Семей облысының өнеркәсіп орындарына сипаттама бере отырып, өлке тарихына қатысты қызықты, танымды, архив құжаттарына сүйенген ақпараттар берілді. Соғыс жылдарындағы Республика бойынша Семей облысының экономикаға қосқан үлесі мен маңызы да баяндалды. Дәрісте берілген ақпараттар бойынша студенттер өздерін қызықтырған мәселе бойынша сұрақтар дайындады. Яғни бұл жерде пресс-конференция дәрісін пайдаландым. Екі –үш минут ішінде сұрақтар іріктеліп, олардың мазмұны бойынша ақпараттар берілді. Сұрақтар қатарында мысалға алатын болсам, студенттер көбінесе Семей облысына көшірілген кәсіпорындардың тарихы мен жұмысы жайлы қойды. Дәрісті тиімді қорытындылау мақсатында интербелсенді тақтаны пайдалану арқылы сұрақ-жауап әдіс-тәсілі қолданылды. Сонымен қатар бекіту сұрақтарыда қойылды.

Бекіту сұрақтары:

1. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жағдай?
2. Жауды жеңудегі Республика өңірлерінің қосқан үлесі қандай?
3. Республика өмірін соғыс қажетіне бейімделуі?
4. Әскери бөлімдердің құрылуы?
5. Ұлы Отан соғысының ірі шайқастары мен тылдағы ерліктерін атаңыз?
6. Соғыс жағадайындағы мәдениет және халыққа білім беру ісі қандай жағдайда болды?
7. Ұлы Отан Соғысы жылдарында Семей облысына көшірілген кәсіпорындарды атаңыз?
8. Қандай архив деректерімен таныстыңыз?

Семинар сабақтарының басты мақсаты – білім алушыларға зерттелетін саланың ерекшеліктеріне сәйкес теориялық білімді қолданудың іскерлігі мен дағдыларын меңгеру мүмкіндігін беру[289,146].

Семинарда мынадай педагогикалық міндеттер шешіледі:

- кәсіби шығармашылық ойды дамыту;
- танымдық мотивация;
- оқу жағдайларында білімді кәсіби қолдану:
 - а) сәйкесінше ғылымның тілін меңгеру;
 - ә) түсініктерді, ұғымдарды, анықтамаларды қолдану дағдылары;
 - б) интеллектуалды проблемалар мен міндеттерді қою және шешу, өз пікірін қорғау, басқа пікірді жоққа шығару іскерліктері мен дағдыларын меңгеру.

Семинар сабақтарында талқыланатын мәселелер:

- курстың негізгі тақырыптары, оларды меңгеру кәсіби дайындықтың сапасын анықтайды;
- түсіну және меңгеруде қиын болатын сұрақтар.

Семинар – қатысушылардың өзара әрекеттесуі және қарымқатынасы.

Семинар сабақтарының формалары:

- а) алдын-ала белгіленген жоспар бойынша әңгіме;
- б) білім алушылардың шағын баяндамалары, кейін оны семинарға қатысушылар талқылайды.

Семинар – бұл білім алушылармен тікелей байланыс, сенімді қарым-қатынас орнату, педагогикалық қарым-қатынас. Семинар сабақтарында біріккен шығармашылық, біріккен іс-әрекет ұстанымы жүзеге асырылады[289,146].

Семинар сабағының дәстүрлі ұйымдастырылуы төмендегідей формаларда болуы мүмкін: Топтық форма, дөңгелек үстел, пікірталас-семинар.

Зерттеу жұмысына сәйкес семинар сабағы жүргізілді.

Семинар № 8 (Модуль 2) барысы:

Тақырып: 1950-1960 жылдардағы Қазақстан.

Жоспары:

- 1.Қазақстанның «тың және тыңайған» жерлерін игеру шаралары және оның кезеңдері.
- 2.«Тың және тыңайған» жерлерін игеру нәтижелері мен экологиялық проблемалары, мал шаруашылығы, МТС қайта құру, колхозды ірілендіру және совхоз құрылысы.
- 3.Республикадағы өнеркәсіп орындары.
- 4.Экономиканы басқарудағы реформалар және оның Семей облысына тигізген әсері.

Техникалық құрал-жабдықтар: Интербелсенді тақта, А3 қағаз парағы, маркер т.б.

Семинар-сабақтың мақсаты мен міндеттері: 1950-1960 жылдардағы Қазақстан тарихын қарастыру мен танысу.

Семинар-сабақты өткізу түрі: пікірталас – семинар

Семинар жұмысын орындауға нұсқаулық:

Студенттерге алдын ала берілген семинар тақырыбының сұрақтары бойынша дайындалып, пікірталас – семинар ретінде өтті. Пікірталас-семинар – сабақтың теориялық және практикалық проблемалары біріккен жұмыс арқылы талқыланып, шешілетін қатысушылардың диалогтық қарым-қатынасы. Талқылауға сабақтың ең өзекті деген мәселелері шығарылады. Пікірталаста әрбір қатысушы баяндамасында өз пікірін нақты білдіруі, қорғауы, дәйекті түрде қарсы шығуы, қате пікірді жоққа шығара білуі тиіс әр түрлі әдістермен студенттердің білімін, өз бетінше іздену шеберліктерін, оқыған материалдарын еске сақтау қабілетін жан-жақты бақылау болып табылады[289,149].

Семинар сабағында студенттер арасында пікірталас-семинардың бөлігі ретінде «миға шабуыл» әдісінің элементтері де пайдаланылды. Студенттер 1950-1960 жылдардағы Қазақстан тарихындағы «тың және тыңайған» жерлерді игеру нәтижелері мен экологиялық проблемаларды, мал шаруашылығы мен МТС-ды қайта құру, колхозды ірілендіру және совхоз құрылысы жайлы, сонымен қатар Республикадағы өнеркәсіп орындарының жұмысы мен экономиканы басқарудағы реформалар және оның Семей облысына тигізген әсері туралы мәселелерге тоқталып, әрбір сұрақ бойынша толық дайындалып, баяндады. Студенттер тақырып бойынша негізгі мәселерге тоқталған соң, оқытушының ұсынысымен 7-9 адамнан тұратын шағын топтарға бөлініп, постер әдісі арқылы 5-10 минут ішінде «тың және тыңайған» жерлерді игерудің пайдасы мен зияны туралы талдап, сипаттама берді. Мысалға алатын болсақ, бір топ тың игеруді қолдаса, екінші топ тың игеруды қолдамады және оның себеп-салдарын түсіндіріп, баяндады. Сонымен қатар семинар сабағының екінші бөлігінде студенттер кейс технологиясының бір бөлігіне жататын «ойындық жоба» әдісін пайдаландық, яғни оқытушы семинар тақырыбына қатысты сұрақтар әзірлеп, интербелсенді тақтаны пайдаланып, арнайы ұяшықтарға сұрақтар жасырып, оларды ұпай арқылы таңдау мүмкіндігі беріліп, студенттерге ұсындым. Сабақтың соңында қорытынды жасап, студенттердің жұмысын бағаладым.

Зерттеу жұмысына сәйкес СӨЖ-ді орындау формаларыда анықталды. Бұл тұста, мен студенттерге СӨЖ-ді орындау формасын өздеріне таңдауға мүмкіндік бердім, яғни әр студент сауалнама арқылы орындау формасын таңдады.

Бұл жерде студенттердің құқықтары ескеріліп, демократиялық принципке назар аударылды. Сауалнама нәтижесінде студенттердің басым бөлігі, яғни 55% презентация тапсыруды қолдаса, 30% салыстырмалы кесте түрінде, 15 % реферат формасында өткізуді есептейтіндерін айтқан.

Себебі студенттердің өздік жұмысы (СӨЖ) - өткен тақырыпты бекіту, қойылған мақсаттар мен міндеттерді жылдам шеше білуге бағытталған жеке және ұжымдық түрде орындалатын белсенді формалары. СӨЖ дайын ақпаратты қабылдау емес, ол дегеніміз - оны іздестіріп, шығармашылық түрде қабылдау. СӨЖ студенттерді болашақ қызметіне дайындауға бағытталған. СӨЖ студенттерді өз-өзін дамыту, өз-өзін жетілдіру, өздігінен білім алуға үйретеді, алған білімнің сапсын, тереңдігі мен беріктілігін арттырады.

Студенттердің өз бетімен білім ала білу қабілеттері жылдар бойы қалыптасады. Бұл қасиет болашақ маман үшін өте маңызды, бұл - қоғамның талабы. СӨЖ болашақ маманды даярлау сапасын анықтайды. СӨЖ дұрыс ұйымдастыру жоғары мектептің оқу процесінде басты орын алады. Өздік жұмыс жасау барысында ғана студент өзіне қажетті білім ала алады, оның бойында кәсіби дағдылар қалыптасады, оны жады байып, терең ойлау қабілеті жетілдіріледі. СӨЖ арқылы ғылыми көзқарас қалыптасады, болашақ маманның танымдық, шығармашылық, кәсіби қабілеттері дамиды. Осы бағытта ЖОО негізгі міндеті - СӨЖ-ді ұйымдастыруға үлкен жауапкершілікпен қарау, оның жүйелі түрде ұйымдастырылуын қатаң қадағалау. Себебі өз бетімен жұмыс істей алатын студент қана ертең кәсіби қызметте өз орнын таба алатын болады. Кредиттік оқыту жүйесін жүзеге асырудың ең басты мақсаты - СӨЖ тиімді және оңтайлы ұйымдастыру[291,306] болып табылатындықтан СӨЖ тапсырмаларын енгізуді дұрыс деп санадық. Мысалы Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәніне 1939-1980 жылдардағы Семей облысын өнеркәсіптердің даму ерекшеліктері, Тәуелсіздік жылдарындағы Семей облысының экономикалық-әлеуметтік жағдайы атты СӨЖ тапсырмалары енгізілді.

Болашақ тарихшы студенттерге Семей облысының тарихын оқытуда логикалық құрастыруда бұл туралы білім берудің құндылығы, саяси және экономикалық тұрғыда заманауи қажетілігі негізі бағдар ретінде алынды. Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын оқыту бойынша білімдердің меңгерілуін тексеру үшін студенттерге өздік жұмыстары жасақталды. Жасақталған сұрақтардың мазмұны Семей облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша білімдерге негізделді.

Оқыту барысында құрастырылған тапсырмалар мазмұнында шығармашылық іс-әрекетке бағдарланған тапсырмалар да болды. Тапсырмалар білім алушыларға өз беттерінше орындауға ұсынылды. Болашақ тарихшы студенттерге Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы бойынша білімдердің көрсеткіштері кредиттік оқыту технологиясы негізінде баллдық жүйемен бағаланды.

Сонымен қатар, тапсырмалар қатарында «1939-1980 жылдардағы Семей облысын өнеркәсіптердің даму ерекшеліктері» атты тақырып бойынша студенттерге салыстырмалы кесте жасау берілді. Ұсынылған тақырыптар бойынша әзірлеген кестеде ақпараттың толықтығы, өзіндік ой тұжырымдау, негізгі түйінделген қорытындылар арқылы бағаланды. Тақырып бойынша Семей облысының экономикасының даму тарихы; Ұлы Отан соғысы жылдарында көшіріліп әкелінген зауыт, фабрикалардың облыс экономикасына тигізген әсері; Ұлы Отан соғысынан кейінгі өнеркәсіптердің жағдайы; Соғыстан кейінгі жылдарда Семей облысындағы көптеген ірі өндірістік кәсіпорындарының жұмысы; Семейдің ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу кәсіпорындары туралы ақпараттар жинақталды.

«Тәуелсіздік жылдарындағы Семей облысының экономикалық-әлеуметтік жағдайы» тақырыбы бойынша 1991-1997 жылдардағы Семей өнеркәсіптерінің жағдайы; 1991-1997 жылдардағы Семей экономикасының дамудағы ауыл

шаруашылығының рөлі; Семей облысының әлеуметтік - тұрмыстық көрсеткіштері жайлы ақпараттар қарастырылды. СӨЖ слайд-презентация (<https://prezi.com/> веб сайты пайдалана отырып слайд презентация әзірлеу), салыстырмалы диаграмма формаларында орындалды. Тапсырмаларды орындау барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік.

Ғылыми зерттеу саласындағы қазіргі ғылыми жетістіктерді, теориялық тұжырымдамаларды талдау және бағалау.

Ғылыми-зерттеу қызметі барысында туындайтын міндеттерді тұжырымдау және шешу, өзіндік ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызметті жүргізу дағдыларын меңгеру, теориялық және қолданбалы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді жүзеге асыру, алынған білімді зерттеу жұмысында қолдану.

Тарихи зерттеулерде Отандық тарих, деректану, арнайы тарихи пәндер, тарихнама және тарихи зерттеу әдістері, тарих ғылымының теориясы мен әдіснамасы саласындағы базалық білімді пайдалану.

Нақты ғылыми-тарихи проблеманы шешу үшін қазіргі теориялық-әдіснамалық тұжырымдамаларды қолдану.

Жоғарыда көрсетілген нәтижелерге қол жеткізе отырып, оқытудың тиімділігін көріп студенттердің бұл тақырыптарға назар аудара дайындығы ерекше байқалды. Мысалы, студенттер СӨЖ тапсырмаларын орындауда архив қорларында жұмыс жасап, қызығушылықтары артты. Архив студенттер үшін рухани жаңғырудың бастауы деп айтсақ, қателеспейміз. Архив қорларымен жұмыс жасай отырып, студенттер ғылыми конференцияларға, дөңгелек үстелдерге тарихи маңызды ақпаратты жинақтап еркін өз ойын айта септігін тигізеді.

Демек, болашақ тарихшыларға Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын оқытудағы өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру оқыту технологиясының негізгі құралы болып табылады, ол Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы туралы тарихи деректердің маңыздылығын анықтаудың әдістемелік тәсілдерімен қатар таным субъектісінің пайдалылығын айқындауға ықпал етеді.

Тарихи ғылым әрқашанда қызықты. Сондықтан білімгерді маңызды ақпараттармен қызықтыра оқытып, өз бетінше тарихи білімдерді жинақтау мен зерделеуге құштар етуге баулу – оқыту үрдісінің сапасын арттыра түседі.

Сондықтан, Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы қаншалықты маңызды орын алғандығын нақты ақпараттармен баяндау қашанда болашақ мамандарды таңдаған мамандығын игеруге қызығушылығын арттыра түседі [292, б. 115-116].

Яғни бұдан көретініміз, болашақ тарихшылардың дайындығында оқыған пәндері мазмұнында Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын оқытудың қажеттілігінің бар екендігін көрдік. Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы болашақ тарихшыларды кәсіби даярлауда тарихи сана мен кәсіби дағдыларын қалыптастыруда пайдаланудың тиімдігі зор.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қорытындысы бойынша алынған нәтижелер болашақ тарихшы мамандардың кәсіби даярлығын қалыптастыруда «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын» оқытудың оң нәтиже беретінін, студенттер бойында ұлттық рух пен тарихи сана, туған өлке тарихына деген қызығушылықтың жоғары екендігін байқауға болады.

Қорыта айтқанда, ғылыми-зерттеу жұмысының басында жасалған ғылыми болжам өзінің дұрыстығын дәлелдеді.

Сол себепті болашақта «Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихы» атты элективтік пән енгізу жоспарлануда. Семей облысының әлеуметтік экономикалық жағдайы бойынша білімгерлерге негізделіп қарастырылған мазмұнында шығармашылық іс-әрекетке бағдарланған тапсырмалар дайындалды.

3.2 Семей облысының әлеуметтік-экономикалық даму тарихын өлке тарихы курсына оқыту әдістемесі

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық сипаттағы мақаласында және «Туған жер» бағдарламасында "Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады», -дейді[293,2]. "Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді, Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» — деп көрсетті[289,2].

Тәуелсіз еліміздің оқушы және студент жастарын отансүйгіштікке тәрбиелеудің сан алуан жолдары бар. Солардың бірі — тарихи өлкетану жұмыстарын пайдалану арқылы тәрбиелеу. Қазақ елінің кез келген аймағынан ежелгі, ортағасырларға және жаңа заманға қатысты тарихи жәдігерлерді немесе деректерді көптеп кездестіруге болады. Мәселе соларды танып біліп, табылған мәліметтерді жүйелеп, зерделеп, оларды жастар тәрбиесінде тиімді пайдалана білуді үйренуде[294,3].

Сол бағдарламаға сәйкес берілген тапсырмаларды орындау мақсатында қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, тарих, география, биология, музыка, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының «Мектептегі өлкетану жұмысын ұйымдастыру және өткізу» білім беру бағдарламасы әзірленді.

Өлкетану – белгілі бір жердің, қаланың, елді мекеннің бір бөлігін оқып білу. Мұндай жұмыспен жергілікті тұрғындар айналысады, себебі бұл аймақ оқушылар мен мамандар үшін (тарихшылар, биологтар, геологтар,

архитекторлар, этнографтар, экологтар) туған өлке болып саналады. Мектептегі өлкетану пәні білім беру мен тәрбиелеуді өмірмен байланыстыратын маңызды құрал болып табылады. Өз өлкесінің бұрынғы және қазіргі өмірін білу, өлкенің жаңаруына тікелей ат салысуымыз үшін қажет, өйткені туған өлке – шегі жоқ әлемнің бір бөлігі. Өлкетану отансүйгіштік сезімді – Отанға деген терең махаббатты тудырады. Мектептегі өлкетану, жалпы өлкетанудың бір бағыты болғандықтан, оқушының адамгершілік, интеллектуалдық, эстетикалық, еңбексүйгіштік, тұлғалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Туған өлкенің өткенімен, қазіргі кезімен және жорамалды болашағымен, табиғи, экономикалық, тарихи, мәдени және басқа да ерекшеліктерімен танысу оқушының дүниетанымын қалыптастыруға жағдай жасайды. Бұл оқушының өзінің бір нақты ұлт өкілінің қатарына жататындығын түсінуіне және ол үшін мақтанш сезімінің туындануына көмектеседі[294,3].

Осы бағдарламаны жүзеге асыру мақсаты өз өлкесін, елді мекенін, қаласын не ауылын жақсы білетін және сүйетін, оның әдет-ғұрыптарын сыйлайтын, табиғи, тарихи, мәдени ескерткіштерін қорғайтын, көпұлтты Қазақстанның отаншыл азаматын тәрбиелеу.

Мектептегі өлкетану жұмысының өзіндік міндеттері бар. Бұл міндеттер оқушылардың өмірге, қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Білімдік міндеттері:

- өз елді мекенінің, өлкесінің тарихымен және қазіргі кездегі өмірімен, экономикасымен таныстыру;
- туған өлкенің табиғи ортасының алуан түрлілігі жайлы көзқарас қалыптастыру;
- өз елді мекенінің, ауданы мен облысының қазіргі кездегі өмірі және экономикасымен таныстыру;
- туған өлкесінің дамуы проблемаларын оқып-білуге жетелеу;
- табиғатқа дұрыс қарау нормаларын меңгерту;
- алынған білімді қазіргі кездегі экологиялық проблемаларды шешу барысында қолдана білу;
- туған өлке табиғатының ерекшеліктерін оқу;
- қажетті ақпаратты іріктеу дағдысын меңгеру.

Тәрбиелік міндеттері:

- өзінің туған өлкесіне, туған елі Қазақстанға деген патриоттық сезімін, сүйіспеншілігін тәрбиелеу;
- төзімділікті, өлкенің көпұлттылық және көпмәдениеттілік жағдайында төзімді мінез-құлық қалыптастыру;
- отбасылық қарым-қатынасты нығайту, пәннің мазмұнымен тек оқушыны ғана емес, оның ата-анасын да қызықтыру, отбасылық мұрағаттар, аталар мен әжелердің басқа да туыстардың әңгімелері арқылы өлкенің тарихы жайлы білімді тереңдету;
- отбасы мүшелерімен бірге өлке туралы әдебиеттер оқу, фильмдер, бейнефильмдер тамашалау;

- өлкенің табиғатын, тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру жұмыстарына оқушылармен қатар ата-аналарды да қатыстыру;
- жергілікті халықтың алдында тұрған проблемаларды шешуге атааналармен бірге оқушыларды да қатыстыру;
- экологиялық мәдениет қалыптастыру;
- патриоттық және эстетикалық, сонымен қатар табиғат алдында жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;
- ұжымда бірігіп жұмыс істеу, бір-біріне көмектесу, қолпаштау сезімдерін тәрбиелеу;
- балалардың бойында жақсы көру, барлық тіршілік атаулыға аяушылықпен қарау сезімдерін тәрбиелеу.

Дамытушылық міндеттері:

- туған өлке туралы неғұрлым көп білуге деген ұмтылысты, танымдық қызығушылықты, интеллектуалдық және шығармашылық қабілетті дамыту;
- тақырыптық акцияларға және жобаларға, кітапханалардың, ұлттық мәдени орталықтардың іс-шараларына, сайыстарға, олимпиадаларға қатысу арқылы туған өлке жайлы білімді тереңдетуге деген ұмтылысқа ынталандыру;
- болашақта білімді жалғастыру, мамандық және жұмыс орнын таңдау сұрақтарын шешуге бағыттау;
- күнделікті өмірде өлкетанушылық білім мен біліктілікті қолдана алу, жергілікті жердегі туындайтын проблемаларды шешуде өзінің орнын білу дағдысын қалыптастыру;
- туған өлкесінің өмірін жетілдіруге үлес қосуға деген ұмтылысты дамыту .

Өлкетану жұмысында тағы бір міндетті қосуға болады, ол – зерттеушілік сипаттағы міндеттер:

- қоршаған ортаның ластану деңгейін анықтау және туған аймақтың экологиялық жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- логикалық ойлау қабілетін дамыту арқылы, проблема қою және оны шешудің жолдарын іздеу;
- оқығанды, танығанды, түсініксіз жағдайларды, мәліметтерді өз шығармашылығында көрсете білу;
- ізденіс арқылы таныс емес, белгісіз, түсініксіз құбылыстарды тануға, білуге, түсінуге ұмтылу.

Мектеп пәндерінің мазмұнындағы өлкетануды сипаттайтын ерекшеліктер:

- тарихи және ұлттық-мәдени өлкетану (ата-бабалар тарихы, шығу тегі, тарихи ескерткіштер, ежелгі қоныс-мекендер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, өнеге, өмір сүру салтының ерекшеліктері және құндылықтары);
- табиғи-географиялық өлкетану (жергілікті жердің климаты, жер бедері, топырағы, өзен-көлдері, пайдалы қазбалары, экологиясы, экологиялық проблемалары);
- әлеуметтік-экономикалық (халықтың өмір сүру деңгейі, еңбек ресурсы, кәсіби-мамандық құрамы, экономикалық даму келешегі);
- аймақтың экономикалық салаларының (ауылшаруашылық, құрылыс, таукен, химиялық т.б.), шығаратын өнімдері;

- әкімшілік-саяси (өлкенің шекарасы мен аумағы, инфрақұрылымының түрлері, басқару органдарының қызметі және жұмысты ұйымдастыруы);
- мәдени өлкетану (жергілікті ұлттардың ұлттық әндері мен билері, бейнелеу және сәулет өнері, қолөнері, жергілікті сазгерлердің музыкалық шығармалары, суретшілердің, мүсіншілердің, архитекторлардың туындылары т.б.);
- саяси (саяси факторлардың өлкенің өміріндегі рөлі, аймақтармен, елдермен қарым-қатынасы).

Аталған бөлімдерге сәйкес материалдарды іріктеп пән тақырыптарына кіріктіріп оқытудың мақсаты, мектептегі өлкетану жұмысын, оқушылардың өлкені білуге деген қызығушылығын арттыру болып табылады.

Өлкетану жұмыстарын оқушыларды тәрбиелеудегі ерекшеліктері:

- тарихи мәліметтермен тығыз байланыста болғандықтан, тарих ғылымдары және тарих оқу пәнінің негізгі ұстанымдары, әдістері, құралдарымен сипатталады;
- оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өлкетану жұмыстары жетекші фактор болып табылады;[294,5].

Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы заңындағы ережелерге сәйкес 5-7-сыныптарына арналған «Өлкетану» курсы оқытылады.

Бағдарлама бойынша курстың мақсаты туған өлкенің қалыптасуы мен дамуын кешенді сипаттайтын географиялық, тарихи, мәдени, табиғи және басқа да факторлар туралы білім қалыптастыру; туған елге деген сүйіспеншілік сезімге, қоршаған табиғи ортаны аялауға тәрбиелеу болып табылады.

«Өлкетану» кіріктірілген оқу курсының материалдары 5-7-сыныптардағы «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» (қазақ тілді емес мектептерге «Қазақ тілі мен әдебиеті»), «География», «Музыка» оқу пәндерінің аясында оқытылады. Қазақстан тарихы пәні аясында әр сыныптарға 4 сағат көлемінде оқытылады[295].

Менің зерттеу жұмысымның тақырыбы өлке тарихына тікелей қатысты болғандықтан Семей қаласындағы № 17 жалпы орта білім беретін мектепке ұсыныс жасай отырып, 7 сыныптарға арналған өлкетану пәнінің мазмұнына, оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында «Семей облысындағы кәсіпорындардың даму тарихы» атты тақырып енгізіп және қысқа мерзімдік жоспар әзірленді. Семей облысындағы кәсіпорындар тарихы атты тақырыпта оқушыларға Семей облысының ірі кәсіпорындарының тарихы мен дамуы жайлы, оның өлкенің дамуына пайдасы туралы ақпараттар берілді. Сабақтың табыстылығы белгілі бір білім көлемін меңгеруден емес, осы білімді кеңейтуден және оларды жаңа жағдайларда қолдану дағдыларын алудан тұрады. Себебі бүгінгі білім берудің мәні креативтілікті, сыни ойлауды дамыту болып табылады. Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, «қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында

күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз», - деді[296,1].

Осы орайда, жаңа тақырыпты өту барысында оқушылардың өлке тарихына деген қызығушылығын арттыру мақсатында әр түрлі әдіс тәсілдер қолданылды. Сабақтың тақырыбына байланысты қысқа мерзімдік жоспар әзірленді.

Сабақ мақсаты:

5. Семей облысындағы ауыр өнеркәсіп тарихи маңызын анықтау;
6. Семей облысындағы ауыр өнеркәсіп тарихын сипаттау;
7. Семей облысының экономикалық дамуын анықтау;

Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында жылы лебіз, топқа бөлу әдісі, ашық микрофон, Джигсо әдісі, (Топтық жұмыс) «Топтас. Ойлас. Бөліс», дұрыс бұрыс әдісі, деңгейлік тапсырмалар, сұрақ-жауап әдісі қолданылды.

Жылы лебіз әдісі – Сабақты ұйымдастыру кезеңінде әр оқушы бір-біріне жылы лебізін беріледі.

Топқа бөлу әдісі – Оқушылардың түрлі түсті стикерлерді таңдау арқылы топқа бөлу.

Ашық микрофон әдісі – Экранда көрсетілген сұрақтарға жауап беру арқылы жүзе асады.

Джигсо әдісі – Топтарға мәтін бөлігі таратылады. Мәтін бөлігін оқып, өз топтарында талқылайды. Талқылауға аз ғана уақыт беріледі. Джигсо әдісімен жұмыс ақпарат алу мен пысықтауға, ойлауға ықпал етеді. Оқытудың осы ұжымдық әдісін жүзеге асыру мақсаты — жалпы мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылау, үйрену мен үйрету. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады.

(Топтық жұмыс) «Топтас. Ойлас. Бөліс» әдісі - оқушылар топпен жұмыс жасап постер құрады.

Дұрыс бұрыс әдісі – Оқушылар берілген ақпараттың дұрыс немесе бұрыс екенін анықтайды.

Сұрақ- жауап әдісі - Оқушыларға тақырып аясында сұрақтар қойылып, жауаптары тыңдалады.

Білім-ағашы - әдісі арқылы кері байланыс жүргізіледі. Оқушылардың алманы таңдау арқылы сабақты меңгеруін анықтау.

Жоғарыдағы әдістерді қолдану барысында оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта жасауға, кеңейтуге, өзіндік көзқарастарын білдіріп, бағалауға және талдауға жаттығады. Топтық жұмыс барысында да белсенділік таныту арқылы оқушылар дарындылығын байқата отырып, топта өзіндік пікірлерімен ғана емес, көшбасшылық қырымен де таныла бастады. Оқытудың әдіс-тәсілдерін өз сабақтарында қолдану барысында түсінгенім оқушылардың бірін - бірі тыңдап, құрметтеуіне үйретуі, бұрын үндемей отыратын оқушының сабақ барысында қызу араласуы, олардың еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуге мүмкіншілік туғызды. Мұндай әрекет сабақта қолданылған әр әдісте байқалып отырды.

Сабақ барысында оқушыларға Қазақстанның өнеркәсібі 2 саладан тұрадығы, олардың түрлері туралы ақпараттар беріле отырып, туған өлкеміздегі өнеркәсіп орындарына да тоқталдық. Тақырыпты меңгеру барысында оқулықтар, видео деректер т.б қолданылды. Сабақ жоспарында Семей облысындағы көптеген ірі өндірістік кәсіпорындар тарихы және олардың жұмысы; Семей ет комбинаты, Большевички Украины, Алтай золото, Семейцемент, Силикат тарихы туралы ақпарат баяндалды. Оқушыларға сабақ өте қызықты болды. Оқушылар өлке тарихына қатысты фактілер, мәліметтер және бағалы материалдармен білімдері толықты. Сабақ нәтижесінде оқушылар мәліметті саралау, түсініп оқу, өз ойын еркін жеткізу дағдыларын үйрену арқылы біліктілігін арттырды.

Қорытындылай келе, өлкетану материалдарын меңгеру арқылы Семей облысындағы кәсіпорындардың даму тарихы туралы көзқарастарын кеңейту, отаншылдыққа тәрбиелеу, өлке тарихына құрметпен қарау мотивтері алға қойылған болатын. Зерттеу жұмысымының аясында бұл тақырыптың мектеп оқушыларына қаншалықты қажет екендігіне көзіміз жетті. Болашақта да зерттеу жұмысымының нәтижесі өлкетану курсына оқуда тарихи танымды құнды ақпарат ретінде маңызы зор деп білеміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Семей облысының әлеуметтік-экономикалық тарихын зерделеу барысында кеңестік авторитарлық қоғамның өркениетті қоғам құрудың дәйекті қадамдарын жүзеге асыруы және жүзеге асыруы, жиырмамыншы ғасырда адамзаттың үлкен жетістіктерге жетуі кеңес қоғамында оның біржақтылығының құрылымын көрсетті. Жеңіл өнеркәсіпке негізделген өңір экономикасында Ұлы Отан кезінде эвакуацияланған шаруашылық бірлестіктері қаланың тыныс тіршілігіне едәуір әсер еткенін ешкім жоққа шығармайды. Сонымен қатар, кейбір бірлестіктердің соғыстан кейін қалып қоюы біршама келеңсіз факторларды тудырған болатын. Білікті мамандардың өндірісте жұмыс атқаруы, кейін олардың қаланың, облыстың жетекші басшы қызметтерге тағайындалып одақтың орындаушы функцияларын атқаруы Семей қаласында дәстүрлі әлеуметтік ортаны қалыптастырды.

Сонымен қатар осы жылдардағы қала құрылысы мен тыныс - тіршілігінің жаңаша құрылым үрдістерімен қатар одақтық тапсырмаларды орындаудағы қала экономикасының негізгі бағыттары да айқындалып жатты.

Ядролық сынақ қоршаған ортамен ондағы тұрғын халықтың денсаулығына орны толмас зиянын тигізгендігі бүгінде баршаға аян. Кеңес қоғамындағы жоспарлы бесжылдықтардың өнеркәсібі өміріндегі келеңсіз жағдайларға әкелгені айқын. Нәтижесінде - ел экономикасының 80 - ші жылдардағы тоқыраумен ұштасқаны мәлім. Семей облысының даму үрдесіне мемлекеттік саясаттың кейбір әсерлі тұстарыда енгізілді.

Семей облысы таратылып оның аймағы 1997 жылдан бастап Шығыс Қазақстан облысына тұтас қарайтын болды. Бұрынғы облыс орталығы болып келген Семей қаласы қатардағы жәй қала статусын иемденіп қала берді. Бірақ осындай келеңсіз жағдайларға қарамастан Семей қаласының өзіне ғана тән тарихи қала болып саналады.

Диссертацияның алға қойған мақсат - міндеттеріне сай төмендегідей қорытындыға келдік.

Қазіргі кезеңдегі еліміздің аймақтарының даму тарихы мәселелері, сонымен бірге оның бұрынғы құрылым жүйесі жаңа талаптар сұранысы ағымында, дамудың өзгерістері жағдайында оған сын көзбен қарауды талап етеді. Осы орайда қоғамның сұраныстарын қамтамасыз ете алатын, даму дәрежесіне жеткен, әлеуметтік-экономикалық мәселелерде ысылған Семей облысының кейінгі уақыттарда тарихы да терең зерттеулерді қажет етеді. Себебі, ғасырлық тарихы бар Семей облысының кейінгі жылдары Қазақстанның әкімшіл және рухани мәдениетті орталығына айналып, білім және ғылым қаласы аталуы тегін емес. Ертіс жағасында орналасқан Семей қаласы қазақ халқының рухани ордасы болып қана қоймай, әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынынан шежіресі мол қала.

Кеңестік дәуірде қалыптасқан жағдайға байланысты Семей облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының бірінғайлануы қоғамдағы қалыпты өмір сарынының өзгеріске ұшырауына әсер етті. Осының салдарынан мұндай өмір

барлық халыққа ортақ, өмірдің әдетті сарынына айналып, қоғам сыңаржақ саясаттың жетегінде кетуге мәжбүр болды[182.124].

Нарық саласында жаңа пайда болған Егеменді Қазақстан Республикасы аумалы-төкпелі қиын-қыстау кезеңін бастарынан кешірді. Бұның барлығы көптеген өзекті мәселелерді туындатуда. Олар болса өзіндік сыни көзқарастар мен зерттеуді талап етеді. Қазақста Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейінгі саяси-экономикалық және әлеуметтік даму ерекшеліктері біршама шиеленісе түсті. Оған себеп, нарықтық экономикаға көшуде ішкі әлеуметтік - этникалық, шекаралық қайшылықтармен қоса діни мәселелердің кері әсері болды. Кеңес Одағы кезінде әкімшілік басшылықтар, орталықтан басқарылған бірпартиялық жүйе мен мемлекеттік меншік және жоспарлы экономикалық даму КСРО – ның ыдырауынан кейін, Тәуелсіз Қазақстанның жаңа дамуына кері әсерін тигізді. Әр мемлекет жеке-жеке бөлініп кеткеннен кейін әлеуметтік-экономикалық дағдарыс нәтижесінде этникалық қайшылықтар басталады, тіпті қақтығыстарға дейін әкеледі. Бұл жағдайдың ретке келтірілмеуі мемлекет аралық кикілжіңдердің бастамасына айналуыда мүмкін еді. Осындай жағдайды оппозициялық немесе басқадай саяси күштер отқа май тамызып ұлтшылдық пен этникалық қайшылықтар отын тұтатуда, тіпті бір елді екіге бөліп тастау қаупі туған болатын.

Аймақтық проблемалардың бірі әлемдік рынокқа шығу қиыншылықтары, батыстық демократизациялау мәселесі маман кадрлар дайындаудағы проблемалар болды. Яғни шикізатқа бай аймақ сол өнімді өндіру мен өңдеу үшін мамандар даярлауда шет елдерге жүгінуге мәжбүр етті. Ұлттық тауарларды қалыптастырудағы қажеттіліктер мен еңбек нарығының нашарлығы, технологиялық жүйенің әлсіздігі, осының барлығын реттеуде ішкі экономикалық потенциалдың төмен деңгейлігі мен әлемдік сауда ұйымы тарапынан сенімсіздік білдіруі жағдайды қиындата түсті.

Семей қаласын мекендейтін тұрғындардың құрамының әртүрлі ұлттарды құрауы да қала мәдениетінің түрлі салада дамуына мүмкіндік береді. Жоғарыда аталып өтілген дағдарыстардың барлығы да, оған қоса кеңестік кезеңдегі әміршіл - әкімшіл саясат пен кеңестік көзқарас салған іздердің қалдығы қала қауымын ойландыратын негізгі мәселелердің біріне айналды.

1950-1970-ші жылдардағы Семей облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы бір қатар істердің басы қайырылып, біршама ауқымды шаралар атқарылды.[182.125]

Экономиканың дамуы кез-келген егеменді елдің тарихында үлкен рөл атқарғаны және атқарып келе жатқаны белгілі. Қазақстан да бұл мәселе аса маңызды мәселелердің қатарына жатады. Экономика мәселесі республикамыздың тәуелсіздігі, қорғаныс қабілеті, экономикалық тұрақтылығы сияқты стратегиялық мәселелерге тікелей қатысы бар мәселе ретінде мемлекеттің басты назарында тұр және бұл саланы дамыту үшін үкімет көп күш-жігер жұмсап келе жатыр.

Қазақстан экономиканы жандандыру үшін басқа да аса маңызды шарттармен қатар, оның тарихын да тиянақты түрде зерттеу қажеттілігі туып

отыр. Кеңес үкіметі жылдарында Экономика тарихын зерттеуге белгілі бір дәрежеде шектеу қойылып, оның дамуының кейбір қырлары «жабық» болды. Семейдің экономикасына қатысты мұрағат қорларындағы көптеген құжаттар ғылыми айналымға енгізілмеді. Бұған тақырыптың тек тарихи ғана емес саяси-экономикалық мәнінің болуы да ықпал етті.

Қазақстанның әлеуметтік саласына қоғамды тұтасымен қамтыған терең дағдарыстар да әсер етті. Ең ауыры дағдарыстың жылдам қарқыны мен әлеуметтік инфрақұрылымның бұзылуы тұрғындардың тұрмыс деңгейінің бірлен әлсіреуіне әкелген алғашқы кезеңде ауыр болды. Нәтижесінде мемлекеттік әлеуметтік сала реформасы бұзылды, керісінше осыған тең жаңа жүйе болмады. Денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамту саласындағы тегін қызмет түрлері бірден қысқартылды. Қазақстанның әлеуметтік саласын реформалаудың жалпы бейнесі республиканың экономикалық жағдайымен тікелей байланысты болды. Осыдан барып реформаның дамуын негізгі төрт кезеңге бөлуге болады. Атап айтқанда: Бұл уақытта әлі бұрынғы біртіндеп нақты өмірге қайшы келе бастаған тұрғындарды әлеуметтік қорғаудың кеңестік жүйесі сақталынып қалды. Реформаның бұл кезеңінде әлеуметтік құбылыстарға әсер етудің директивалық, тура араласу әдістері қолданылды. Бұл кезеңде үкімет әлеуметтік салаға көмекті қысқартады, нәтижесінде тұрғындардың табысы жағынан жылдам бөлінуі басталады.

Өндірістің құлдырауы, бюджеттік қаражаттың шектеулілігі жағдайында әлеуметтік саясат ең алдымен табысы аз жандарды қолдауға бағытталады. Бұл мерзім атаулы әлеуметтік көмекке кезеңімен көшумен ерекшеленеді. 1995-1997 жылдары тұрғындардың жекелеген топтарын тиісті жеңілдіктер беруді реттеуге арналған тиісті құжаттар қабылданды.

Қазіргі кезеңде Қазақстанның алдында тұрған басты міндеттердің бірі бәсекелестікке қабілетті экономика құру болып табылады. Еліміз ДСҰ мүше болып ену алдында тұр. Орташа мерзімдік кезеңде Қазақстан дүние жүзінің бәсекелестікке қабілетті 50 мемлекетінің қатарына өтуге және қазақстандықтардың жоғары өмір сапасын қамтамасыз етуге бел буып отыр. Семейдің бүгінгі тұрмысының ірге тасы осы уақыттарда қалыптасып, қаланың болашақта нығаюына жол ашты.

Қорыта келгенде Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы басқа аймақтар сияқты Семей облысында жаңа даму үрдісіне қадам басты. Семей облысы таратылып, оның аймағы 1997 жылдан бастап Шығыс Қазақстан облысына тұтас қарайтын болды. Диссертацияда Семей облысының 1939-1997 жылдардағы дамуы кейінгі жылдармен бүгінгі уақыт аралығындағы әлеуметтік-экономикалық даму үрдісіне салыстырмалы талдау жасалып, түйіндер берілді. Нәтижесінде Семей облысының 1939-1997 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы арқылы жалпы даму тарихы нақтылана түсті. Аталған зерттеу жұмысында Қазақстанның шығыс аймағының, яғни қазіргі Абай облысының әлеуметтік – экономикалық дамуында Қазақстандық модельдің ерекшеліктер мен бағыттарын ашып көрсетуге назар аударылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасы Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Тәуелсіздік бәрінен қымбат: мақаласы // <https://kaz.nur.kz/politics/1892218-tuelsizdik>. 10.05.2022.
- 2 Қазақстан Республикасы Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Әділетгі Қазақстанның экономикалық бағдары: Қазақстан халқына жолдауы // <https://sputnik.kz/20230901/prezidenttin-qazaqstan-khalqyna-zholdauy>. 10.09.2023.
- 3 Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі: 2 к. – Алматы: Ғылым, 1998. – Кіт. 1. – 344 б.
- 4 Абдулпаттаев С.И. Коммунистическая партия Казахстана в борьбе за развитие животноводства (1946-1965 гг.). – Алма-Ата, 1976. – 171 с.
- 5 Рыспаев К.Р. Освоение пустынных пастбищ Казахстана. – Алма-Ата: Кайнар, 1978. – 180 с.
- 6 Дияров К.Д. Животноводства Казахстана. – Алма-Ата, 1963. – 350 с.
- 7 Савосько В.К., Шамшатов И.Ш. Колхозное строительство в Казахстане (1946-1970 гг.). – Алма-Ата, 1974. – 276 с.
- 8 Турсунбаев А.Б. Колхозное крестьянство Казахстана. – Алма-Ата, 1960. – 256 с.
- 9 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 185 с.
- 10 Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана XX век. – Алматы: Туран, 1997. – 358 с.
- 11 Козыбаев М.К. История и современность. – Алматы: Ғылым, 1991. – 252 с.
- 12 Омарбеков Т. Тың тұмшалаған шындық // Жұлдыз. – 1991. – №6. – Б. 130-131.
- 13 Каражанов К.С. Освоение целинных и залежных земель в Казахстане: достижения и просчеты // В кн.: Некоторые вопросы истории Казахстана. – Алматы, 1994. – С. 24-29.
- 14 Аубакиров А. Қазақстанда ауыл шаруашылығын әлеуметтік-экономикалық қайта құру. – Алматы, 1984. – 200 б.
- 15 Баишев С.Б. Вопросы социального и экономического развития Советского Казахстана. – Алма-Ата, 1981. – 294 с.
- 16 Бесбаев М. Из истории развития колхозов в после военные годы (1946-1959 гг.) // Тр. Алма-Атинского зооветеринарного института. – Алма-Ата, 1961. – Т. 12. – 120с.
- 17 Кудайбергенов А.Н. За высокую культура села. – Алма-Ата, 1978. – 120 с.
- 18 Кузембаев Н. Подъем материального благосостояния и культурного уровня сельского населения Казахстана. – Алма-Ата, 1964. – 180 с.
- 19 Абжанов Х.М. Сельская интеллигенция Казахстана в условиях совершенствования социализма. – Алма-Ата, 1988. – 190 с.
- 20 Анисимов С., Бутлер Г. Семипалатинску 250 лет. – Алма-Ата: Казахстан, 1968. – 155 с.

- 21 Семипалатинск / под ред. А.С. Елагина, В.Я. Басина. – Алма-Ата: Ғылым, 1984. – 224 с.
- 22 Под знаменем Октября: сб. ст. / под ред. В.Н. Рындина. – Семипалатинск: Семипалатинская типография, 1967. – 69 с.
- 23 Гноевых В.П., Бакман Е.Л. Семипалатинский мясоконсервный. – Алма-Ата: Казахстан, 1985. – 120 с.
- 24 Каражанов К.С. Сотрудничество союзных республик в развитии сельского хозяйства Казахстана в 1946-1980 гг.: историко-партийный аспект: дис. ... док. ист. наук: 07.00.02. – Алма-Ата, 1991. – 402 с.
- 25 Мұхатова О.Х. Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы (XIX ғ. соңы – XX ғ.). – Алматы, 1999. – 355 б.
- 26 Медеуов Т.Ж. Қазақстандағы колхоз құрылысының соңғы кезеңі: дағдарыстан шығу жолдарын іздестіру тәжірбиесі (1981-1991 жж.): 07.00.02: тар. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1999. – 33 б.
- 27 Мұқатова Д.М. Тоқырау жылдарындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік жағдайы 1971-1991 жж.: тар. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 25 б.
- 28 Берлібаев Е.Т. Возникновение межколхозных производственных связей Казахстана ее огрехи в 70-е годы // Некоторые вопросы социально-экономического демографического развития Казахстана: межвузов. сб. науч. тр. – Алматы: АГУ им. Абая, 1996. – 120с.
- 29 Байсарина Қ.Қ. Қазақстанда ауыл шаруашылығының дамуы: тарихы және сабақтары (1946-1965жж): док. дисс. 07.00.02. –Отан тарихы –Алматы 2006.-270 б.
- 30 Ескендиоров М.Г. Социальное и экономическое развитие Восточного Казахстана (вторая половина XIX – начало XXI века): автореф. ... док. ист. наук. – Алматы, 2006. – 48 с.
- 31 Адильбаева А.С. Социально-экономическое и культурное развитие городов Восточного Казахстана в конце XIX – начале XXI века: автореф. ... док. ист. наук: 07.00.02. – Семей, 2010. – 45 с.
- 32 Баймагамбетов С.З. Социально-культурное развитие Республики Казахстан (1980-2000 г.г.) исторический анализ: автореф. ... док. ист. наук: 07.00.02. – Алматы, 2004. – 36 с.
- 33 Есентугелов А.Е. Институционально-структурные преобразования экономики в Казахстане.-Алматы: НИИЭРО, 1994. – 124 с.
- 34 Есентугелов А. Рыночная экономика – выбор Казахстана. – Алматы: Қаржы-Қаражат, 1995. – 184 с.
- 35 Сабденов О. Экономическая политика переходного периода на рубеже XXI века. – Алматы: Казахстан, 1997. – 368 б.
- 36 Кашляк В.Н. Из истории Семипалатинска. – Семей, 2006. – 158 с.
- 37 Торговые связи Семипалатенского Прииртышья (XVIII – начало XX вв.) / под ред. А.А. Аубакирова. – Семипалатинск, 2004. – 334 с.
- 38 Кашляк В. Семипалатинск: их именами названы... – Семипалатинск, 2006. – 335 с

- 39 Шығыс Қазақстан тарихы: энциклоп.: 2 т. / «Қазақ энциклопедиясы» – Алматы. 2014. – Т. 1. – 848 б.
- 40 Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг.: социально-экономический аспект. – Алматы: Ғылым, 1990. – 180 с.
- 41 Алексеенко А.Н. Население Казахстана 1920-1990 гг. – Алматы: Ғылым, 1993. – 126 с.
- 42 Ашимбаев Т.А. Экономика Казахстана за 70 лет. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 160 с.
- 43 Бозтаев Қ.Б. Практикалық істерге бетбұрыс // Семей таңы. – 1988, тамыз – 15.
- 44 Басенов Т.К. Портреты городов Казахстана / Каз. о-во дружбы и культурной связи с зарубежными странами. - Алма-Ата : Казахстан, 1967. - 53 с.
- 45 Мукатаева З.К. Семей қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы (1917-1940 жж.). – Алматы, 2001. – 167 б.
- 46 Қырықбаева Э.О. Семей қаласының тарихы: әлеуметтік-экономикалық және мәдени аспектісі (1946-1990ж.ж.): канд. дисс. 07.00.02. –Отан тарихы – Алматы 2000.-142 б.
- 47 Анисимов Н.И. Развитие сельского хозяйства в первой послевоенной пятилетке Москва: Госполитиздат 1972. – 136с
- 48 Волков И.М. Колхозы и колхозное крестьянство СССР в первые послевоенные годы (1946-1950 гг.) : диссертация ... доктора исторических наук : 07.00.00 Москва, 1968 597с
- 49 Югай А.М. Щекинский метод в совхозах Казахстана. – Алма-Ата., Қайнар, 1976. – 135 с.
- 50 Буланов В.С. Коммунистическая партия организатор и вдохновитель массового освоения целинных земель // Вопросы истории КПСС. – 1984. – №3. – С. 113-124.
- 51 Волгин Н.А. Некоторые вопросы истории сельского хозяйства и крестьянства в послевоенные годы // История СССР. – 1973. – №1. – С. 3-19.
- 52 Аликулова Н.С. Ұлы Отан соғысы тарихнамасының кейбір мәселелері // М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Хабаршысы.//Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы. – 2010. – №3(39) – 242б
- 53 Верт Н. История советского государства, 1900-1991 / пер. с фр. – М., 1992. – 480 с.
- 54 Боффа Д. История Советского Союза. – М.: Международные отношения, 1994. –Т. 2. – 642 с.
- 55 Гроссман Г. Заметки к теории командной экономики // Советские исследования. – 1963. – Т. 15, №2. – С. 101-123.
- 56 Тұрлығұлов Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 2003. – 256 б.
- 57 Тұрсұн Х. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2006. – 156 б.

- 58 Әбдіғұлова Б.К. Жалпы білім беретін мектепте Қазақстан тарихын оқытудың дидактикалық негіздері: 13.00.01: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2004. – 299 б.
- 59 Тарихты оқыту әдістемесі: оқу кұр. / кұраст. Г.Б. Қозғамбаева, Н.К. Алпысбаева. – Бас. 2-ші, өнд., толық. – Алматы, 2016. – 260 б.
- 60 Кунбакбаева Ж.Б. и др. Новые парадигмы в преподавании истории Казахстана: конструктивистская педагогика и инновационные технологии обучения. – Алматы, 2015. – 246 с.
- 61 ҚРОМА. Қ. 1660. Т. 1. Іс. 2510. П. 115.
- 62 Тусупова Г.К. Жители Семипалатинска тепло одели целый полк // Казахстанская правда. – 1941. – №19.
- 63 Балакаев Т.Б. Колхозное крестьянство Казахстана в годы Великой Отечественной войны, 1941-1945. – Алма-Ата, 1971. – 350 с.
- 64 ШҚО ҚЗТҚО(П). Қ. 7. Т. 222. Іс. 31. П. 145.
- 65 Липов М. Ет өнеркісібінің алыбы Отан соғысы дәуірінде // Екпінді. – 1942. – №106.
- 66 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 1399. Т. 1. Іс. 139. П. 42.
- 67 Сол жерде. Іс. 140. П. 19.
- 68 Козыбаев М.К. Казахстан – арсенал фронта. – Алма-Ата: Казахстан, 1970. – 473 с.
- 69 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 103. Т. 1. Іс. 3. П. 56.
- 70 Байсарина Қ.Қ. 1940-1950 жылдардағы Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері // Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2008. – №2. –102-105б
- 71 ҚРОМА. Қ. 1660. Т. 1. Іс. 1751. П. 63.
- 72 Алдажуманов К.С. Роль МТС и трудовой подвиг сельских механизаторов Казахстана в Великой Отечественной войне, 1941-1945 гг.: дисе, ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Алма-Ата, 1986. – 168 с.
- 73 Логовикова В. Женщины на трудовой вахте // Прииртышская правда. – 1944. – №58.
- 74 Чем ты помог фронту? // Казахстанская правда. – 1942. – №25.
- 75 ҚРОМА. Қ. 1728. Т. 3. Іс. 148. П. 61.
- 76 Семей соғыс жылдарында / Облыстық Абай атындағы әмбебап кітапхана // https://semeulib.kz/?page_id=4820. 22.06.2020.
- 77 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 1378. Т. 1. Іс. 19. П. 32-33.
- 78 Сол жерде. Қ. 1399. Т. 3. Іс. 125. П. 32.
- 79 Сол жерде. Қ. 103. Т. 1. Іс. 3. П. 12.
- 80 Балакаева Л. Укрепление союза рабочего класса и колхозного крестьянства Казахстана в годы Великой Отечественной войны, 1941-1945 гг.: дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Алма-Ата, 1989. – 217 с.
- 81 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 1378. Т. 1. Іс. 19. П. 59.
- 82 Сол жерде. Қ. 1399. Т. 3. Іс. 123. П. 16.
- 83 Сол жерде. П. 49.
- 84 Сол жерде. Қ. 103. Т. 90. Іс. 1. П. 15.

- 85 Сол жерде. Т. 1. Ис. 3. П. 11.
- 86 Минжасарова Г. Колхозные женсоветы // Прииртышская правда. – 1943, ноябрь – 10.
- 87 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 591. Т. 2. Ис. 61. П. 86.
- 88 Сол жерде. П. 92.
- 89 ҚРОМА. Қ. 1479. Т. 1. Ис. 2232. П. 18.
- 90 Исакова Б. Казахстан в первый период Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.). – Алма-Ата, 1955. – 89 с.
- 91 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 7. Т. 1. Ис. 451. П. 23.
- 92 Сол жерде. Қ. 103. Т. 1. Ис. 3. П. 11.
- 93 Сол жерде. Қ. 1399. Т. 3. Ис. 125. П. 45.
- 94 Сол жерде. Қ. 1378. Т. 1. Ис. 19. П. 5, 59.
- 95 Үлгілі фабрика // Екпінді. – 1944, ақпан – 2.
- 96 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 1399. Т. 1. Ис. 139. П. 42.
- 97 Сол жерде. Қ. 103. Т. 2. Ис. 61. П. 96.
- 98 Семипалатинской области 65 лет / под ред. Р. Кансейтова, З. Магауина. – Семипалатинск, 1983. – 58 с.
- 99 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 612. Т. 5. Ис. 188. П. 31.
- 100 Сол жерде. П. 34.
- 101 Татаринев А. Отчет о действии поисковых партии в Алтайском горном округе в 1850 г. // Горный журнал. – 1851. – № 7. 61-81с.
- 102 Решения партии и правительства по хозяйственным вопросам: сб. докум. – сост. К.У. Черненко, М.С. Смиртюкова. – М., 1968. – 751 с.
- 103 Город на Иртыше // Иртыш. – 1980, июня – 22.
- 104 ШҚО ЖТҚО. Қ. 710. Т. 4. Ис. 1104. П. 32.
- 105 Сол жерде. Қ. 103. Т. 90. Ис. 1. П. 15.
- 106 Сол жерде. Қ. 1479. Т. 1. Ис. 312. П. 5.
- 107 Сол жерде. Қ. 96. Т. 1а. Ис. 110. П. 8.
- 108 Сол жерде. П. 12.
- 109 Сол жерде. Қ. 7. Т. 3. Ис. 123. П. 210.
- 110 ҚРОМА. Қ. 1473. Т. 1. Ис. 1072. П. 35.
- 111 Сол жерде. П. 36.
- 112 Сол жерде. П. 37.
- 113 Сол жерде. Қ. 1728. Т. 2. Ис. 89. П. 25.
- 114 ШҚО ҚЗТҚО(П). Қ. 7. Т. 222. Ис. 31. П. 140.
- 115 ҚРОМА. Қ. 1473. Т. 2. Ис. 1223. П. 18.
- 116 ШҚО ҚЗТҚО(П). Қ. 7. Т. 222. Ис. 31. П. 145.
- 117 Сол жерде. П. 148.
- 118 Түрксіб // <https://kk.wikipedia.org>. 30.03.2023.
- 119 Город на Иртыше // Иртыш. – 1980, июня – 22.
- 120 ШҚО ҚЗТҚО(П). Қ. 7. Т. 22. Ис. 1. П. 156.
- 121 ҚР ПА. Қ. 708. Т. 10. Ис. 327. П. 1, 46.
- 122 Сол жерде. Ис. 271. П. 32.
- 123 Сол жерде. П. 58.

- 124 Сол жерде. Іс. 1763. П. 23.
125 Сол жерде. Іс. 1863. П. 2.
126 ШҚО ЖТҚО. Қ. 710. Т. 2. Іс. 342. П. 2.
127 Сол жерде. П. 3.
128 Сол жерде. П. 6.
129 Сол жерде. Қ. 96. Т. 1а. Іс. 111. П. 66.
130 Сол жерде. Т. 1. Іс. 111. П. 9.
131 Сол жерде. Қ. 103. Т. 1. Іс. 23. П. 10.
132 Сол жерде. Іс. 191. П. 67.
133 Байгапанова А.Б., Адильбаева А.С., 1950-1990 жылдардағы Семейдегі өнеркәсіптердің даму ерекшеліктері // Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің хабаршысы. – 2018. – №3(39). – Б. 242-246.
134 ҚРОМА. Қ. 1479. Т. 1. Іс. 2232. П. 4, 6.
135 ҚР ПА. Қ. 708. Т. 54. Іс. 129. П. 32.
136 Сол жерде. Т. 58. Іс. 132. П. 144.
137 Сол жерде. П. 145.
138 ШҚО ЖТҚО. Қ. 96. Т. 7. Іс. 842. П. 18.
139 Сол жерде. П. 59.
140 Сол жерде. Қ. 1430. Т. 7. Іс. 205. П. 102.
141 Сол жерде. Қ. 96. Т. 7. Іс. 860. П. 25.
142 Жеделдету жолымен // Семей таңы. – 1988, қазан – 18.
143 Қырықбаева Э.О. XX ғасырдың соңғы жылдарындағы семей өңірінің тарихынан // Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті Алматы. – 2010. – №2(54). – Б. 119-126.
144 Шипунова Н.И. Он айлық жоспар 15 октябрьге // Семей таңы. – 1970. – №254.
145 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 1209. Т. 1. Іс. 114. П. 76.
146 Нұғманбекова Р. «Силикат» – құрылыстың іргетасы // Дидар. – 2002, маусым. – 22.
147 Ғалымбекқызы Ш. Қала басшысы – ”Силикат” ЖШС-де // Ертіс өңірі. – 2012, қаңтар – 11.
148 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 1209. Т. 1. Іс. 114. П. 81.
149 Оспанов М. Отандық өнім өз байлығымыз // Ертіс өңірі. – 2003. – №20.
150 ҚРОМА. Қ. 1692. Т. 1. Іс. 963. П. 32.
151 ШҚО ҚЗТҚО. К. 1209. Т. 1. Іс. 114. П. 25.
152 Сол жерде. Қ. 7. Т. 226. Іс. 1. П. 140.
153 Baigapanova A.B., Adilbayeva A. et al. The Influence of the Stalinist Totalitarian System on the Socioeconomic Development and Agriculture of the Semipalatinsk Region, 1946-1950 // RIVAR. – 2023. – Vol. 10, Issue 29. – P. 50-62.
154 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 612. Т. 5. Іс. 188. П. 34.
155 Сол жерде. П. 43.
156 Сол жерде. Қ. 863. Т. 1. Іс. 53. П. 100, 124.
157 Сол жерде. П. 66.

- 158 Байгапанова А.Б., Адильбаева А.С. 1970-1980 жылдардағы Семей облысының әлеуметтік- экономикалық дамуы // Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы. – 2020. – №1(64). – Б. 19-25
- 159 Байгапанова А.Б., Адильбаева А.С. 1980-1990 жылдардағы Семей облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайы // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы. – 2020. – №3(66). – Б. 104-110.
- 160 Семей қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайы: қалалық стат. орталығының мәліметтері / Семипалатинский городской отдел статистики. – Семипалатинск, 2001. – 37 б.
- 161 Смайлов Е. «Спилоктың» құны – 250 млрд-тенге: («Былғары-мех комбинтаты» ЖШС-ның директоры Ж. Рахымғалиевпен сұхбат) // Ертіс өңірі. – 2006. – №30.
- 162 Ахметбекова А. «Мұрагердің» мұраты зор // Семей таңы. – 2003. – №75.
- 163 Нұғманбекова Р. «Икар» аяқ киім фабрикасы // Дидар. – 2003. – №18.
- 164 Раисова К. Құс саны көбейтілуде // Ертіс өңірі. – 2004. – №15.
- 165 Шарапиева Л. Құлашын кенге жайған кәсіпорын: «Прииртыш бройлер құс фабрикасы» ЖШС-де облыс әкімі Б. Сапарбаевтың қатысуымен жаңа цехтар ашылды // Семей таңы. – 2011. – №110.
- 166 Жакупов Е. «Казполиграф» республикаға белгілі кәсіпорын: әкімнің жұмыс күні // Семей таңы. – 2005. – № 61
167. Мырзаханов Н. Бағдарлы жұмыс «Каполиграфтың» бағын ашты // Дидар. – 2001, қазан – 13.
- 168 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 410. Т. 3. Іс. 456. П. 23.
- 169 Сол жерде. П. 24.
- 170 Сол жерде. Т. 2. Іс. 84. П. 11.
- 171 Сол жерде. П. 12.
- 172 Демаков Н. Семейліктер Ұлы Отан соғысы жылдарында // Семей таңы. – 1968. – №45.
- 173 Сләмов А. Жерлес жауынгерлердің жасампаз ерлігі // Семей таңы. – 2010. – №102.
- 174 Смағұлов Д. Семейліктер майданда // Семей таңы. – 1980. – №56.
- 175 Чушекова Ж. Семейліктер Ұлы Отан соғысы жылдарында // Семей таңы. – 2010. – №102
- 176 Қарсыбаева Ж.А. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан әйелдері // ҚарМУ хабаршысы. – 2010. – №3(59). – Б. 128-133.
- 177 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 591. Т. 2. Іс. 61. П. 95.
- 178 Сол жерде. Қ. 7. Т. 222. Іс. 31. П. 148.
- 179 Сол жерде. Қ. 591. Т. 2. Іс. 61. П. 96.
- 180 ШҚО ЖТҚО (П). Қ. 7. Т. 3. Іс. 41. П. 1-8.
- 181 Сол жерде. Т. 2. Іс. 138. П. 12.
- 182 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 410. Т. 3. Іс. 456. П. 9.
- 183 Сол жерде. П. 8.
- 184 Сол жерде. Т. 2. Іс. 84. П. 14.

- 185 Сол жерде. П. 12.
- 186 Сол жерде. Т. 3. Іс. 456. П. 15.
- 187 Сол жерде. П. 8.
- 188 Сол жерде. Қ. 410. Т. 3. Іс. 456. П. 9.
- 189 ҚРОМА. Қ. 1660. Т. 2. Іс. 778. П. 57.
- 190 Сол жерде. П. 61.
- 191 Сол жерде. П. 70.
- 192 ШҚО ЖТҚО (П). Қ. 103. Т. 85. Іс. 1. П. 220.
- 193 ҚРОМА. Қ. 1692. Т. 1. Іс. 1201. П. 41.
- 194 ШҚО ЖТҚО (П). Қ. 103. Т. 21. Іс. 198. П. 56.
- 195 Сол жерде. П. 59.
- 196 Ахметова Ш.К., Досекеева К.А., Бейсембаева Н.С. және т.б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. – Алматы, 2018. – 176 б.
- 197 Байсарина Қ.Қ. Қазақстанда ауыл шаруашылығының дамуы: тарихы және сабақтары: 07.00.02: тар. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2006. – 10 б.
- 198 Колодин Ф.И. Торжество ленинского плана социалистического преобразования сельского хозяйства в Казахстане: история развития сел. хоз-ва в 1946-1969 гг.. – Алма-Ата, 1971. – 292 с.
- 199 ҚРПА. Қ. 708. Т. 1. Іс. 102. П. 22.
- 200 Народное хозяйство Казахстана: стат. сб. / Центр. стат. упр. при Совете Министров Каз. ССР. – Алма-Ата, 1968. – 416 с.
- 201 Халық шаруашылығын дамытудағы сәтсіз реформалар // <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8822>. 21.08.2020.
- 202 Ботабекова А.Р. Семей өңірінде тың және тыңайған жерлерді игеру тарихынан // Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Хабаршы – 2017. – №2(78). – Б. 55-58.
- 203 Аубакирова Я.А. Социально-экономические преобразования в сельском хозяйстве Казахстана / Алма-Ата: Казахстан, 1984. - 200с.
- 204 Абдираймова А.С. Тың және тыңайған жерлерді игеру: тарихы мен тағлымы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. – 2009. – №2(53). – Б. 107-110.
- 205 Стенографический отчет: в 2 т. / Внеочередной XXI съезд КПСС. – М., 1959. – Т. 2. – 615 с.
- 206 Саманбеков Қ.М. Өтпелі кезеңдегі қазақстанның агроөнеркәсіп саласының жағдайы // <https://qazaqstantarihy.kz/kz>. 25.06.2022.
- 207 Народное движение за освоение целинных земель в Казахстане: сб. матер. и докум. / Акад. наук КазССР. – М., 1959. – 727 с.
- 208 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 410. Т. 1. Іс. 22. П. 41.
- 209 Сулейменов Б. Особенности советской аграрной политики в Казахстане в период 1946-1980 гг.: экстенсивное направление и кризис (по материалам западных областей Казахстана): дис. ... канд. ист. наук. – Ақтобе, 2010. – 154 с.
- 210 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 410. Т. 1. Іс. 22. П. 41.
- 211 Маликова С.З. Қазақстанның солтүстік аймақтарындағы кеңестік

- аграрлық саясаттың әлеуметтік-экономикалық салдары (1954-1964 жылдар): канд. дисс. 07.00.02. –Отан тарихы –Астана 2010.- 150 б.
- 212 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 410. Т. 2а. Іс. 1014. П. 21.
- 213 Сол жерде. Т. 1. Іс. 24. П. 153.
- 214 Сол жерде. П. 18.
- 215 Сол жерде. Т. 2. Іс. 123. П. 18.
- 216 Сол жерде. Қ. 96. Т. 7. Іс. 860. П. 25.
- 217 Мұхамедова Р. Өнім әлемдік стандартқа сай болуы керек // Семей таңы. – 2005. – №21.
- 218 ҚР ПА. Қ. 708. Т. 10. Іс. 327. П. 43.
- 219 ШҚО ЖТҚО (П). Қ. 7. Т. 3. Іс. 41. П. 8.
- 220 ҚРОМА. Қ. 1479. Т. 5. Іс. 369. П. 32.
- 221 ШҚО ЖТҚО (П). Қ. 103. Т. 2. Іс. 1331. П. 11.
- 222 ҚРОМА. Қ. 698. Т. 14. Іс. 404. П. 3.
- 223 ШҚО ЖТҚО. Қ. 710. Т. 4. Іс. 173. П. 67.
- 224 Сол жерде. П. 277.
- 225 ҚР ПА. Қ. 708. Т. 34. Іс. 124. П. 35.
- 226 Сол жерд. Т. 35. Іс. 106. П. 140.
- 227 Сол жерде. П. 141.
- 228 Сол жерда. Іс. 1806. П. 81.
- 229 Сол жерде. Т. 38. Іс. 1025. П. 48.
- 230 Сол жерде. Қ. 708. Т. 31. Іс. 363. П. 1.
- 231 Сол жерде. П. 33.
- 232 Сол жерде. Т. 36. Іс. 98. П. 44.
- 233 Сол жерде. Т. 40. Іс. 102. П. 47.
- 234 Сол жерде. П. 44.
- 235 Кунаева Д.А. Отчет Центрального Комитета Компартии Казахстана XI съезду Коммунистической партии Казахстана: докл. – Алма-Ата, 1961. – 80 с.
- 236 ҚР ПА. Қ. 708. Т. 40. Іс. 102. П. 51.
- 237 Сол жерде. П. 54.
- 238 ШҚО ЖТҚО. Қ. 96. Т. 4. Іс. 15. П. 8.
- 239 Сол жерде. Қ. 1460. Т. 2. Іс. 273. П. 25.
- 240 Сол жерде. Іс. 257. П. 9.
- 241 Сол жерде. Іс. 354. П. 17.
- 242 Сол жерде. Қ. 1399. Т. 1. Іс. 127. П. 20.
- 243 Тұрмахан Н.Ж. Қазақстан аумағындағы ядролық сынақ алаңдары және ядролық сынақтардың экологиялық зардаптары // Ғылым мен білім беруді дамытудың басым бағыттары: халық. ғыл. конф. матер. жин. – Түркістан, 2021. – Б. 4-9.
- 244 Народное хозяйство Казахской ССР в 1960 и 1961 гг.: стат. сб. / Центр. стат. упр. при Совете Министров КазССР. – Алма-Ата, 1963. – 544 с.
- 245 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 410. Т. 7. Іс. 207. П. 263.
- 246 Сол жерде. Т. 4. Іс. 136. П. 6.

- 247 Народное хозяйство Казахстана в 1971 годы: стат. сб. / Центр. стат. упр. при Совете Министров КазССР. – Алма-Ата, 1973. – 432 с.
- 248 Народное хозяйство Казахстана в 1972 годы: стат. сб. / Центр. стат. упр. при Совете Министров КазССР. – Алма-Ата, 1973. – 430 с.
- 249 ШҚОҚЗТҚО. Қ. 410. Т. 7. Іс. 181. П. 54.
- 250 Сол жерде. Т. 2а. Іс. 1015. П. 6.
- 251 Кадырова Г.К. Колхозы Казахстана: краткий стат. сб. – Алма-Ата: Кайнар, 1969. – 109 с.
- 252 Байсарина Қ.Қ. Қазақстан ауылдары мен селоларының әлеуметтік даму тарихы. – оқу құралы, Семей, Тенгри - 2007 .- 163б
- 253 Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001. – 369 б.
- 254 Коммунистическая партия Советского Союза в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК (1898-1986) / Институт марксизма-ленинизма при ЦК КПСС. – Изд. 9-е, доп. и испр. – М.: Политиздат, 1983. – Т. 7. – 574 с.
- 255 Қала халқының жағдайы // Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің ведомствосы. – 1989. – №29.
- 256 Қазақстан өңірлері 1950-70 жылы / Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі. – Астана, 2008. – 185 б.
- 257 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 1209. Т. 1. Іс. 123. П. 45.
- 258 Сол жерде. Қ. 612. Т. 5. Іс. 188. П. 38.
- 259 Сол жерде. П. 39.
- 260 Сол жерде. П. 43.
- 261 Қасымжанұлы С. Семей – экономикасы өрлеу үстінде // Ертіс өңірі. – 2009. – №35.
- 262 ШҚО ЖТҚО. Қ. 96. Т. 6. Іс. 361. П. 10.
- 263 Сол жерде. Қ. 659. Т. 3. Іс. 10. П. 53.
- 264 Сол жерде. П. 57.
- 265 Азамат жолы // Семей таңы. – 1988. – №113.
- 266 Семейдің бүгінгі мен ертеңі // Семей таңы. – 1988. – №113.
- 267 ШҚО ЖТҚО. Қ. 96. Т. 7. Іс. 450. П. 32.
- 268 ҚРОМА. Қ. 1890. Т. 1. Іс. 2823. П. 1-2.
- 269 Куйдин Ю. Қазақстанның ядролық қасіреті / пер. каз. – Алматы: Феникс, 1997. – 253 б.
- 270 ШҚО ЖТҚО (П). Қ. 103. Т. 72. Іс. 21. П. 9.
- 271 Қатерлі ісікке шалдыққандардың қатары өсіп барады // Семей таңы. – 1991, – 24. № 180
- 272 Қатерлі ісік өршуде // Сарыарқа. – 1999, сәуір – 1. № 88
- 273 Коэффициенты рождаемости и естественного прироста населения: стат. ежегод. Казахстана за 1990 г. / Казиноформцентр. – Алматы, 1991. – 12 с.
- 274 ШҚО ЖТҚО (П). Қ. 103. Т. 64. Іс. 274. П. 22.
- 275 Сол жерде. Қ. 710. Т. 4. Іс. 967. П. 1.
- 276 Сол жерде. П. 5.
- 277 Народное хозяйство Казахстана в 1987 г.: стат. сб. / Гос. ком. Каз.ССР

по статистике. – Алма-Ата, 1988. – 383 с.

278 Назарбаев Н.Ә. Ортақ үйімізде татулық пен келісім үшін // Семей таңы. – 1995. – №1.

279 Байтілен С.А. Кеңес мемлекетінің Қазақстандағы аграрлық саясаты: ауыл шаруашылығындағы экстенсивті бағдар және дағдарыс (1965-1990 жж.): 07.00.02: тар. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2000. – 49 б.

280 ШҚО ҚЗТҚО. Қ. 695. Т. 3. Іс. 56. П. 2-3.

281 Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев. Қазақстан – 2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп – өркендеуі, қауіпсіздігі және әл – ауқатының артуы: Қазақстан халқына жолдауы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 10.09.2022.

282 Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев. Дағдарыстан жаңару мен дамуға: Қазақстан халқына жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz/addresses/>. 10.09.2022.

283 Казахстан в цифрах 1991-2013: стат. сб. / Бюро национальной статистики. – Алматы, 2013. – 180 б.

284 Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында: Қазақстан халқына жолдауы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K050002006_. 10.09.2022.

285 Гиритлиоглу М. доктор (PhD) Қазақ-түрік саяси –мәдени байланыстарының тарихы және оқыту әдістемесі (ХҮІІ-ХХІғғ) 6D011400 «Тарих» -Астана 2021- 1176

286 Қазақстан Республикасының президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Сындрлы қоғамдық диалог - Қазақстандағы тұрақтылық пен өркендеудің негізі: Қазақстан халқына жолдауы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>. 10.09.2022.

287 Қазақстан Республикасының президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі: Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2021. – №165.

288 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2022 жылдың 24 қарашада, №941 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941>. 10.09.2022.

289 Мұханбетжанова Ә. Педагогиканы оқыту әдістемесі: оқул. – Алматы, 2011. – 356 б.

290 Батырбекқызы Г. доктор (PhD) Кеңестік билік жүйесіндегі қазақ зиялыларының қызметін Қазақстанның қазіргі заман тарихы пәнінде оқыту. (Нәзір Төрекұлов мысалында) 6D011400 «Тарих» -Астана 2019- 154-155бб

291 Ахметова Т.А., Жуанышпаева С.Ж. Студенттердің кәсіби дайындығындағы өздік жұмысының рөлі // Научные исследования XXI века. – 2020. – №1(3). – С. 304-309.

292 Таракчы В. доктор (PhD) Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту әдістемесі. Семей-2022. 115-116бб

293 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру: мақаласы // <https://www.akorda.kz/kz/events>. 26.06.2022.

294 Сейтханова Ж.К. Өлкетану жұмыстарының мектепте жүргізілудің

оқушыларды тәрбиелеудегі маңыздылығы // <https://martebe.kz/lketanu-zh-mystaryny-mektepte-zh-rgiziludi-o-ushylardy-t-rbieleudegi-ma-yzdyly>. 22.06.2022.

295 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бұйрығы. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы: 2013 жылдың 3 сәуіресі, №115 бекітілген // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V13008424_1. 22.06.2022.

296 Көкбасқызы Ж. Инновациялық білім беру // <https://bilimainasy.kz>. 22.06.2022.

ҚОСЫМША А

Өлке тарихына байланысты студенттерге арналған сауалнама

1. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1939 жылғы 14 қазандағы Жарлығымен Семей облысы құрылғаның білесіз бе?

Иә Жоқ

2. 1939 ж Семей облыс құрылған кезде оның құрамына кірген аудандары білесіз бе?

Иә Жоқ

3. 1941 жылдың бастап Семей өңіріне батыс аймақтардан өндіріс орындары мен ұйымдары туралы білесіз бе?

Иә Жоқ

4. Мәскеу тігін галантерия фабрикасы, Мәскеулік тоқыма, Бердишевск тігін, Харьковтік «Большевичка Украина» тігін фабрикасы, Володарский атындағы тігін фабрикасы әкелінгендігі туралы мәліметтер білесіз бе?

Иә Жоқ

5. Семей ядролық полигонында 1989 жылға дейін 500-ге жуық ядролық сынақтар жүргізілгендігі туралы білесіз бе?

Иә Жоқ

6. 1965 жылы Семей цемент зауыты іске қосылғаның білесіз бе?

Иә Жоқ

7. 90-шы жылдары Семей қаласында «Айна», «Сөз», секілді апталық газеттер шығарылған.

Иә Жоқ

8. 1959 жылы республика бойынша барлығы екі жүзге жуық ет комбинаты жұмыс істеді. Солардың ішінде ең қуаттысы Семей қаласында болды.

Иә Жоқ

9. 1950-ші жылдары Семей қаласында 72 оқу орны жұмыс істеді.

Иә Жоқ

10. 1953 жылы Семей қаласында медицина институты ашылды.

Иә Жоқ

11. 1985-1986 жылдары Семей қаласында 36 орта білім беретін, 2 мектеп интернет жұмыс істеді.

Иә Жоқ

12. 1939 жылы Семей қаласында 3 аудан болды: Калинин, Ленин, Октябрь болғаны туралы білесіз бе?

Иә Жоқ

13. Семей облысында 1956 жылы арнаулы қой өсірумен айналысатын 114 колхоздар мен совхоздар болғандығын білесіз бе?

Иә Жоқ

14. 1997 жылы сәуірде Семей облысы орталығы Өскемен қаласы болып

белгіленген Шығыс Қазақстан облысымен біріктірілді?

Иә Жоқ

15. Өлке тарихын оқу сізге қызықты ма?

Иә Жоқ

ҚОСЫМША Ә

Студенттерге өлке тарихын меңгертіп оқытуда, оқытудың түрін анықтауға арналған сауалнама

1. Оқытудың дәріс түрінде
 Иә Жоқ
2. Семинар түрінде
 Иә Жоқ
3. ОСӨЖ түрінде
 Иә Жоқ
4. СӨЖ түрінде
 Иә Жоқ

5. ӨСӨЖ және СӨЖ тапсырмаларын орындауда сіз қандай форманы тандар едіңіз/ Өз жауабыңызды жазып кетіңіз!
